ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

ЭКОНОМИКА және БІЛІМДЕГІ СЕРВИС СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ЭКОНОМИКА И СЕРВИС В ОБРАЗОВАНИИ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БІЛІМДЕГІ СЕРВИС СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор
Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
ф.ғ.д., проф. Пірәлиева Г.Ж.

Редакциялық алқа
Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент м.а.
Баданов А.И. – э.ғ.к., профессор
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Дарменова Р.А.– п.ғ.к., доцент
Сүлейменов Ж. – э.ғ.д., профессор
Жүнісов Қ. Ғ. – э.ғ.к., доцент

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
Б.Д.Жұмақаева
Редактор
Аға оқытушы А.Д. Умбеталиева

© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ЭКОНОМИКА И СЕРВИС В ОБРАЗОВАНИИ

№ 3(6) 2011

МАЗМҰНЫ

КӘСІПТІК БІЛІМ

Абдижаббарова С.Қ. ҰЛТТЫҚ КИІМ ТІГУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ..... 6
Абдраманқызы К. ШИ ТОҚУ ӨНЕРІ..... 8
Абдурахманова Г. А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛӨНЕРІ - МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК КӨЗІ 10
Адамқұлов Н.М. НАҚТЫЛЫ БЕЙНЕ АРҚЫЛЫ СУРЕТ САЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ..... 14
Алиев С.С. КӨРКЕМӨНЕР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ДАМЫТУ..... 17
Асқарова Ж.А., Айдарова Г.Ш. КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 19
Байзакова Г.Р., Асқарова Ж.А. 12 ЖЫЛДЫҚ ОҚУ МЕРЗІМІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ 22
Бағжанова А. «ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЕҢБЕККЕ БАУЛУҒА ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ 25
Бәкірова Л.Ш. ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 30
Бекбергенова А.С. КЕСКІНДЕМЕДЕГІ (ЖИВОПИСЬ) МАЙЛЫ БОЯУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН СТУДЕНТТЕРГЕ ҮЙРЕТУ..... 33
Дарменова Р.А., Қонарбаева С.Ж., ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНІҢ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТӘРБИЕЛІК МӘНІ..... 37
Р.А. Дарменова Г.М. Маханова ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ТЕХНОЛОГИИ СРЕДСТВАМИ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА..... 41
Иманқұлова Л.Б. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТ «ПОРТФОЛИОСЫ» .. 43

Мұратқызы Г ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ..... 47
Оралбекова Т.Ш., Даулетиярова З.А., Алимбекова.Н.С. ТАСПАДАН КӨРКЕМ БҰЙЫМ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗІ..... 51
Өтегенова Б.Н. ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ..... 58
Тастанбек Д.М. PVP LINGVO SYSTEM БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ..... 62
Тоққұлиева Ұ.Қ. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ПЕТРОГЛИФТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІН АЙҚЫНДАУ..... 65
Тулегенова А.С. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СУРЕТШІЛЕРДІҢ НАТЮРМОРТ ЖАНРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЛТАҢБА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ..... 69
Умирбекова С.Т. ТҮСТІҢ АДАМҒА ӘСЕР ЕТУ ПСИХОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ 73

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

Айнакулов С.Ж. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ «БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІН БІРГЕ ҚАЛАЙМЫЗ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 77
Ахмадиева Э.М. БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ 81
Баданов А.И., Ермеков А.Н. ГЕНДЕРНЫЕ АСПЕКТЫ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ..... 85
Бихондиев Б., Нургумаров Е.Е. МЕМЛЕКЕТТІҢ АҚША – НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ..... 89
Бегайдарова Р.Н. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА..... 91
Дүйсенова Л.М. ҚР НЕКЕ-ОТБАСЫ ЗАҢЫНДАҒЫ НЕКЕГЕ ТҰРУ МЕН НЕКЕНІ БҰЗУ ЖӨНІНДЕГІ НОРМАЛАРДЫҢ ШЕТЕЛДІКТЕР МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ РЕТТЕЛУІ..... 94
Жолдыбаева А.Е. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЭКОНОМИКА ДАМУЫНДАҒЫ РОЛІ..... 98
Касенова А.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ..... 102
Қожамқұлов Т., Абдиева Б.М. ТҰРҒЫН ҮЙ – НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ. 106
Қожабекова А.Д. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕХАНИЗМІНДЕ БИЛІК БӨЛУ ҚАҒИДАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ..... 110
Кесимова А.Қ. БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ 115
Муқалдиева Ж.Б.ТӘУКЕ ХАННЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫ» ЖИНАҒЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ БАЯНДАЛУЫ..... 119
Нурланова В.С. МЕКТЕПТЕ ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ.... 122
Орынханова Ж.А. ГЕНДЕРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В РАМКАХ НЕОКЛАССИЦИЗМА..... 126
Сакатова Н.Н. ПРОБЛЕМЫ НРАВСТВЕННО-ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ВУЗА..... 131
Тлепова А.Ж.АЗАМАТТЫҚ ҮРДІСТЕГІ АПЕЛЯЦИЯ ИНСТИУТЫ..... 136
Игисинова А.С. МЕДИАБІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МЕДИАМӘТІННІҢ ҚҰРЫЛУ ҚАБЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ..... 139

Умбеталиева А.Д. ЭКОНОМИКАЛЫК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ 142
Ыбышева С.Т. ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ..... 146

ЭКОНОМИКА, ЕСЕП ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Акимбаева К.Т. ВОПРОСЫ ПРОВЕДЕНИЯ ОПЕРАЦИОННОГО АУДИТА ФИНАНСОВО-ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ..... 150
Әміреұлы Ы ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ТАБИҒИ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН МИГРАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ..... 155
Әміреұлы Ы., Оспанбек Т. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ..... 159
Әміреұлы Ы., Сихимбаева Б. ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ МЕН ЖҰМЫС КҮШІН ЗЕРТТЕУ..... 163
Байділдаева С.Б., Альмуханова З.А. ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ..... 167
Баймурзаева М.С., Ботаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ..... 172
Бакирова Б.А., Жақыбаева О.А. ИНДУСТРИЯЛЫ-ИННОВАЦИЯЛЫ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТИІМДІ ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ……... 175
Бихондиев Б., Нургумаров Е.Е. ЖАПОНИЯ БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ…. 179
Ботаева А.Т., Баймурзаева М.С. ҚОНАҚ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ…… 181
Жақсыбекова Д.К. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУДЫҢ ЖҮЙЕСІ…… 185
Жунусов К.Г., Жазыкбаева Б.М ИННОВАЦИЯ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА…… 188
Заманбеков Ш.З. ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОСНОВНЫХ ФОНДОВ В ОТРАСЛИ МАШИНОСТРОЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН…... 192
Каримова М.Д. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ОҚИҒАЛЫҚ ФРАНЧАЙЗИНГТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ..... 197
Қалғанбаев Н.Ә., Жүнісов Қ.Ғ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҮДЕМЕЛІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ - ИНДУСТРИАЛДЫ ДАМУЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ..... 201
Қойшыбаеа М.О. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУДИТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ..... 204
Модынова Г.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ..... 212
Надиров М.Н., Рахымбекова А.Б. МЕТОДЫ ПЛАНИРОВАНИЯ И ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СРЕДСТВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН …… 217
Оспанбек Т.К., Қалыбекова Д.Б. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛЫМЕН ЖЕТІЛДІРУ..... 223
Сихимбаева Б.Н., Жақыбаева О.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ МОДЕЛІ..... 228
Сихимбаева Б.Н., Асылханқызы А. ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ТАЛДАУ..... 233

МАГИСТРАТУРА

Байшашева Ж. Б. ФАКТОРЫ И МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ АНАЛИЗА ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ…… 239

КӘСІПТІК БІЛІМ

ӘОК 371.3

ҰЛТТЫҚ КИІМ ТІГУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

Абдижаббарова С. Қ. - аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстанда мемлекет тәуелсіздігін нық ұстап тұру мақсатымен жүргізіліп жатқан шараларға қатысты ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуіне кеңінен жол ашылды. Оған елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу - бұл, әрине оң үдеріс. Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр»,- деген сөзі мұның айғағы /1/.

Ұлттық мәдениет халықтың ежелден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет- ғұрпы, салт-дәстүрі есебінде жетілетіні белгілі. Оған қоса ғасырлар санынан еленіп ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан халық мұраларындағы озық үлгілер жеке тұлғаның жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Сол себепті бүгінгі таңда халықтың дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап, зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі, мол тәжірибесі негізінде студент жастарды тәрбиелеудің қажеттігі өсе түсуде.

Қазақтың ұлттық киімдері халқымыздың өмір тіршілігімен, философиясымен, дәстүрі және әдет - ғұрпымен тығыз байланыста дамыды. Ұлттық киімдер үздіксіз жетілдіру процессін бастан кешірді, оның пішіні, түр-түсі, конструкциясы көп ғасырлық тәжірибеден өтті. Халық өзінің эстетикалық талаптарына, іс - әрекетіне, тұрмысына, географиялық және климаттық ерекшелігіне сәйкес киім пішінін жасап, оны сақтап қалды.

Ұлттық киімнің негізгі мазмұны, құндылығы – оның демократиялығында, функционалдылығында, пішін логикасы мен конструкциясында, рационалдығы мен тұтастығында.

Ұлттық киімнің барлық құрамдас бөліктері (бас киімі, иығы, белдігі және сыртқы киімі, аяқ киімі, безендірілуі) бірін-бірі толықтырып біртұтас ансамбль құрайды. Ансамбль дегеніміз – бір мақсатқа бағындырылған костюм бөліктерінің гармониялық үйлесімділгі (тығыз өзара байланыс, жинақтылық, тұтастық). Ансамбльге көп қабаттылық, өзара қатаң байланыстылық жүйесі, оның барлық бөліктерінің қолданылу міндеттілігі тән.

Ұлттық киімде жеке бөліктері мен компоненттері үйлесім тапқан. Ұлттық киімдегі ритмикалық силуэтті сызықтардың түр – түсі табиғи түспен үйлесіп, тұтас айқын көрініс беретін, маңызды рөлді атқарад. Ол пішін көркемділігімен, сымбаттылығымен, сәнді өрнектерімен өте әсем көрінеді.

Ұлттық киім ансамблінің сәнді құрылымдық және көркемдік – бейнелілік бірлікке қол жеткізуінің тәсілдері мен құралдары оларға терең талдау жасауды қажет етеді /2/.

Оған түстер мен қарама-қарсы түстердің үйлесіміне және конструктивті сызықтар жасаудың пластикасы мен айқын силуэтті сызықтардың сәйкестігіне негізделген мүсіншілік пен пластикалық принциптер жатады. Костюмнің түрлі безендірілуі мен қию тәсілдері оған шат-шадымен, көңілді мерекелік көңіл күй немесе байыптылық, салмақтылық сипат береді.

20 ғасырдың 20 жылдарындағы атақты модельдер және театр суретшісі Ламанова Н. былай деп жазған: «Қоғамдық тұрмыс пен мінез құлықтың ең нәзік көрінісі – костюм. Бұл бұйымның біздің жұмысымызбен, өмірімізбен байланысты қызмет ету қабілеті бар, сондықтан ол бізге кедергі жасамай, керісінше толық көмектесу мүмкіндігі көрсету керек».

Киім бөліктерін пішінге келтіру процесі құрастыру арқылы іске асырылады. Пішін күрделі болған сайын, құрылымы сызықтар да әрқилы болады.

Шығармашылық оқу әрекеті - педагогикалық бағыттаушы іс-әрекет. Шығармашылық оқыту мәселесі түсінігінің мәнін педагогикалық көзқарас жағынан В.И.Андреев оқытушыларда шығармашылық ситуация туғызу, мақсат қою, оқу-шығармашылық әрекеттерді белсенді меңгеру талаптарын мұғалім жасай алатын оқу материалының мазмұнын дайындау формасы ретінде анықтайды. Оқыту барысында мәселелі тапсырмаларды шешуге негізделген шығармашылық оқу мәнін ашатын бірнеше белгілердің жиынтығын атап көрсетеді. Шығармашылық оқу іс-әрекетінің сәтті болуы көбінесе студент жастардың формальды-логикалық даму деңгейіне байланысты емес, сонымен қатар эвристикалық, интуитивті интеллектуалдық іс-әрекетке де байланысты. Студенттерге ұлттық киім тігудегі іс-әрекетіне байланысы шығармашылығын қалыптастыруға бағытталғандығын анықтайды /3/.

Студент жастардың шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру кәсіби білімділікті қажет етеді Сондай-ақ студент жастардың ұлттық киім тігу арқылы шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру барысында олардың қарапайым және күрделі бұйымдарды құрастыру мен өңделу әдістерінің тиімді жолдарын дұрыс қолданғандары да әсер етеді. Ұлттық киім тігуде конструкциялық және техникалық мәселелерді шешумен бекітіледі. Студент жастардың шығармашылық ойлау қабілеті төмендегі белгілер бойынша ажыратылады.

1. Ереже секілді нысан жаңашылдығы субъект үшін жаңа және пайдалы болып табылады. Бұл міндет жобасын шешетіндіктен нақ осы дәлел психологиялық жағынан бейнелі мәселемен қатар қоюға болады.

2. Ізденіс жобасының мақсаты шығармашылық ойлармен және киім тігуде күрделі өңдеулермен салыстырмалы түрде жалғасады.

3. Ұлттық киім тігуде белгілі бір әдістер мен тәсілдерді комплексті түрде меңгеру үрдісінде студент жастар көбінесе берілген тапсырманы басынан бастап соңына дейін, мүмкін топпен шешеді.

Егер шығармашылық тапсырманы шешудегі барлық түрлі әдістерді логикалық өрлеу керісінше принцип бойынша бөлсек, эвристикалық әрекеттер педагогикалық сияқты конструкциялық әрекетке қатысады. В.И.Андреев әдістің үлкен екі тобын көрсетеді:

а) шығармашылық тапсырмаларды орындауға арналған логикалық әдістер. Бұл әдістер анализдің, салыстырудың, қарым-қатынастың, классификациялық, индукция, дедукцияның және тағы басқалардың логикалық тәртібін басым етеді.

б) оқу-шығармашылық әрекеттегі эвристикалық әдіс – бұл эвристикалық ережедегі мұғалім әрекетінің (оқыту әдістері) жүйесі және оқушы әрекеттері (оқу әдістері) /4/.

Студент жастардың шығармашылық іс-әрекетке кәсіби даярлауда біз ми штурмы, синектика, көп түрлі матрица (морфологиялық анализ), (жеке ұсақтықтар) қосу әдістерін қолдануды ұсынамыз. Аталған әдістер белгілі бір уақытқа дейін қолданды. Бұл әдістерді студент жастар білу керек және тәжірибеде қолдануды үйрену керек /5/.

Оқу-шығармашылық тапсырмаларды орындауда білім әдістерінің көріну деңгейін студент жастардың жазбаша және ауызша түрде сұрақпен тексерді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан халқына жолдауы». Егемен Қазақстан № 6 2009ж.
2. Кондратская М. Киім пішіп, тігуді үйреніңдер. – Алматы, 1961.
3. Козлова Т. Основа теории проектирование костюмов. «Просвещение» Москва, 1987.
4. Е.Н.Юдина. Шейте сами. - Петербург. 1991.

5. Бисаев Д. «Киімдерді жіктеу. Эскизді мата бетіне түсіру». Мектеп технологиясы №1 2005ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада студент жастардың ұлттық киім тігудегі шығармашылық қабілеттері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается творческая деятельность студентов при технологической обработке национальной одежды.

ӘОК 687.16

ШИ ТОҚУ ӨНЕРІ

Абдраман К. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының бұрынғы және қазіргі сәндік қолданбалы өнерлерінің арасында тікелей әрі табиғи байланысы бар айырықша айта кететін қолөнердің ішіндегі бірі – ши тоқу өнері.

Ши тоқу – бұрыннан қазақ халқы мен Орта Азия халықтар арасында кеңінен тараған өнер. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажеті үшін тоқылған ши қазірге дейін кеңінен пайдаланылып келеді. Оны күнделікті тұрмыста қажетіне қарай тоқиды.

Оны киіз үйдің құрамдас бір бөлігі ретінде кереге сыртына ұстауға, сондай-ақ үй ішіндегі ыдыс-аяқ, ошақ басын қоршап қоюға, киіз үйдің есігіне ұстауға, әртүрлі үй шаруашылық мүддесіне, киіз басу жұмыстарына, сонымен қатар құрт жаю, тары сүзуге т.б. кеңінен пайдаланылады.

Қазақ халқының қолөнері саласындағы ши тоқу, оған боялған түрлі-түсті жүн орап, өрнектеп безендіру ісі ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық өнер. Ши сырт көрінісіне қарай: тоқылған ақ ши, ораулы ши, шым ши болып бірнеше топқа бөлінеді жәнеде үлкен-кішілігіне қарай өре ши, есік ши, бесік ши, қанат ши, шыпта ши болып өздерінің атқаратын рөлдеріне қарай аттары бар. Олардың әрқайсысы өз орнымен әртүрлі мақсатқа пайдаланылады. Атап айтқанда, қабығынан тазартылған ақ шиді көбінесе құрт, ірімшік т.б. жаю үшін қолданылатын болса, ұзына бойы әр түсті жүннен немесе жібекпен оралған шым ши киіз үйдің сәнді жиһаздарының бірі болып табылады, оны қанат ши деп атайды. Ал өрнектерін ғана ораған шиді орама ши немесе ораулы ши деп атайды. Бұндай тоқылған шиді де қанат ши деп атайды /1/.

Әсем болумен қатар ши бұйымдары көшіп қонуға алып жүруге өте қолайлы болады. Сол себептен де мал шаруашылығымен айналысатын елдер оны ерте заманнан бері пайдаланып келеді, қазір де музейлерден, демалыс орындарындағы сәндік киіз үйлерден кездестіруге болады.

Ши тоқу өнері жаңа заманда қоғамдық жерлерде, мұражай, үй тұрмысында көркем көрінісімен, төзімділігімен бағалануда.

1-сурет

2-сурет

Жалпы ши өсімдігі туралы айта кетейік. Ши далалық қамыстың бір түрі. Оның астық тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік, биіктігі 50-250 см-ге дейін, сабағы көп, топтасып, тік өседі. Сырты жұқа қабыршықтармен қапталған. Мамыр, маусым айларында бүрлейді. Тау бөктерінде және жазық далада өседі. Жазық далада өскен шидің биіктігі тау бөктерінде өсетін шиден аласа болады. Шиді күз айларында жауыннан кейін, түбі жұмсарған кезде 4-5 талдан топтап ұстап, білекке орап мықынмен тартып қарақұсымен (шидің жерге 10-15 см. еніп тұрған жері) жұлады. Қарақұсымен жұлынған ши өте сапалы болады. Қазіргі кезеңде жауынға қарамастан орақпен орып әкеледі. Ондай шидің сапасы нашар болады (1-2 суреттер).

Ши тоқитын құралдар Ши тоқу үшін қолданылатын қондырғы өте қарапайым жасалады. Қондырғы бір ұшында ашасы бар екі қада мен бел ағашынан тұрады. Белағаштың үстінен ара қашықтықтары бірдей кертіктер жасалады. Оны «дақ» дейді. Дақ жіптің санына тең болады және ол тоқу жіптерінің біркелкі түсіп отыруы үшін қажет /2/.

Жіптің екі ұшына салма тас байлайды да, тоқуға қажетті жіпті орап қояды. Мұндай жіпті *«арқау»* жібі дейді.

Шикізатты дайындау Ши тоқу технологиясында бізге алдын-ала керекті шикізаттармен құрал-жабдықтар мыналар: ши, жүн, жіп, бояу, сірке қышқылы, химиялық жолмен дайындалған бояу және т.б. заттар. Ши тоқу технологиясында шикізатты дайындау және оны тиімді пайдаланудың мәні өте зор /3/.

Төртбұрыш кергіш ағашқа тоқитын бұйымның көлеміне қарай бірнеше бөліктерге бөліп жіпті параллель керу керек. Әрбір керілген жіптің бір ұшын бүктеп, байлап қою керек. Өлшеп қойған ши талдарын суреттің үстіне қойып, әр түстің тұсын белгілейміз де, белгі арқылы түрлі-түсті жіптермен немесе боялған жүндермен ораймыз. Ши талдарын бастап ораған кезде және аяқтағанда желім жағып тоқтатып отырады. Сонда ораған жіптің немесе жүннің ұшы тарқатылудан қауіпсіз болады. Ең алғаш шилерді өлшеп аламыз және оны тоқып біткенше формасын сақтаймыз. 1-ши шыбығы жуан жағы сол жақта орналасса, 2-ши шыбығының жуан жағы оң жаққа орналасып, осылайша әр жолы алмастырылып жасалады. Ши тоқу барысында қауіпсіздік ережелерін ескеріп отыру қажет. Тоқылып біткен шидің төменгі жағына жіп, моншақтардан шашақ жасап, жоғарғы жағына бау тағылады (3-4 суреттер).

3- сурет

4-суреттер

Қоғамның дамуы адамдардың ой-санасының, мінез-құлқының өзгеруімен қоса сыртқы сымбат, келбетінің де жаңаруына ықпал етуде. Қазіргі заман бұйымдарын шығармашылықпен қолдану заман талаптарынан туындап отыр. Жаңаша ойлайтын, шығармашылық қабілеті дамыған, күнде жаңғырып отыратын бәсекелерге сәйкес туындылар жасай алатын мамандар даярлау қажет. Мәдениетіміз, дініміз дамыған кезде халықтың көне қолөнерін сақтап, оны күту, жаңарту, жаңғырту бүгінгі күннің басты міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. « Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы, Рауан 1995ж.
2. Касиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1995ж.
3. Энциклопедия. Қазақтың ою-өрнектері Т.Х.Ғабитов, И.Н.Тасмағанбетов, Р.Н.Нұрғали, И.СТөлендиев,Ә.А.Асқаров, Ғ.Есім, Б.Сағындықұлы. Алматы кітап ЖШС 2005

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ши туралы мәліметтер және өңдеу құрал-жабдықтары мен тоқу әдістері айтылып, бүгінгі өскелең ұрпаққа ши өнерінің жаңа технологиясын меңгерту әдістері қарастырылды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается информация о циновке, методы вязания и инструменты, а также методика изучения инновационных технологий искусства плетения циновки.

ӘОК 371. 018

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛӨНЕРІ - МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК КӨЗІ

Абдурахманова Г.А.- доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, өзіндік тарихымен әдет-ғұрпымен, сәндік, көркемдік жолымен, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін өнері-қолөнері. Осы Ата-бабаларымыздың өткен тарихы, олар жасап кеткен дүниелер, күні бүгінге дейін маңызын жоймай, біздің қызығушылығымызды тудырып отыр.

Қазақ елінің топырағынан таралып, суын ішіп жоғары дәрежелі білім алып, сол білімдерін басқа ел мамандарына таныта білген және қазақ қолөнерін жоғары бағалап талдау жасаған, оның ішінде бір жүйеге келтірген этнограф, тарихшы, әдебиетші, өнертанушы ғалымдарымыз да бар. Олар: Ш.Уәлиханов, Ә. Марғұлан, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, М. Мұқанов, Ө. Жәнібеков, М.Ш.Өмірбекова және тағы басқалар. Сонымен қатар, жас ұрпаққа берілген гуманитарлық білім мен тәрбие мәселесі ерекше. Ұлттық қолөнерде білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындата түсу, ұлттық тәрбие мен жалпы білімдік деңгейде ұштастыру керек.

Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында кеңінен қолданылатын өру, тігу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй–жәй салуды, киім – кешек тігуді, азық–түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күн тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап өмір де, сән–салтанатта құра біледі. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық өмірімен, қоғамдық тарихымен, күнкөрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екендігін көреміз /1/.

Қазақ халқының қолөнерінде мүліктердің бір тобы үй іші жабдықтары болса, екінші тобы қайыс өру, қару–жарақ жабдықтары болатын. Қазақтың ұлттық қолданбалы қолөнеріндегі мәдени мұралардың тәрбиелік көзі, көркемдік дамуы мен дәстүр сабақтастығының негіздері, оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеудің қажеттілігін қалыптастырады. Білім беруді қоғамның әлеуметтік – экономикалық құрылымынан, мәдени құндылық–тарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле жара

қарауға болмайды. Сонымен қатар, онда ғылым мен техниканың, педагогиканың соңғы жаңалықтары да барынша ескерілуі қажет. Жас ұрпақты халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі замандық біліммен қаруландырып қоймай, олардың бойына жаңа сапалы дағдылар мен икемділіктерді дамытуда да жаңа буын оқулықтарымыз үлкен рөл атқаратын болады.

Қолөнердің халықтың әлеуметтік, салт-тұрмысында алатын орнының қаншалықты биік, жоғары екеніне сене алсаң – оның ішінде қолөнерді нақышына келтіртіп, әдемілік, әсемдік дүниенің ауқымын кеңейткен ол ою-өрнек.

Ою-өрнектің шығу тарихы қолөнер, тұрмыс заттарының өсіп-өркендеуімен тығыз байланысты және солардың ішінен орын ала білді. Олардың даму процестеріне халықтың әлеуметтік сана–сезімінің, болмыс тіршілігінің жанданып мәдениетінің өсіп, тұрмыс жағдайларының жақсаруының да әсері болды.

Сонымен қатар ою–өрнектің, ұлттық қолөнердің танымдылық, тәрбиелік маңызы ата – бабамыздың сезімдік талғампаздық дүниесі қоршаған табиғат аясы, өскен ұясы, туған жерінің қасиетті топырағы мен тоғай тауларының құлпырған рең түрлері де қатты ықпал етті. Әр халыққа, ұлтқа тән өзіндік ою –өрнек негіздері қалыптасып дәстүр алды. Пішу, үлгі алу және басқа материалдарға көшіріп әсемдеу техникасы дамыды. Кілемге, киімге, сырмаққа, ыдыс аяққа, қару, жараққа, үй жиһаздарына арналған ою түрлері қалыптасты. Ұлттық қолөнеріміз бүгінгі тіршілікке бірден келмеген. Ою өрнек қолөнер адам баласының ақыл-ойларының толып, толқуымен, жүрегінің лүпілімен, өзін айнала қоршаған ортадан туған көріністер. Гүлдің, жапырақтың, жан–жануардың бейнелері нақты сол шын қалпында көшірілмей көріністер арқылы ою–өрнекке айналып келген /2/.

Түркі халықтар үшін өрнексіз заманның мәні жоқ. Демек, біздің эстетикалық талғамымызды қалыптастыруды ою-өрнектердің алар орны ерекше. Жалпы түркілер ою-өрнекті айрықша қастерлеген халық. Бір қызығы, бас киімдегі ою-өрнектерге қарап-ақ түркі халқының ұпақтары: кімнің қазақ, кімнің өзбек, ұйғыр, татар, тәжік, қырғыз екенін осы аталған бір туысқан жұрттың кез-келген өкілді жазбай таниды. Иә, біз «ою-өрнегіңді қарап кім екеніңді айтайын» дейтін халықпыз.

Әңгіземіз түркі жұртының ою-өрнек өнеріне қатысты болғандықтан, туысқан халықтардың ою-өрнегі жөнінде де айта кеткен жөн шығар. Біз бұл арада олардағы ою-өрнектердің қалай аталатындығына тоқталмақпыз.

Қырғыздарда «кочкар муйуз», «теке муйуз», «толкун», ұйғырларда «бадам», «гүл бадам», «шәудә», өзбектерде «пахтагул», «бодам» сияқты ою-өрнектер түрлері бар. Қазақатарда оюын сипап қарай теңдеме, жүздеме, сыңар ою деген топқа бөлуге болады. Әртүрлі бұйымдардан кестелеу, зерлеу, сыру, шымкестеп өру, бедерлеп салу (ойып салу), құю ойып бедерлеу шеберліктің үлгісі сезіліп тұрады. Жалпы қазақ қолөнер шеберлері өлшеп-пішпей-ақ екі заттың тең пропорциясын таба білген. Әрбір қолөнерші жасап шығарған бұйымының ою-өрнегіне тән атау қоюға айрықша мән берген. Және оны халық түсінігіне лайықтап алған.

Көненің көзі мен тарихтың сөзіне айналған құлпытастардың өзі ою-өрнексіз болмаған. Ескіден қалаған күмбез, мешіттердегі көркемдік те ою-өрнексіз жүзеге аспаған. Бұл ою-өрнектер тек қана көркемдік үшін алына салмаған. Оның астарында бүтіндей бір халықтың тұрмыс-тіршілігі «жасырынып» жатыр. Аңшылық өнер, көшіп-қону көрністерінің бәрі нақышқа айналған халықпыз деп осы тұста түйін де жасауға болады.

Қазақ халқының ою-өрнегіндегі ең негізгісі — «қошқармүйіз» немесе «мүйіз». Осы «мүйіз» өрнегінің өзі бірнеше түрге бөлінеді: сыңар мүйіз, сынық мүйіз, қырық мүйіз т.б. Бір сөзбен айтқанда «мүйіз» өрнегінің ел тұрмысында араласпайтын саласы жоқ.

Өнертанушы ғалым В.Чепелелев: «Қазақтар — тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп текке айтпаса керек. Өйткені, халық мұрасындағы ұлттық

өрнектердің үйлесімді реңдері ата-бабаларымыздың тұрмыс-салт дәстүрін бейнелегендей. Анықтап айтқанда, халқымыздың тарихын, шежіресін, жағрапиясын, мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнектей құдіретті өнер жоқтың қасы. Бұл өнер әрбір халықтың болмысымен бірге туып, біте қайнасып келеді. Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық өнерінің тарихи дәстүріндегі сұлулық пен әсемдікті көре білетін, байқай алатын зерделі азамат тәрбиелеуге айрықша ықпал ететіні анық.

Тағы бір айта кететін нәрсе, қазақ халқы ұлттық киімді әшекейлеуге барынша ықылас аударған. Әр өрнекке өзіне лайық затын таңдаған. Мәселен, бас киімде кездесетін ою-өрнектер сырт киімде немесе бұт киімдерде қолданылмаған. Мұның өзіндік себептері де бар. «Ит құйрық» аталатын өрнек ешқашан бас киімдерге қолданылмаған. Мұның астарында «дұшпаның кеудеңнен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Бұл өрнек «дұшпаның төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырық балағына өрнектелген /3/.

Қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектер бейнеленген. Мәнісі жалпыға түсінікті шығар...

Ал ер баланың киіне найзаның ұшы, бүркіт, қощқар мүйіз секілді өрнектер батыр, алғыр болсын деген ырыммен жиі қолданылатын болған.

Қазақ халқының тұрмысындағы көп қолданылатын оюдың атасы қошқар мүйіз өрнектері сан алуан. Өте ұсақ түрлері зергерлік, кестелік, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмақ, кілем, текемет, түскиіз, алаша, сәулет өнеріне, тұрмыстық заттарға кең қолданылады.

Қошқар мүйіз – ою–өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. Қошқар мүйіз бен арқармүйіз оюларының қазақ қолөнерінде қолданылмайтын жері жоқ. Қошқар мүйіз оюымен қатар әр заттың көлемі, сәнділік, пайдалану деңгейіне қарай әр алуан жапырақ тектес, бітпес оюлар салынады. Бұл өрнектер «иірім», «шиыршық», «иық», «үшкіл», «түйе табан», «қос ирек», «жұлдыз гүл» т.б. аттарымен аталады.

Қолөнер шеберлері ою–өрнекті әр заттың өзіне лайықтап, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып жасаған. Жасаған затпен ою–өрнек бір–бірімен өте сәнді қабысып, шынайы көркемдік беріп отырған. Ою–өрнек түрлері өте нәзік түрде түскен. Жалпы ою–өрнек жасаушы шебер оюды олпы–солпы болудан сақтауы, әсемдігіне жеткізе білуі керек. Өнер зерттеушілерінің пайымдауынша қазақ ою–өрнегі үш түрлі ұғым негізінде туған деген пікір білдіреді:

1. Қазақ халқының өзіне тән ертеден келе жатқан ұлттық оюлары.
2. Басқа халықтардың мәдениетінен ауысқан.
3. Уақытқа қарай бейімделу.

Ертеден қазақ ою–өрнегі мазмұны жағынан үш түрлі ұғымды бейнелейді:

1. Мал өсіру мен аңшылық.
2. Жер–су, көшу–қону.
3. Заттардың сыртқы бейнесі.

Осылардың қайсысында да қошқар мүйіз оюы қолданылып араласып отырады. Ою, сызу, бедерлеу ру, тайпалардың таңбаларында, малдың ең-таңбасында, ай, жұлдыз, аспан әлемін тұспалдауда орын алады. Шеберлер сүйекті ойған, ағашты иген, тасты қашаған, мүйізді балқытқан, металды өңдеген. Әсемділікті таңдай да, жасай да білген. Осындай әсемдікті таңдай білген жас шебер оюшы зергеріміз осы ою–өрнекке бояу түрлерін пайдалануды да жете меңгерген. Халқымыздың ою–өрнектерінде басым түс ақ пен қара болып келеді. Бұл ою–өрнектің ең шешімін тапқан жарасымды түрі болып есептеледі. Ою–өрнектің тұрмыста пайдалану ауқымы өте кең. Оюдың жекелеген тармақтарынан бастап үш түр, төрт түр, бес түр, алты түр, т.б. тармақтарынан әрі қарай өрбіп, кеңейе беретін күрделі оюлар да біздің ұлттық дәстүрімізде тұрмыста үнемі қолданыс тауып келген. Халқымызда жазу болмағанда ою–өрнек болды. Сол ою–өрнек арқылы халқымыз өз тыныс–тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерін

ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып көздің қарашығындай сақтау. Ұлттық мемлекеттік деңгейдегі мәдениетімізді дамытуға үлес қосу, сол арқылы ұлтымыздың мәдени өнерін басқа елдерге насихаттау, тұрмыстық заттар шығаруды өндіріске еңгізу, оқулықтар шығару, зергерлік қолөнерді дамыту жолдарын оқырманға қарапайым тілмен түсіндіру, құзырлы орындарға ою–өрнекті дамыту – бүгінгі таңдағы өзекті міндеттерді қамтиды.

Ою-өрнек өнерінің белгілі бір халыққа ғана тән тума ерекшеліктері сол халықтың бейнелеу, әсемдікті қабылдау мәдениетінің басты белгілерімен, ұлттық қолтаңбамен тікелей сабақтасып жатады. Тарихи–ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою–өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал–әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін қапысыз таныр едік. Бұған дәлел-қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілерінен андронов, сақ, ғұн, үйсін мәдени мұраларынан ұшыратқанымызды айтсақ та жеткілікті /4/.

Ою-өрнектің дамуы, жетілуіне де халық шаруашылығы, тұмыстық жағдайы, әлеуметтік орта, ауа-райы ықпал етіп отырған. Ұлттық киім үлгілеудегі ою–өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері: әрбір өрнек түрінің өзіндік атауы, қолдану орны болады. Осыған орай, мәселен, ру, ен таңбаларына, өсімдік, жер, су, тұрмыстық бұйымдар, т.б., яғни қазақ халқы осы өрнектермен бұйымдарын әшекейлеумен қатар тәрбие беріп отырған. Өздеріне қадір тұтқан атауларға ою–өрнек ою, құрастыру, түрлендіру арқылы оның маңыздылығын танытқан. Табиғаттағы атаулар жерді “Жер–Ана” деп, “Су анасы–бұлақ” деп табиғатты қорғау, суды ластамау.

Өсімдіктерге байланысты да бірнеше ою–өрнек атауларын кездестіреміз. Ру, ен таңбаларына байланысты ою–өрнектері арқылы татулыққа, бірлікке, отан сүйгіштікке тәрбиелеген. Тұрмыстық заттарға, аспан денелеріне де байланысты ою–өрнектер арқылы ісмерлікке, тазалыққа, сыпайылылыққа, адамгершілікке, наным-сенімдерге, имандылыққа тәрбиелейді /5/.

Осы ою–өрнек түрлерін қажетті орнын тауып пайдаланған зергер, оюшы шеберге үлкен көмек болары анық. Мемлекеттік деңгейде мәдени мұра бағдарламасы бойынша қамқорлық жасаланып, оқушыларға, студент жастарға қолөнер сабағына пайдалануға шағын журналдар шығарылса, қолөнер түрлері мектепте пән ретінде өтсе, жастардың келешекте іскерлігіне, ұлттық мәдениетті сүюіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С. Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері», - Алматы Қазақстан 1995ж.
2. Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері.-Алматы: Алматыкітап, 2003.
3. Ә.Марғұлан «Казахское прикладное искусство» 1, 2, 3 том.
4. Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері.- Алматы: Өнер, 1999 ж.
5. Х.Арғынбаев «Қазақ халқының қолөнері» Алматы,1987

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қолданбалы қолөнер мен ою-өрнектер түрлерін болашақ ұрпаққа білім беруде қолдану, дамыту қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль декоративно-прикладного искусства, виды орнаментов, развитие и применение при обучении учащихся.

ӘОК 371.76

НАҚТЫЛЫ БЕЙНЕ АРҚЫЛЫ СУРЕТ САЛУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Адамқұлов Н.М. – доцент, п.ғ.к. (Алматы қ-сы, Абай атындағы Қазақ ҰПУ),

Көркем бейнелеу өнерінде шындықты айқындау, айнадай көшіру емес. Өйткені табиғаттың тылсым сырын фотографиялық аппараттай жеткізу суретшінің құзырылығына енбейді. Өмірді суреттеу кезінде, суретші қоршаған ортаны жай ғана көшірмейді. Өнердегі шындық – адам айқындайтын нақты жағдай, шындықтың өзі емес, ол жалпылама нақтылы болжамы. Шындықты шынайы суреттеуде суретші көзқарасының ерекшелігі, оның өнерге деген қаситеті, талғамдағы маңызы зор. Сонымен қатар өмірге терең ену, табиғаттың тылсым өмірін түсіну, қоғамдық процестерді толық түсіну және оларды өзара жалпылау суретшінің негізгі міндеттерінің бірі. Суретші әрқашанда белгілі бейнені игеру кезінде, бақылаған нәрсенің мағынасын, табиғатын түсінуге тырысып, оған шексіз таңдау жүргізіп, бейнелердің бойында өзінің пікірін суреттеп, қарым-қатынасын білдіре алуы қажет. Шығармашылық процестің негізі – әрбір суретшінің көзқарасына негізделген. Натюрморт, портрет, пейзаж, жанрлы суреттерді суретші әрқашан мағынасын, сюжетін, композициясын ойластырып, шығармасының ең жақсы шешімін іздестіреді. Тіпті бұрынғы заманнан біздің уақытқа жеткен ежелгі көріністер өмір құбылыстарын жалпылайды. Олардың бойында нысанның көшірмесін салуға ұмтылысы болмайды, суретшілер мәні аз фактілерден гөрі қажетті, мінездемелі, маңызды түрлерді таңдайды. Леонардо да Винчи шындықты көзді жұмып көшіру жайлы былай деп жазған: “Көзбен көріп ойлау қабілеті мен тәжірибеге жүгініп, ойланбай көшіруші кескіндемеші, айнаға ұқсайды, ол заттарды түсінбей айқындайды”-деп сипаттама береді. Яғни тірі табиғаттың өзін ойланбай көшіруге болмайды деген ұғымды білдіреді. «Мүсінші Роден өзінің шығармашылығы жайлы былай деген: “Жапсырма тек сыртқы дүниені көрсетеді, ал мен рухани дүниені сездіремін, ол да табиғаттың бір бөлігі. Мен көз көрген табиғатты ғана емес, барлық шындыққа қол жеткізем. Көңіл-күйді көп білдіретін бөліктердің шетін сызып көрсетем. Мен табиғатымды өзгерткен жоқпын” деген өз ойы туралы мағлұматтар береді» /1/.

Мағынаның өмірлігі мен шыншылдығы – ол суреттердегі бейнелердің бейнеленуші құбылыстардың табиғатына сәйкес болуы керек. Шыншыл көрініс бейнеленуші нысандар мен жағдайлардың мінездемесін көрсетуден тұрады. Әр затқа, нысанға немесе шындық құбылысына белгілі бір белгілер, мінездемелі ерекшеліктер тән. Нақ солар бейнелеу нысандары болып табылады. Пейзажда суретші көзге көрінген заттардың сыртқы түрін айнытпай көрсетуге ұмтылмай, оны негізгі қызықтырған, әсерлі сезімді тудырушыны суреттеуге тырысады. Суретші табиғатты толық шыншыл бейнелеп, қуаныш тудырған мәніне көп көңіл бөледі. Қандай да бір портретті салған кезде суретші сыртқы ұқсастықтарымен қатар, ішкі психологиялық ерекшеліктерді суреттеуге тырысады. Шын суретшінің шығармашылығы шындыққа бата білу және одан терең шындықты шығара білу қабілетінен тұрады. Көркем бейне ең алдымен шындықпен сендіріледі. Оның көркемдігі құбылыстың мәнісіне, адамдардың мінезіне терең енумен анықталады. Кескіндемедегі көркем бейненің абыройлығы тек маңызды және мінезді қасиетінің болуымен ғана анықталмайды, сонымен қатар көріністік бойында суретшінің қандай да бір көркем идеяны айқындауына байланысты. Суретте терең ойлардың, өмір жайлы толғаныстардың, адамдардың мінез-құлқының болуы эстетикалы терең сезімдерді тудырады. Әр кезде де суретші сурет арқылы өзінің өмірі туралы түсінігін көрсетуге тырысады. Егерде суреттің идеялары саяз және сұр болса, сондай-ақ қоршаған ортаға жаңа көзқараспен қарауға итермелейтін қабілетінің болмаған жағдайында – көрерменнің эмоциналдық үндесуі әлсіз болады. Кескіндеме адамдардың сезімімен ойларын көрсетуі тиіс, сонымен қатар адамдардың арасындағы

күрделі және жіңішке қарым-қатынастарды айқындап, нақты кезеңдегі құбылыстардың көрсеткіші болуы керек.

Терең және шынайы ойлар, адам мен табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қарастырылған өмірлік мәселелер адамның жүрегімен санасын қоректендіреді. И.Е. Репин – "Идеясыз ұлы көркемдік шығарманың болуы мүмкін емес" – деген /2/. Алуан түрлі заттармен өмірлік құбылыстардың эстетикалық байлығын айқындау үшін, көркем бейнелеу өнерінің шығармасы өзінің мазмұны бойынша және айқындау түрі бойынша нақты дүниенің көріну қортындысы болуы тиіс. Кескіндемелік шеберлікті құраушы элементтердің (заттардың пластикалық көлемдерінен колоритына дейін) объективті шығу тегі бар. Кескіндемеге тән ғана адамның көру қабілеті арқылы қабылданатын құбылыстар мен заттар бейнелерімен қолданады. Өмір құбылыстарын айқындауға әрқашанда шынайы, нақтылы көрнекіліктер керек. Нақты заттармен ұқсастығы, түрлі түстік нақтылығы – міне осындай жағдайларда бояулар эстетикалық эмоцияны тудырады. Нысандар мен заттардың шынайы көрінісі табылмағанынша көркем бейнені туындауға немесе басқа мазмұнның туындауы мүмкін емес. Кескіндемелік суреттеме жорамал белгі немесе символ бола алмайды. Станкілі кескіндемедегі көркем бейне дегеніміз – алаңдаушы түсінік емес, ал заттардың нақты ұқсастығы. Суреттің эмоционалдық әсері табиғатты көріп қабылдаумен, нақты дүниені сезіне білумен байланысты. Заттар дүниесімен байланысты ассоциативті елестерінің байлығына сүйене отырып, кескіндеме көрерменді белгілі бір адам толғаныстарының жүйесіне ендіреді. Адам дүниені көзге көрінетін бейнелер арқылы танып сезінеді.

Ой қызметін таныс заттардың, нақты қасиеттердің және қатынастардың көмегімен өрістетуге болады. Көру сезімдері табиғатты эстетикалы қабылдаудың және танудың негізгі бұлағы. Заттың түрі нысан жайлы иіртас және толық мінездемені береді, көзге көрінетін бейне арқылы заттардың мәнісі мен мазмұнын, өмірдегі қызметін анықтаймыз.

Сурет дегеніміз – көз мөлшері бойынша контурлы сызық, түртпекше және дақ сияқты графикалық тәсілдердің көмегімен қолмен салынған суреттемелі көрініс. Оның орындалу мінездемесі және техникасы, қызметі, тақырыбы, жанры, сурет салу әдісі бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді. Әдетте сурет бір түсте орындалады. Суретте жарықтық және реңдік әсерлер, пластикалық модельденуі, түртпекшелердің комбинациясымен дақтар мен сызықтардың әр түрлі үйлесуінің нәтижесінде пайда болады. Жоғары кәсіби деңгейде орындалған суреттің дара көркемдік құндылығы болады.

Суретті қолдану аймағы кең, ол ғылыми-көмекші, қол-өнерінің мінездемелі және техникалы түрінен көркемсуретке дейін созылады. Адамның сөзінің жазбаша түрде көрінуі сияқты суретте ойлау барысын айқындап басқа адамдармен араласуға мүмкіндік береді. Сурет мәдениеттің бір бөлігі бола отырып, ой-өрісінің дамуына және қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Қайта жаңғыру кезеңінің итальяндық ұлы суретшісі Микеланджело Буонортти (1475-1564) былай деп жазған: "Басқа сөзбен айтқанда «нобай өнері» деп аталатын сурет, кескіндеме, мүсін және архитектураның жоғарғы нүктесі, сурет кез-келген шығармашылықтың түп қазығы" /3/.

Кез-келген зат суреттеу нысаны бола алады, бірақ, адамдар бізді қоршаған дүниені әр түрлі қабылдайды. Ол адамның тәрбиесіне, жалпы дамуына, мәдени деңгейіне, қызметіне байланысты. Көру мүшелері кез- келген адамға заттың сапасын сезінуге, түсін, пішінін, кеңістігін, қозғалысын, көзбен көріп қабылдауына мүмкіндік береді, ал суретшінің бойында мұндай қабілеттер ерекше асқынған. Суретші үшін сурет сыртқы дүниені тану тәсілі және заттық – бейнелі тіл болып табылады, оның көмегімен көрерменмен пікірін бөліседі.

Көркемсурет өнерінің барысында сурет жетекші пән болып келеді.

Сапалы сурет сала алу қабілеті кез-келген кәсіби маман үшін өте маңызды, өйткені сурет көркем сурет өнерінің (кескіндеме, графика, мүсін) және пластикалық өнердің, қолөнерінің және дизайнерлік қызметтік негізін қалаушы болып табылады.

Оқып – үйрену суретінің мақсаты, көзбен көру қабілетін және көлемді – кеңістік ой-өрісті дамыту, композициялық ойды "Заттандыру" барысында құралдық-тәжірибелі талаптарды суреттің көмегімен шешуден бастау алады. Кәсіби жұмыскердің шеберлігінің өсуі, шынайы суреттің техникасы мен тәртібін қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Сурет салуды үйренуді, пішіні мен бейнесі қарапайым заттардан бастау керек. Қарапайымнан күрделі бейнеге өту – шынайы өнер мектебінің көркем суреттеу сауатын меңгеру принципі міне осындай болып табылады.

Қазақтың белгілі суретшісі Абылхан Қастеевтің пікірі бойынша жас суретшілерге білім берудің негізінде шынайы, реалистік өнер жатуы керек деген. Ежелгі шығыс цивилизациясының өнерінен бастап, Ежелгі Египет және Ежелгі Греция, орта ғасыр кезеңінен қазіргі күнгі уақытқа дейін көркемсурет өнеріне үйрену, суретті зерттеп меңгеруден басталады.

Жазықтық бетінде суреттеменің құрылуының негізгі тәртібі Ч.Ченина., Л.Б. Альберти., Леонардо да Винчи., А. Дюрер сияқты белгілі суретшілердің көңілдерінің ортасында болған.

Сурет мектебінің дамуына К.П. Брюллов (1799 – 1852), А.И. Иванов (1776-1848), И.П. Крамской (1837-1887) және т.б. деген суретшілер үлкен үлестерін қосқан.

Бүкіл дүние жүзілік көркем суреттеу өнерінің бай тәжірибесі шынайы суретке сүйене отырып, өмірдегі және өнердегі ғажайып құбылыстарды сүйіп бағалай білуді үйретеді, эстетикалық мәдениетті меңгеруге кеңес береді. Көркем суреттеу сауатының негізін оқып үйрену оймен сезімнің жігерлі қызметін талап етеді.

Сурет бойынша тәжірибелі тапсырмаларды орындаудың алдында, теоретикалық білімнің негізінде жатқан жалпы әдістемелік талаптармен танысу керек. Сонымен қатар құралдармен, жұмыстың тәсілдерімен, әдістерімен, көркем суреттеу әдістерімен танысқан жөн, ол көркем суреттеу сауатын толық меңгеруге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамқұлов Н.М. Ұлттық қолөнер – Алматы, 2007.
2. Өстеміров К.Ө. Кәсіптік педагогика – Алматы, 2009
3. Өстеміров К.Ө. және т.б. Технология пәнін оқыту әдістемесі – Алматы, 2008

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада натюрморттарды, пейзаждарды салу әдістемесі және негіздері қарастырылған. Аталған мақалада отандық және шетелдік суретшілердің сурет салу әдіс-тәсілдері студенттер үшін ұсынылған.

РЕЗЮМЕ

Данная статья раскрывает основы и методы рисования с натуры - натюрморта, пейзажа. В статье приведены примеры из опыта великих, отечественных и зарубежных мастеров, при обучении студентов.

ӘОК 73.021

КӨРКЕМӨНЕР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ДАМЫТУ

Алиев С.С. - оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ұзақ жылдар бойы халқымыздың тарихын бұрмалап, тағдырын жаралап келген рухани тоқыраудың оқу-тәрбиеге тигізген зардаптары аз емес.

Тәуелсіздік көп нәрсеге деген көзқарасымызды қайта сараптауға бағыттады. Осындай шешімін күтіп тұрған мәселелердің бірі – оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту. Бәрімізге белгілі эстетикалық тәрбие әр баланы өнермен сусындау арқылы іске асады. Қоршаған ортадағы сұлулықты, үйлесімді көре білуді үйретететін, әдемілікке жетелейтін бірден-бір құрал – «Өнер».

Адамзат тарихының алғашқы қауымдық құрылысынан бастап көз жүгіртсек, адамзат баласы ең бірінші өнерді үйренді, өзі аулап үйренген жануарларды үңгірдегі тас жарларға салды. Сүйектерден тесіп дыбыс шығаруды үйренді. Отқа темірді балқытуды үйреніп, бері келе алтыннан бұйымдар жасады. Көптеген ғасырлар бұрын қазіргі қазақ жерінде гүлденген қалалар, әсем сарайлар болған, өнері мен мәдениеті жағынан сол кездегі Еуропадан бірде бір кем емес еді. Оның айғағы- әлемді тамсандырған Есік қаласынан табылған «алтын адам» Орта Азия мен Қытайға барар ең қысқа жол бойында орналасқан Сарайшық қалашығы. Сонымен қатар қала орнында табылған осы өлкеге ғана тән зергерлік бұйымдар, өрнектеліп жасалған құмыралар, су құбырлары және де басқа тұрмыс заттары /1/.

Бес ғасырлық тарихы бар қазақ топырағында екінші рет айтылып отырған Атырау өңірінде табылған алтын адам «Арал төбенің алтын адамы». Маңғыстау Шығыс Қазақстан, Қапшағай, Таңбалы тастағы т.б таулардағы тасқа бейнеленген суреттер. Бұл бейнелер стильденген түрде бейнелеуімен ерекше. Бұл ертедегі адамдардың айналадағы құбылыстарды дәл көре білуінің және жан –жануарлардың қимыл-әрекетін, сыртқы пішінін зейін қоя зертеуінің нәтижесі. Бейнелеушінің шеберлігі соншалық, кейбір жануарларының мінез-құлқын көрсететін дене мүшелерін салмай –ақ (көз, ауыз, құлақ, мұрын т.б) оның сыртқы пішінімен хайуанның көңіл-күйін жеткізе білген.

Сондықтан, біз ерте дүние өнерін кездейсоқтықдықтан туған деп қарамай, оған көп көңіл бөліп, тіпті солардан үйренуіміз қажет, өнердің бастау бұлағынан нәр алып, өз бағытымызды дамытуға болады.

Бейнелеу өнері –бірнеше өнер саласының өмірге келуіне себепкер болған өнер атасы.

Өнерді, оның қоғамдық-тәрбиелік мәнін жан-жақты түсіну үшін әсемдік, әдемілік заңдарын жақсы білу шарт.

Халық өнерінен әсемдік пен сұлулықты жете түсініп, сүюіміз қажет.

Халқымыздың ою-өрнектері бейнелеушінің ой-қиялын ұштайтын, қолын жаттықтыратын құрал-әдіс, тамаша мектеп. Мектепте әлі күнге дейін бейнелеу өнеріне жете мән бермей келеді. Өйткені, бағдарламаларда, оқулықтарда бірінші орында бейнелеудің техникалық қолдану әдістерін басымырақ айтып көрсетеді.

Зерделеп қарасақ, бейнелеу нәрімен зауқы бар адамдар, көркемөнер факультетінің студенттері, оқушылар айналысады. Ал, ою-өрнек, әсіресе, Орта Азияда, Қазақстанда өркеңдеп, екінің бірі оюшы шебер болды. Сондықтан да, ою-өрнектің қарапайым элементтерін шығыстағы бейнелеу өнерінің өзіндік әліппесі деп қарауға болады. Бейнелеу өнеріне баулу үшін ұлттық ерекшеліктерімізді ескеріп, түстерді, реңдерді таңдай отырып, оқушылардың ішкі сезімдерін, дүниені жекелей қабылдаулары меңзеген жолмен жүргізген дұрыс. Көре білуді, яғни өнер шығармаларын түсініп, тебіреніспен қабылдауды, шығармаларға баға беруді үйрену қажет. Соның ішінде бояудың түс-реңдерімен жұмыс істеу, жанрлар туралы түсінік беріп отыру керек. Өнердің бір саласы кескіндеме өнерінде басты шешім реңдер мен түстердің қатынасы

болғандықтан, түр –түсті зерттейтін ғылым бар екенін оқушы санасына жеткізіп отырған дұрыс /2/.

Қазақтың өлең-жырларында, ұлттық өнерінде де тамаша суреттемелер, түстер мен алуан реңктер мол. Сырмақ, текемет, алаша, шым-ши, аяққап, кілемше, құрақ көрпе және ұлттық киімдерге шеберлер бояу түстермен, реңдермен түр бітіре білген. Көк түс аспанның, кеңістіктің, қызыл оттың, күннің, сары дәулеттің, байлықтың, ақ адалдықтың, қара, қоңыр-жердің, топырақты, жасыл-жастардың, көктемнің белгісі ретінде қаралған.

Қазіргі уақытта бастауыш сыныптан бастап оқушыларды түрлі бояу реңдерін ажыратуға, әдемі де жарасымды түс үйірмесін білуге үйрету қажет. Қандай нәрседен жасалғанын білмей тұрып, оны түсіну мүмкін бе? Кейде затқа танымдық мақсатпен қарай білмеушілік салдары бейнелеу өнері сабақтарында айқын аңғарылады. Оқушыны байқай және қабылдай білуге үйрету жолдарын білу болашақ бейнелеу өнері мұғаліміне өте қажет.

Қабылдау мен байқай білу жолдары әр түрлі. Соған қарамастан, барлық зерттеулерде қабылдау жөнінде мынадай негізгі жайларды бір ауыздан мақұлдайды.

Баланы қабылдауға арнайы үйретпесе, олар көбінесе, кішкене кезіне тән қабылдаудың біріктірушілік, дәлсіздік сияқты ерекшеліктерін ұзақ уақыт сақтап қалады. Яғни, балалардың жасы өсіп, есейген сайын қабылдау шеңбері кеңеймей қалады. Бұл үйрету негізгі екі үрдісті (байқау мен жалпылау) жетілдіруге бағытталуы қажет. Талдаудың бағыты мен жіктелуі баланың даму дәрежесіне, мұғалімнің мақсатына, оқытуға таңдап алған мазмұнына байланысты өзгеріп отырады. Бүтін затты дене (фигура) ретінде бөліп көрсетуі мүмкін. Талдау затты дәл тануға бағытталады. Яғни, «қандай ағаш қандай күйде тұр» деген сияқты ерекшелей білуі тиіс.

Айталық, балаға ою-өрнек неден тұрады деген сұрақ беріп, одан белгілі –бір үшбұрыштан, кішкене шаршылардан, жарты шеңберлерден тұрады деген жауап алуға болады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Бала ою-өрнектің құрамында үшбұрыштардың, шаршылар мен жарты шеңберлердің бар екенін айтумен қатар, олардың қалай орналасқанын, әрқайсының қандай жағдайда тұрғанын және түрлері мен түстерін, кеңістіктегі бір-біріне байланысын жете байқауы керек. Кез келген талдау, яғни, бүтінді бөліп қарау, оны бөлшектеу, қайтадан бүтінді жалпылап, тұтастырып қабылдай білуге әкелуге тиіс.

Бұл айтылғандарға өз іс-тәжірибемде көзім жетті. Бейнелеудегі түстер үйлесімін дұрыс қабылдауға дағдыландыру үшін күнделікті тұрмыста қолданылатын жай заттардан құралған натюрморт салғызудан бастау орынды, әр оқушының бояу таңдау түсті өз бетінше қабылдауына байланысты. Бірнеше жұмыс жиынтығын жинап алып, оқушылардың бояу таңдауы, түсті өз бетінше беруін зерделеп қарасақ, мынаны байқауға болады. Бір бейнелеуде жылы түс, екінші біреуінің бейнелеуінде суық түс басым.

Бұл оқушылардың көңіл-күйін, түстің жылы және салқын түстерімен айқындалатынын жете түсінбеуін көрсетеді. Олардың әрқайсысының түсті, бейнені қалай қабылдайтынына талдау жасағанда екі түрлі жағдайдың ықпалын байқаймыз.

Балалардың байқағыштық мәдениетін қалыптастыру үшін мұғалім оқып-үйренуге тиісті нәрселерді алдын-ала жоспарлайды. Көрмелерге, сәулет өнерінің мұражайларына апарып таныстыру. Сондағы көргендерін айтып, өз ойларымен бөлісу. Оқушыларды жатық сөйлеуге, жанр түрлерін ажыратуға үйрету эстетикалық және рухани байлығын жетілдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Мұқанов «Қабілеттілік және оны тәрбиелеу» -Алматы 1960 жыл
2. Ниетбаев Б. Баланы көркемөнерге халық мәдениетіне тарту // «Тәрбие құралы» Республикалық ғылыми педагогикалық журанал -Алматы №2, 12 б. 2010жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада баланың эстетикалық талғамын көркемөнер арқылы тәрбиелеп дамыту.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается эстетическое воспитание и развитие детей используя изобразительное искусство.

ӘОК 687.16.

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Асқарова Ж.А. – п.ғ.к., профессор, Айдарова Г.Ш. – 1курс магистранты
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңдағы еліміз бен бүкіл әлемде жүріп жатқан экономикалық-әлеуметтік дамулар білім беру саласына өзіндік ықпалын тигізуде. Келешек ұрпаққа білім берудің мақсаттары мен мәні, мазмұны мен түрлері түбегейлі жан-жақты қайта ойластырылып, жаңа сапаға жету міндеті көзделуде.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беруді дамыту Тұжырымдамасында да былай деп атап көрсетілген: «Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады /1/.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптастасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Каменскийдің, И.Гербарттың дәстүрлі объект–субъектілері педагогикасының орнын басқасы басты, ол бала оқу қызметінің субъектісі ретінде өзін-өзі өзектілендіруге, өзін тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын жазушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер-оқытушы мен оқушының тұлғалық – бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Қазіргі білім берудегі басты мақсат– жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру.

«Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деп Елбасымыз айтып өткендей, жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

«Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу–тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнын, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» /2/.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологиялар таңдауда көп нұсқаулық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарының өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқында оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульды оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа көптеген ғалымдарың технологиялары кеңінен танымал.

Кейінгі уақытта біздің елімізде де қазақстандық мектептер үшін оқыту технологияларын ойластырып, ғылым мен практиканы ұштастыра зерттеп жүрген ғалымдарымыз баршылық. Атап айтар болсақ, «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы (Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикова), жүйелілік негізде оқыту (Т.Т.Ғалиев), шоғырландырып-қарқынды оқыту (Қ.А.Әбдіғалиев, Н.Н.Нұрахметов,т.б.), модульдік оқыту (М.М.Жанпейісова, К.Жақсылықова, З.Бейсенбаева), жобалай оқыту технологиясы (А.Сатбекова), сатылай кешенді талдау (Н.А.Оразахынова.) және т.б. технологияларды жатқызуға болады /3/.

Осындай оқыту технологиялардың бірі – ішінде модульдік технология. Жалпы алғанда, модуль дегеніміз–қандай да бір жүйенің, ұйымның нықталатын, біршама дербес бөлігі. Ғалым-әдіскер К.Жақсылықова жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін модульмен оқыту жайлы жазылған зерттеу жұмысында: «Модульмен оқыту жайындағы түсінігімізді тағы былай толықтыруымызға болады. Біздің ойымызша, модульмен оқыту ішіне оқытушы, оқушы және оларды біріктіретін оқу ұжымының дербес даму сипаттамасы да енуі тиіс. Яғни, оқу үрдісінде әрекет жасаушы екі жақтың (оқытушы мен оқушы) танымдық және тұлғалық деңгейінің жетілуіне, жандануына мүмкіндік жасайтын оқытуды модульмен оқыту жүйесі деп атау керек» /3/.

Сондай-ақ К.Жақсылықова модульдік оқытудың ұстанымдары, модуль бағдарламасы, модульмен оқыту мазмұнын сұрыптау және оны ұйымдастыру т.б. мәселелерді ғылыми тұрғыда сөз етеді де, тілді оқытуда модульді қолдану әдістемесіне де ерекше мән береді. Оны мына сөзінен көруге болады: «Сонымен қатар оқу тобының ұжымға айналу үрдісі жеделдейтін, өзіне тән әрекеттестік пен қарым-қатынаста негізі қаланған мүмкіндіктерді іс жүзінде пайдалану белсенділігі артатын оқыту да модульмен оқыту болмақ», – дейді.

Педагогика ғылымдарының докторы З.Бейсенбаева тіл білімінің бір саласы сөзжасамды модульдік технология негізінде оқытуды дәлелдей отырып: «Модульдік оқыту технологиясының мақсаты – білім бағдарламасының мазмұнын іске асыруға жағдай жасау; іріленген блок-модуль түріндегі оқу бірліктерін игеру арқылы кешенді дидактикалық міндетті орындау. Модуль – нақты мақсатқа құрылған оқу элементтерінен тұратын модуль бағдарламасының дербес дидактикалық бірлігі. Оқу элементтері – жеке мақсатты іске асырудағы оқу материалының дидактикалық бірлігі», – деп қорытынды жасайды /3/.

Оқыту технологиясы туралы пікірлер басқа да ғалымдар зерттеулерінде кеңінен сөз болады. Бұл туралы ғалым М.М.Жанпейісова: «Оқыту технологиясының біз әзірлеген нұсқасының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы», – деп тұжырымдайды /2/.

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқу модулінде сағат саны әр түрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты.

Оқу модулінің ерекшілігі сол, жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады.

Кіріспе бөлімінде оқытушы оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т:б: белгілік үлгілерде сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен –қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытады.

Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен тұрады: кіріспе –қызықтырушылық, операционалдық-танымдық және рефлексиялық-бағалау кезеңдерінен тұрады.

Психологтар дәлелгендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін оқушылардың мақсаты түсінуі аса маңызды. Ол үшін психологтардың пікірінше, мақсат оның мағынасы нақты айқын белгіленіп, мақсатқа жету тәсілдері көрсетілуі керек.

Модульдік оқыту технологиясының міндетті шарттарының бірі – оқытуды ойын түрінде және түрлі белсенді оқыту формалары арқылы ұйымдастыру. Бүгінгі таңда ойын оқыту үрдісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта оқушыларды оқу үрдісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, пәнге деген қызығушылығын тудырады.

Модульдік оқыту жүйесінде іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әртүрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру мақсатында кейінен –алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданады. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші-операционалдық- танымдық кезеңнен іске асыру болып табылады.

Бұл бөлім тарауды немесе тақырыпты оқытудың тұтас циклін анықтайтын, соңғы бөлімі. Ол оқушылардың сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған. Осы бөлімде оқушылар өз қызметін талдайды яғни, баға алады, бұл сонында әр оқушының танымдық қызметінің жалпы оқу нәтижесін анықтайды. Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау.

Белгілі педагог В.Беспальконың пайымдауынша, педагогикалық технология мынадай төрт негізгі шартты қанағаттандыруы тиіс:

- педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспорттарды жоюы қажет;
- оқушының танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет;
- оқу мақсатын диогностикалық түрде анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалау қажет;
- іс жүзінде оқу үрдісінің толықтығын қамтамасыз ету қажет.

Кәсіби білім беру жүйесін ұйымдастыруда педагогикалық оқыту технологияларын қолдану арқылы білікті маман даярлау мәселелері еліміздің өркендеуіне, дүние жүзіндегі озық елдердің қатарына жету мүмкіндігімен тығыз байланысты десек, жаңа технологияны қолданған мұғалім қашан да өзінің біліктілігімен, кәсіби шеберлігімен ерекшеленуімен қатар алатын асуы мол болары сөзсіз.

Қорыта келе айтарымыз, оқу процесінде оқыту технологияларын, соның ішінде модульдік оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі сол, болашақ маман бойында өз көзқарасының болуы, сын тұрғысынан ойлай алуы, шығармашыл болуы, жеке және бірлесіп әрекет етуде нәтижеге жете алуы, шығармашылықпен қызмет ете алуы секілді қасиеттердің тоғысатындығы анық. Американ психологы Дж.Браунер еңбегінде былай делінген: «Білуге деген қызығушылық пен жаңаны білуге деген талпыныс тек адамға ғана тән». Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын даңғыл жол – тек білімде ғана болмақ. Себебі, кәсіби білімнің дамуы – қоғамды тұрақтандыратын, ұрпақты-ұрпаққа сабақтастыратын құрал болуымен қатар, үміті жарқын болашағымыздың кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. // Қазақстан мектебі, №2, 2004 жыл
2. Жанпейісова М.М. Модулдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002.
3. Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері:– Алматы: 2001. // Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәсіптік білім беру негізінде болашақ мамандардың біліктілігін қалыптастыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирование навыков у будущих специалистов на основе профессионального обучения.

ӘОК 371.035.3

12 ЖЫЛДЫҚ ОҚУ МЕРЗІМІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ

Байзакова Г Р – 2 курс магистранты, Асқарова Ж.А. – п.ғ.к., профессор
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазіргі уақытта елімізде білім беру саласы өз дамуының жаңа кезеңінде тұр. Жалпы орта білім беретін мектептерді 12 жылдық оқу мерзіміне көшіруге байланысты, адамға деген көзқарастың өзгеруі, субъективті дара тұлға ролінің өсуі, осыларға сәйкес әлеуметтік өмірдегі және экономикалық өзгерістер білім беру мен тәрбиелеу ісінің алдына жаңа міндеттер туғызуда. Осыған орай білім берудің ғылыми негізделген біртұтас оқу-әдістемелік жүйесін қалай және қай бағытта жасау керек деген сауалға жауап ізделуде/1/.

Білім саласындағы кез келген пәннің жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық. Технология пәнінің базалық мазмұны оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтау қабілеттерін дамытады, өздерін-өздері танып білулеріне, әр түрлі кәсіби салалар бойынша қабілеттіліктерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Технология сабағында оқушы тек мұғалімнің үйретуімен бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, оған талдау жасап, жасалу, өңделу, пішіп тігілу технологиясына өз ой пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады.

Технология пәнінде оқушыларды жаңа технологиялық бағытпен оқыту әдістемесі негізгі тәлім-тәрбиелік бағыт болуына байланысты, технология пәнінің басты мақсаты: оқушыларды өздігінен еңбек етуге дайындау, шығармашылық ой-қиялдарын дамытып, жеке қабілеттеріне сай еңбек етуге мүмкіншілік жасау. Сондай-ақ оқушылардың кәсіптік білімді жан-жақты игерудегі іскерлігі мен белсенділігіне ерекше көңіл бөліп, қолдарын жаттықтыруына көмектесу.

Қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын жасату арқылы еңбекке тәрбиелеудегі білім беру үдерісі мына бес жүйеқұраушы элементтерден тұрады, олар: *оқытудың мақсаты, оқу мазмұны, оқытудың теориялық формасы, оқытудың практикалық әдістемесі, оқыту құралдары*. Міне, осы негізгі бес түрлі жүйеқұраушы элементтерді қайта құру қажеттігі туып отыр. Себебі, ол білім берудің басты мақсаты етіп танымдық қызығушылығы қалыптасқан, өздігінен бағдарлай отырып, шығармашылықпен, өз бетімен білім ала алатын, сөйтіп өздігінен даму дәрежесі қалыптасқан субьектіні, жеке тұлғаны тәрбиелеп шығаруды анықтайды. Мұғалімнің оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудегі міндеттері: бейінді тәрбиенің оқу жоспарын жасай білуі; материалдарды өңдеу технологиясын жүйелей үйрету; өңдеу процесін ұйымдастыра білуі және оны қауіпсіздік ережелеріне сай дұрыс орындай білуі; бөлшектерді дұрыс құрастыру технологиясын және оны жетілдірудің бағыттарын үйрете білуі; интеграциялық сабақ барысын жүйелі жүргізу; мұғалім оқушылармен өз қарым-қатынасын дұрыс жолға қоя білуі сияқты көріністермен белгіленеді /2/.

Демек, жеке тұлғаны шеберлікке қалыптастыруда білім беру мен оқытудың маңызы зор, әрі бұл екеуі де бірлікте. Олай дейтін себебіміз, білім беру – оқытудың нәтижесі, оқыту – білім берудің негізгі жолы. Технологиялық оқыту әдістемесін дұрыс ұйымдастыру мектептің техникалық базасына тікелей байланысты. Себебі, сабақ жоспарын экологиялық және экономикалық білім берумен қатар, техникалық-технологиялық және ақпараттық технологияны кіріктіре дайындау нәтижелі болуда.

Дәстүрлі өнерді оқыту әдістері мен тәсілдерін мұғалім меңгеріп пайдалануға тиісті болса, енді оқушылар да өзіндік іс-әрекетінде халқымыздың жалпы қолөнер бұйымдарын жасаудағы әдіс-тәсілдерін меңгеріп, пайдалану талап етіледі.

Білім беруді ізгілендіру, оқыту әдістерін жетілдіруді, әсіресе ұлттық өнердің негізінде дамыта оқыту әдістері мен тәсілдерінің тиімді пайдалануын талап етеді. Жан-жақты жетілген кәсіби мамандығының болуы, сабақта педагогикалық шығармашылықпен жүйелі де кешенді тақырыптар барысында толық техникалық-технологиялық мағлұматтар беру – талап деңгейіндегі оқу үдерісінің нәтижелі болуына ықпал етеді. Олар тәжірибемен үнемі жетілдіріліп, тереңдетіліп, байытылып отырады. Педагогика әдістемесі - өзіндік мақсаты бар да үздіксіз дамыған ғылым. Әрбір дамыған жеке ғылымдар белгілі бір санаулы ұстанымдардан басталып, басқа компоненттері соларға сүйене отырып түсіндіріледі де, барлық ұғымдар мен заңдылықтар соларға негізделіп, жүйеге келтіріліп теория құрайды /3/.

Технологиялық білім саласы, еңбек дағдыларының негізін құрайтын техникалық, көркем, ауылшаруашылық және әр түрлі техникалық қызмет көрсету еңбегі түрлерінен оқушыларды танымдық, білімдік және дамытушылық қабілетке тәрбиелейді.

Мектептегі сыныптардың жоғары сатысындағы оқушыларға бейінді білім беруді оқыту процесінің құрылымын, мазмұнын және тәрбиені ұйымдастыру жақтарына, оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын ескере отырып, олардың қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін саралау мен даралау әдістемелігін айқындай түсуде.

Қазіргі оқыту мен тәрбие берудің ең маңызды деген іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, құзіреттілік және денсаулық сақтаушы тәсілдері айқындалды. Болашақ 12 жылдық мектептің мұғалімі осы айқындалған тәсілдерді негізге алып, оқушы

тұлғасының әлеуметтік мүмкіндіктері мен қабілеттерін неғұрлым толық көрсетуге, тұлғалық сапалар кешенін дамытуға, білім беруден күтілетін нәтижелер ретінде негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды, оқу және оқудан тыс іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы қол жеткізеді. Жеке және ұлттық құндылықтар ретінде оқушы денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерінің шешілуін қамтамасыз ететін білім беру үрдісін ұйымдастыруда психикалық және дене бітімі жағынан дені сау тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін денсаулық сақтау заттық-кеңістіктік орта құру керек. Жаңа стандарт талаптарына сәйкес білім беру үрдісінде оқушыларға негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыру технологиясы ретінде ақпараттық коммуникациялау негізінде жобалау, зерттеу іс-әрекеттерін қалыптастыру жоспарланған.

Болашақ технология пәні мұғалімі - табиғат өнімдері мен шикізат материалдарының күйін, қасиетін, формасын өзгертіп, өңдейтін және оларды дайындауға, жобалауға, оқушылардың іс-әрекетін, білімі менептілігін қалыптастырып, ата-баба дәстүрін жалғастыратын, ел экономикасын өркендетуге үлесін қосатын, қоғам талабына сай келетін болашақ жұмысшы, кәсіпкерлерді дайындайды.

Күтілетін нәтижелерге бағытталған жаңарған білім мазмұнын жеке тұлғаға жеткізетін, педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгеріске икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалімдерді даярлау – бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселелерінің бірі.

Еліміздің президенті Н.Назарбаев педагогикалық оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелей алатын жаңа нобайдағы мұғалімді даярлау міндетін қойды.

Осы айтылғандарға байланысты бүгінгі күнгі мамандарды даярлаудың жоғары дәрежеде көрінетін тұлғалық сипаты оның жалпы және кәсіби мәдениетінде деп түсіну қажет.

Мәдениет дегеніміз - адамның ойлау, айнала қоршаған ортаға талдау жасай білу қабілеті мен сапасы, білім деңгейі, біліктілігі, іскерлігі, еңбекке деген қатынасы, жалпы тәрбиелілігі, қызығушылық шеңбері, күнделікті іс-әрекет көрінісі, мінез-құлқы және т.б., ол адамның ішкі адамгершілік заңдарының көмегімен танылады.

Кәсіби мәдениет дегеніміз - қоғамның әрбір кәсіптік қызметтегі адамдардың мәдениет деңгейіне қоятын талабы. Ол әрбір адамның кәсіби қызметін кез келген еңбек түрін орындаудың жалпы ең жоғары нормасына дейін көтереді. Кәсіби мәдениет тұлғаның әлеуметтік тұрғыда толығуының маңызды көрсеткіші бола отырып, өзінің маңызын қоғамда анықтай түсетін тұлғалық білім, біліктілік, іскерліктің жиынтығы болып табылады. Ол жеке адамның әлеуметтік деңгейде көрінуіне керекті жағдай және адамның кәсіби іс-әрекетінде жалпы мәдениетінің болу құралы ретінде қызмет етеді.

Барлық кәсіптік мәдениеттің жүйесін құрушы элементтерді үш деңгейді қамтитын *кәсіптік этикаға* бөлуге болады: кәсіби еңбектің нәтижесін қажет етушіге деген адамгершілік сипаттағы қарым-қатынас; ұжымы мен сол саладағы қызметтес әріптестеріне деген адамгершілік сипаттағы қарым-қатынас; өзінің кәсібіне, еңбегіне, ұжымына деген жеке тұлғаның адамгершілік сипаты.

Жалпы мәдениет - кәсіби білім мен іскерлікті шыңдай түсудің, сонымен қатар оны қызмет түріне ұштастырудың қайнар көзі. Маманың жалпы мәдениеті оның кәсіби қызметіне айқын әсер етеді. Жалпы мәдениет тұлғаның зиялылық қасиеттері арқылы көрінеді,

Зиялылық (латынның intelligentis сөзінен шыққан - білетін, түсінетін, парасатты) - адамның мәдениетке, парасатқа, тусінуге ден қоюшылығынан, мәдениеттің құндылығы мен қажеттілігін түсінуінен көрінетін қабілет.

Маманның жалпы мәдениетін құраушылар оның көсіптік мәдениетінің бөліктеріне айналады және керісінше кәсіптік мәдениеттің дамуы маманның жалпы мәдениеті деңгейінің өсуіне орай келеді. Осындай құраушылардың қатарына саяси,

адамгершілік, құқықтық, ұйымдастырушылық, психологиялық, педагогикалық және басқалай аспектілері жатады. Қоғамның, өндірістің, мәдениеттің дамуымен байланысты әлеуметтік өмір де күрделеніп, оқу мерзімі ұзарып, адамнан белсенді қоғамдық өмірге бейімделе түсуін қамтамасыз етеді.

«Ел ертеңі — білімді ұрпақ» демек, ертеңгі күннің еңсесін биіктетіп, болашағын бағдарлауда тәрбиелі, білімді ұрпақ даярлауда ұстаздың ұқтырар ұлағатының ұшан-теңіз мол болуымен қатар, кәсіби деңгейде шебер болуы керек. Қазіргі оқу-тәрбие процесіне байланысты мұғалімнен: оқушы танымына жеткізгелі тұрған тақырыптың нақты өмірдегі көкейкестілігі мен маңыздылығын, шаруашылық саласындағы алатын орнын және тиімділігін, орындалатын технологиялық жұмыс көлемі мен оның орындалу технологиясын, экологиялық және экономикалық түсініктемелер, заттың дизайны мен эстетикалық көрінісі, қолданылатын шикізат пен оның шығыны, уақытты тиімді пайдалану, т.б. кезеңдерді жүйелі де ғылыми тұрғыда түсіндіруді талап етеді.

Қорыта келгенде, мектеп тек қана орта білім беру ғана емес, сонымен бірге жасөспірімдерге арнаулы еңбек даярлығын үйретіп, кәсіптік даярлықтан өткізу керек деген идея осы реформалардың негізі болып отыр. Мектеп оқушыларының кәсіби қызығушылықтары негізінен алғанда оқу (танымдық) іс-әрекеті кезінде қалыптасады да, өндірістік еңбекте бекітіліп, кейіннен мамандық таңдауда көмекші әсерін тигізеді. Сонымен қатар жасөспірімнің санасында өзін болашақ кәсіпкер, мамандық иесі ретінде сезінуі, өндірістің әр саласында қызмет жасап жүрген адамдарға еліктеуі мамандық таңдауын жетілдіреді. Ғылыми-техникалық прогрес жағдайында өндірістік күштердің жедел дамуы, өндірістің автоматтандырылуы мен жаңа технологиялардың өмірге енуі және нарық қатынастарына бейімделген қазіргі экономикаға зәру мамандарды даярлау күн тәртібіне қойылып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Машенбаев Т. 12 жылдық мектеп мұғалімінің кәсіби педагогикалық бағыттылығы. // Қазақстан мектебі.-2009. №10. -62б.
2. 12 жылдық оқу мерзіміндегі технология пәні және мұғалім. //Педагогика мәселелері. № 1-4/ 2007.
3. Беркімбаева Ш.К.,Құсайынов А.Қ., Рысбаева А.Қ., Бұлақбаева М.К. Жоғары мектеп педагогикасы. – Алматы, 2009.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жалпы білім беретін мектептерді 12 жылдық оқу мерзіміне көшіруге байланысты, технология пәнінде оқушыларды жаңа технологиялық бағытпен оқыту әдістемесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрена новая технология обучения учащихся на уроках технологии в школах с 12 летним образованием.

ӘОК 371.036

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЕҢБЕККЕ БАУЛУҒА ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Бакжанова А.Ж.- оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазіргі уақытта білім берудің мақсаттарын қысқаша түрде алдыңғы ұрпақпен құрылған рухани құндылықтарды жас буынға тапсыру, қызмет түрлерін игеру, атап айқанда ғылым технологиясын игеру (білімдерді игеру), еңбектің жаңа технологиялары, шығармашылық қызметтің тәжірибесіне ие ақпараттық,

постиндустриалды қоғамда өмір сүріп, әрекет етуге қабілетті жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру ретінде тұжырымдауға болады.

Білім берудің басты мақсаты мынадай: тұлғаның дамуы ол өзін қоғамға, оның мақсаттары, қажеттіліктері мен мақсат-мұраттарға барынша бейімделгендігін сезінетіндей бағытта жүзеге асырылып, бір уақытта жоғарыда аталған құндылықтар гуманизм негіздері мен қағидаларына негізделуі тиіс. Оқытушылық жүйе өзінің барлық түрлерінде осыған тәуелді болуы тиіс /1/.

Бүгінгі таңда, барлық қазіргі тәрбиелеушілердің ортақ міндеті әрбір баланың бойында қайталанбас адамдық дербестік, адамгершілік құндылықтарына бағытталу, белсенді азаматтылық, әлеуметтік шығармашылықты дамыту болып отыр.

Білім берудің алдында тұрған міндеттердің бірін Шадриков В.Д. өз жұмысында былай айқындады – бұл идеологиялық ойлау қабілеті жоқ тұлғаны, яғни конструктивті ойлайтын, көптеген ақиқаттың болуына жол беретін және көптеген ақиқатты табиғи құбылыс ретінде қабылдайтын тұлғаны, ақиқатты іздеудің Сократтық жолы бойынша ақиқатты анықтау мақсатында сыни көзқарасты ұстанатын өзге тұлғаның айқындама көзқарасын құрметтейтін тұлғаны тәрбиелеу. Бәлкім, дәл осында оқытушылық парадигманы ауыстыру сияқты басты міндет жатыр – ақиқатты ашуға ұмтылған ашық, адамгершіл, шыдамды, идеологиялық емес ойлауды тәрбиелеу /2/.

Еліміздегі қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдың оң бағыттағы сәті бүтіндей білім беру жүйесінің деидеологизациясы мен жоғары оқу орындарының міндетті бағдарламаларына мәдениеттану және философия тарихы пәндерін енгізу болып табылады. Бұл халықтың жалмы мәдениеттілік деңгейінің артуына ықпал етіп, жоғары кәсіби ғана емес, жалпы мәдени дағды және білімдерге ие ЖОҚ түлектерінің нарықтық жағдайдағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Мектептегі идеологиялық емес ойлауды қалыптастыратын қуатты құралдардың бірі ұлттық дәстүрлерге жүгіну болып табылады.

В.А. Сухомлинский атап өткендей, мектептің ең бірінші орнындағы міндеттері әрбір адамның бойынша жаратушыны ашып, оны төл шығармашылық және толыққанды интеллектуалды еңбек жолына қою болып табылады. «Әрбір оқушының бойынан қайталанбас дербес дарынды тану, анықтау, ашу, өсіріп, шығару – тұлғаны адамдық ар-намыстың гүлдену кезеңіне дейін көтеруді білдіреді».

Тәрбиелеудің мазмұны дамушы баланы жалпыадамдық, мәңгі құндылықтарға бағыттау, оларды ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр мен қоғамның қажеттіліктерін ескеру арқылы әрбір оқушының жеке құндылықтарына ауыстыру болып табылады. Бұл құндылықтарға мыналарды жатқызуға болады:

1. Адам – абсолютті құндылық, жоғары субстанция, «барлық заттардың шамасы». Тұлға ұғымы әркез гуманистік педагогиканың негізгі ұғымы болған сияқты, адам мәселесі әрқашан философияның басты мәселелерінің бірі болды. Адам өркениет дамуының құралынан мақсатқа айналған қазіргі заманда, бала тұлғасы тәрбиелеу тәжірибесіне тигізетін ықпалы аз асқан міндеттен шынайы құндылыққа айналып отыр.

2. Отбасы – қоғамның бастапқы құрылымдық бірлігі, болашақ тұлғаның негіздері қаланатын баланың алғашқы ұжымы мен оның табиғи даму ортасы. Адамдар санасында отбасы түсінігін ең жоғары адамгершілік құндылық ретінде қайта жандандыру үшін, мұны бала кезден бастаған жөн.

3. Еңбек – адам болмысының негізі, адам өмірінің табиғи мәңгі жағдайы. Балаларды еңбекке баулу әркез тәрбиелеудің маңызды бөлігі болып келеді. Оқытушының міндеті – балалар еңбегін жандандыру, оны жасампаз әрі шығармашыл ету, өз өмірлерінде адал еңбектің арқасында жетістіктерге жеткен адамдарды құрметтеу, қайырымдылық, риясыздық, шығармашылық жақсылыққа тәрбиелеу. Балалардың бойында іскерлікті, адал серіктестік сезімін тәрбиелеу, экономикалық білімдердің негіздерін игеру өзектілікке ие.

4. Білім – түрлі, ең алдымен шығармашылық еңбектің нәтижесі. Оқушылардың білімі – оқытушы еңбегінің шамасы. Білімнің тәрбиелік мәні мынада: ол мақсатқа жету – оқушы тұлғасының даму құралы болып табылады. Бала субъектілік айқындама көзқарасты ұстанып, білім адамгершілік бағыттылыққа ие болатын білім ғана тәрбие бере алады.

5. Мәдениет – ұлы байлық. Адамзаттың адамдар өміріндегі рухани және материалдық саладағы көрген-білгені, адам қабілеті мен шығармашылық күштің ең жоғары көрінісі. Тәрбиелеу мәдениетке сәйскес болуы тиіс. Оқытушының міндеті – оқушыларға өз халқының мәдениетіне, оның әлемдік қазынасына қатынасуға көмектесу.

6. Отан – ата-бабасынан, тағдырдан берілген әрбір адамның жалғыз атамекені. Оқутышының міндеті - өз халқының тарихына деген құштарлық пен құрмет сезімін тәрбиелеу.

7. Жер – адамдар мен тірі табиғаттың ортақ үйі, оның болашағының бүгін өсіп-ер жеткен кешегі балалардың қандай қатынаста болатындығына байланысты екенін түсінгеніміз абзал. Әлемнің ортақ бейнесін құра алатын білім беру саласындағы біріктіру үдерістері мен экологиялық тәрбиелеудің баға жетпес маңызы зор.

8. Бейбітшілік – адамдардың арасындағы тыныштық пен келісім. Адамдардың бойында кез келген халықтар мен ұлттарға деген сенімсіздік пен күмәнді жою, бейбітсүйгіштікті тәрбиелеу, әрбір мектепте азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім жағдайын қалыптастыру сияқты тәрбиелеу міндеттері үлкен өзектілікке ие.

Қазіргі мектептердегі білім беру қағидаларының арасында:

Гуманизация – оқушының шығармашылық дербестігін танытуға кең мүмкіндіктер берілетін, өзара оқыту, байыту, эмоционалды жағымды қатынас (коммуникативті «резонанс») тәртібінде оқытушылар мен оқушылардың (субъект – субъектілік әрекеттестік) бірлескен шығармашылығы жүзеге асырылатын жалпы білім алудың ыңғайлы жағдайларын құруды қарастырады, ол үшін белсенді оқытудың оқытушылық технологиялары, әдіс-тәсілдерінің барлығы дерлік қажет. Білім беруді гуманизациялау – адамның рухани дамуының маңызды ынтасы, жалпы және рухани даму деңгейі оқытушы мен жалпы мектептің еңбек сапасының критерийіне айналды /3/.

«Гуманизация» ұғымы кең мағынаға ие, терминнің өзі «гуманды» - адамгершіл, адамгершілікті, көзі ашық саналы адамға тән, адамсүйгіш, мейірімді, қайырымды деген сөзден туындаған.

Гуманистік тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты білім алған, жоғары мәдениетті және азаматтық белсенді көзқарастарды ұстанатын адам болып табылады.

Гуманизация – білім беру үдерісінің полисубъектілі болмысын бекітетін жаңа оқытушылық ойдың шешуші элементі. Бұл жағдайда, білім берудің негізгі мағынасы тұлғаның дамуы болып табылады. Гуманизацияның міндеті – барлық мүмкін жолдармен баланың дамуына жәрдемдесу. Білім берудің гуманизациясы тұлғаның жалпы мәдени, әлеуметтік-адамгершілікті және кәсіби дамуының бірлігін қарастырады.

Адам жоғары білімді болумен қатар, жамандық пен зорлыққа қарсы күресіп, қоғамда адамдардың бір біріне, олардың еңбектерінің жемісі, табиғатқа деген шынайы адамдық қатынасты орната білуі қажет. Қазіргі уақытта қоғам адамгершіл адамдарға зәру, себебі олардың гуманистік бағыттылығы күн санап, адамзат өміршеңдігінің ең қажетті шарттарының біріне айналып келеді.

Гуманитаризация. Қоғам ішінде білім беру арнайы дайындықпен қатар, тұлғаны тәрбиелеп, оның бойында азаматтық қасиеттерді тәрбиелеп, адамды өзгермелі әлемде өмір сүруге үйретіп, жаңа ақпаратты игеру және тиімді шешімдерді қабылдау қабілетін дамытуы тиіс деген түсінік бар.

Гуманитаризация – ғылым мен білім дамуының әдістемелік қағидасы ретінде, ең алдымен, бүгінгі таңда айқын анықталған мәдениеттің гуманитарлық, жаратылыс ғылымдық және техникалық құрамдас бөліктерге жіктелуіне қарсы күресумен

байланысты. Біздің ойымызша, гуманитаризация – білім беру жүйесінде (мектеп, арнайы оқу орындары, ЖОО және т.б.) зерттелетін гуманитарлық бағыттағы пәндер санының артуы ғана емес, барлық курстар мазмұнының, атап айтқанда, жаратылыстану ғылымдары, білім берудің технологиялық және интегративті салаларын қоршаған әлем мәселелерін философиялық түйсіну, гуманистік құндылықтарға бағыттау болып табылады.

Білім берудің гуманитаризациясы - білім беру мазмұнындағы жалпы мәдени құрамдас бөліктердің басым дамуына және осы арқылы тұлғалық есеюді қалыптастыруға бағытталған мен іс-шаралар жүйесі.

Білім интеграциясы – ғылымда да, білім беруде де үздіксіз өзгермелі әлем және ол туралы білім жағдайында, білім берудің мазмұнын және ғылымның икемділігі мен ұтқырлығын арттыру тәсілдерінің бірі ретінде көрінеді /4/.

Дифференциация – интеграцияға диалектикалық қарама-қарсы қағида. Ғылымдағы дифференциация үрдісі, ең алдымен, ғылыми пәндер, ғылыми салалар мен бағыттардың артуынан көрініс табады. Алайда, осы арқылы ғылымдағы интегративті үдерістер жаңа пәнаралық зерттеулер, бағыттар мен пәндердің қалыптасуына алып келеді. Дифференциация оқытушының мүдделері, иекемділігі мен қабілеттерін қанағаттандыру, оның дамуын есепке алу үшін соңғы нәтижеге қол жеткізудің жеке оқытушылық траекторияларын таңдаудың кең ауқымды мүмкіндіктерін ашады, ал бұл оқыту жағдайлары мен оқытушылық тәсілдердің барынша көптүрлілігін қажет етеді /5/.

Аймақтылық қағидасы білім берудегі ұлттық және мәдени дәстүрлердің аймақтық құрамын, табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың есепке алынуын, білім беру құрамында жалпы адамдық және ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлерінен құралатын осы үдерістен тәін ақпараттың қолданылуын қарастырады.

Өзінің «Қазақстан Федерациясында оқушылар мен жастарды тәрбиелеудегі аймақтық-ұлттық факторлар» атты тезисінде профессор Г.Ц. Молонов жеке аймақ ретінді әрбір аумақтың өз мәдение ерекшеліктерінің барын айтады. Әрбір халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс пен байланыс мәдениетін дамытатын өзіндік рухани, гуманитарлық мәдениет қалыптасады. Олар түсініктер, әдеттер, сезім мен ырыққа әсер етеді. Мұның барлығы тұлғаның сипатын, болмысы мен анықтылығын қалыптастырады. Ақыр соңында, осылайша, рухани байлық қалыптасады. Ол жалпы, ерекше және бірлік күйде болуы мүмкін. Аймақтық факторды есепке алмау немесе пайдаланбау ерекшенің маңызын азайтса, ұлттық шеңберде – ерекше және бірлік аспектілерінде тәрбиеліліктің даму үдерісін әлсіретеді.

Осылайша, біз оқытушылық үдерісіндегі ең маңызды деп танылған, қазіргі мектептердегі білім берудің негізгі бес қағидасын ажыратып алдық.

Бір жағынан, оқытушы өз оқытушыларын осы сәттегі белгілі бір әлеуметтік жағдай, қоғамның нақты сұраныстарына дайындайды. Ал басқа жағынан, ол мәдениетті сақтаушы және өткізуші бола отырып, тұрақты факторға айналады. Адамзат мәдениетінің барлық байлықтарының синтезі ретінде тұлға дамуын мақсат тұтқан оқытушы болашаққа жұмыс істейді.

Адам мәдениетті құрастырушы деген тұжырым дұрыс болса, кері пікірдің де дұрыстығына дау жоқ: адамның өзін көп жағдайда мәдениет құрастырған. Мәдениет ерекше түрдің– адам іс-әрекеті жүйелерінің біртұстастылығы болып табылады. Өз дамуында ол өзінде және өзімен тіршілік ететін адамдардан тәуелсіз. Мәдениет құндылықтары адамның табиғатқа, қоғамға, бір-біріне, дене мен рухтың қажеттіліктеріне, тануға, шығармашылық пен сұлулыққа қарым-қатынасын айқындайды.

Гуманизм адам тұлға ретіндегі құндылығын, бостандық, бақыт пен қабілеттерді дамытуға деген құқығын мойындайтын жаңа дүниетаным жүйесі болып табылады. Гуманистік дүниетаным мәдениет пен оның адамға деген қарым-қатынасында төңкеріс

жасады. Адамның мақсаты жанын сақтап қалу емес, шығармашылық пен қоғамға қызмет ету болып табылады.

Ұстаз еңбегінде әрқашан гуманистік, жалпы адамдық бастау бар. Оларды саналы түрде бірінші қатарға шығару, болашаққа қызмет етуге деген талпыныс барлық заманның үрдісті оқытушыларын сипаттап келеді. Осылайша, 19-ғасырдың белгілі оқытушысы және білім беру саласының қайраткері, неміс оқытушыларының оқытушысы атанған Фридрих Адольф Вильгельм Дистервег тәрбиелеудің жалпы адамдық мақсаттарын ұсынған

болатын: ақиқат, жақсылы пен сұлулыққа қызмет ету. «Әрбір адам, әрбір ұлттың бойында адамдық аталатын ойлардың бейнесі тәрбиеленуі тиіс: бұл игіліклі жалпы адамдық мақсаттарға ұмтылу».

Ұлттық тәрбиелеудің құндық жақтарына назар аударған алғашқы оқытушылардың бірі танымал славян ойшылы Ян Амос Коменский болатын. Өз еңбектерінде ол әрқашан жаппай бұқараның тұрмыс салты мен болмысына көңіл бөліп, адамдардың жағымды тәрбиелеу дәстүрлеріне сілтеме жасап, ұлттық педагогика ескерткіштерін жинап, оларды өз оқулықтары мен оқу-құралдарында пайдаланған.

Ұлттық тәрбиелеудің теориялық негіздерін ұлы орыс оқытушысы К.Д. Ушинский қалады. Еуропа халықтарының білім беру сипатын мұқият зерттеп, К.Д. Ушинский әрбір халықтың өзіндік тәрбиелеу жүйесі бар деген қорытындыға келді. «Орыс тәрбиелеуіндегі адамгершілік элементі туралы» мақаласында ол былай жазды: «Тәрбиелеуді ойлап табу талпыныстарымыз бекер: орыс халқының тәрбиесі халықтың өмір сүру уақытынан бері бар, - онымен сіңісіп, өсіп, өз бойына оның тарихын, барлық жақсы және жаман жақтарын жинады». Бұл ұрпақтан ұрпақ ауысып, Қазақстанның жас буыны өскен «жер». Оның өзіне, оның талаптары, күші мен кемшіліктеріне ыңғайласу арқылы оның құнарландырып, жақсартуға болады.

Біздің көпұлтты еліміздің қазіргі даму кезеңі түрлі халықтардың бұрынғы өмірі, ұлттардың рухани құндылықтары, отандық және жалпы адамдық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сатқанов О. Еңбекке үйретудің әдістемесі мен практикалық іс-әрекетінің бағдарламасы. – Алматы, 1992
2. Сатқанов Еңбек сабақтарында қазақ өнеріне баулу. – Алматы: Рауан 1992
3. Жалпы білім беретін қазақ мектебінің бастауыш сыныптарында еңбекке үйретуді ұлттық қолөнер негізінде жетілдіру. Канд. диссертация – А. 1993
4. Дюсалиева Б.Ж. Трудовое обучение и воспитание в школах Қазақстане. Канд. диссертация – Алматы, 1979
5. Әлімбекова С.Ш. Мектептің еңбекке дайындау бағытында 5-9 сыныптың оқушы қыздарының этностық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – Түркістан, 2008.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Технология» білім беру саласында ұлттық мәдениет элеметтері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются технологические пути применения национальных культурных элементов.

ӘОК 687.16

ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бәкірова Л Ш – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ұлттық ою-өрнектер халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан эстетикалық талғамының куәсі болуымен бірге, әлеуметтік тарихи және кәсіби дамуынан мағлұматтар берді. Қазақ халқы өзінің ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынаста болғандығы мәлім, ғасырлар бойы өзбек, ұйғыр, қырғыз, ноғай, қалмақ халықтарымен, араб, парсы елдерімен, сондай-ақ бүгінге дейін орыс халқымен ұдайы мәдени байланыста. Сондықтан қазақ халқының негізін құрайтын ою-өрнектерді көршілес елдердің бәрінен кездестіруге болады. Жалпы қазақ пен қырғыз халықтарының оюларының ұқсастықпен қатар айырмашылықтары да бар. Қазақ ою-өрнегін зерттеген Еуропа, орыс ғалымдары қате пікірлер айтып осы өнердің дамуына, қағазға түсіруіне кедергі туғызды. Қазақ қолөнерін зерттей келе ою-өрнек өнерін жоғары деңгейде дамып қана қоймай көршілес елдердің қолөнерінде үлкен әсер еткізгеніне көз жеткіздік. Қазақ ғалымдары ою-өрнекті орыс, еуропа ғалымдары сияқты терең зерттеген жоқ, яғни бұл тақырып бүгінге дейін арнайы зерттеу объектісі болмай отыр /1/. Ғасырлар бойы қазақ қолөнерінде ою-өрнек тек қосалқы рөл атқарып қана қоймай, олардың ежелден тотемдік және символдық мәні болған қазақ ою-өрнегін алғаш зерттеген қазақ ғалымы Т.Бәсенов қазақ мәдениетінің мәдени шежіресі болып табылатын - ою-өрнекті түбегейлі зерттеп көптеген құнды пікірлер қалдырды. Қазақ оюларының араб, иран, византия оюларынан басты айырмашылығы - ою-өрнектің әрбір элементі жеке дара күйінде бейнеленуі, оның әрбір элементі дара тұрады. Кеңес дәуіріне дейін қазақ қолөнер туындыларын қырғыз ою-өрнектері деп атап келген. Қазақ ғалымдары тәуелсіздік алғанға дейін бұл мәселенің шындық негізін айта алмады. Тілеубай Бейсенов негізінен ел арасынан жиналған қолөнер туындыларын альбом етіп шығарып, өсімдік тектес ою-өрнектердің даму тарихын және оншақты ою нұсқасын қалдырды. Қазіргі кезде ел арасында қолөнер өнерінің ең негізі болып табылытын ою атаулары мен үлгісі ұмыт бола бастады жоғарыда айтылған ғалымдардың еңбектерінің жаңаша жаңғыртудамыз. Бүгінгі әшекейлеудің басты құралы ретінде, біз қолданып жүрген ою-өрнектер руға біріккен адамдар тобының белгісі, рәміздері ретінде саясиәлеуметтік қызмет атқарғаны белгілі. Туымыздан орын алған ою-өрнек те осының айғағы /2/.

Руғани қайнарымыздың бірі болған осынау құндылық бүгінде азаттылығымыздың нышаны - көк байрағымызды да көріктендіріп тұрған ою. Көп жағдайда халықтың тілін мәдениетін білмесек те қолөнерде бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қасынасы екенін танып білеміз, өйткені ою-өрнек әр халықтың табысы, сол елдің қолөнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Кеңес өкіметі кезінде ертеден жеткен қол өнер туындылары мұражайларда ғана сақталды. Көбнесе бұл өнер туындыларына ескінің сарқыншағы ретінде қарады. Қазір егеменді елдің қолөнер туындылары басқа қырынан жаңаша көрініс тапты, ол жаңа түрге, жаңа мазмұнға ие болды.

Қоғамның дамуы адамдардың ой санасының, мінез-құлқының өзгеруімен қоса сыртқы сымбат, келбетінің де жаңаруына ықпал етуде. Қазіргі заман киім, бұйымдарда ою-өрнектерді шығармашылықпен қолдану заман талаптарынан туындап отырған мәселелердің бірі деуге болады.

Ежелден келе жатқан кәсіп қол өнер халықтың өмірімен тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Қолөнер шеберлері ою мен танылады. *Орнамент* - әсемдеу, сәндеу деген ұғымды білдіретін латын сөзі. Қазақ тілінде бұл термин ою-өрнек болып алынып жүр. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ою-өрнек, әшекей жасау шеберлігі

бейнелеуөнерінің бір түрі. Ою-өрнектің бір түрі, ою белгілі бір затты ою (тас, темір, ағаш) кесу (ағаш, сүйек) тілу (былғары, тері) қию (қағаз, мата) тәсілдері арқылы жүзеге асады. Ою-өрнек түрлері бүгінгі күнге дейін түбегейлі жүйеленген жоқ. Қолөнер шеберлері ертеден ою-өрнек атауларын екі топқа бөліп қарастырады, бірінші топ ою-өрнектердің тікелей өзіне, түріне қатысты негізгі атаулар, екінші топқа жалпы ою-өрнекті теориялық жағынан негіздеу. Ою-өрнек тарихы, халық тарихымен жасасып келе жатқаны белгілі. Қазақ тіл білімінде ою-өрнектерді бұрын зерттемей енді қолға алып келе жатырмыз. Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолымен ерекшелігі бар /3/.

Ою-өрнек өнері табиғатында поэзияға өлеңдерге ұқсамайтын өнер түрі, соған қарамастан ырғақ заңдылықтарына бағынады. Ою-өрнек ісі ерте заманнан бастап-ақ қолөнердің барлық түріне ортақ, әсемдеп әшікейлеудің негізі болып келеді. Қолөнер саласында ою-өрнек негізгі роль атқарады.

Ғылымда ою-өрнекті хайуанаттың көгөріс, геометриялық деп үш топқа бөлу немесе бұған ғарыштық деп төртінші топты қосуға болады. Келесі бір ғалымдар тобы барлық ою-өрнек түрлерін физикоморфтық және биоморфтық деп екі топқа бөліп қарастырады.Ою-өрнек қазақ халқында кең тараған, қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолымен тарихы бар, сонау көне замандардан сақ, Андронов мәдениетінен басталады. Біздің заманымыздан бұрынғы YII-XI ғасырларда сақ негізінен Оңтүстік Шығыс және Орталық Қазақстан жерін мекендеген. Қола дәуірінде саз балшықтан жасалған құмыраларда геометриялық ою-өрнектермен әрлеген. Қола дәуірінде аң аулаумен айналысқандықтан ою түрлері аңдарға байланысты болған. Және де Андронов, сақ мәдинеті дәуіріндегі бұйымдарда бейнеленген жуан, жіңішке жолақтар мидай жазық даладағы шексіздікке ұласқан жолдар символы. Мұндай сызықтарды түнде аспаннан жұлдыздар ағып түскенде байқауға болады. Алғашқы оюлардың көпшілігі ғарыш әлемі жөніндегі түсініктерінен туады. Мысалы: арқардың мүйізіне қарап Қошқар мүйіз оюын бейнелеген. Бұрынғы кезде көне заманннан бастап қолөнерде пайдаланған жануарлар аңдар стилі зооморфтық стиль тәсілі қолданылған. Осы дәлелдерге қарағанда біздің ата-бабаларымыздың қолөнерінің ішіндегі ою-өрнектің дамып бізге жеткені дәлел.

Қошқар мүйіз туралы халқымыздың сүйікті ақын қызы Ф.Оңғарсынова былай деп жазыпты:

Түрін-ай текемкеттің, асыл қандай!
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.
Келе ғой қошақаным өзіме деп,
Әжем кеп сыйпағандай шашымнан жәй.
Күйімді кешсеңдер-ау сол беттегі,
Тұрғандай ана көңіл тербеп мені.
Жан бітіп жайраңдады жан-жағымнан,
Қазақтың қошқармүйіз өрнектері.

Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақта, ою-өрнектер өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын көреміз /4/. Оюлардың ежелден келе жатқан нұсқаларында элементтер құстың, гүлдің, жануарлардың түрін тұспалдап тұратыны белгілі. Ою-өрнектің мағынасын, логикалық күшін түсіне отырып, оюдың әр элементін көркем туынды ретінде қабырғаға әсемдік үшін ілетін болған. Әр оюдың өзіндік мән- мағынасы бар, өйткені ғасырлар бойы “тұмар”, «ұмай», ”қошқар мүйіз”, ою-өрнегінің магиялық күші бар деп сенген ата-баба дәстүрінің әлі де ашылмай жатқан құпия сыры бар.Сонымен қатар әр оюдың мазмұны бар. Мысалы: ай, күн, жұлдыз, аспан - аспан әлеміне байланысты:малдың дене мүшелеріне, ізіне байланысты ою-өрнектер аңның ізіне, түр-тұрпатына байланысты өсімдіктерге байланысты; қару-құралдарға байланысты болып бөлінеді. Оюлардың бояуларының да өз сыры болады. Мысалы ол ашық, анық емес бояумен жазылса онда ол құпия жазу. Ою-өрнектің жасырын тілін түсіну қиын емес, ою-өрнек өнері бір елдің тілімен жазылған мәдени шежіре десе де болады. Қолданбалы өнер түрлерінің ішінде бір жүйеге келтірілгені

ою-өрнек. Өрнектің жай немесе күрделі элементтері бірнеше рет қайталанса да симметрия заңы берік сақталады. Көне дәуірдегі қолөнершілер “егіз” өрнегін егіз аңды жануарды бейнелегенде өмірде бейбітшілік пен тепе–теңдікті сақтау ғылымын білдірген.Ою-өрнек өнерінің белгілі бір халыққа ғана тән тума ерекшеліктері сол халықтың бейнелеу, әсемдікті қабылдау мәдениетінің басты белгілерімен, ұлттық қолтаңбамен тікелей сабақтасып жатады. Ежелгі адамдар геометриялық ою-өрнектердің магиялық және символдық мәні бар деп сенген.Қазақта торсықтың бірнеше түрлері бар, торсық жасаушының өзімен алып жүретін ең қажетті бұйымының бірі, торсық бетіндегі бедерленген ою-өрнектер жолаушыға қатысты күн ашық болсын, береке болсын деген ниетпен тілек ұғымын білдіреді.

Ою-өрнек үлгілерін жасаушы шеберлер өз өрнектерінде ойлаған затының не сюжетінің сыр-сипатын өзінше танып, оның дәлме-дәлдігінен гөрі көркем, әшекейлі болу жағына баса назар аударып отырған. Мәселен, қошқор мүйіз, сыңар мүйіз, өсімдік тектес, ұшқан құс бейнесіне ұқсас оюларды сүйектен ойып, сәндеп, үй жиһазының беттеріне көркемдеп, әшекейлеген. Оюшы да шебер ісмерлермен қостар аталып, құрметтелетін өнерде өзіндік орны бар адам. Ол өзіне дейінгі ою-өнерінің бүкіл сырын толық меңгеріп, оны одан әрі дамытушы, сондай-ақ ол барлық оюды өз бетінше қия алғанда және өз тарапынан қиялынан халықтың нұсқауларымен өзектес, салалас, сабақтас ою түрлерін ұсынғанда сүйтіп ою-өнерінің дамуына өз үлесін қосқанда ғана оюшы атала алады. Нағыз оюшы өзін қоршаған ортаны үнемі бақылап, табиғат сырларын тануға, жан-жануарлар әлемін, өсімдіктер дүниесін терең білуге ұмтылады. Оның байқағыштығы, сезімталдығы, талғампаздығы, ісмерлігі қатар жетілсе ғана шеберлік шыңына көтеріле алады. Әбден машықтанған оюшы төкпе ақын секілді табан астында мағынасы мен құрылымы сәтті үйлескен ою үлгісін өз қимылынан шығарып сол сәтте қиып бере алады. Халқымыздың бізге жеткен ою-өрнек үлгілері – бай мұра, сарқылмас қазына. Ою-өрнек тұрмыста бір бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданатын нақыш, өрнек. Шеберлер жаңа ою-өрнектерін тұрмыс тіршілігіне, өз дәуіріндегі заман ағымына қарай лайықтап отырған мысалы, халқымыздың көне бұйымдарындағы ою-өрнектер сәнділігімен қатар, сол бұйымдардың жеңіл әрі берік болу жағын қарастырған. Оның үстіне әрбір жануар мен заттың өз бойындағы қасиеттеріне қарай тақырыптың мағынасы, композициясы, симметриясы мен ассиметриясы, колориті мен ритмі, сондай-ақ оған арналған филссофиялық мәні де байқалады.

Ою-өрнектің қолданылу орнына, заттың материалы мен түр-түсіне қарай түрленіп отырады. Мысалы, басты белгісіне қарай гүлді өрнек, торлы өрнек, өрнекті таспа болып үшке бөлінеді. Сан ғасырлар бойы халық арасында аталған өрнектің элементтері өзгеріп немесе түп нұсқасы пайдаланылып келеді. Кейде ою-өрнектердің бай мазмұнға ие болып шарықтау шегін байқасақ, енді бірде тоқырау кезеңдерін көруге болады. Қалай болғанда да ою-өрнек халық өмірінен мүлдем жоғалып кетпеген, ғасырдан-ғасырға жалғасып отыр /5/.

Өрнек үшін симметриялық да маңызы зор, оның ені жағының бірдей болуы-симметрия заңы симметрия кез-келген ою-өрнекте болады. Ою-өрнектердегі бояу түрлерінің бір–бірімен үндесіп, жарасым табуын колорит дейді. Колорит көп болуы ою-өрнектерде жиі кездеседі.

Ендігі міндет ұлттық дүниетаным ерекшелігін танытатын осы өнер саласын заман талабына сай жетілдіріп көркем рухани қазына ретінде пайдалана білу. Қазақ қолөнерінің күрделі саласы ою-өрнек әлі де ғылыми тұғыдан тереңірек зерттей түсу қажет, өйткені ою-өрнек өнері осы уақытқа дейін белгі бір жүйеге келтірілген жоқ.

Қорыта айтқанда ою-өрнек дегеніміз - дәлдік, есеп, теңдік, теңдеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді.

Ою-өрнек өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген құштарлық жиынтығы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А. Марғұлан Казахское народное-прикладное искусство. Алматы 1986ж.
2. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы, Рауан 2000
3. С.Төленбаев, М.Өмірбеков. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің жасалу жолдары. Алматы. 1993 ж.
4. Ф.Әбиева « Мектептегі технология» Алматы 2008 ж
5. Энциклопедия. Қазақтын ою-өрнектері Т.Х.Ғабитов, И.Н.Тасмағанбетов, Р.Н.Нұрғали, И.С Төлендиев, Ә.А.Асқаров, Ғ.Есім, Б.Сағындықұлы. Алматы кітап ЖШС 2005

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада халық шеберлерінің қолынан шыққан ою-өрнек өнері арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыру қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования национальной культуры молодого поколения на основе изделий орнамента прикладного искусства.

ӘОК 741.744

КЕСКІНДЕМЕДЕГІ (ЖИВОПИСЬ) МАЙЛЫ БОЯУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН СТУДЕНТТЕРГЕ ҮЙРЕТУ

Бекбергенова А.С. - аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Өнер - өмір бұлағы, ізгілік пен әсемдік бұлағы. Өнерді, оның қоғамдағы тәрбиелік мәнін жан-жақты түсіну үшін әсемдік, әдемілік заңдарын жақсы түсіну шарт. Сондықтан біз студенттерге айнала қоршаған әсемдікті, сұлулықты жете түсіндіріп, өмірдің тылсым ғажайып сырларын ашып, үйретуіміз қажет /1/. XV ғасырдың басында Нидерландыда әлемнің жаңа көркемдік тануымен қатар оны жүзеге асырудың жаңа тәсілі пайда болды - майлы бояулар мен кескіндеме. Өсімдік майларынан бояуларды жасау ертеректе пайда болған. XV ғасырға дейін бұл тәсілі кескіндемеде дербес рөлді ойнамайды. Суреттерді ағаш тақтаға жазған суретшілер мұндай бояуларды өте сирек қолданды: шикі өсімдік майы өте баяу кепті. Сондықтан дасуретші бірнеше күндер бойы күнде кептіруге тура келді. Содан бояулар қанық болмай, ағып кететін болды. Майлы тәсілі таралуы Нидерландық кескіндемеші Ян Ван Эйктің жасаған жаңа енгізуінің арқасында мүмкін болды. Ол майлы бояуларды жетілдіріп, содан барып май жалпы танымға ие болды. Ян Ван Эйк ерекше шығармашылық талантқа ие болған адам. Жас кезінде суретші бояулар үшін байланыстырушы заттарды іздеуге көп күш салды. Оның қатарында май да бар. Ол кезде май жұмыс үшін ыңғайлы болды. 1410 жылы ол брюктік лактағы қайнатылған және тазартылған зығыр майын ерітуді жөн көрді. Оған пигментті қосып, тіпті көлеңкеде жеңіл кебетін массаны алды. Жаңа бояулар өзгеде жақсы қаси еттерге ие болды: олардан әртүрлі түстерді ала отырып, палитрада араластыруға болатын болды; біреуінің үстіне екінші бояу қабатын жағуға мүмкіндік туды, жұмыс барысында өзгерістер енгізуге болатын болды; жаңа бояулар түстес болды /2/. XV ғасырда майлы техника Германияға, Францияға көшіп, ол жақтан Италияға жетті.Майлы бояулармен негізінен екі жағдайда жазады: сырлау арқылы немесе сырлаусыз. Алғашқы тәсіл натураға көп оралуды талап етеді және кескіндеме

үшін негізді күрделі дайындауға оралуды талап етеді. Екінші тәсіл кеңінен қолданылады. Онда көп сеанысты этюдтар жазуға болады. А-ля прима тәсілідерін (бір қабатпен сурет салу). Бұл тәсілдегі кескіндеме әдетте, тюбикті бояулармен олардың қоспасынсыз жүргізіледі. Осыған орай әдетте жұмыс «шикі» бойынша жүреді. Бояуларды қалай болса солай жақпау үшін өзінің алдына таза кенепті алады. Мотивтің ерекшелігін анықтап алуға тырысады. Одан барып кескінді үлгіні өзінің түсінуінде қалыптастырады. Егерде бұл бір сеансты этюдте жұмыс жасауға қажет болса, онда ұзақ этюд үшін алғашқы нобайлары қалыптасып, оның түстік композициясы табылғанда ғана жұмысқа кіріседі. Бұл тәсілінде түстік гаммалардың құрылым жүйесі кенептің бірнеше жерлердегі негізгі түстес қатынастарында бірден жасалады. Пейзаж хатында, бір-екі маз тасталады. Ол түсі бойынша өте түсінікті дақ байқалған жерге жағылады. Осы жерде бірден-екі үш жағылым аспан, ағаш, шөп құрылысы бар көрініске жағылады. Басқаша айтқанда түс пейзаждағы барлық элементтерді ашады. Ол барлық кенеп бойынша жекелеген соққылар арқылы жүреді. Ірі жағылған жағымдарды салыстырып, нақтылап алған соң жаңа түстерді жағады. Этюдтің ары қарайғы жұқа үлгіленуі суретшінің өзінің жұмысының барысындағы міндетіне байланысты. Алғашқыда жылы және ашық түстерді жазуы сирек емес. Яғни, көмескі түстерде этюдтің жалпы гаммасын сақтайды. Әдетте, ең күшті түстік дыбыстар соңғы сәтке қалдырылады. Ол кезде жұмыс аяқ жағынан таяп қалады. Бұл жерде пасталық жағылымдармен шешуші және энергетикалық жағулар орынды болып табылады. Түс пен көлеңкенің анық жағылған қарама-қарсылығы кезінде мотивтерді шешу үшін ең көмескі түстерден ашық түстерді пайдаланады. Ашық және қараңғы түстердің қарсылығын анықтауды үйрену қажет. Салыстыру әдістемесі арқылы түстердің бояуы бойынша түс пен көлеңкені табу керек. Кейбір шеберлер а-ля прима техниксының өзге тәсілдерін пайдаланады /3/. Олар алғашқы да кенепті кеңінен жауып, бояуды скипидармен қыздыра отырып, оларды акварельге жағып, кенеп бойынша құйылуымен ерекшеленген болатын. Бірқатар шеберлер алғашқы жазбаны майлы бояумен емес, акварель немесе темперамен (егер грунт эмульциялы болса) жасайды. Бұл майлы бояудың қабаттарының тегіс жағылуын болғызбайды. Осы жерде форманың көлемділігі үлгіленбейді, өйткені алғашқы және жұқа қабатты жазбаның мақсаты мотивтің жалпы түстілік массасының (дақтарының) негізгі түстік қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді. Колорит – кескіндемедегі көркемдік бейнелеудің эмоционалдық айқындылығының маңызды құралы болып табылады. Бұл белгілі бір біртұтастықты қалыптастыратын, түстік бояулар мен олардың түстенудің қатынасының жүйесі. Форманы үлгілей отырып, ерекше назарды фон көрініс пен заттың арасындағы түстік қайшылыққа аудару қажет. Форманы үлгілеу этюдті жалпылаудың сатысымен аяқталады. Кескіндемеге дайындала отырып, К.Юонның сөзіне құлақ асу керек: «Жұмыс барысында суретші сезімі сыртқы ортаны қабылдауға ғана емес, сондай-ақ ол өндірістің материалдары мен құралдарының сапасы мен қасиеттерін түсінуге алып келеді. Жұмыстың талап етілген бөлігін қандай қылқаламмен істедің - сол маңызды. Өйткені хирург үшін пинцет немесе қандай да бір пышақ маңызды болса, қылқалам кескіндемеші үшін сондай маңызды. Полотноның матасының сапасы мен қасиеті грунттың құрамы және оның фактурасы, бояулар өздерінің химиялық қоспасында, олардың қатысы қалыңдығымен немесе көрнекілігімен, мастихин темірінің мықтылығы, қылқалам талшықтарының жабысқақтығы, ағаш және рама жиегі, кескіндемені байланыстырушы заттар лактар мен кескіндемелер үшін барлық қажетті заттар күрделі және көп жақты ғылымды қалыптастырады. Ол көркемдік материалдардың технологиясы өзіне аса назар аудартады. Кескіндеме сапасы, оның түсі мен түстің күші кескіндемелік материалдарға тікелей байланысты болып табылады /4/. *Көп қабатты кескіндеме* – бұл бірнеше бояулы қабаттардың қабатына негізделген техникасы. «Шикі бойынша» жазу техникасынан ең алдымен әрбір бояу қабатының келесі қабатты жағу алдында нақты кебумен ерекшеленеді. Көп қабатты техникасында

жұмыс істеу барысы келесі негізгі сатылардан тұрады: сырлау, пастозды жағылымдар, одан барып осы жағуларды топырақтау. Осылайша, кескіндеменің міндеттері бірнеше сатыға бөлінумен ерекшеленеді. *Сырлау.* Көпқабатты сырлау тәсілі ол басқа бағытта болады. Ол а-ля приманың екінші тәсілдегі жұқа қабатты жазбаға қарағанда : кенептің түсінің ашылуына негіз болады. Сондықтан да сырлау көбінесе екі бояумен–ақ немесе қандайда бір қараңғы бояумен жасалады. Сырлаудың барлық түрі екінші жазбада этюдты бояудың аз ғана бөлігімен соңына дейін жеткізу есебімен жасалады. Жалпы бояуға жылы түсті жағу кезінде жазба одан сайын жылы болады, ал суық түске жылы түсті жаққан кезде оның әлсірейтіндігін ескеру қажет. Майлы бояулармен сырлау а-ля приманың алғашқы жазбасындай жұқа қабатты немесе пасталық, ол көбінесе грунттың қажетіне байланысты. Екінші жазба сырлауды кептірген соң жазу басталады. Түсті сырлау кезінде ол жартылай жазумен жүреді. Егер де сырлау гризайльмен жасалса, онда екінші жазбаны жартылай жазумен жасау дұрыс. Оны жергілікті түстермен, одан этюдті бітіріп, көлеңке түсіне сәйкес етіп ағартқыштың көп мөлшері арқылы жасау керек. *Лессирлеу* –бұл негізінен кепкен басқа жерге жағылатын бояудың жұқа қабаты. Лессирлеу әсерін түсті әйнек жапсырудан алынған жасыл түс, сары мен көк түсті араластырғаннан пайда болған түске қарағанда күрделі болады. Мұндай құбылыстар лессирлеу кезінде де байқалады. Одан өтетін түстің айшығы төменгі өтетін бояу қабатына шағылысады. Лессирлеу майлы кескіндеудің барлық түрлерінде қолданылады. Ашық лессирлеу суретшіге бірінші жоспарды орындауға мүмкіндік береді. Өйткені олардың түстері корпустық жазбаға анағұлым көрнекті болып көрінеді. Көбіне жартылай лессирлеу қолданылады. Егер де бояуды кепкен бояулы қабатқа жақсақ онда жартылай түсті беруге болады. Жартылай түстер суық түстерді береді. *Фактура* - кескіндеменің бояулы қабаттарының сипаттарына назар қоя отырып зерттеу суретшіге кескіндеменің өзге де тәсілдерін анықтауға мүмкіндік туғызады. Ескі суреттерге жылтыр бет беретін мұражайлық лактардың қабатында өте әртүрлі фактуралы дайындықтың кескіндемесі жатыр. Ұлы Рембранд мысалы: рельефті сырлауды қолданған. К.Юон кенептің фактурасының жасауы жөнінде былай деп жазған: «Кескіндемелік тәсіл тікелей және тар мағынада полотно бойынша қылқаламда жүргізумен байланысты. Кескіндеменің көремдік қабылдануы үшін фактура онда басты рөлді алады. Кескіндемелік фактуралардың диапазоны күнделікті тәсілінде Тицианның ұстамды тәсілінің пластикалық немесе Валаскестің есепті соққыларына дейін жазылады. Фактура мен шеберлік ажырамас заттар. Фактура автордың темпераментімен тығыз байланысты. Онда автор туралы көптеген нәрсені білуге болады. Фактураның осындай автобиографиялық қасиеттерінен соң ол түстің қарқындылығы мен түстің күштілігіне жету маңызды болып табылады...». Ешбір жағудың қатаң рецептісінің жоқ екендігін есте ұстаған жөн. Фактураны жағудың сипатын бейнелейтін натураның ерекшелігі мен өзінің орындау қандай да бір орындау тәсіліне бейімділігіне байланысты іздеу қажет. Бір сөзбен айтқанда кескіндемедегі тәжірибеден басқа тағы да фактураны құрудың әртүрлі нұсқаларын іздеп, үнемі кеңейтіп отыру керек. Өйткені, жағу сипаты мен фактура этюдтің бояу қабатын құруда зор болып табылады. Композициялық бейнелеуді шешкен кезде әртүрлі техникалық тәсілдерді орындай білу қажет. «Техникалық түрде ойластырылған әрбір жұмыста қылқаламмен әрбір соққысы, әрбір түсі мазмұнының көрінісі болуы керек», К.Юон. Сурет жасалатын материал негіз деп аталады. Маймен кенепте жазған дұрыс. Формасын келтіре отырып, пластикалық мазьді жағуға мүмкіндік беретін қылқалам күшімен оны реттуге болатын кенеп кеңінен қолданылады. *Кенеп* кескіндеме үшін зығырлы және көбікті болуы керек. Кенептің дәнді фактурасы кескіндеме үшін өте ыңғайлы, бояу қабатын әртүрлі етіп жасауға мүмкіндік береді. Бірақ кенеп жіптердің қалыңдығын сурет көлемімен өлшеу қажет. Ұсақ дәнді кенеп «кленкалы» ыңғайсыз фактураны болғыза отырып, бояумен тез толтырылып қалады. Кенепті таңдаған соң *рамалар* жиегін жасау қажет, олардың басты бағыты - кенепті тартылған жағдайда

ұстап тұру. Кенеп өзінің қасиетін ол дұрыс тартылған жағдайда ғана таныта алады. Кенеп ақ қайыңнан жасалған рама жиегіне тартылады. Оның мөлшері 5-7 градус ішкері болады. Олай болмаған күнде рама жиегінен кенептің ойысқан жерінде кенеп деформацияға ұшырап, ал грунт және бояулы қабат ажырайды. Раманың үлкен жиектерінің мықтылығы олардың ұзындығына байланысты, қалыңдығы мен биіктігін анықтауға да байланысты болып келеді. Картина үшін рама жиегі 0.5 метр квадрат болуы шарт, олардың қиылысу жері 4х1 см немесе 5х2 болуы керек.

Кенепті тарту. Кенепті тарту өте қажет, өйткені ол жеткілікті дәрежеде мықты болу үшін және де қылқаламнан ақпауы тиіс. Оның тартуы мен бекітуі бұрышқа қарай екі жағына ортасынан тікелей жүргізіледі. Кенептің талшығы рама жиегінің параллельді жақтарында қалып қоюы қажет.

Кенепті жапсыру. Кескіндеме үшін жақсы жапсырылған кенеп қажет. Бұл жұмыстың алғашқы сатысы жапсыру болып табылады. Ол кенепті майдың зақымдануынан сақтайды, ол грунттың құрамына кіреді.

Жапсырғыш құралды жаққаннан бұрын кенепті пульверизатордан әрлеу қажет. Ол жапсыруды жеңілдетіп, желімнің кенептің ішкі жағына өтуіне мүмкіндік береді. Алғашқы жапсырудан кейін кенепті бөлмелік жай температурада құрғату қажет. Онан соң кенептің беткейін пензаның бөлігімен сүрту қажет. Осыдан соң екінші жапсыруды жүргіземіз. Жапсыру үшін желімді дұрыстап алу керек. Желімді пайдалану үшін столярлы, желатинді желімді пайдаланады. Желатинді желім-грунттау үшін өте таптырмас зат, оны пайдалана отырып , жоғары сапалы өнім алуға болады. Желатинді алдымен суға араластырып, 1:15 және бір сағатқа ісу үшін қояды. Одан барып оны су ваннасында қыздырады. Желімді ерітіндіні қайнатуға болмайды. Оны суытып, кенепке жағады.

Кенеп форматы және бейнелеу мөлшері. Суреттің композициялық құрылымының маңызды міндеті болып кенептің форматын таңдау мен өзіндік бейненің көлемі табылады.

Жоғарғы тартылған тік бұрышты формат бейнеден монументальді әсерді ұлғайтады. Көлденеңнен тік бұрышты кенеп бойынша өте қатты тартылған кенеп бейненленген объектіні төмендетеді.

Сурет көлемі оның мазмұнына да байланысты. Рамкаға барлық сюжет сия бермейді. Әрбір сюжет үшін сәйкес мөлшер табылуы керек.

Суреттің композициясы үшін,сюжеттік орталықты бөлу үшін кенептің тегістілігіндегі сол бейненің көлемі маңызды болып табылады. Ірі бейнелеу барлық уақытта суреттің тегістілігінен шығады. Өте шағын бейнелеу суреттің тегістігінен алыс тұрады. Сәтті композиция көрген кезде кенептің жиектерін өзгертуге тілегі болмаған кезде, оның масштабын өзгертуге тілегі бар.

Композициялық орталықтың ерекшеленуі және кескіндегі көру әсерін құру түс көлеңкесіне , фигуралардың көлеміне , фигуралардың арасындағы аралықта қол жеткізеді. Суретші кескінде басты затты түспен, ондағы детальдардың ерекшелігімен ажырата алады.

Кенепті грунттау. Екінші жапсырма кепкеннен кейін кенепке грунт жағады. Грунт - кенеп пен бояу арасындағы біріктіргіш звено болып табылады, грунталмаған кенепке жазуға болмайды. Егер грунт нашар жасалса, онда ол майды «тартып», оған қылқаламмен жазу қиынға соғады. Бояулары әлсізденіп, өзінің сапасын жоғалтады. Кескіндеменің қарайып кету қаупі де жоққа шығарылмайды. Кенеп рама жиегіне тартылған полотно бойынша тырнақпен қол жүргізген кезде шытырламуы қажет. Кенептің фактурасы грунттаумен толықтырылмауы керек. Осындай кенептерде жазу жеңіл әрі ыңғайлы болады.

Барынша күрделі және қарапайым грунтты жасау, бұл-желімді грунтты жасау болып табылады. Ол ПВА желімінің қоймалжыңынан және ақ су имульциялық бояуынан жасалады. Оған су қосылады. Грунт массасын жақсы араластыру қажет, ол

қоймалжыңды қою емес қаймаққа ұқсас болуы қажет. Грунттың алынған массасын кенепке жағады. Кепкен соң, оның беткейін пемзамен толықтырады.

Майлы бояу живопись салуға арналған картонды басқа әдіспен: оның бет жағына арнайы ерітіндімен (скипидардың 5 бөлшегіне балауыздың 1 бөлшегі) жағылып, содан кейін зығыр майымен сүртілген чертеж немесе сурет қағазын желімдеу әдісімен де дайындауға болады. Этюдтер үшін олифпен, живопись майымен майланған немесе желім жағылған қағазды пайдалануға болады. Оның өзінде кепкен кезде қағаздың бүрісуінен аулақ болу үшін оны тақта бетіне кнопкалардың көмегімен теріп тастайды /3/. Этюд салу үстіндегі жұмыстың мақсаты - өмір мен табиғаттың құбылыстарына жіті көз тастап, шынайы беру, бұл құбылыстар сурет салушының бойында тудыратын сезімдерді айқында дәлме-дәл білдіру. Н.Рерих табиғатта көргенді бейнелей білу маңызды, бірақ бейнелегің келгенді көре білу одан да маңызды деген болады. Өнер біздің қоғамда адамдарды, оның ішінде әсіресе жастарды рухани – эстетикалық тәрбиелеуде сенімді, күшті құрал болып табылады. Жастарды көркем өнерді сүюге, адамға тән ізгі қасиеттерді қастерлей білуге үйретеді. Олардың шығармашылық қабілеттерін, техникалық ой-өрістерін дамытуға үлес қосуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б.Әлмұхамбетов, Ж.Баукенов «Сурет салу және бояумен жұмыс әдістері» Алматы, 1987ж.
2. Е.Каменова «Кемпірқосақтың түсі қандай?» Алматы «Өнер», 1981ж.
3. Қазақстан бейнелеу өнері XX ғасырда. Алматы, 2001ж.
4. Қ.Болатбаев, О.Ибрагимов. «Бейнелеу өнері» Оқу әдістемесі. Алматы, «Атамұра» 2001ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада кескіндемедегі (живопись) майлы бояу әдіс-тәсілдерің қыр-сырын студенттерге үйрету әдістері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается изучение методов работы в живописи со студентами.

ӘОК 745.5

ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНІҢ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Дарменова Р.А.- п.ғ.к., доцент, Қонарбаева С.Ж.- 2-курс магистранты
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақтың өз заманынының ұлама перзенті Шоқан Шыңғысұлы: Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек – деген, сондықтан қазіргі кезде Республикамыз экономикалық саяси егемендікке қол жеткізуі әр қоғам мүшесінің ұлттық сана сезімінің жоғарылауын талап етеді. Соның ішіндегі күн тәртібінде қойылатын мәселелердің бірі мәдени саладағы ұлттық мәдени-әлеуметтік құндылықтардың ерекшеліктерін халқымыздың болашағы үшін жете таныту, олардың ішінде халық қазынасындағы мәдениетін, қолданбалы қолөнер негізін игеруге тәрбиелеуді, білу, дамыту деп ойлаймыз. Қазіргі ой қоғамның ұлттық өнері дамуындағы үдемелі еңбек күшімен байланысса, ойдың жаңарту қабілеттері арта түсер еді /1/.

Қазіргі кезде халық өнер бұйымдарының түрлері еліміздің ғалымдарының қажымас еңбектерінің арқасында көптеген жетістіктерге жетті. Жалпы қолөнер бұйымдары «Ағаштан, темірден, теріден, мақта-жүннен және әртүрлі материалдардан,

мысалы қыш, сүйек, тас және т.б. материалдардан жасалатын қолөнер бұйымдары» педагогика, мәдени-ағарту, өнертану, қоғамтану, тарихы салаларында өте биік деңгейге жетті деп айтуға болады /2/. Қазіргі кезде қазақ халқының мәдениетін, тілін, тарихын Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың сауатты саясатының арқасында бүкіл әлем тануда, Ә.Қастеев атындағы орталық мұражайға, еліміздің көрме залдарына, сауда орталықтарына, алдыңғы қатардағы қолөнер дүкендеріне, әсіресе Алматы қаласындағы әмбебаб орталығына көз жүгіртсек халқымыздың өте бай қазыналы қолөнер туындыларына куә болар едік. Бірақ өкінішке орай негізгі білім ордасының бастамасы мектептерде дәстүрлі қолөнер бұйымдарының түрлері, тарихы, этика-эстетикалық маңыздылығы мәдени-құндылығы жете жүргізілмейді. Сондай-ақ біздің студенттер көптеген қолөнер бұйымдарының түрлерін тек еліміздің ірі қалаларындағы біраз студенттер қолданбалы қолөнер бұйымдарының жалпы атауларын ғана 30% айыра білгендігі болмаса. Ол үшін қолөнер университеттерде, көркемсурет факультеттеріндегі қолданбалы қол өнер кафедраларын жалпы қолөнер мұраларымен байыта түсу керек. Халқымыздың мәдениетін көтеретін де, байытатын да жастар, ал оларды оқытатын білгір кадрлар осы арнаулы және жоғары оқу орындарында шығады. Осы қайшылықтарды ескере отырып қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын студент жастарға жасату арқылы мәдени-әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруды олардың тарихынан бастап қазіргі кездегі мүмкіндігіне дейін қарастыру жөн. Әрбір халық өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес. Мұндай жағдайда еңбектің де, бұйымның да бағасы өзгереді. Көбінесе қоғамдық еңбек, негізгі мәдени қазыналы еңбекпен байланысса иеленушілерге де тартымды, әрі қызықты болады. Қазіргі заманда шығармашылық еңбекке, еңбек қазыналарына философтар, педагогтар, психологтар ерекше көңіл бөліп келеді. Олар: “Ойлау қабілеттілігі кез келген адамның әдеттегі студенттердің өзіне тән шығармашылығы болашақпен тығыз байланысты, олардың шығармашылық қабілетін ерте бастан қалыптастыру керек, егер бұл талап ерте бастан қалыптастырылмаса, онда қоғамның дамуына кедергісін тигізеді. Сондықтан ерте жастан бейімдеудің маңызы зор және оларды тәрбиелеуге, үйретуге болады.

Ғасырдан ғасырға қазақ өнері біліммен байып, толықтырылып келеді. Оның дамуының әрбір кезеңі көркем танудың қажетті бөлімі болып табылады. Әлемнің шығармашылық қайта құрылуы – адамзат іс-әрекетінің басты мақсатына айналды. Адамның ұмтылысын, рухани күшін бекіту арқылы ақиқатты меңгеру сияқты өнер де әлемді әрекетті қайта құру мүмкіндігі қызметін атқарады. Көркем кәсіптік әрекет және мамандарды бейнелеу өнері саласында даярлау, О.Тансықбаев атындағы Алматы сәндік қолөнер колледжінің (1938ж.) ашылуымен белсендіріле бастады. Дәл осы кезден бастап мамандарды кескіндеу, графика, мүсіндеу өнері саласында кәсіптік даярлау ретке келтіріліп, жүйеленді. Көркем сурет училищесі өзі өмір сүрген 25 жылда 150-ге жуық суретші дайындады (С.Мамбеев, М.Кенбаев, К.Тельжанов, Г.Исмаилова, А.Галымбаева т.б.). Қазақстандағы бейнелеу, сәндік қолөнер шеберлерінің шығармашылығын оқыту мақсаты – біріншіден үлкен, орта және жас ұрпақ суретшісінің шығармасымен, көркем шығарма кәсібінің сан алуандылығымен, қазақ бейнелеу және сәндік қолөнерінің даму кезеңімен танысу. Ұрпақ суретшілері (Ә.Қастеев, Н.Хизудов, К.Баранов, А.Исмайлов, К.Ходжиков шығармашылығы), алдыңғы ұрпақ суретшілерінің творчествосы (А.Ғалымбаев, Г.Исмаилова, К.Телжанов, М.Кенбаев, С.Мамбеев, Н.Нурмухамедов, Х.Наурызбаев); орта ұрпақ (С.Айтбаев, Н.Касамединов, А.Моллашев, Х.Шарденов, М.Нурлыбаев, О.Нұржымаев, А.Садыханов, Т.Тоғысбаев, Д.Шоқпаров, Б.Табиев, Т.Досмағамбетов, Б.Тулеков, М.Аманжолов); жас суретшілер шығармашылығы (А.Ақанаев, М.Аманжолов, Т.Ордабеков, М.Әлімбаев, Е.Тулепбаев, Б.Тұяқиев, Ю.Заурбекова,). Студенттердің өнертану даярлығында қазақстандық өнертанушылардың ғылыми еңбектерін оқыту ерекше орын алады. Көне бейнелеуді, сәндік қолөнерді, археология және сәулет өнерін оқуда үлкен үлес қосқан зерттеушілер:

Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, А.Жұбанов, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, У.Жаныбеков, А.Тажимуратов, Б.Сарыбаев, Д.Шоқпарұлы О.Бейсенқұлұлы, Ж.Тұрдығұлов, К.Ақышев, М.Агапов, Н.Қадырбаев, К.Байбаков, М.Массон, Т.Басеновтардың еңбектерінде толығырақ ашылады. Жастар тәрбиесіне арқау болып отырған халық ұлттық қолөнер - бұл күнде бүкіл қоғамымызға ортақ, кешегі ата-бабаларымыздан мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы. Жастарды қасиетті халық тәрбиесінің үлкен ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық тәлімнің сыры мен ерекшелігінің неде екендігін және де салт-дәстүрін ұлттық қолданбалы қолөнерге үйрету арқылы тәрбиелеу. Университет қабырғасында тәрбиеленіп жатқан ұрпаққа көнеден келе жатқан қазақтың ұлттық қолөнеріне деген ерекше сүйіспеншілікті қалыптастыру. Сондықтан технология пәнінің ғылыми дәрежесінің неғұрлым жоғары болуын қамтамасыз етуіміз керек. Қолөнер тарихы сонау көне заманнан ХХ ғасырдың аяғына дейінгі қазақ халқының қолданбалы қолөнерінің тарихы жайында жан-жақты баяндалған. Мысалы киіз басу, сырмақ сыру, текемет оюлау әдіс-тәсілдері.

Ертеден біздің заманымызға дейін сақталған мазарлар мен ескерткіштерден, діни әртүрлі құрылыстардың қабырғалары мен мұнараларындағы сәнді ою-өрнектері ағаштан оюлап, тастан қашап жасалған діңгектер - халық қолөнерінің тамаша туындылары.

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегі мен ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Бұл кезде жастарға арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға жасап, оларды түрлі-түсті өрнектермен әшекейлеу қолөнері де өрістей түсті. Қазақ халқының «Қарыс қазы - балықта, қалың қазына – халықта» деген мақал өнер молшылығынан туған еді. Әйелдер қой жүнінен жіп иірген, ал жіптен өрмек тоқып, шекпен, шалбар сияқты сырт киімдер, қапшық, қоржын, киіз үйдің түрлі бауларын дайындаған, қой жүнінен киіз басылады, киізді оюлап жақсы текемет басқан, шиден бас киім, аяқ киім сияқты заттар дайындалады.

Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Өзінің талай тайпалардан құралған ата-бабаларының ғасырлар бойындағы дәстүрлерін бойына жиған қазақ халқы өз талғамына, өз талабына сай тұрмыста қажет бұйымдарды өндіруді өрістеткен. Бұл бұйымдар алғашқы кезде рудың, елдің, үй ішінің керегіне, кейінірек сауда алмасу қажетіне өндірілетін болған /3/.

Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтармен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұр тоқып, арқан жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан алуан ыдыс-аяқ адалбақан, асадал, бесік және т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болды, қазақ қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданып келеді. Бертін келе адамзат қоғамы дамыған сайын қолөнердің біразы жаңа әдіс тауып, жаңа түрге ие болды, кейбіреулері тұрмыс қажетіне жарамсыз болғандықтан тіпті қолданылмады.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына қатты талап қойып, олардың әрі ұнамды, әрі сәнді болуын қалады. Еңбек үстіндегі шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа алуан түрлері жасалып отырды. Сонымен қатар жиһаздардың ою-өрнектері де талғамға қарай жаңа жақсы әшекейлермен безендіру және жиһаз мүліктердің жаңа түрлерін шығару талабы да арта түсті. Техникамен жақсы жабдықталған фабрикалар мен кәсіпшілік ательдерінде кілем тоқылып, тігу ісі мен кестелеу өнері де машинамен орындалды. Қайта халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып,

заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру керек. Мысалы, жеңіл күпі, қаптал шекпен, саптама етік, түлкі тымақ, жүн қолғап, бөкебай сияқты ұлттық киімдер малшылар қауымы үшін қазір де қажет. Киіз үйдің сүйегі үзік – туырлық, қымыз, саба, тері қауға мен ер тоқым тұрмандары керексіз деп ешкім де айта қоймайды.

Қазіргі кезде шет елдерден келіп жатқан өнер танушылардың өзі қазақ халқының салт–дәстүріне, сәндік қолданбалы қолөнерлеріне қызығушылығын білдіріп жатыр.

Барлық халықтың өзіндік ұлтына байланысты салт – дәстүрі бар. Халықтың бары да, бағы да, құты мен құдіретті де осында жатыр. Халқымыздың ғасырлар бойы өмір өткелдерінен өтіп, қилы-қилы кезеңдерден бір-құлап бір тұрумен келе жатса да өнеге өсиетін, әдет – қасиетін ғұрыпын, салт – дәстүрін қолданбалы қол өнерін сақтап дамытып келген. Еліміз егемендігін алғаннан кейін қанымызға сіңген салт – дәстүрімізді қол өнерімізді қазіргі таңда заманға сай етіп жаңғыртуға көп көңіл бөле бастады. Қазақтың сәндік қолданбалы қолөнерінің мәдени ерекшеліктері қазіргі таңда алатын орны өте зор.

Осыған байланысты осы еңбекте қазақ халқының қолөнері саласының біраз түрлеріне тоқталып кетуді жөн көрдік /4/.

Ою-өрнек. Ою-өрнектердің түрлері, олардың атаулары мен қолданылатын орындары. Өрнектердің түрленіп даму тарихы мен кейбір ою өрнек элементтерінің үлгісі; көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы сияқты. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Қазақтың қолөнеріндегі ою-өрнектеріне көзқарастар туып отыр.

Кілем тоқу өнері. Кілем ерте кезден қазақ тұрмысында киіз үй мүлкінің бірі болып есептелсе, қазірдің өзінде де маңызын жойған жоқ. Кілем - арнаулы қарапайым өрнек арқылы ерекше түр салынып, әрбір шаршы метріне шамамен 230-400ге деиін, ал өнебойына бір миллионға жуық жіп тіндерін келтіріп өте тығыз тоқылатын аса бағалы бұйым. Кілемнің үй тұрмысында ұзақ тұтылынуы, оның өте беріктігі мен төзімділігіне байланысты болса керек.

Ши тоқу өнері. Ши өнері бұрын көшпелі жартылай отырықшылықта тіршілік еткен Орта Азия халықтарына (қазақтар, қырғыздар, түрікмендер, жартылай отырықшы өзбектер, қарақалпақтар) көне заманнан белгілі. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажетіне тоқылған ши қазірге дейін кең түрде пайдаланылып келеді. Оның киіз үидің құрамды бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай - ақ қазақтар мен қырғыздарда оларды үйдің ішіндегі аяқ- табақ, ошақ басын қоршап қою үшін қолданады.

Мүсін өнері. Мүсін өнері – құбылыстарының өмірлік бейнесін бере алатын материалдарда таңбаланатын, әлемді пластикалық образдар арқылы игеретін кеңістік – бейнелеуші өнер. Мүсіндік туындыларды мәрмәр, гранит және басқа тастардан қашайды, ағаштан ойып саз балшықпен сомдайды. Жұмсақ материалдар уақытша деп есептеледі, олармен жұмыс барысында, онан әрі сақталуы үшін қоладан, шойыннан құю көзделеді. Адам – мүсін өнерінің жалғыз болмағанымен, ең басты обьектісі. Анималистер жануарлар бейнесін сомдайды. Дөңгелек мүсін адамды қоршаған ортаның бөлшектерін ғана бейнелейді. Мүсіннің барельеф және горельеф сияқты түрлері кескіндемеге, графикаға жақындайды.

Кескіндеу өнері (живопись). Кесіндеу өнердің ең ежелгі түрлерінің бірне жатады. Қазіргі түсінігіңде жазудың бір түрі ретінде қарастырылады. Өзінің не істегенін жазуға талпыну, графикалық түрде көрсетуге ұмтылу адамға әуел бастанақ тән. «Кескіндеу өнерін өз ерекшелігінде ұғыну үшін, біз оның ең маңызды элементі – түсті назарға алуымыз керек. Ол түсті жазу немесе синтезі болып табылады. Кескіндеудің толық анықтамасын алу үшін түс пен жазуға сызық желілерін қосыуымыз керек: Кескіндеме – сызық желілері түсті жазу. Осылайша жазу, түс және сызу жинақталып, кескіндеу өнерінің мәтінін құрайды».

ӘДЕБИЕТТЕР:
1. Әбдіғапбарова Ұ.М. «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» - Алматы., 1999
2. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері» - Алматы., 1995
3. Маргулан А. «Казахское народное прикладное искусство» - Алматы., 1986
4. Тәжімұратов Ә. «Шебердің қолы ортақ» - Алматы., 1977

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтың қолданбалы қолөнері арқылы жастарды еңбекке баулу және ұлттық сана-сезімін қалыптастыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрено национальное прикладное искусство казахов и патриотическое мышление будущих поколений, привлекая их к труду.

УДК 391.2

ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ТЕХНОЛОГИИ СРЕДСТВАМИ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА

Р.А.Дарменова - к.п.н., доцент, Г.М.Маханова - магистрант 1 курса
(г.Алматы, КазгосженПУ)

С возрождением культурных традиций нашего народа, его языка, истории и искусства, развивается общество в целом и происходит воспитание нового поколения людей –высококультурных, грамотных, знающих и любящих свое дело, т.е. патриотов своей страны и своего народа. Создание национальной дидактики обучения, возрождение народных способов воспитания, обучение грамотных специалистов со знанием народных традиций, народного искусства и.т.д.- задача системы образования и воспитания /1/.

Эстетическое воспитание – это духовное развитие личности человека. Средствами эстетического воспитания учащихся прежде всего являются, такие занятия как: изобразительное искусство, музыка, литература, окружающая среда (природа, бытовая культура), а также творческая деятельность детей на занятиях по труду.

На современном этапе развития нашего государства, учебно-воспитательный процесс должен всесторонне развивать эстетическое воспитание учащегося.

Труд был и остается необходимым и важным средством развития личности. Трудовое воспитание ребенка начинается с формирования в семье и школе элементарных представлениях о трудовых обязанностях. Производственный труд школьников предполагает их участие в создании материальных ценностей. В процессе этого труда учащиеся вступают в производственные отношения, у них развиваются профессиональные интересы, склонности, потребность в труде.

Задача настоящего мастера-передать свое мастерство следующему поколению, чтобы народное ремесло, творчество наших предков продолжало жить и совершенствоваться. Искусство и мастерство не принадлежит самому творцу, оно является достоянием народа.

Интерес к народному творчеству существовал всегда. Декоративно-прикладное искусство это бесценное неотъемлемое достояние культуры нашего народа, накопленная веками. Так как искусство казахского народа складывалась в основном в условиях кочевого образа жизни, оно определялось характером

Декоративно-прикладное искусство это элемент культуры нашей страны. Условием эстетического воспитания и развития эстетической культуры личности ребенка может является использование народного искусства в педагогической работе с учащимися. Народное или декоративно-прикладное искусство способствует глубокому воздействию на мир ребенка, обладает нравственной, эстетической, познавательной ценностью, воплощает в себе исторический опыт многих поколений и рассматривается как часть материальной культуры. Используя народное творчество на уроках технологии как средство формирования всесторонне развитой, духовно богатой личности школьников. Школьный возраст важнейший этап развития и воспитания личности учащегося. Именно в этот момент активизируется самостоятельность мышления, развивается познавательный интерес детей, любознательность к окружающему миру. В связи с этим возрастает необходимость в воспитании у школьников художественного вкуса, формирования творческих умений, осознание ими чувства прекрасного на предмете технологии используя декоративно-прикладное искусство как средство эстетического воспитания школьников. Красота сделанного изделия своими руками на занятиях доставляет удовольствие, стимулирует трудовую активность школьников, формирует их способности, поддерживает желание создавать «искусство» своими руками, самостоятельно мастерить, украшать, вышивать, конструировать. Самостоятельная творческая деятельность школьника развивает дарования в определённых видах занятий – изобразительном искусстве, декоративно-прикладной практике, дизайнерском и др. Развитие способностей у школьников основывается на формировании высокой нравственной потребности — потребности к творческому труду.

Эстетическое воспитание – это целенаправленный процесс творческой личности, способной воспринимать, чувствовать, оценивать прекрасное и создавать художественные ценности (Б. Т. Лихачёв).

Преподавателю важно путем использования наглядных пособий, создавая условия для того, чтобы внимание учеников было сосредоточено на занятии, заинтересовать их не только предметом труда, но и сосредоточить внимание на красоте окружающего их мира /2/. Чтобы преподаватель сумел показать свое чувство и отношение к миру прекрасного. На занятиях по труду, природа выступает как главный предмет пристального наблюдения. Педагогическая деятельность должна быть направлена на формирование у детей целостных представлений о природе как о живом организме, что является чуть ли не главным в эстетическом воспитании.

Декоративно-прикладное искусство является самым древним. Его название происходит от лат. decoro - украшаю, а «прикладное» – говорит о том, что оно используется в повседневной жизни человека. Во все времена человек старался украсить свое жилище, и делал он это путем декоративно-прикладного искусства, с помощью материала который находил в природе т.е. в ход шло все – красиво изогнутое дерево, кости и черепа животных, красивые камни и т.д. Народно-прикладное искусство – это плод творения ремесленников, их жизнь в старину, повседневный быт. Искусство ремесленников древности помогает познать национальные традиции, культурные ценности. Всегда имеет важное значение при обучении подрастающего поколения, передать им все лучшее, наиболее ценное из наследия наших предков.

Обучая мастерству молодое поколение, мы не только сохраняем наше культурное достояние, но и воспитываем. Человек содающий прекрасное, не может иметь плохих мыслей и помыслов. Здесь имеет место и момент трудового воспитания. Валяние текеметов, ткачество, вышивание, да и все другие ремесла очень трудоемки /3/. Здесь необходимо кропотливое, бережное отношение и любовь к своему делу.

В последнее время в нашем городе стало традицией устраивать ярмарки декоративно-прикладного искусства. На улице Жибек-Жолы мастера устраивают

ярмарки на которых показывают товары украшения из серебра, сувениры, войлочные изделия, изделия из дерева и кожи и т.д. сделанные своими руками /4/.

Декоративно-прикладное искусство позволяет сохранить культурное наследие страны, информировать людей об их истории. Дизайн интерьера во многих странах мира часто затрагивает народное творчество, вернее, берет некоторые мотивы из них, используя их в самых современных изделиях. В последнее время в моде народные мотивы /5/. Национальный стиль является мощной частью общего образа нашей страны, которая отражает самобытность культурного наследия Казахстана.

Воспитывая обучаю, обучая воспитываю–гласит народная казахская поговорка. Задача преподавателя передать свои знания, умения и мастерство по декоративно-прикладному искусству подрастающему поколению. Творчество наших предков будет передаваться из поколения в поколение и совершенствоваться.

ЛИТЕРАТУРА

1. Марцинковская Т.Д., Григорович Л.А. Психология и педагогика. Учеб. - М. 2008г.
2. Рондели Л. Д. Народное декоративно-прикладное искусство. Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1984 г.
3. Полунина В. Н. Искусство и дети. - М. 2010
4. Шацкая В. Н. Общие вопросы эстетического воспитания в школе.- М: 1987 г.
5. Шпикалова Т. Я. Изобразительное искусство. Основы народного декоративно-прикладного искусства. – М.: 1996 г.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается процесс эстетического развития школьников средствами народного декоративно-прикладного искусства на занятиях технологии.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қолданбалы қолөнерін технология сабағында қолданып, оқушылардың эстетикалық байлығын дамыту процессі қарастырылған.

ӘОК 371.035.3

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТ «ПОРТФОЛИОСЫ»

Иманкулова Л.Б.- магистр, оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Білім берудің жаңа үлгісін жасау – Қазақстандағы әлеуметтік – экономикалық өзгерістер талап етіп отырған күрделі міндет. Оқытудың жаңаша құрылуының алғы шарттары маман даярлаудың құзырлық моделін қамтамасыз ететін – оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, ақпараттандыру, саралау, студенттің жеке тұлға ретінде жан – жақты дамуына баса мән беру, проблемалық, бағдарламалық оқытуды жетілдіріп, оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оны білім беруде кең қолдану және оқытудың нәтижелігі. Студент кәсіби теориялық білім, іскерлік, дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға ой қорытындысын жасауға қабілетті болуы тиіс. Жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларының ішінен оның алатын орнын анықтау, мазмұнын іріктеу, тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, жолдарын белгілеу осыған дәлел.

Бүгінгі таңдағы жаһандану процесімен байланысты Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуді көздеп отыр, ал ол жаңа

педагогикалық ойлаумен тығыз байланысты /1/. Солардың бірі, республикамыздың көптеген жоғары оқу орындарында тәжірибе ретінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту процессінде пайдаланылып жүрген әдістің бірі «Портфолио» деп аталады. Бұл әдістің үлгісі алыс шет елдерде, әсіресе Америкада кеңінен таралған. Соңғы жылдары Ресей мектептерінде бейіндік оқытуға көшуге байланысты эксперимент ретінде кеңінен енгізілуде /2/.

Жоғары оқу орны студенттерін, еліміздің болашақ кәсіби мамандарын заман талабына сай тәрбиелеу және оларға жаңаша көзқарас қалыптастырып, шапшаң шешім қабылдауға бейімделуді үйрету - ұстаздар алдында тұрған үлкен міндет. Жоғары оқу орындары қабырғасындағы студенттердің алған білімдері болашақ кәсіптік дайындық – маманның өз жұмысына деген шеберлігін қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізеді. Педагог ғалым А.Дистервергтің “Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді“ дейтін қанатты сөзі, мұғалімнің негізгі мақсаты студентің өз бетімен іс-әрекетін дамытуға бағытталуы тиіс екендігіне көз жеткізеді /3/.

Баланың жан жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамның қабілетіне қарай жүргізілетін шығармашылық әрекеттерінің толық іске асырылуы тек оқытудың негізгі кезеңдерін толық меңгерген ұстаздың көмегімен іске асатыны баршаға мәлім.

Ел президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында “Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет” деген сөздері бар. Демек, студентердің ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – жоғары оқу орындарының басты бағыттарының бірі.

Ғылым мен техниканың күн сайын жаңара жаңғырып дамуында күнделікті студентке жүргізілетін әрбір пәннің, әрбір сабақтың алар орны ерекше. Ендеше, студеттің сабақ барысында белсенділігін көрсетуіне, өзіндік ғылыми шығармашылық іс-әрекетін дамытуына мұғалімнің шеберлігі аса қажет. “Студенттің ғылыми шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет”.

Студенттің ғылыми зерттеу жұмысы – оның болашақ мамандығына байланысты ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, ғылыми тұжырым жасауы, яғни жоғары оқу орнында оқу барысында ғылыми негіздерден алған білімі бойынша тақырып төңірегінде зерттеу жұмысын жүргізуі. Студенттің зерттеушілік қабілеті болуымен қатар, оның сол тақырыпты меңгеруге ынта-ықыласы болуы тиіс. Зерттеушілік жұмысты дидактикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру студентті шығармашылыққа, ізденуге, логикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Бүгінгі таңда көрсетіліп жүрген студенттің ғылыми зерттеу жұмысының түрлері: реферат, баяндама жазу, жаңа ғылыми әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, пікір жазу, мерзімді басылымдардан, топтық жобалар жасап қорғау, кесте толтыру, көрнекіліктер жасау, жүйелік сызбалар даярлау, курстық, дипломдық жұмыс, ғылыми конференция, семинар, ғылыми жұмыстар конкурсы т.б.

Студенттің ғылыми шығармашылық әрекеті – күнделікті оқу жұмыстарында оқу-танымдық тапсырмаларды жүйелі пайдалану, студенттің жеке ерекшеліктеріне сай оқытудың дәстүрлі емес формаларын пайдалану арқылы бірте-бірте қалыптасатын күрделі үрдіс.

Біздің ойымызша, студенттердің ғылыми шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта студенттер өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;

4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Ғылыми шығармашылық іс-әрекет күрделі процесс болғандықтан, мұғалім мен студенттің бірлесіп жасайтын сапалы әрекетін керек етеді. О.Бальзактың "ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы" дегеніндей, студенттердің ғылыми шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Ғылым мен техниканың қарқынды даму кезеңінде, оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары негізінде «студент портфолиосы» ұғымы пайда болуда. Интернет беттерінде, кейбір әдебиеттерде: «Студент портфолиосы - студентің барлық жұмыстарын бір жүйеге біріктіретін, оның білім-біліктілігінің әр түрлі салаларын байланыстыратын жұмыстарының жиынтығы» деген анықтама берілуде. Студент портфолиосы - студенттің жұмыс папкасы ғана емес, алдын ала жоспарланған жетістіктерінің өзіндік іріктеулері.

Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі.) – портфель сөзі – маңызды құжаттар үшін арналған папка деген мағынаны білдіреді. «Шетелдің жаңа сөздігінде» портфолио визиттік карточка есебінде қолданылады, яғни, адам туралы ақпарат, ұйымның белгілі құжаттарының жинағы, жұмыс үлгілері деп түсіндіреді.

Студент портфолиосы дегеніміз не? Бұл студенттің жоғары оқу орнында алған педагогикалық білімінің сапасы мен жетістіктері туралы дәлелді құжаттары.

Студент портфолиосын жасау. Бұл өмір қажеттілігінен яғни, білім сапасын үздіксіз көтеріп отыру талаптарынан деуге толық негіз бар. Портфолио студент жұмысының нәтижесіне мониторинг жасау үшін білім беру мекемелері оқытушыларына аса қажет, бір жағынан студенттің өзін-өзі бақылауы және білімін көтеріп отыруы үшін де маңызды.

Студент портфолиосын құрудың негізгі принциптері:
- жүйелілік;
- мәліметтердің нақтылығы мен ауқымдылығы;
- ақпараттың объективтілігі;
- көрнекілік.

Портфолионың негізгі мақсаты – студенттің кәсіби өсуінің мониторингінің, кәсіптік нәтижелерінің, жетістіктерінің талдауын қамту;

Портфолио-студенттің барлық жұмыстарын бір жүйеге біріктіретін, оның кәсіби қызметінің әртүрлі салаларын байланыстыратын жұмыстарының жиынтығы. Портфолио-белгілі бір уақыт шеңберінде әртүрлі іс-әрекетте студенттің түрлі іс-әрекеттерде (оқу, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік) жетістіктерінің нәтижелері.

Портфолио студентің оқу-танымдық іс-әрекет өнімдерімен жұмыс жасау технологиясын, формасын, ұйымдастыру үрдісін қарастырады. Өзінің іс-әрекеттер нәтижелеріне баға беруге, оларды талдауға және жеке субъективтік позициясын саналы түсінуге арналған. Студент портфолиосының түрлеріне тоқталсақ:

1. *Мақсаты бойынша:*
- жекеменшік портфолио (өзі үшін арналған);
- есептік (ағымдық және аралық бақылау үшін);
- жобалық (ұжым мен ұйым дамуы үшін);

2. *Мазмұны бойынша:*
- жетістіктер (белгілі бір бағыттардағы);
- рефлексия (мақсатқа жетуді талдау мен бағалау);
- проблемалық бағдар (жүйе құраушылары мен қажетті шешімдер);
- тақырыптық (негізгі пәндер бойынша маңызды жұмыстар).

Студент портфолиосының негізгі функциялары:

1. *Жинақтаушы:* студент жұмыстарының жиынтығы.

2. *Үлгілеуші:* студенттің жеке кәсіби білім траекториясын қалыптастыру құралы.

3.*Рефлексия-шығармашылық:* түрлі технологиялар мен олардың тиімді әдістерін өзіндік талдау мен жобалау.

Оқыту барысындағы студенттердің іс-әрекетінде ойлау амалы нәтижесінде алған білімін, дағдысын, танымдық белсенділігін арттыру, олардың танымдық әрекеттерінің нәтижесінде біліктілікке қол жеткізу бүгінгі оқу үрдісінің негізгі мақсаттарының бірі. Сабақта компьютерлік техника жетістіктерін пайдалану студенттерді шапшаңдыққа, тапқырлыққа, өз бетімен жұмыс жасай білуге үйретеді және оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Ендеше, студент портфолиосын дайындауда осы мүмкіндіктердің барлығына қол жеткізуге болады. Басты мақсат: студенттерге портфолионың аса қажет екендігін, оның мүмкіндіктері мен артықшылықтары жайында мағлұматтар бере отырып, олардың барлығының өзіндік портфолиосының болуына ынталандыру. Портфолио типін анықтауда жұмыстың мақсаты мен мазмұнына байланысты портфель типін анықтап, жұмыс жоспарына сай міндетті және таңдауы бойынша алынатын бөлімдерді анықтау оқытушы көмегімен жүргізіледі. Студент өзінің өзіндік портфолиосын құрып, оны талапқа сай етіп толтыра отырып өзінің материалдарымен толықтырады /4/.

Студент портфолиосының мазмұны:

- Сыртқы парақ(титульный лист);
- Жылдық жұмыс жоспары (пәндер бойынша жетістікке жетудегі алға қойған мақсаттар);
- Шығармашылық жұмыстар (рефераттар, баяндамалар, курстық жұмыстар, ғылыми мақалалар т.с.с.);
- Шығармашылық тапсырмалардың қорытындылары;
- Өзіндік білім көтеру мақсатында жиналған материалдар (аудио және бейнематериалдар, фотосуреттер);
- Сабаққа қажетті, білімді дамыту мақсатындағы материалдар (сызбалар мен кестелер, графиктер мен диаграммалар т.с.с.);
- Ұжымдық және жеке ғылыми-әдістемелік жобалар.
- Ағымдық және аралық бақылау және тест жұмыстарының қорытындылары.
- Топтық және ұжымдық жұмыс қорытындылары.
- Оқу үлгерімі туралы құжаттар.
- Жетістік баспалдақтарын анықтайтын материалдар (марапаттау қағазы, мақтау қағазы, диплом, алғыс хат т.с.с.);
- Пікірлер мен ұсыныстар бөлімі (түйіндеме, ұсыныс хат, пікірлер т.с.с.);

Студент жыл бойы дайындаған өзіндік портфолиосы арқылы жаңа технологияларды оқу үрдісіне, бағдарлы бағытқа тиімді және ұқыпты пайдалана білу дағдыларымен жұмыс жасау іскерліктерін көрсете алады. Жұмыстарының нәтижесінде өздерін өздері бағалай білетін болады /5/.

Біздің пікірімізше «Портфолионның» осы жоғарыда аталған нәтижелерін қазіргі кезде жоғары оқу орындарына енгізілген кредиттік технология жүйесінде тиімді пайдалануға болады. Портфолио әдісін енгізу бүгінгі студент ертеңгі болашақ маман жеке траекториялы кәсіби дамуының мониторингін танытуға, қызметінің нәтижесін толық көрсетуге, бағалы тәжірибесін таратуға, кәсіби шеберлігінің өсуіне көмек береді.

XXI ғасыр- білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы».-Алматы, 2000.-96 б.
2. Т.Новикова, А.Пртученков. Портфолио в российской школе. Народное образование. 1.05.2006
3. Дистерверг А.Избранные педагогические сочинения.- М.:Учпедгиз, 1959. - 259с.

4. А.К.Рысбаева. Оқушы портфолиосы. Алматы. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб.пособие для студ.пед.вузов и системы повыш. квалиф.пед.кадров/ под ред.Е.С.Полат.- М.: Издательский центр «Академия», 2005.- 272с.
5. Б.И.Иманбекова. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс. Алматы, 2006

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында кредиттік оқу жүйесіндегі студент «портфолиосы» қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается портфолио студента в кредитной системе в высших учебных заведениях.

ӘОК 373.60

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мұратқызы Г- магистр, оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас маманға ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн». Олай болса – жас мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып даярлау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас маман санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін тарихи мұраларды қастерлеу сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Міне, сонда ғана Елбасының өзінің Қазақстан халқына жолдауында: «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» және «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірініші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» - деп өткен сенімін ақтай аламыз /1/.

Қазіргі кезде Егеменді Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының талаптарына сай маман кадрларды даярлаудың мазмұны мен міндеттеріне өзгерістер еніп, заман талабына сай қайта қаралуда. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларына қазақтың ұлттық қолөнер мәдениетіне байланысты тарихи материалдар қосылуда. Қазақстандағы жоғары оқу орындарына педагог кадрларын дайындау барысында алдыңғы қатарлы, болашағы мол жұмыстар атқарылуда. Солардың бірі – болашақ мамандарды дайындау жүйесіне Қазақстанның көркем мәдениет мұраларын оқу-тәрбие жүйесінде қолдану. Қазақстанның көркем мәдениетінің материалдарын оқу-тәрбие ісінде қолданудың мақсаты – болашақ мамандарға қазақ халқының ұлттық қолөнерінің тарихынан, бейнелеу өнерінен, музыкасынан, ауыз әдебиетінен, архитектурасынан деректі мәліметтер білу. Жоғары педагогикалық мамандық беретін оқу орнының студенттеріне

халықтың көркем мәдениетінің озық үлгілерімен, ғалымдарымен, өнер шеберлері өмірімен болашақмамандарды таныстыру үшін, мамандар дайындау жүйесінде лекциялар оқылып, семинар сабақтары өткізіледі. Лекция мен практикалық әдістер мазмұнын құрайтын материалдар болашақ маманның оқушыларға ұлттық тәрбие беру тәжірибесінде қолдану мақсатын көздейді.

Қолөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын өмірге әкелді. Яғни, ұста, ағаш шебері, зергер, ісмерлердің тынымсыз еңбегі арқылы қазақ қолөнерінің көркем туындылары пайда болды. Атап айтатын болсақ, ұсталар: найза, айбалта, семсер сияқты қару-жарақ түрлерін әзірлеген. Ал ағаш шеберлері киіз үйдің сүйегінен бастап, үй мүліктері: сандық, кебеже, асадал, тостаған, ожау, асау және музыка аспаптары: домбыра, қобыз, шертер, т.б. даярлаған. Зергерлер сәндік әшекей бұйымдар: сырға, білезік, алқа, өңіржиек, бойтұмар, шашбау, т.б. жасаған. Ісмерлер тоқыма, киіз басу, киім тігу өнерін дамытқан. Сонымен қатар халықтың арасынан шыққан шеберлер тобы қолөнерді дамытуға қомақты үлес қосып, технологиялық тәсілдерді де терең меңгерген. Мысалы, ер-тұрман жасау өнері үлкен шеберлік пен әр алуан материялды өңдей білуді қажет етеді. Ершілер ер-тоқымды келісті етіп ойып, әшекейлеп, өрнек-нақыштармен көркемдеген. Алтынмен апталып, күміспен күптелген ат әбзелдері қазақ жігіттерінің абыройын асқақтатқан /2/.

Студенттерді ұлттық қолөнер арқылы кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнер әлемдік көріністерін қалыптастыру және ой-өрісі мен кәсіби-педагогикалық шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне қатысу процесінде мамандарды қалыптастыруда оңтайлы жағдайлар жасауға мақсат қойылып отыр. Бұның бәрі педагог кадрларын жалпы политехникалық, кәсіби-педагогикалық шеберлік және дизайнерлік білім беруде жоғары мазмұнды даярлықты талап етеді.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарына педагог кадрларын дайындау барысында алдыңғы қатарлы, болашағы мол жұмыстар атқарылуда. Солардың бірі – болашақ мамандарды дайындау жүйесіне Қазақстанның көркем мәдениет мұраларын оқу-тәрбие жүйесінде қолдану. Қазақстанның көркем мәдениетінің материалдарын оқу-тәрбие ісінде қолданудың мақсаты – болашақ мамандарға қазақ халқының ұлттық қолөнерінің тарихынан, бейнелеу өнерінен, музыкасынан, ауыз әдебиетінен, архитектурасынан деректі мәліметтер білу.

Жоғары педагогикалық мамандық беретін оқу орнының студенттеріне халықтың көркем мәдениетінің озық үлгілерімен, ғалымдарымен, өнер шеберлері өмірімен болашақмамандарды таныстыру үшін, мамандар дайындау жүйесінде лекциялар оқылып, семинар сабақтары өткізіледі. Лекция мен практикалық әдістер мазмұнын құрайтын материалдар болашақ маманның оқушыларға ұлттық тәрбие беру тәжірибесінде қолдану мақсатын көздейді.

Болашақ мұғалімдерді оқыту технологиясы терминіне мына мәліметтер көлемді анықтама береді. Жоғары оқу орнында оқыту технологиясы - неғұрлым ұғымды жетістіктерге жету мақсаты қойылған, оқытудың мүмкіндіктерінің, әдістерінің және формаларының жүйесін көрсететін, оқу бағдарламаларында қарастырылған, оқытудың мазмұнын жүзеге асырудың тәсілдері. Сонымен оқыту технологиясы, оқытудың мазмұны, әдістері және мүмкіндіктері өзара шарттастық түрінде болып табылады. Оқытушының педагогикалық шеберлігі кажетті блім мазмұынын таңдап алуымен, ұтымды әдістер /3/.

Қазақтың ұлттық қол өнері арқылы жас ұрпаққа кәсіби білім беру ісінде көркем өнерімізде қалыптасқан ерекшеліктерді айшықтамай, тарихта мұра болып қалған

ұлттық дүние танымын сараптамай жетістіктерге жету мүмкін емес. Сондықтан да біз халық десек, артық айтқандық емес. Осынау аса бай ұлттық қол өнердің қасиеті арқылы бүгінгі жас ұрпақтың кәсіби білім беруде халқымыздың мол тәжірибесін ілгері дамытып, кәдемізге жарату педагогикалық маңызы бар игілікті іс. Халықтың қолданбалы өнеріндегі кәсіптік үрдісі өте тереңде жатыр, өнер шеберлерінің шығармаларын қарастыру заңдылықтары да осыдан келіп туындайды. Қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалану арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейкестілігі күннен күнге артып отыр. Оған дәлел бүгінгі таңда жарық көріп отырған Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми материалдары мен Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары. Педагогика ғылымын тарихи жеке бір дәуір аумағында ғана емес, қоғамның даму процесімен, ұлттық тәрбиенің қалыптасуымен даму тарихын зерделей отырып қарастырсақ, ол әрбір дәуірдің өзі тудырған халықтың ұлттық дәстүрлі өнерімен, мәдениетімен тығыз байланысты болғанын көреміз. Сондықтан жалпы адамзаттың рухани мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ұлттық қолөнер саласындағы көркемдік мәдениет деп білеміз /4/.

Республикамыздың алдында тұрған басты міндеттердің бірі - әлемдік қауымдастықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Сондықтан кәзіргі заманға бейімді, экономика талаптарына жауап беретін жан – жақты дайындығы бар білікті, іскер маман дайындау – орта және кәсіптік оқу орындарына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Экономикалық өзгерістер кәсіптік білімді дамытуды түпкілікті өзгертті. Кәсіптік білім еңбек нарқының сұранысын, жұмыс берушілердің нақты талабын қанағаттандыру жағдайларына қарай бейімделеді. Оқу барысында таңдаған мамандықтарына сай әрбір кәсіп орында экскурсия өткізу, іскерлік ойын, дебет, пікірталас сайысы түрінде оқыту әдістерін қолдану оқушылардың кәсіби іскерлік дағдыларын қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Ертеден-ақ кәсіп игеру мен білімнің қадірін білген қазақтар жастарға ел арасына белгілі кәсіп иегерінен, өнер шеберлерінен тәлім алғызды. Қазақ баласының кәсіби білім алуы отбасындағы тәрбиемен басталып, қоғамдық сипат алады. Кәсіп иегерлері жастарды зергерлікке, ағаш және темір ұстасына, қол өнерінің өру, тігу, тоқу, илеу, шеку, құю, иіру, мүсіндеу, өрнектеу, кестелеу сияқты тәсілдеріне баулыды. Отбасындағы данагөй қариялар жас ұрпаққа ата-баба дәстүрін, қасиетті танымдары мен сенімдерін, әдет-ғұрпын, салт-ырымдарын үйретсе, ру көсемдері халық шежіресін баян етті. Мұғалімдердің кәсіптік шеберліктерін жетілдіре отырып, жаңа технологиялық әдістерді қолданып, балаларға сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде жоғарғы нәтижеге жету біздің міндетіміз. Қазіргі білім беру жүйксіндегі парадигмалар жағдайында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру маңызды болып отыр. Жаңа буын оқулықтары, оған байланысты жетілдірген бағдарламалар енгізіліп, жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқушы білімін бағалау талаптары қойылуда. «Оқытудың жаңа технологиясы» тәжірибесі таратылуда. 12 жылдық білім беруге көшу жөніндегі сынақтар жүргізілуде /1/.

Кәсіби шеберлікті арттыруда мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне, жаңа технологияның ғылыми негіздерін үйреніп, насихаттауына жол ашу керек. Кәсіптік шеберлігін жүзеге асыруда мұғалім тиімді нәтижеге жеткізетін жоспарлы жұмыс атқаруы тиіс. Атап айтқанда, диагностика қояды, алдын ала болжайды, жаңа технологияны қолданады, нәтижені тексереді, сараптап баға қояды. Мұндай талпыныстар мен ізденістер мектептерде жоқ деп айтуға болмас. Дегенмен, ұрпақ тәрбиесіндегі ерекше жандардың жеке тұлғасы мен кәсіби мәдениеттің дамуына жетекші бола алады деген өз ұсынысымды айта кеткіміз келеді.

Сабақта біріншіден қазақ қолөнерін ғасырлар бойы көркем ойдың қоғам талабымен тікелей сәйкестікте дамып келгендігін ескеріп, қолданғанда мыналарға көңіл бөлінеді

⇩

1) халықтық өнердің тарихы мен оның қол туындыларындағы туралы мәлімет беру
2) жаңаша түрде кезең бойынша оқыту жолдары

Халқымыздың сәндік қолданбалы өнері мұрасын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану мәселесі философиялық, тарихи-этнопедагогикалық, теориялық, әдістемелік әдебиеттерде қаншалықты деңгейде көрініс тапқанын тақырыбымызға қатысты талдау барысында болашақ мамандарды оқыту, тәрбиелеу ісінде қолданудың теориялық-әдіснамалық негізінің бірнеше қажеттіліктері анықталды. Сондай қажеттіліктердің бірі оқу процесінде сәндік-қолданбалы өнерді оқытуда қазақтың ұлттық өнерінің көркем шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, қазақтың сәндік өнерін жүйелеуде әдістемелік ерекшеліктерді ескеру болып табылады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы қазақтың ұлттық өнері негізінде көркем шығармашылыққа бейімдеуде білім сапасын арттыруға жол ашады және жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде оқу процесінде меңгерген іскерлігі мен қабілетін толық пайдалана білуге дағдыландырады. Бұл тұрғыда ұлттық танымдағы өнер туындылары өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан қилы көркемдік ерекшеліктерімен мәдени, эстетикалық, эмоционалды, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, көркем шығармашылық қасиеттерді жетілдіре түседі. Сол себепті қазақтың сәндік өнерін оқу-тәрбие процесінде кең көлемде қолдануды іске асыру аса кажет /3/.

Қорыта келгенде, кәсіби білім жүйесіндегі оқыту технологияларын талдау барысында біріншіден, таңдап алынған оқыту технологияларының сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы; екіншіден, педагогикалық іс әрекет барысында оның тиімділігі мен жүйелілігін ескеру қажет деп ойлаймыз. Бүгінгі студент, ертеңгі мұғалім өзін тек мамандық ретінде ғана емес, бірінші кезекте тәрбиеші екендігін, өзінің кәсіби әдістемелік шеберлігін арттыру арқылы педагогикалық технологияны толық меңгеруге міндетті. Болашақ мамандардың кәсіби білімін жетілдірудің түрлі әдіс тәсілдерін қолдана отырып, оның шеберлігін қалыптастыру өте маңызды. Өйткені, мұғалімнің кәсіби білік дағдылары өз кезегінде оның жеке кәсіби-педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем екендігі белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- Астана, 2004ж.
2. Касиманов С. Қазақ халкының қолөнері. Алматы, 1995ж.
3. Ақышев Қ. Ежелгі ескерткіштер елесі. - Алматы, 1975 ж.
4. Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2007ж. – 192 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының қолөнері арқылы студенттердің кәсіби білімін арттыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути повышения профессиональных знаний студентов, с использованием казахского народного декоративно-прикладного искусства.

ӘОК 372

ТАСПАДАН КӨРКЕМ БҰЙЫМ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗІ

Оралбекова Т.Ш.- доцент, м.а., Даулетиярова З.А.-оқытушы, Алимбекова.Н.С.
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қайыстан, былғарыдан торсық, саба, мес, ноқта, жүген, құйысқан, өмілдірік, айыл, шідер, белбеу, қамшы, құрастырылған панно және т.б. тұрмыста қолданылатын көркем бұйымдар жасауға болады. Осы бұйымдардың көпшілігі ою-өрнекпен әшекейленіп көркемделеді. Теріден жасалған ыдыстарға өсімдік,жан-жануарлар тектес «мүйіз», «гүл» және геометриялық өрнек түрлері анық, бедерлі етіп жүргізіледі.

Мысалы, қамшы жасау үшін қайыстан алдымен таспа тіліп, өрім өру қажет (Әмірғазин Қайыртай бойынша).

Қамшы-атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстардан көркемдеп өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың аяқ мүйіздерінен әшекейлеп жасалған, атты айдап жүргізетін құрал. Қамшының өрімі сабынан бір жарым еседей ұзын болады. Қамшы саптан, өрімнен, алақаннан және бүлдіргіден тұрады. Саптың қолға ұстар жері былғарымен қапталған. Кейде қайыстан өрнектеліп өріледі. Өрімдер домалақ, жұмыр, төртқырлы болып келеді /1/.

1-сурет.

2-сурет.

3-сурет.

Қамшының қарапайым түрінің бірі – бишік. Ол қамшыға қарағанда қарапайым, өрімі сабынан үш-төрт есе, кейде онан да ұзын болуы мүмкін. Оны мал айдағанда, ат – арба не ат шанамен жүргенде жиі қолданады. Өрім алғашқы басында жуан болып,ұшына қарай жіңішкере береді.

Қорыта келгенде, қайыстан өрім өру өнерінің қазақтың қай ауылында болмасын кеңінен жақсы дамығанын аңғарамыз. Біздің мақсатымыз осы өнерді үйрену.

Таспадан көркем бұйым жасауда негізгі материал – шикі теріден немесе иленген қайыстан тілінген жіңішке жолақтар болады. Таспа сөзі түріктің «тәсмә»,орыстардың «тесьма» деген сөзінен шыққан.

Таспа ешкінің, жылқының шап терісінен даярланады. Малмаға салынбаған шикі теріні жылы суға салып, жүнін жидітіп түсіреді. Өткір ұстарамен қырып,тазалап жуып,көлеңкеге кептіреді. Терінің қыртысын жазып, керіп, кептірген жөн. Сәл тобарсыған күйінде матамен қоса шиыршықтай орап сақтауға болады.

Қолданар алдын жылы суға салып, жібітіп алып, қажет мөлшерде шетінен таспа тіліп алуға болады. Таспамен іс тігерде сәл ылғалдап алған жөн. Кепкен соң таспа жиырылып, бұйымның тігілген тұсын берік етіп ұстап қалады.

Таспа тілу және сыдыру. Қайыстан өрім өру үшін алдымен таспа тіліп алу керек. Таспа тілетін пышақтың ұшы сүйір, жүзі жұқа әрі өткір болғаны жөн. Тілінетін қайысты сайлап алып, бір ұшын таспаның қажет санына қарай екі елідей мөлшерде тіліп, көмекші адамға ұстатып қояды.



1-сурет.

Таспа тілуші (1-сурет) бас бармағы мен пышақтың арасына таспа тілімін қыса ұстап, пышақтың жүзін өзіне қарата тіледі. Таспаның ұштарын ұстап тұрған көмекші бірқалыпты ұстауы шарт /2/.

Осы әдіспен таспаларды біркелкі етіп шығару үшін, тілінген таспаны сыдырғышпен сыдырып шығу керек. Ол үшін тілінген таспаны сыдырғыштың керітілген тұсына салып, пышақтың жүзін сыдырғыштың сыртқы қапталына қажет мөлшерде сүйей ұстап, сыдырушы өзіне қарай тарта сыдырады. (2-сурет).

2-сурет.

Таспаның оң жақ қапталын сыдырып болған соң, қайысты аударып, сол жақ қапталын да осы әдіспен сыдырып шығуға болады.

Таспа тілгенде, сыдырғанда пышақты оқтын-оқтын жануышқа салып, жанып отырған жөн.

Сыдырғыштан өткен қайыстың қалдығын сыдырынды деп атайды.

Өрім өруге қажетті құрал – саймандар

1-кесте

Аталуы	*Бейнеленуі*	*Қолданылуы*
пышақ		өрімнің таспасын тіліп, сыдыруға арналған
шарық қайрақ		пышақты өткірлеп, жүзін жұқарта қайрауға арналған
майда қайрақ		пышақтың жүзі жасып қалмауы үшін шарықьы ылғалдап,қайрауға арналған

сымсуыр		өрілген өрімді саңлау көзінен өткізіп,ысып,сыптырғылай тегістеуге арналған
жануыш		Майда қайрақтан соң пышақ жүзін жануға арналған
жаңғырық		Былғары, қайыс кескенде қолданылатын төсеніш
сыдырғыш		Тілінген таспаны біркелкі етіп, сыдырып,жұқартып,қырын алуға арналған
кергіш		Терілерді керіп,кептіруге арналған

Қамшы түрлері

Қамшы таспалары

1-сұлба



Қамшының қолданылуы

2-сұлба.

Көркем бұйым жасауда қолданылатын таспа түрлері
(Дәркембай Шоқпарұлы бойынша)

Үш таспа жалпақ өрім. Үш таспа жалпақ өру бастауыш мектептен белгілі. Үш таспа көбінесе жалпақ түрінде кездеседі, «бұрым өрім» деп те атайды.

Үш таспаны жалпақтап өру үшін, алақан қалдырып, қайысты әдеттегіден жалпақтау етіп тігіп, қырларын сыдырғымен сыдырып,тегістеу керек. Таспаларды 1,2,3 цифрлармен белгілейміз. 1-таспаны 2-таспаның астынан өткізіп,3-таспаның үстіне көлденең салып,оң жаққа тастайды. Енді 3-таспаны үстіне көлденең салып,сол жаққа тастайды. әрі қарай 1-таспаны 2-таспаның астынан алып, 3-таспаның үстіне көлденең сол жаққа тастаймыз,әрі қарай өрім осы ретпен жалғасады.

Қажетті ұзындықты өріп болған соң бір таспамен қалған екеуін шалып,ұшын бекіту керек.



Үш таспа жұмырлап өру. Үш таспа жұмырлап өру үшін жеке-жеке үш таспа тіліп, қырларын алу керек. Таспаның ұштарын нөмірлейміз. әр таспаның нөміріне қарап отырып шалып шығу керек. Ең соңында таспаларды тартып, жинақтап,ар қарай өрімді жалғастырса, ширатыла біткен жұмыр өрім пайда болады. Бұл өрімді «бұрама өрім» деп атайды.



Төрт таспа жалпақ өрім. Төрт таспа жалпақ өрім өру үшін,алақан қалдырып, жалпақ төрт таспа тіліп, таспалардың қырларын сыдырып,нөмірлеу керек.

1-таспаны 2-таспаның астынан, 3-нің үстінен,4-нің астынан шалып,оң жаққа тастаймыз. әрі қарай 2-таспаны 3-нің астынан 4-нің үстінен өткізе оң жаққа тастау керек. Енді 1-таспаны 2-таспаның үстінен,4-нің астынан шалып,3-нің астын бастыра сол жаққа қарай тастау керек.



Төрт таспа жұмыр өрім. Төрт таспа жұмыр өрім өру үшін,алақан қалдырып, төрт таспа тіліп, қырларын сыдырып, таспаларды нөмірлеу керек. 1-таспаны 2 және 3-таспаның астынан шалып, 4-нің үстін бастыра оң жаққа тастау керек.Әрі қарай 4-таспаны 1-таспамен 3-таспаның астынан шалып, 4-нің үстін бастыра сол жаққа тастау керек. Осы тәсілді қайталап жалғастыра берсе, әдемі жұмыр өрім шығады.



Бес таспа жалпақ өрім. Бес таспа жалпақ өрім өру үшін, алақан қалдырып, жалпақтау бес таспа тіліп, қырларын сыдырып, әр таспаны нөмірлеу керек. Содан соң 5-таспаны 4-таспамен 3-таспаның үстін бастыра сол жаққа тастап, 1-таспаны 2 мен 5-нің үстін бастыра, 3 –таспаның астынан шалып,оң жаққа тастаймыз. Әрі қарай 4-таспаны 1 мен 3-таспаның үстін бастыра сол жаққа тастаймыз.Осы тәсілмен екі жаққа бір таспадан ауыстырып өре берсе, әдемі жалпақ өрім шығады.



Бес таспа жұмыр өрім. Бұл өрімді өру үшін алақан қалдырып,бес таспа жұмырлана тіліниіп, сыдырылып, нөмірленеді. Әрі қарай 5-таспа 4,3,2-таспалардың астынан шалынып, сол жаққа қарай түседі де, 1-таспа осылардың барлығының астынан шалынып,оң жаққа тасталады. Содан соң 5-таспа 2 мен 3-таспаның үстінен шалынып, оң жаққа түседі де, 1-таспа 5 мен 3-таспаның үстін басып, 2-таспаның астынан шалынып,сол жаққа қайырылады. Осы тәртіппен өре берсе әдемі жұмыр өрім шығады.



Алты таспа жалпақ өрім. Алты таспадан жалпақ өрім өру үшін, жалпақтау алты таспа тіліп, сыдырып, нөмірлеу керек. Бұл өрімді ортасынан бастап өрген жөн. Ол үшін 3-таспаны 4-нің үстін бастыра, 5-таспаның астынан шалып, 6-таспаны көлденең бастыра оң жаққа тастаймыз. Содан соң 4-таспаны 2-таспаның үстін бастыра, 1-таспаның астынан шалып, сол жаққа, 5-таспаны да 3-таспаның үстін бастыра, 2-таспаның астынан шалып, 1-таспаның үстін көлденең бастыра сол жаққа тастаймыз. Сол сияқты 6-таспаны да 3-таспаның астынан шалып, 2-таспаның үстін көлденең бастыра, 1-таспаның астына келтіріп,сол жаққа қарай тастаймыз.



Алты таспа жұмыр өрім. Өрімнің бұл түрін өру үшін, алақан қалдырып,6 таспа тіліп, жұмырлап сыдырып алады. Бұл өрімді өру үшін 4-таспаны 3-таспаның үстінен көлденең бастыра, 2-таспаның астынан шалып, солға қарай қайырады да, 5-таспаны 3-таспаның астынан өткізіп,2-таспаның үстін көлденең бастыра солға қарай қайырады. Содан соң 1-таспаны қалған таспалардың астынан шалып, 5-таспа мен 6-таспаның арасынан өткізіп, сол жаққа қарай қайырады да, 6-таспаны қалған таспалардың астынан

шалып, 2,4-таспаны 1,4,6-таспалардың астынан шалып,сол жаққа қарай тастайды. Әрі қарай өрімді қайталаса,жұмыр өрім шығады.



Жеті таспа жалпақ өрім. Бұл өрімді өру үшін алақан қалдырып, жалпақтау жеті таспа тіліп, сыдырып, нөмірлейміз. Содан соң 1-таспаны қалған таспалардың үстін көлденең бастыра оң жаққа қарай тастап, 7-таспаны да қалған таспалардың үстін бастырып,сол жаққа қайырып тастау керек. Әрі қарай тура осы әдіспен 2-таспаны оңға,6-таспаны солға қарай таспалардың үстін бастыра тастаймыз. Осы әдіспен 3-таспа оңға,5-солға, 4-оңға шеткі таспаларды бірде оңға,бірде солға қалған таспалардың үстін бастыра қайырып тастау арқылы,өрім өрби береді.



Сегіз таспа «ноқыра». Сегіз таспаны алақан қалдыра тіліп, сыдырып, нөмірлейміз. Әрі қарай 1-таспаны 2-таспаның үстін көлденең бастыра, 3,4,5,6-таспалардың астынан шалып, 6 мен 7-таспаның арасынан өткізіп алып,сол жаққа қайырады. Содан соң 8-таспаны 7-таспаның үстін бастыра 6,5,4,3-таспалардың астынан шалып,2 мен 3-таспаның арасынан өткізіп,оң жаққа қайыра тастаймыз,осы ретпен жалғаса береді.



Сегіз таспа төрт қырлы өрім. Сегіз таспаны алақан қалдыра тіліп,сыдырып,нөмірлейміз. Сонан соң 1-таспаны 2,3,4,5-таспалардың астынан шалып,6 мен 7-таспаның арасынан өткізіп,сол жаққа қайырамыз.



Әрі қарай 8-таспаны 7,6,5,4-таспалардың астынан шалып,3 мен 4-таспаның арасынан өткізіп, оң жаққа қарай қайырамыз. Осы тәртіппен өрім жалғаса береді. Әдемі төрт қырлы өрім шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Д.Шоқпарұлы «Өрім өру» Алматы, 1993ж
2. Қ.Амірғазин «Қазақ қолөнері» Алматы, «Дайк-Прес» 2004ж
3. Т.Оралбекова т.б «Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық» (ер балаларға арналған нұсқа)

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әртүрлі ендіктегі таспадан көркем бұйым жасаудың негізі анықталған. Мысал ретінде қамшының жасалу әдісі берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье определены основы выполнения художественных изделий из кожаной полоски разной ширины. Приведены примеры изделий. Впервые дана методика изготовления камшы.

ӘОК 371.76

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Өтегенова Б.Н.- магистр, оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Осы заманғы білім беру және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», екенін атап көрсетті. Осыған байланысты оқушылардың іс-әрекетінің, бейнесінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалар қалыптасып, тұлғасының дамуы көзделеді. Қай заманда болса да адамзат алдында тұратын басты міндеттерінің бірі-есті де еңбек сүйгіш қайрымды ұрпақ тәрбиелеу.

Әр мемлекеттің интеллектуалдық, экономикалық, парасаттылық, және мәдени құралы білім саласының жай-жапсарына және оның прогрессивті даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Осынау ақиқатты терең сезінгендіктен де Қазақстан Республикасы дамуының 2030 жылға дейін межелеген стратегиясында білім саласына айрықша басымдықпен мемлекеттік мән берілген. Сондықтан адамдардың алдына жаңа функционалдық талаптар қойыла бастады. Жұмыскер тек қана өндірістік мектептерді жақсы атқарып қана қоймай, оған қосымша жобалай білу, шешім қабылдау және шығармашылық жұмыстарды да орындай білуі керек. Осы қабілеттер мен біліктіліктер баланың жас кезінен қалыптасуы, оқу және еңбек әрекеттерін орындау кездерінде одан

ары қарай дамуы қажет, әрбір оқушының психологиясының ерекшеліктерін зерттей отырып сәндік қолданбалы өнермен таныстырып, білім, шеберлігін қалыптастыру керек.

ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері жетіліп дами түсті. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасы арта түседі. Халықтық қолданбалы қолөнерінің бай мұраларын жинақтап сұрыптай отырып заманымызға сай лайықты сапа, түр беру, жасалу әдісімен оларды ары қарай дамыту мектептегі технология сабағында ұлттық қолөнерге баулу кешіктірмес мақсаттарының бірі болып табылады.

Оқушылар білімінің іргетасы, мінез-құлқы, өмірге көз қарасы, эстетикалық талғам- түйсігі, рухани-адамгершілікті қарым-қатынасы, көркемдік мәдениеті мектеп қабарғасында қаланады. Осы шақта олардың денсаулығын сақтау мен жақсарту, табиғатты аялау, отбасын, Отанын сүю, өнерді бағалау, өнер адамын құрметтеу дағдылары дамиды. Көркемөнерді үйренуге қызығушылықтары басым және оған бейім келеді. Бұған қазақ халқының сәндік -қолданбалы өнерінің де ықпалы басым. Өйткені:

Ұлттық өнер туындылары образдарының жинақылығына, формаларының қарапайымдылығына, көз тартар әдемілігіне, мәнерлегіне байланысты балаға эмоционалдық тұрғыдан айрықша әсер етіп, олардың сұлулық, әсемдік сезімдерін оятады және тереңдетеді;

Оларды зерттеу, талдау балалардың шығармашылық жұмысқа, ұлттық өнерге сүйіспеншіліктерін, әдемі бұйымдар жасауға талпыныстарын арттырады;

Қолданбалы өнер туындыларын жасауға балалардың қатысуы мен бұйымдарды өз қолдарымен орындауы негізінде олардың еңбек ету қабілеттері артып, шеберліктері шыңдалады, еңбекке оң көзқарасы қалыптасады;

Көркемдік-шығармашылық жұмыс белгілі бір педогогикалық мәнге ие, адамды белгілі бір біліммен қаруландырады және оның еңбек дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ халқының ұлттық өнерінде халықтық дүниетанымының, ой түйсігінің арман-тілегінің беріліуін және оның ерекше эстетикалық талғаммен жеткізілуін сондай-ақ қаншама ғасырлар елегінен өтіп ұлттық өнер ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мәдени мұра болып қалғандығын жете түсіну-оқушылардың ұлттық өнерді сақтауға, оны бағалауға және дамытуға деген ынта-ықыласын арттырады;

Қолданбалы өнер бұйымдарында ою-өрнектер мазмұны арқылы жеткізілген табиғаттағы, ата-текті, туған жерді қастерлеу түсініктері де балаларға ерекше әсер етеді, олардың туған жерге, елге, табиғатқа сүйіспеншілігінің артуына септігін тигізгеді.

Оқушылардың сәндік қолданбалы өнерінде қол жеткізген жетістіктері олардың өмірде өз күштеріне сенімді болуын қалыптастырады. Олар жаңа іс-әрекетке көшу қажет болған жағдайда батылдық, іскерлік, өткірлік таныта алады;

Қолөнер жұмыстарына қатыстырылған балалардың адамгершілік сапалары артады, әсіресе перзенттік парыз бен туыстық ынтымаққа, тәртіптілікке және сыйластыққа ерекше мән береді;

Ұлттық өнердегі табиғатты қастерлеу түсініктері, табиғи шикізаттардың құндылығы туралы ойлар бүгінгі балалар мен жастардың экологияға оң көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді;

Қолөнер бұйымдарын жасауда бояу түстерін бұйым пішінімен, материалымен, оған бейнеленетін ою өрнектерімен үйлестіру, сол ою өрнектерінің қисынын тауып орналастыру, есептеу, санау, шамалау, дәл орналастыру-балалардың ойын ұшқырлайды, түсініктері мен қиял ойларын дамытады;

Сәндік-қолданбалы өнер туындыларының ұзақ мерзімде жасалатын түрлері балалардың шыдамдылығын мен төзімділігін шыңдайды;

Көне заманнан басталып бүгінге дейін жалғасып мәні мен мағанасын жоғалтпай келе жатқан ұлттық қолөнерді бүгінгі талаппен талғамға сай етіп ары қарай дамыту,

оқушылардың кәсіби шеберлігін дамытып шыңдау, шығармашылық қабілетін дамыту, қолөнерге деген көзқарастарын қалыптастыру ендігі жас шеберлердің қасиетті борышы болып табылады. Технология пәнінде қолөнер бұйымдарының шынайы әсем екенін, оның өмірге қажеттілігін оқушыларға ұғындырумен бірге, олардың алға қойған мақсат – мұраттарына ықпал етіп, кәсіптік бағдар алуғу бейімдеу керек. Шынында жаңағы бұйымдар оқушыларды өмірдегі асыл, көрікті, әсем нәрселерді бағалауға, еңбекке, шыдамдылыққа, талғампаз болуға баулиды. Әсемдікті бір көргеннен ұнататын әсершіл болуға, жалған сезімнен сақтана білуге, өмірге ойлы көзбен қарауға үйретеді. Жасаған жұмыстарының қоғамға және өздеріне қандай пайда әкелетінін түсінулерінің өзі оқушылардың еңбекке деген көзқарастарының қалыптасуына негіз болады.

Технология пәнінде қолданбалы өнерге баулуда оқушылардың жас ерекшеліктері мен қарым-қабілеттері де назарда болуға тиіс. Олардың оқу материалынан түсінуі еңбекке үйренуіептіліктерін ғана айқындап қоймайды, сонымен қатар еңбекке деген көзқарастарын қалыптастырады. Мұның бәрін мұғалім тапсырма бергенде ескергені жөн. Оқушыларды жұмыс істеу қабілетіне байланысты үш топқа бөлуге болады, олар:

- өз қабілеттерін, мүмкіншіліктерін жақсы білетін, өздеріне берілген жаңа тапсырмаға қызыға кірісетін, бірінші қиыншылықта мұғалімнен көмек сұрауға ұялмайтын оқушылар. Бұл топқа ең алдымен отбасынан алған кейбір еңбек дайындықтары, суретке, жалпы өнерге, т.б. икемі бар оқушылар жатады.

-өз мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жеткіліксіз деп бағалайтын оқушылар. Мұндайлар аздаған қиыншылық кездескеннің өзінде не істерін білмей, жұмыстарын тоқтатады, ал мұғалімнен көмек сұрауға ұялады. Оларға ерекше көңіл бөліп, өз күштеріне сенулеріне көмектесіп отыру керек. Орындалған жұмыстарын бағалауда аздаған жетістіктерін мадақтап, мұғалім олардың еңбектенуге ұмтылысын қалыптастыруға міндетті. Жұмысты орындау кезінде бақылаусыз қалдырмай, уақытында көмекке келіп, тапсырманы аяқтауға мүмкіндіктерінің жететініне сенімдерін нығайту қажет.

-өздерінің мүмкіншіліктерін асыра бағалайтын оқушылар. Бұлар бірінші топтың балалары сияқты жұмысқа белсене кіріседі, бірақ бірінші қиыншылықта тоқтап қалады. Бұндай оқушылардың жұмыстан жиі көңілдері қалады, оған қызығушылықтарын жоғалтады. Мұғалім ондайларға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы ғана олардың жұмысқа деген ынтасын қалыптастыруға болады.

Оқушылырдың еңбекке ынталандыра түсуі үшін педогогикалық ұйымдастыру жұмыстары қажет, онда психологиялық, педагогикалық әдістемелік талаптар орындалуы тиіс. Педагогикалық ұйымдастыру талаптарын сәтті өткізу үшін дайындық жүргізген дұрыс.

Дайындық барысында мынадай талаптар қойылады;

- оқу өндірісін шикізаттармен, негізгі және көмекші құрал–жабдықтармен қамтамасыз ету;
- өндірістік санитарлық нормалардың сақталуын қадағалау;
- шыққан өнімнің техникалық талаптарға сай екеніне бақылау жасау, т.б.

Оқушылардың еңбегін ұйымдастыруды өзін-өзі басқаруға орын берілсе, ұжымдық еңбектің тәрбиелік мәні нәтижелі болады. Өзін-өзі басқаруда оқушылар бөлім жетекшілерінің тапсырмаларын орындайды. Олардың міндеті еңбек сапасын бақылау, бәсекелелтікті ұйымдастыру, дайын өнімді қабылдау болып табылады. Мұнымен қатар олар еңбекке есеп жүргізеді, нәтижесін бағалайды. Бұл оқушылар арасындағы қарым - қатынасты нығайтады. Олар өзара еңбекті тиімді ұйымдастыру, қиыншылықтарды жеңу туралы ойларымен бөліседі. Мектептегі ұжымдық еңбектің тәрбиелік жақтарын талдасақ, ол мынадай тарамдарға бөлінеді:

- еңбек мақсатының ортақтығы;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруы мен ұстаз талабының үйлесімділігі;

- міндетті жоспарлар және бөлу;
- еңбек қортындысын шығару;
- ұжым алдында есеп беру; т.б.

Мектеп оқушыларының еңбегін ұйымдастырудағы мәселелердің бірі-еңбек объектісін таңдау. Орында таңдап алынған еңбек объектілері оқушыларға өз еңбектерінің пайдалылығы мен керектігін түсінуге, сапалы да саналы еңбек етуге мүмкіндік береді.

Қолданбалы өнер бейнелеу өнерімен өте тығыз байланысты. Мұғалім оқушыларды ынталандыру мақсатында бұйымды алдын-ала дайындап алып көрсеткені жөн. Бейне үлгісі оқушыларға талпынуға, ізденуге мүмкіндік береді, егер жасалынатын бұйым оқушыларға көрсетілмей, тек эскиз ретінде тақтаға сызумен ғана түсіндірілсе, ол балалардың ой-өрісін толық дамытпайды. Сәндік өнер заттарының өзі бейне бола алады. Сабақта сондай үлгілерді балаларға таныстыру жоспарлануы керек. Халық шеберлерінің тәжірбиесіне сүйене отырып жасалынатын бұйымды түп нұсқасын өзгертпей, барынша көз тартарлық етіп әсемдеп жасауды үйретуге ұмтылу керек. Мұғалім баланы қолдап, барынша жетелеуге міндетті, сонда оқушының ұстазға деген сүйіспеншілігі артады. Мұғалім оқушының жасай алмай жатқан жеріне өзі көмектесіп жіберу керек және оқушыны өз бетінше жаттықтырып үйретуге міндетті. Егер оқушы жұмысты барлық талаптарға сай орындаса, бар өнерін салса, онда келесі тапсырмалар әлдеқайда оңайға түседі және оны еркін игереді. Сондықтан оқушының жұмысқа деген ынтасына алғашқы күндері өте үлкен жауапкершілікпен қарауы керек. Жұмысқа ынталандыру кезінде мұғалімнің басты міндеті – еңбек сабағын сауатты ұйымдастыра білуі. Мұнда алдымен мыналарға көңіл бөлінуі тиіс:

- сабақ басталмас бұрын жасауға керекті шикізаттарды іріктеп, бөлу;
- құрал-саймандарды жұмыс орындарына орналастыру;
- бұйымның жасалған нақтылы дайын бейнесін оқушыларға көрсетуге дайындау;
- жұмыстың технологиялық карта үлгілерін оқу шеберханасының қабырғасына көрнекілерге іліп қою.

Оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлестігін ескере келе, ұлттық тәрбие беру мақсатында мынадай мәселелерге ерекше мән беріледі;

- еңбек пәнін оқытудың әдістемесін дайындау барысында қазақ баласының мінез-құлқын жақын, оның дамуына әсерін тигізетін әдіс-тәсілдерді таңдап алу;
- оқулықтағыдан басқа қосымша оқу-әдістемелік құралдарға баланың ұлттық сана-сезімін оятатын, оны қалыптастыратын, қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, дәстүрі және әдет-ғұрыптарымен таныстыратын материалдарды барынша мол енгізу;
- осылардың ішінен қазіргі уақыттың талабына сай келетін ата дәстүрлерді таңдап алу және олардың деңгейін көтеруді көздеу және т.с.с.

Оқу-үлкен ой еңбегі. Ол-оқушының қоғам, халық, ата-ана алдындағы жауапты міндеті. Оқушыларды жүйелі оқу еңбегіне үйрету кітаппен жұмыс, зертханалық жұмыстарды орындау, бақылау, өздігінен жұмыс істей алу қабілетін дамыту, дағдысын қалыптастыру, жұмыс орнын таза ұстау арқылы жүзеге асыру болып табылады.

Қазақ халқының бағалы педагогикалық ой- пікірлерін бүкіл оқу- тәрбие жүйесінің тірегіне айналдыру- бүгінгі қоғам талабы. Ал ұлттық өнердегі педогогикалық ой-пікірлер оның мән- маңызы аша түсетін түсініктер мен білімдерден құралады. Білім негіздерін үйретудің өзі-оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің негізгі құралы.

Қорыта келгенде, еңбекке оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесінде қалыптасқан білім мен білік, дағды мен іскерлік-жастардың өмірге, еңбекке құштарлығын арттырып, мүмкіндігін дамытатын сенімді құралы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. МаргуланА.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.2. Алма-Ата, 1987.

2. Ақышев Қ. Ежелгі ескерткіштер елесі. Алматы, 1975 ж
3. Жанибеков У. Казахские домашние художественно ремесло. Алма-Ата, Кайнар, 1990
4. Жиентаева Б.Ж. Оқушыларға теория сабақтарында халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беру. Жезқазған. ЖезУ,2005

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада технология пәні сабағында ұлттық қолөнерге баулу тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются цели, задачи и методы воспитания учащихся на уроке технологии, прививая национальное искусство.

ӘОК 391.7

PVP LINGVO SYSTEM БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Тастанбек Д.М. – магистр, оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. ЖОО-да білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр /1/.

Қазақстан Республикасының Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап өтілгендей, қоғамымыздың басым міндеттерінің бірінің жүзеге асырылуы – халықтың компьютерлік сауаттылығын қалыптастырумен байланысты. Қоғамның ақпараттануы бүкіл дүние жүзіне шексіз ақпараттық кеңістік қалыптастыра отырып, өндірісті, білім беруді және адамдардың тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгертуде.

Білімді ақпараттандыруда электронды оқулықты қолдана білу қажеттілігі артуда. Электронды оқулық білім беруде ақпаратты толық қамтиды. Электронды оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Электронды оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі;
- мәтін түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;
- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедиа-технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);
- әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;

- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

Электронды оқулық жасауда PVP Lingvo System бағдарламасының мүмкіндіктерін қолдану өте тиімді /2/. Бағдарлама бірнеше бағдарламалармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Мәліметтер қол жетімді, толық жан-жақты қарастырылады.

PVP Lingvo System бағдарламасымен электрондық оқулық жазудың реттілігі:

- бағдарламаны іске қосу;
- бағдарлама терезесімен танысу;
- портфолио тізіміне оқулық атауын енгізу;
- оқулықтың тараулары мен тарау бөлімдерінің атауларын енгізу;
- бөлім бойынша құжат тізіміне теориялық мағлұмат, бақылау сұрақтары, практикалық жұмыстар, глоссарий, тағы да басқа қосымша материалдар қосуға болады.



Құжат тізімінен батырманы басу арқылы таңдалған құжатты өз бағдарламасында ашып оқуға болады; Құжат Microsoft Word, Corel DRAW, Adobe Photoshop, Microsoft Excel бағдарламаларын қолдануға болады. Corel DRAW бағдарламасымен электронды оқулықтың сыртқы мұқабасы жасап шығарылады /3/, Adobe Photoshop

бағдарламасында фотолар мен суреттер редактілеу арқылы қолданылады. Графикалық бағдарламалармен көрнекіліктер сапалы орындалады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация және бақылау тәсілдері жатады.

Демонстрация (көрсету) оқушыларды құбылыстар, процестер және заттардың нысанасымен табиғи жағдайда таныстыру барысында қолданылады. Әдістің бұл түрі оқылып отырған құбылыстың қозғалысын анықтау, заттың ішкі құрылысы және сыртқы көрінісімен немесе бірыңғай заттардың орналасу жағдаймен таныстыруды көздейді.

Иллюстрация – демонстрация әдісімен тығыз байланыста болады. Бұл әдісті иллюстративті құралдарды (плакаттар, картиналар, суреттер, чертеждер, портреттер, картограммалар, модельдер) көрсетуде қолданылады.

Илююстрация әдісінің нәтижелі болуы, негізінен оның қолдану тәсілдерінің мұғалімнің қаншалықты меңгергеніне байланысты болып келеді. Соның негізінде оқушылар мен мұғалімге оқу материалын табысты меңгеруге айтарлықтай көмек бере отыра, ғылыми ұғымдарды жеңіл меңгеруге септігін тигізеді.



PVP Lingvo System бағдарламасымен электронды оқулық жасауда Macromedia Flash бағдарламасымен анимациялық қозғалыс беруге болады. Яғни нысананы жылжытып, қимыл-қозғалыста көрсету оқушылардың танымдық қабілеттерін белсендендіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Батыря А.Ю., Герра Р.Г.Компьютер обретает разум. М:Мир, 1990,240 с.
2. Тренинг «Разработка электронных пособий на практическом материале преподавателей с использованием платформы программы по управлению знаниями PVP LS, V.1.347”
3. Ковтанюк Ю.С. Corel DRAW 12. - Киев.: «МК-Пресс», 2006

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқытуды ақпараттандыру мәселелері және PVP Lingvo System бағдарламасымен электрондық оқулық жасау жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы информирования обучений и пути создания электронных учебников с помощью программы PVP Lingvo System.

ӘОК 687.1

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ПЕТРОГЛИФТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІН АЙҚЫНДАУ

Тоққұлиева У.К. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан көркем мәдениетінің жүйелі немесе дискретті кезеңдерін зерттеу оның аумағындағы тарихи - мәдени бірліктердің, мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына тікелей байланысты. Мұндай жүйелі, кешенді зерттеу ұлттық өнеріміздің аймақтық және әлемдік мәдени кеңістіктегі ролі мен маңыздылығын, қазіргі кездегі көркемөнер процесі мен өнердің жалпы әлемдік қазынасына қосқан орасан зор үлесін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бейнелеу өнерінің палеолит, энеолит және қола дәуірлерінен бастау алған тарихы, Еуразия ерте көшпенділерінің көркем мәдениеті (скиф-сақ аң стилі), ежелгі түркілер мен ертедегі қазақ хандарының көркем дәстүрлері жайлы дәстүрлі ұлттық қолөнер кәсібінен бастап, тәуелсіздік жылдарына дейін келетін, жаңа дәуір Қазақстан бейнелеу өнеріне дейінгі кезең туралы тұтас еңбек жасалған. Бейнелеу өнерінің негізгі идеясы рухани құндылықтар бірлігі, көркем ойлаудың этно-ұлттық ерекшелігі негізінде қалыптасқан Қазақстан аумағындағы өнердің даму процестері арасындағы үзілмейтін сабақтас байланыстарды күшейту болып табылды. Зерттеу үшін пайдаланылған Қазақстан бейнелеу өнерінің бай матиралы бұл обьективті идеяны толығымен ашып көрсетуге мүмкіндік беретін хронологиялық тәртіпте орналасқан. Бейнелеу өнері туралы бұрын жарық көрген “Изобразительное искусство Казакстана” (1963), “Очерги истории изобразительного искусства Казакстана” (1978), “Мастера изобразительного искусства Казакстана” (1972,1984) сияқты басылымдардың жаңа әдістемелік деңгейіндегі жалғасы әрі жетілдірілген нұсқасы болып табылады. Бұл зерттеудің алдыңғы өнертанымдық жұмыстардан негізгі ерекшелігі-авторлық ұжымның мұқият зертелмеген Қазақсан бейнелеу өнері тарихының маңызды қабаттары болып табылатын ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі бейнелеу, сәндік-қолданбалы және сәулет өнерінің даму кезеңдеріне баса назар аударуында. Мұндай әдіс ұлттық бейнелеу өнерінің тарихи - мәдени ерекшеліктерін толығымен ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағы бейнелеу өнерінің әбден жетілген түрлері мен айқын көріністерінің алуан түрлілігін білдіретін оның ең ежелгі ошақтарының бірі болып табылады. Осылай ша ежелгі кезден бері Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі көркем формалар мәселесі оң шешімін тауып келе жатыр;

Қазақстанның бейнелеу өнері дүниетаным мен көзқарастың ұжымдық, туыстық мақсаттарын білдіріп, белгілі бір туыстық қауымның немесе туыстық топтардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қанағаттандырады. Осылайша Қазақстан өнері ықылым заманнан бері социумның өмірінде маңызды роль ойнаған қоғамдық бейнелеу өнері болды;

Қазақстан өнеріндегі сиқыршылық-салттық функция мен ежелгі адам түсінігіндегі адам мен әлемнің пайда болуы жайлы мифтік-космогониялық мәселе біршама айқын берілген. Ал бұл Қазақстанда өмір сүрген ежелгі отырықшылардың көркем мәдениетінде прагматикалық және философиялық бастамалардың айтарлықтай тепе-тең болғандығы жайлы айтады;

өнер туындыларындағы ақпараттық түйінің ерекше мәні бар, себебі туынды этно–ұлтық дүниетанымның көне стереотиптеріндегі мағыналық, рухани алғышарттар жайлы айтуға мүмкіндік беретін өзінше бір көркем мәтін сияқты қалыптасады;

қоршаған орта, табиғат әлемі, табиғат бастамасы мен негізгі байланысу принципі ежелгі Қазақстан өнерінде айқын көрінеді. Бейнелеу өнерінің туындылары табиғи материалдар мен нысандардан әрі солардың көмегімен жасалған. Дәстүрлі және көне пантеизм Қазақстан өнеріндегі табиғатқа теңесу, табиғатпен теңестіру,ойлаудың бастапқы және принциптік көрінісі сияқты тұрақты идеяларына негіз болды;

Қазақстан өнері шығармаларын өнертанымдық тұрғыдан зерттеу шығармаларды жасаудың жете зерттелген және өңделген формальды принциптерін айқындауға мүмкіндік берді. Алуан түрлі, бірақ анық көрсетілген композициялық шешімнің принциптері петроглифтерде, керамика декорында қалай болса, зергерлік өнерде де дәл солай нақты анықталады. Композиция құру әдістері жете зерттеліп, тұтастай дерлік қағидаға айналдырылған: көлбеу бойы-қайталанулар қатары; тік бойы; диагональ бойы, шеңберге ұмтылған композициялар, симметриялық кесте. Бұл кезеңде бірнеше сюжеттердің, тақырыптар мен мотивтердің (адам мен жануарлар әлемімен байланысты сызықтың бойымен үнемі айналып тұратын), сондай-ақ оны көркем шығармаларда үйлестіру принциптері бірнеше рет қайталана тиянақталып, пластикалы түрде көрсетіліп анықталды; тепе – теңдікті сақтауды Қазақстанның ежелгі өнерінің принципі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, композицияның ішінде айқын көрінген динамикада жалпы шешім статикаға ұмтылады, нәтижесінде ішкі статикадағы сыртқы динамика шеңберінде бейнеленген сюжетті, мотивті, көріністі тұрақтандырады. Пайда болуы жағынан имманентті, құдіретті әлем үндестігі идеясы осы тепе-теңдікті ұстауа өз көрінісін табады. Әлемнің бастапқы үндестігі идеясын ежелгі өнерде жүзеге асыруда композициялық симетрия принципі пайдаланылады.

Қазақстанның көркем мәдениетіне ғасырлар арқылы өткен ежелгі суретшінің композициялық ойлауы қалыптасуының нақты белгілері бар. Композицияның ортақтығымен біріккен жартастағы туындылар айқындалды. Бұл жерде оларды құрастырып тұрған суреттер стилі жағынан да, орындалу технологиясы бойынша да сәйкес келе бермейді. Бұл тұрғыда ежелгі суретшілердің жеке туындысын жалпы құбылыстың бөлігі ретінде түсіну мейлінше қызықты. Петроглифтердің композициялық құрылымын талдай отырып, олардың формальді шешімін зерттеушілердің алғашқыларының бірі А.Г. Медоев мынадай тұжырымға келді: “Фигураларды кеңістікке бөлу өзара тепе-теңдік принциптеріне негізделген” /6/. Ауырлық-жеңілдік балансы көбіне теңестірілген, көзге көрінетін үлкен қатты заттардың салмағы композицияның төменгі бөліктеріне шоғырланған. Сонымен қатар, композицияның көп бөлігі тікбұрыштың ішіне салынып, горизантальді бағытта өсе түседі, ал вертикаль білік микрокомпозициядан тұратын композицияларда басым. Қазақстанның ежелгі өнерінің типологиялық ортақ кезеңі-жеңіл реализмнен бейнелеу және сәндік бастаманың синтезіне дейінгі, ал содан кейін орнаменталдық пен декоративизмнің күшейуіне дейінгі кезеңдегі ұқсас динамика. Бұл белгілер өзінің жүйелі және анық тарихи-мәдени түсіндірмесін қажет етеді. Бұл белгілердің барлығы өзінің реті, жүйелі кең тарихи-мәдени түсіндірлімін талап ете отыра, дәл осы зерттеу нысанына айналып отырған кезеңге қатысты көптеген, тіпті барлық негізгі және іргелі дүниетанымдық, көркемдік қабылдау стреотиптерін танып,талдап, уақыт келе қазақ бейнелеу өнерінің бай көркемдік мұрасына, этно-мәдени дәстүрінің арсеналына айналған қабаттарды ашуды талап етеді. Қазақстан бейнелеу өнерін көне замандардан қазіргі күнге дейін түсіну үшін оның тарихи-мәдени сабақтастығының дамуының әрбір кезеңінде қандай ерекшеліктер болғандығын анықтау қажет. Сондай-ақ олардың қайсысы ғасырлардан ғасырларға, дәуірлерден дәуірлерге өткен констатты екендігін түсініп тарихи-мәдени жағдайлардың өзгеруіне қарамастан қазақстан көркем

мәдениетің ерекше феномені мен белгілі түрін қалыптастырып жатқанын анықтау қажет.

Бейнелеу өнерінің негізгі даму кезеңдерін зерттеу мынадай негізгі процестерді немесе ең басты ерекшеліктерді айқындады: әлем- адам мен олардың ортақ космоқатыстылығы (антропоморфизация құбылыстарының бірі ретінде) белгілі идеясын жүйелі жүргізу; әлем мен адамды түсіну иерархиялығына көзделген мақсат (мүмкін, құрылым мен көркем объектілердің нақылығы осы жерден шығар); үш жақты компонеттердің бірлігі-дүниетанымдық, прагматикалық және эстетикалық; көркем объектінің рухани, мағыналық, магилық мәнінің маңыздылығы (мүмкін, константтық метафизикалығы осы жерден шығар); көркем пішінінің байланысы идеялық сигналдардың шифрланғандылығын және осыған сәйкес белгілі бір эзотериялықты айқындады.

Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелік концепциясы елдің тарихи – мәдени дамуы ерекшеліктерін жете ұғынуға, мәдениеттің тамаша түрін қалыптастыруда тарихи дамудың белгілі, нақты кезеңдерінен өту арқылы, дәстүрлі рухани координаттарды сақтау негізінде жаңа тәжірибе жинақтау арқылы біртіндеп жүйелі түрде қалыптасқанын түсінуге негізделген. Қазақстан көркем мәдениеті ерекшелігінің қалыптасуы дәуірлермен мәдени феномендер дискіреттігінің алмасуы негізінде жүріп жатты және ерте кезден бүгінгі күнге дейін қазақтың бейнелеу өнері феноменіне көркемдік сезімнің бірлігін,дүниетанымның ерекше әдісі мен көркем ойлаудың өзіндік жүйесін берген рухани менталдық формаларға енгізілді.

Композиция панорамалық пейзаж- “әлем картинасы” әсерін беріп,ежелгі адамның әлем жайлы түсінігін бейнелейді.Композицияның дәл ортасанда, “арба” мен адамдардың фигурасы және олардың тұрғынжайлары арасында тау ешкінің бейнесі орналасқан; “пейзаждың” “аспан”бөлігі тек крест тәрізді белгілермен ғана берілеген. Неолит және энеолит дәуірлеріне толық сеніммен жатқызуға болатын жартастағы басқа суреттер әлі табылған жоқ.

Қола дәуірінде (б.э.д.II-мыңжылдық)анималистік образдардан басқа адамдар мен арбалардың бейнелері, аң аулау, соғыс, әртүрлі әдет-ғұрыптар мен салт-жораларды, эротикалық көріністерді суреттейтін күрделі көпфигуралы композициялар пайда болды; тасқа сурет салудың негізгі әдістері қалыптасты. Қола дәуірінде жартастағы суреттерге қатысты әртүрлі стилистік әдістер пайда болды. Шығыс Қазақстан петроглифтерінің сол дәуірге жататын Жетісу аумағындағы “Тамғалы дәстүрі ” бойынша орындалған жартастағы суреттерден айырмашылығы көлемі жағынан шағын, стилистикалық жағынан солғынды. Оған Бұғытас жартасындағы бейнелер жатпайды. Олар стилистік және композициялы жағынан Тамғалы шатқалындағы бейнелерге жақын.

Салыстырмалы композициялық құрылымымен ерекшеленетін аң аулау көрінісі мен эротикалық көрініс біріктірілген. Шығынқылығына қарамастан, тастың тік болуы да жануарлар (тауешкі) мен адамдардың (иерогамдық көрініс композициясының төменгі бөлігінде) басқа фигуралары да ойып салынған, жартастағы картинаның жоғарғы бөлігі өзінің жеке сюжеті бар толық аяқталған композиция әсерін береді. Негізгі сюжетті көршілес бейнелерден ажыратып тұрған тастағы табиғи жарықтар әсерді одан сайын күшейтеді. Сонымен қатар жарықтар үшкір ұшты, үшбұрышты формат және үшбұрышты композиция қалыптастырады.Композицияның дәл ортасында садақты тартып, екі тауешкіні атып жатқан адам бейнеленген. Жануарларды суреттеу өте қызық-қарсы жақтарға қарап, иілген ұзын мүйіздерімен қабатталған “арка ”жасаған тау ешкілердің айналы,симметриялы бейнелері фас ракурсында бейнелеудің нұсқасы сияқты. Жоғарғы жақта, аңшылар мен жануарлар фигураларының үстінде –адамның екі бейнесі, төменгі жағында –адамның қимыл көрініс орналасқан. Төменгі дуэттің аяғының астында –иттің бейнесі салынған. Одан төменде бір нәрсеге ұқсату мүмкін

емес жануардың бейнесі берілген. Тұтас алғанда, композицияның анықтығы соншалық –ол мифологиялық аңыздар иллюстрациясының әсерін береді.

Қорыта келгенде, сонау тас дәуірінен келе жатқан жартастағы суреттер адам өміріндегі әртүрлі өзгерістерден хабар береді. Аңшылық, жабайы аңдар және үй жануарлары бейнелерін, жылқыға, түйеге жеккен арбаларды, қашап бейнелеген. Сонымен қатар бұл аталған бейне көріністер ір кезеңдерде өзіндік ерекшеліктерімен айрықшаланғанын байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тексі. - Алматы: Ғылым, 1990 ж.
2. Әбіағазы. Түрікшежіресі. (Халыққазынасы).- Алматы: Ана тілі, 1991 ж.
3. Бабыр Захир ад-дин Мухаммед. Бабырнама. - Алматы: Ататек, 1993 ж.
4. Базаров Б.В., Ням-Осор Н. Из истории символики и атрибутики монгольской государственности // Этнографическое обозрение. 2003 г. с. 62-68.
5. Вамбери А. Путешествия по Средней Азии.- с-пб., 1865 г.
6. Гордлевский В.А. Избранные сочинения. т-1 Исторические работы – М.: Издательство восточной литературы, 1960.г.
7. Кисилев С.В. Древняя история Южной Сибири. Материалы и исследования по Археологии СССР №9.- М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1949.г.
8. Кызыласов Л.Р. О назначении древнетюркских каменных изваяний, изображающих людей. - Советская археология, 1964 г.
9. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). - Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1969 г.
10. Самашев З. К Изучению графического искусства средневековых номадов // Наскальное искусство Азии. Вып. 1.-Кемерово, 1995г.
11. Степи Евразии в эпоху средневековья.— М.: Наука, 1981.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бейнелеу өнерінің негізгі идеясы рухани құндылықтар бірлігі, көркем ойлаудың этно-ұлттық ерекшелігі негізінде қалыптасқан Қазақстан аумағындағы өнердің даму процестері арасындағы үзілмейтін сабақтас байланыстарды күшейту болып табылды. Зерттеу үшін пайдаланылған Қазақстан бейнелеу өнерінің бай матеиралы бұл обьективті идеяны толығымен ашып көрсетуге мүмкіндік беретін хронологиялық тәртіпте орналасқан.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается единство духовных ценностей как основная идея изобразительного искусства, процессы развития культуры Казахстана, сформированные на основе этнонациональных особенностей художественной мысли. Материалы использованные для исследования изобразительного искусства Казахстана даны в хронологическом порядке, дающим возможность объективно раскрыть данную идею.

ӘОК 758.1

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СУРЕТШІЛЕРДІҢ НАТЮРМОРТ ЖАНРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЛТАҢБА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Тулегенова А.С. – магистр, оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

“Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлдыр болмайды” дегендей, жас ұрпаққа білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтің биылғы жолдауында да әдеттегідей басты орында барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген. Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде еңбекқор, білімді, парасатты жастарды тәрбиелеу қажеттілігі туады.

Бүгінгі Қазақстан жоғары оқу орындарының қарқынды өзгерістерге бет бұрып отырғандығы белгілі. Бүгінгі қоғам сұранысының талабына сай оқу-тәрбие үрдісінде бейнелеу өнерінде студенттерге көркем теориялық білім бере отырып, олардың практикалық іс-әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, мәдениетті, білімді тұлға қалыптастыру басты талап болып отыр.

Бейнелеу өнері жалпы өнердің бір бөлігі. Бейнелеу дегеніміз заттардың, табиғат құбылыстарының, адамның және жан-жануарлардың, өсімдіктердің көрінісін қағаз бетіне салу. Олардың нақтылы бейнесін берумен ғана шектелетін суретшіні “көшірме суретші” дейді. Ал нағыз суретші болу үшін бейнелейтін заттың, құбылыстың көркемдік жағын ойлау керек. Бейнелеу өнері бүгінгі мен ертеңгіні ғана емес, сонымен бірге өткен өмір шындығын да бейнелейді. Егер бейнелеу өнері болмаса, бұрын өткен ата-бабаларымыздың, ұлы-даналарымыздың түр-түсін, бейнесін көз алдымызға елестете алмас едік. Кейін келе сурет өнерінің дамуына байланысты сәулет, мүсін, кескіндеме өнері өмірге келді /1/.

Бейнелеу өнері пейзаж, натюрморт, тұрмыстық, соғыс жанры т.б. болып бірнеше түрге бөлінеді. Солардың ішінде натюрморт (негізінен қондырғылы кескіндеменің) бейнелеу өнерінің бір саласы ретінде өзіндік орны бар.

Натюрморт француз тілінен аударғанда (nature morte) “өлі табиғат” деген мағынаны білдіреді. Натюрмортта бір құрылымға топтастырылған жансыз заттар (гүл, жеміс, ет, балық, күнделікті тұтынатын заттар, т.б.) кейде тірі организмдер де (аң, құс, құрт-құмырсқа, адам еңбегі және шығармашылық қызыметінің атрибуттары) бейнеленеді.

Қойылымдағы заттар натюрморт жанрының көмекші тәсілі ғана емес, ол сонымен қатар қойылым тілімен өмірді жан-жақты сипаттайды. Сондай-ақ өмірдің қуанышын нығайтып, жемістің, көкөністің, гүлдің әсемділігіне, әйнектің, металдың жарқырауы сияқты қарапайым нәрсеге сүйсіне қарауға шақырады /2/.

Натюрморт – сюжеті жағынан таусылмайтын жан-жақты және таңғажайып тақырып. Тұрмыстың кез келген заты: гүл шоғы, теңіз жағалауында табылған бақалшақ, кітап, піскен алма тағы да басқа көптеген заттар суретші ғана емес, сонымен қатар көрермендердің бірнеше ұрпағын да толғандыратын өнер шығармасының объектісі бола алады.

Негізінде бұл жанр шынайы реализм немесе біртума кубизм, кенеп немесе папирус беті, темпера немесе пастель болсын қай стильде салынса да тамаша. Жаңа техникалардың дамуына байланысты натюрморттың өмірді бейнелеу тәсілдерінің дамуы да мүмкін.

Натюрморт – жанрдың көмекші тәсілі ғана емес. Қойылым тілімен ол өмірді жан-жақты сипаттайды. Натюрморт өмірдің қуанышын нығайтып, жемістің, көкөністің, гүлдің әсемдігіне, әйнектің, металдың жарқырауына, қарапайым нәрсеге сүйсіне қарауға шақырады. Осындай ерекшелікке ие болатын натюрморт жанрына қалам тартқан суретшілер көптеп саналады /3/.

Қандай ағымда болмасын немесе қандай бояумен салынбасын натюрморт жанрының ерешелігі туындының тамаша шығатындығында. Жаңа техникалардың дамуына байланысты натюрморттың өмірді бейнелеу тәсілдерінің дамуы да мүмкін.

Мысыр және Грек суретшілері жер өнімдерін, құрбандыққа арналған нәрсені, тұрмыстық әбзелін т.б. заттарды тамаша бейнелеуге тырысқан. Фрескамен мен мозайкаларда гүл және жеміс-жидек, балық және теңіз сыйлықтары, көкөніс және құс, жұмыртқа және тауық салынған себет сияқты күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарды ұсақ бөлшектеріне дейін мәнерлеп салуды үнатқан.

Алғашында натюрморт жеке жанр ретінде емес, керісінше қосалқы композиция ретінде Көне шығыста пайда бола бастады. Тек ортағасырда біршама ілгерілеп, дами бастады. Бірақ, натюрморт жеке жанр ретінде қайта өрлеу дәуірінде Италияндық шеберлерінің шығармаларында ерекше орын алды. Нидерланд суретшілерінің материалдық әлемге қызығушылығы оның нақты сезімталдығы дамыған шақта жаңа заманда дүниеге келді.

XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың басында натюрморт жанрының тарауы, оған себеп болған осы ғасырға тән табиғи-ғылыми бағыт, өнердің тұрмысқа, адамның жеке басының өміріне қызығушылығы және дүниені көркемдік игеру әдістерінің нақты дамуына байланысты болды.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында кеңес билігі мен социалистік қатынастың пайда болуы қарсаңында қазақтың ұлттық мәдениетінің қалыптасуы жүзеге асады.

Графика Қазақстанда кеңінен тараған бейнелеу өнерінің алғашқы түрі болды. Ал бейнелеу өнерінің жеке түрі ретінде ол елімізде XX ғасырдың басында пайда болып дами бастады. 1930 жылдардың басында пайда болған кескіндеме мектебінің ізденістерінің бағыты мен сипатын көпке дейін анықтап берген кескіндемешілер ұжымы қалыптасты. Ол кездегі график-кескіндемешілердің жұмысы кездейсоқ сипатта болып, олар газет бетіндегі мақалаларға иллюстрациялар мен этюдтермен бірге кескіндемелік жұмыстарға қосымша материал қызыметін атқарған нобайлармен шектеліп отырды. Сол жылдардағы суретшілердің көптеген графикалық жұмыстары бір-бірінен тек ерекше көркемдік сипатымен ғана ерекшеленбей, олар жиірек сол кездегі бейнеленетін құжат ретінде тарихи қызығушылықты ұсынады /4/.

Кескіндеме өнерінің көптеген жанрларында белсенді еңбек еткен, қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш суретші Айша Ғалымбаева болды. Суретші өз шығармашылығында тұрмыс заттарын, ыдыс-аяқ, гүлдерді бейнелеуге селсоқ қарамайды, суретшінің өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі әдемі де сұлу натюртортарынан көрінеді. Суретші бұл жанрдан да шабыт көзін тапқан. Оның натюрмортары табиғаттың сұлу көркін аша отырып, суреткердің де ой, сезімдерін паш етеді. Шартты түрде натюрморт жанрына жатқызуға болатын “Шеберхана бұрышы” шығармасында бүгінгі адамның күрделі рухани ішкі жан дүниесі көрсетіледі. Бұл композицияға өзге де өнер туындылары (әйелдің мүсіндік портреті), шеберхана қабырғасына ілінген рамадағы пейзаж көрінісіндегі табиғат суреттері енгізілген. Кенепке салынған суреттегі әрбір нәрсенің адам, суретші өмірінен алатын рөліне қарай өзіндік символдық мәні бар.

“Дастархан”(1959), “Ақ құмыра” (1968), “Қарагөз” (1974) натюрмортары да маңызды сипатқа ие. Заттардың “жанын”, “сұлулығын” түсінетін дарынды қылқалам шеберінің натюрмортарынан біз айшықты формада берілген қарапайым, әсерлі сезім саздарын аңғарамыз. Алма, анар, жүзім салынған “Қызыл апорт” (1966), “Айва” деп аталатын бірнеше туындыларынан да суретшінің өмірге, табиғат пен адам еңбегінің жемістеріне деген махаббат сезіледі. Мәңгі жаңғырып, жасарып отыратын табиғат тақырыбы қатты толғандыратын. А.Ғалымбаеваның натрморт жанрында жазған жұмыстары шын мәнінде сәнді, әдемі, айшықты дүниелер. Мысалға “Көне керемика” туындысын алайық. Бұл жерде қызыл қоңыр түсті оюлы текемет пен көгілдір сәнді матаның фонында шығыс үлгісінде жасалған бірнеше қыш ыдыс тұр. Олардың түрі,

түсі, ою-өрнектері ерекше мұқият салынған. Бұл жерде суретшінің халық өнеріне ұлттық мәдениет пен тарихқа қанық адам екені анық көрінеді. Шебердің қолтаңбасы тым нәзік, бояу түстерінің үйлесімі күмістей сыңғырлайды. Ал оған жақын қойылған шар кесенің ішіндегі қып-қызыл анарлар көзге шоқтай басылады. Мұндай жақындықтан тұрмыста қолданылған ежелгі көне заттар қайта жасап, жаңғырып шыға келгендей, халық өнерінің сұлулығы мен қасиетіне қайран қалып, тамашалаған сәтте археологиялық заттардан тұратын бұл композицияның этонграфиялық сипаты мүлде жоғалып кетеді. Онда шын мәнінде көркем туындының кемімек емес деген терең ой жатыр. Мәселен "Қазақтың ұлттық бас киімдері" атты туынды суретшінің қылқаламының арқасында толыққанды образдарға, біздің бүгінгі тіршілігіміздің қажетті, құрамдас бөлігіне айналады. Бұл туындысы арқылы суретші ата-бабаларымыздан мирас болып қалған ұлттық бұйымдарымыз арқылы келер ұрпақты өзінің салт-дәстүрін сүйетін, саналы ұрпақ болып өсулеріне азда болса өзінің үлесін қосты деп айтала аламыз.

Мына бір «Көктем және күз» деп аталатын натюрморты да ерекше. Терезеден көктем, құлпырған өмір көрінеді. Кенепті түгелдей гүл ашқан алма ағашы алып жатыр. Көктемгі бақ көгілдір ауа күн шуағына малынып тұр. Ал терезе алдындағы табақта үлкен қызыл алмалар жатыр. Оның қызыл түсі бақтың көгілдір реңімен әдемі үйлесім тапқан. Бұл натюрморты көргенде көктемгі табиғатты тамашалап, жер рызығының дәмін татқандай боласың.

Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуына ат салысқан орыс суретшілерінің бірі Илья Иванович Машков еді. XX ғасырдың басындағы кескіндемедегі батыл новатор, тамаша шебер, оның туындылары кеңес өнерін байытқан, кейіннен аты шыққан суретшілерді оқытқан тәжірибелі педагог болды. «Алмұрт пен алмалар», «Натюрморт ананаспен», «Натюрморт жүзіммен», «Натюрморт. Қызыл түстегі жейдектер» атты натюрморт жанрында жазған туындылары бар. Суретші қоршаған дүниені халық шеберлерінің көзімен көргісі келгендей. Ол заттарға терең үңіліп, олардың тұрақтылығын анықтау үшін батыл жазады. Кенептің ортасында түрлі-түсті ірі жемістер қоршаған жан жағында алмасы бар ананас салынған тәрелке. Суретке үстінен қарағанда «кеңістігі тар» сияқты болып көрінеді.

«Натюрморт ананаспен» деген жұмысында түстің маңызы өте зор, ал жарықтың, заттың формасын жеткізуші рөлі екінші орында тұрады. Қылқалам шебері өзінің жұмыстарында үстел үстіндегі жеміс-жейдектерді әдемі мерекелік көрініске айналдыра біледі. Сонымен бірге ол кескіндеме тілімен басқалар жеткізе алмайтын заттардың сапасын көрсете алады. Оның натюрмортында хош иісті оттай лаулаған қызғылт апельсин, қып-қызыл раушан гүлдері, құлпынай, шырыны тамып тұрған кесілген лимон, қарбыз, ананас, асқабақ сықты жеміс-жейдектердің бірнеше түрін кездестіре аласың.

Қазақстанның сұлу табиғатын шабыттана суреттеген қылқалам шеберінің бірі – Үкі Әжиев еді. Талантты суретшіні қазақтың бірінші акварелист-суретшісі деп атайды. Шебердің өзі ұстазы әрі замандас досы Әбілхан Қастеевтің ізін басушымын деп қана дабырайтпай айтады өзін. Әлемді эпикалық, баяндау етіп қабылдайтын Ә.Қастеевтен Ү.Әжиевтің ерекшелігі - әрбір заттың талабына сай, ештеме қоспай және қайта жазбай, дәлме-дәл қайталаудан қашқақтап, бірден жазу.

«Шаммен натюрморт» туындысында акварель техникасын шеберлікпен пайдалана білген. Жан-жағына сәулесін төгіп тұрған шам, ваза салынған әдемі сары гүлдер, оның жанында ыдыстағы қызыл алмалар мен лимон бірін-бірін толықтырып тұрады. Қай затты алып қарасаң ад өмірдегідей анық. Суретші қолданған түстер өзінің жылылығымен адамды өзіне бірден баурап алады.

Гүлфайруз Исмайлова Қазақстан бейнелеу өнеріне өзіндік қолтаңбасымен із қалдырып кеткен дарынды суретшілердің бірі. Қылқалам шебері пейзаж бен портрет жанрына қоса натюрморт жанрына да қалам тартты. Оның натюрморт жанрында

жазған туындыларының бірі 1967 жылғы “Бас киімдер” (Халық шеберлері триптихінің бір бөлігі) атты туындысы. Бұл жұмыста суретші қазақ халқының ұлттық бұйымдарын насихаттайды. Ата-бабаларымыздан қалған құнды дүниелеріміздің сұлулығын, көркемдігін әлемге паш ете білді.

“Бас киімдер” атты натюрмортында суретші бірінші көрініс үш бірдей қазақ қыздарының ұлттық бас киімдерін бейнелеген. Туындыны тамашалап қарағанда көзімізге бірден ортада тұрған қыз баланы ұзатқанда киетін сәукеле түседі. Қанық қызыл түсте бейнеленген сәукеле өзінің әсем әшекейлерімін, ұлттық оюларымен ерекшеленіп тұрады.

Бас киімдерді олардың жанында тұрған зергерлік бұйымдардың толықтырып тұруы туындының халқымыздың ұлттық құндылықтарға толы екендігін тағы бір мәрте паш ете түседі.

Бойжеткен қыз балалардың ата-бабаларымыз үлде мен бүлдеге орап, оларға ерекше ілтипатен қарағандары белгілі. Олардың қолға тағатын білезіктері, мойынға тағатын тұмаршалары, қыпша белдеріне тағатын әсем белдіктері ұлттық ою-өрнектерге толы. Талантты да танымал қылқалам шебері Г.Исмайлованың осындай баға жетпес көркем туындыларын қарағанкезде қазақ халқының тұтастай бір ғұмырын көз алдымызға елестетіп өткендей боламыз.

Сабақ барысында суретшінің натюрморт жанрында жазылған кез-келген шығармаларына талдау жасай отырып студенттердің ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпақтың бойына сіңіре аламыз /3/.

Қазақстан Республикасы суретшілер одағының мүшесі, бірнеше хылықаралық және Республикалық көрмелерге қатысқан дарынды қылқалам шеберінің бірі Е.А.Бейсенбина өзінің натюрморт жанрын шеберлікпен сала білген. Суретшінің натюрморт жанрында жазылған қай туындысын алып қарасаң да жансыз заттардың өзін тамаша көрсетеді. Мысалы 2002 жылы жазылған “Көк күз” атты көркем туындысы көкөністерден (пияз, сарымсақ, қызылша, көкшаңбыр т.б.) құралған. Туынды аты айтып тұрғанай толығымен суық көк түске бағындырылған.

“Жүзім мен алмалар” (2005) атты туындысы толығымен жеміс-жидектерден құралады. Күз мезгілінің берекелі де мерекелі шағын тап басып көрсете білген. Дастархан толы жомарт даланың берген тағамдарымен толып тұр. Көздің жауын алатын мөлдіреп пісіп тұрған жүзімдер, әр жерде шалылып жатқан алқызыл алмалар, жасыл жапырақтар мен үшып жүрген көбелек те соншалықты шынайы суреттелген. Сан алуан түстерге бай натюрморт өзінің шынайылығымен, әдемі орналасуымен ерекшеленіп тұр. Сары, қызыл, ақшыл сары, жасыл сияқты бірнеше түстер өзара үйлесім тауып, ортақ бір жылы түске бағынып тұр. Е.А.Бейсенбинаның “Жүзім мен алмалар” туындысынан суретшінің өзіне тән нәзіктігін байқауға болады.

Натюрморт жанрында жазылған қандай туындыны алып қарасаң да өмірдің шындығын, суретшілердің шынайылығын аңғаруға болады. Жоғарыда аталған талантты суретші Е.А.Бейсенбинаның туындылары арқылы қазақ халқының кең пейілді жомарттығын көрсете отырып, жас жеткіншектердің бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншіліктері мен талғамдарын қалыптастыруға болады.

Сыртқы дүниені жаңа ақпараттық өркениет жайлап, зор ақпараттық үрдісті бастан кешіріп жатқан қазіргі заманда таным және өзін-өзі илану құралы ретінде, әлем жайлы тұтас ұғымға ие болу, ондағы адамның өз орнын табу тәсілі ретінде, біз өнерге қайта-қайта бет бұрамыз. Шығармашыл, белсенді, рухани бай, эстетикалық тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыруда бейнелеу өнерінің атқаратын қызыметі шексіз /4/.

Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жас жеткіншектерге жан-жақты эстетикалық тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету адамзат қоғамында бұрын соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге жалпы әлемдік рухани құнды иеліктерді бағалай білуге тәрбиелеу жақтары қарастырылған.

Еліміздің әлеуметтік-мәдениеті, халықтың эстетикалық талғамы өскен сайын, қоғам дамуының барлық саласындағы болып жатқан өзгерістерге сай білім беру деңгейі де өзгеріп, әлеуметтік мағынасы жоғары жаңа талаптар жүктеледі.

Рухани мәдениетті байытуға, оның ішінде, көркемөнер мәдениетін дамытуға, бейнелеу шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болатын, өз бойында өткеннің эстетикалық тәжірибесін сақтаған, оның басты және мәнді белгілерін сіңірген бейнелеу өнері болып табылады. Бейнелеу өнерін оқыта отырып жастардың шығармашылық қабілетін дамытып, көркемдік талғамын қалыптастыру қай кезде болмасын өзінің өзектілігін жоймайды.

Қазіргі кезде әр халықтың мақсаты өздері өмір сүретін ортаның рухани, мәдени интеллектуалына және әлеуметтік дәрежесіне, білімділік деңгейіне лайық қоғам құру екені мәлім. Сондықтан барынша еліміздің жастарға жаңа заман талабына сай толық та сапалы білім беру өрелі өскелең жастарды тәрбиелеу өнерді насихаттаудан басталатынына күмән келтірмейді. Ал оқытушының жеке тұлғаның келешектегі білімінің сәтті болып, жан-жақты дамуына жауапты екені мәлім.

Қорыта айтар болсақ, бейнелеу өнері арқылы әсемдік талғамын қалыптастыру, көркем туындыларымызға бүгінгі күнгі суреткердің көзімен қарай білушілікті дамыту бүгінгі жас ұрпақ бойына көркемдік талғам мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың іргетасы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбенбаев С.Ш. Ұлттық-эстетикалық мәдениет негіздері. – Алматы: “Дарын”, 2001
2. Есмаханов А.А. Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері. – Алматы: Атамұра, 1998
3. Қазақстан өнері: Есімдер достастығы. – Алматы: Атамұра, 2005
4. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. - Алматы: “Комплекс”, 2000

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстандық қылқалам шеберлерінің туындылары арқылы көркем тәрбие бере отырып, патриоттық рухта тәрбиелеудің жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается эффективность воспитания у студентов патриотического духа, изучая работы казахстанских художников.

ӘОЖ 391.9

ТҮСТІҢ АДАМҒА ӘСЕР ЕТУ ПСИХОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Умирбекова С.Т. – магистр, оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ежелден тұлға өмірінде түстің үлкен роль ойнайтыны белгілі. Эмоциональді түрде сезімдерімізге әсер ете отырып, ол қоршаған ортаны түгелдей қабылдауға көмектеседі. Болашақ костюм мамандары өздерінің шығармашылық іс-әрекеттерінде өз түстерін көре білуі керек, олардың нюнсын және бояуын ажырата алуы, киімдегі жаңа түсті үйлесімділіктердің құрылуы үшін, түсті гаммасын ұштастыра келістіру қажет.

Түс-сәнді киімнің жаратылуындағы қажетті элементтердің бірі. Түсі бойынша біз оның - спорттық, қыстық, жаздық және т.б. белгілерін айыра аламыз, өйткені әдетте костюм түсі белгілі бір бағыттылықты көрсетеді: қыс үшін тоқтау тондар, жаз үшін-ашық, жарқын және т.б. түстер.

Қыс. Бұл типтегі адам табиғи бояудың тазалығын, айқындығын көрсетеді. Осы типке жататын адамдар көбінесе аппақ, мұз тәріздес көгілдір, лимон түсті немесе қызыл, қанық көк түстер.

Жаз. Типіне жататын түстер көбінесе аралас түстерден құралады. Оған көгілдір, изумруд тәрізді жасыл, бөтелке ашық сары, түстер гаммасы, яғни жиынтығы кіреді.

Күз. Типіне жататын адамдардың сыртқы бейнесі қанық (айқын) әрі жылы бояуға толып тұрғандай күйге енгізеді. Бұл типке салқын түстер, яғни сұрғылт, көгілдір түстер сәйкес келмейді.

Түстің әсері арқылы адам организмі сыртқы ортаға қарай кеңіне түседі немесе одан жоғалып кетеді және сол жағдайда өзіне-өзі консентрленеді. Біздің психикамызға түстің әсер етуін түсіну үшін, негізгі түстанудың белгілі заңдарының жалпы бейнесін білу қажет /1/.

Суретшілер мен көрермендердің түсті қабылдауы арқылы әртүрлі реакцияларды туғызуы мүмкін, бұлардың барлығы тұлғаның эмоциональді дайындығына ішкі жағдайына байланысты.

Әр адамның түр-түсіті қабылдау ерекшелігі әр түрлі екенін, бұл қасиет адам мінезіне, жасына, көңіл күйіне және басқа да жайларға байланысты. Түр – түсті біз бір-бірімен салыстыра отырып ажыратамыз. Олардың біреулері адамға «жылы» көрінсе, енді біреулері «суық» болып көрінеді. Осыған орай түстерді «жылы» «суық» деп бөлінеді.

Сары түс адам бойын сергітеді, көңілдендіреді, ол көк түске қосылып жасыл реңге ауысқанда шалғын шөпті, жасыл орманды, салқын саяны, табиғаттың жанға жайлы тыныштығын елестетеді.

Ақ түс ежелден кіршіксіз тазалықтың белгісі болып саналған, сонымен қатар халқымыз оны адалдық пен берекенің белгісі деп есептейді. Біздің салт-санамызда, әдет-ғұрыптарымызда ақ түске байланысты көптеген қоғамдық символика бар. Адамға көк немесе көк жасыл түске боялған бөленің температурасы қызғылт үске боялған бөлмеден 3-4 градусқа суықтау болып көрінеді /2/.

Түр-түстердің ашықтығы (жарықтығы) мен қараңғылығы (күңгірттігі) да адамға әр түрлі әсер етеді. Мәселен, қарағы, күңгірт, қою реңкті заттар (тау-тас, орман, тоғай т.с.с) жерде болса, жеңіл де жарық заттардың бәрі (күн, ауа, бұлт т.б.) аспада. Бұл заңдылық үйіміздің ішкі бояу – нақыштарынан да байқалады. Бөлменің төбесі ақ, қабырғалары жарық реңкті боялса, сыртқы іргетасы, едені, әдетте қоңыр, күңгірттеу түстерге боялады. Ең алдымен адамның көңіл – күйіне, психологиясына, эстетикалық талғамына сай болуы керек. Бұдан біз жалпы табиғаттағы үйлесімділік заңы адам мен оны қоршаған орта арасында да қатаң сақталуы қажет екендігін аңғарамыз.

Біз қай түс туралы айтсақ та, оның суық немесе жылы саналатын жалпы белгілерін ескереміз, өйткені түс жеке түрде ешқандай мағынаға ие болмайды. Контрастың құбылысы және қоршаған орта бір түстің екіншісіне деген жақсы қасиетін белгілейді /3/.

Түстің әсері арқылы адам организмі сыртқы ортаға қарай кеңіне түседі немесе одан жоғалып кетеді және сол жағдайда өзіне-өзі консентрленеді. Біздің психикамызға түстің әсер етуін түсіну үшін, негізгі түстанудың белгілі заңдарының жалпы бейнесін білу қажет.

Тұлғаның демалысымен және еңбек шығармашылығы түспен байланысты. Біз айналадағы жағдай демалуға және көңіл бөлуге көмектескенде қуанышпен еңбек ететінімізді білесіз, сондай-ақ түсті гамманың таңдалынуы, түс декоративтілігі физикалық және жүйке жүйесінің шаршауын түсіруге көмектеседі.

Суретшілер мен көрермендердің түсті қабылдауы арқылы әртүрлі реакцияларды туғызуы мүмкін, бұлардың барлығы тұлғаның эмоциональді дайындығына ішкі жағдайына байланысты.

Түстер жиі әр қилы формалармен дауыспен, қозғалыспен байланысады. Сол сияқты музыкалық елестің түсті музыкалық туындаушы әкеп соқты.

Болашақ костюм мамандары өздерінің кәсіби шығармашылығында зерттеулер мен тәжірибенің нәтижесінде қорытылған заңдар мен ережелерді ескеру қажет.

1. Қосымша немесе контрасты түстер-жасылдың қызылға,көктің қызғылт сары түске, сияның сарыға және т.б. үйлесімі арқылы өзінің интенсивтілігін және ашықтығын көтереді, қосымша түстердің үйлесімі арқылы контрасты түстер алынады.

2. Түстер жылы және суық болып бөлінеді. Сары түстің қосылуынан жылы түстер, ал көк түстің қосылуынан суық түстер алынады.

Біз қай түс туралы айтсақта, оның суық немесе жылы саналатын жалпы белгілерін ескереміз, өйткені түс жеке түрде ешқандай мағынаға есе болмайды.Контрастың құбылысы және қоршаған орта бір түстің екіншісіне деген жақсы қасиетін белгілейді.

Негізгі түстер тіпті нейтральді (түссіз) болуы мүмкін, және түс қандайда бір түске қарай «жылжыса» (сарыға немесе көкке) біз оның көрінетін ерекшеліктері жайлы сөз етеміз. Мысалы, қызыл түс суық та жылыда бола алады. Егер оған көк қоссақ, суықтау түс аламыз, ал сары қоссақ, жылырағын аламыз.

3. Түстің мінездемесін анықтай отырып, оның түсті тонын, ашықтығын және қанықтығын ескереміз.

Тұлғаның демалысымен және еңбек шығармашылығы түспен байланысты. Біз айналымдағы жағдай демалуға және көңіл бөлуге көмектескенде қуанышпен еңбек ететінімізді білеміз, сондай-ақ түсті гамманың таңдалынуы, түс декоративтілігі физикалық және жүйке жүйесінің шаршауын түсіруге көмектеседі.

Жеке жұмыс орнының жабдықталуын жобалай отырып, суретші – дизайнерлер түстердің бірігуіне, бүкіл композицияның ұйымдастырылуына шектелмеген мүмкіндіктер қолдана, жалпы ғимараттан немесе өндірістік орынның толықтай ойып жаратуға тырысады.

Эмоциональді- психологиялық ортаның жаратылуы, тек қана өндірісте және қолданысқа емес, сондай-ақ кез – келген қоршаған жағдайда қажет. Көп мүмкіндікті кештерді, мерекелерді, көрсетілімдерді безендіруде және т.б. таңдап алынған әрбір кеңістік ерекше түрде ұйымдастырылған оқиға мен үйлесуі керек.

Әр түрлі түстің керемет ғажайып күшін, әсерін барлық жерден байқауға болады. Түс әрқашан да жай, қарапайым немесе күрделі сигналдарды, белгілерді, ал біз оларға іштей реакция жасаймыз. Түс өзіне тартады немесе жеркеніш туғызды, тыныштандырып, қызықтырады немесе сезіміңізді қоздырады.

Түстердің барлық реңктері беретін сигнал, белгілерін түсінгенде, оларға реакция жасап қана қоймайсыз, сонымен бірге оларды саналықпен пайдалана алатын боласыз. Түстер беретін сигналдарды белгілі бір әсерді қалыптастыру үшін, соған орай қалаған реакцияны қабылдауды үйренесіз.

Қызыл - спектр түстерінің ішіндегі қызыл түс өте күшті физиологиялық реакция - жүрек соғуының жиілеуін - береді екен, қызыл түстің жанынан оған назар аудармай өтуге болмайды, ол түс бірден өзіне назар аудартады және адамды өзіне тартады. Қызыл түс-негізгі түс. Кейде ол адамда жылулық сезімін тудырады.Қызыл түсті көп пайдалансаңыз, ол басқаларды шаршатып, ашуландыруы мүмкін.

Сары түс - сары түс спектрдің басты негізгі түстерінің ішінде өте ашық болғандықтан, адамды алаңдатады және өзіне назар аудартады.

Бұл түс адам алдымен аңғарады. Сары түске қара бояумен жазылған жазуды оқу да жеңіл болады. Сары түс әрқашан жаңалық әкелуші, ерекше, айырықша, қызық туралы белгі береді. Егер сіз айналаңыздағы адамдардың көңілін көтеріп, таң қалдырғыңыз келсе, сары түсті пайдаланыңыз.

Жасыл түс - әр алуан белгілерді жібереді. Егер бұл түсте сары түс басым болса, ол адамды қоздырады да, көк түс басым болса., адамды тыныштандырады. Қоңырқай жасыл түс босаңсуға көмектеседі. Ол беріктілік пен сенімділік сезімін орнықтырады.

Көк түстер - суық түске жатады, қызыл және жасыл түске қарағанда өзінен адамның назарын бірден басқа жаққа аудартып әкету күші бар.

Көгілдір және көк түстер- көгілдір түс адам үшін өте қолайлы, тыныштаңдырып, жанын жай таптырады. Ол түс – аман-саулықтық белгісі. Бұл түс тұрақтылық пен ойға шамуды, берілген адалдық, намыспен байланысты. Ашық кобальт - көк және қызыл түстің үйлесімі, өте терең, адамды қызықтыратын түс болып саналады. Көгілдір аспан бізге өте әдемі, тамаша көрінеді, ал көк теңіз - тыныштандырып, көзді қуантатын түсті болады. Ал көк түске шамалы ақ түстен қоссаңыз, романтикалық көгілдір түске қол жеткізесіз. Қызыл түстен қосаныз - ғажап, керемет, бай, таңдаулы реңк аласыз. Көк түс басым болғандықтан, үлкен кеңістікке өте келмейді.

Күлгін түс - қызыл түстің энергиясы мен көк түстің әдемілік, кербездігінің қосындысы. Мұндай реңк сіздің әдеттен тыс, сирек кездесетін қабілетіңізді айырықша көрсетеді. Бұл түспен шаадан тыс әуестенудің қажеті жоқ, сіздің өзіңіз де жасандылық танытып, табиғилығыңызды жоғалтқандай көрінесіз.

Ақ түс- ақ түс немесе пигментті дақтардың толығымен болмауы, әдете тазалықпен, жаңалықпен, тыныштықпен, жоғары қабілеттіліктермен байланысты.Егер сіз қарапайымдылықты, тазалықты және күшке ерекше көңіл аударғыңыз келсе, ақ түсті пайдаланыңыз.

Сұр түс- классикалық бейтарап түс. Сұр түс барлық түстерді бейнелейді, ол түсте ешқандай түске басымдық берілмейді. Бұл фон жасау үшін таптырайтын түс. Сұр түс ескі, іш пыстырарлық, қызықсыз болып көрінуі мүмкін. Бірақ басқа бейтарап немесе ашық түстерен үйлесін тапса, сұр түс күшті, қуатты, әдемі және ерекше болып көрінеді.

Қара түс - сырбаздықты, кербездікті, әдемілікпен байланысты. Бұл түс қазіргі заманға қала әйелдерінің басты түсі болып табылады.Әйелдер іскери кездесулерге қара костюм киеді. Қара түс басқа түстермен керемет үйлеседі, сонымен қатар сіздің сыбатыңызды ерекше бөліп көрсетеді. Қара түс әрқашан күш, қуат, билік және жоғары, биік талғамды білдіреді.

Қоңыр түс- күшті және қуатты түс саналған, бірақ қара немесе ақ түс сияқты мықты емес. Қоңыр түс ақ пен қараға қарағанда анағұрлым бейресми болып келеді. Егер сіз батыл, толық сенімде болғыңыз келсе, қоңыр түсті пайдаланыңыз.Қоңыр түстер адамды тыныштандырып, көкірегіне сенім орнатады.Анағұрлым ашық түстермен сәйкестендіріп қолдану керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А. Василевская. Специальное рисование. 1989.
2. С.А. Жолдасбекова. Костюм композициясының практикумы. 2005 ж.
3. Ивенс Р.М. «Введение в теорию цвета» Мир, Москва – 1964 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада түстің адамға әсер ету психологиясының зерттелуі жайында қарастырлған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается исследование психологического влияния цвета на человека.

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

ӘОК 338.781

Ж 69

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІН БІРГЕ ҚАЛАЙМЫЗ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айнакулов С.Ж. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Елбасы елімізді демократиялық-құқықтық мемлекет ретінде дамытып қалыптастыруда аянбай еңбек етуде. Биылғы жолдауда да бұл мәселе тыс қалған жоқ. Соңғы бес жылда ғана құқық қорғау органдарына 160 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп , олардың әлеуметтік қамтамасыз етілуі екі есе өскен. Президент тапсырмасы бойынша құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Ол үлкен жұмыстар атқарды. Әлеуетті құрылымдардың жұмысына қызметтік талдау жасалып, проблемалар мен олқылықтар анықталды. Ауқымды әлемдік тәжірибе зерттелді. Құқық қорғау органдарының қазіргі бар құрылымы, бірқатар функциялар мен өкілеттіктер қоғамда қалыптасқан нарықтық қатынастарға сай келмейтінін айтқан жөн. Құқық қорғау органдарының қызметі басқару жүйесінің ебедейсіз үлкендігімен, қызметтердің қайталануымен және астасуымен сипатталады. Сапалық көрсеткіштерді сандық көрсеткіштермен алмастыру орын алған. Қазіргі бар бағалау өлшемдері олардың қызметтік міндеттерін шешуге бағытталуына жәрдемдеспейді. Осының бәрі халықтың құқық қорғау органдарына, ал солар арқылы тұтастай билікке деген сенім деңгейіне салқынын тигізуде. Үстіміздегі жылы Президент Әкімшілігіне түскен азаматтардың хат-хабарларының үштен бірі құқық қорғау органдары мен соттардың іс-әрекетіне шағымдар болған. Реформалаудың бұған дейінгі барлық әрекеттері күткен нәтиже бермеді. Реформаның шынайы мақсаттары науқаншылдықпен алмастырылып, соған теңдестірілді. Тар ведомствошылдық мүдделер, бұрынғы, көп ретте әлі кеңестік тәртіпті сақтап қалу тілегі жалпы мемлекеттік мүдделерден асып түсіп жатты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметке, Президент Әкімшілігіне, құқық қорғау органдары мен соттарға мынадай негізгі бағыттар бойынша шаралар жүргізуге дереу кіріскендері жөн екендігін атап көрсетті.

Бірінші. Реформаның шешуші мәселелерінің бірі құқық қорғау органдарының құзыретін айқын шектеу және оларды сай емес қызметтерден босату, қылмыстық істерді тергеу жүйесін оңтайландыру және құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру болып табылады. Осыған орай ІІМ-нің медициналық айықтырғыштарға қатысты қызметтер мен өкілеттіктері Денсаулық сақтау министрлігіне, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары Білім және ғылым министрлігіне, көлік құралдарын техникалық тексеру жүргізу бәсекелестік ортаға, ал оны өткізуді бақылау жөніндегі өкілеттіктер Көлік және коммуникация министрлігіне, ІІМ-нің күзет қызметі саласындағы өкілеттігі, айрықша маңызды стратегиялық нысандарды күзеттен басқалары, бәсекелестік ортаға беріледі. Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратура олардағы бар үш өңірлік көлік құрылымдарын осы органдардың орталық аппаратына кіретін бір құрылымға біріктіргендері жөн. Үкімет көші-қон үдерістерін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру, көші-қон ағымдарын бақылауды қатаңдандыру үшін ІІМ құрылымында Көші-қон полициясы комитетін құруы тиіс. Есірткіге салынушылықпен және есірткі бизнесімен күресті күшейту үшін ІІМ-нің Есірткі бизнесімен күрес жөніндегі комитетіне осы мәселені жүзеге асыратын өңірлік бөлімшелер тікелей бағыныстылығына беріледі. Ішкі істер министрлігі әкімшілік тұтқындауды атқару жөніндегі қызметті кезең-кезеңмен Әділет министрлігіне өткізеді. Осылайша ішкі істер органдары оларға тән емес қызметтерді атқарудан босатылады.

Бізге аса маңызды жүйелік қадам жасауға – Криминалдық полиция комитеті мен Тергеу комитетін қосу арқылы ІІМ-нің Тергеу жөніндегі комитетін құруға тура келеді, деді Елбасы. Осындай біріктірудің нәтижесінде қылмысты тергеу тиімділігі артуы тиіс. Осының бәрін атқармастан бұрын облыстардың бірінде қанатқақты жобаны іске асыруға болады. Алайда мұны жасауға тиіспіз, өйткені бұл – әлемдік тәжірибе.

Трансұлттық есірткі қылмыстарынан басқа барлық есірткі қылмыстарын тергеу ІІМ-ге беріледі, ал экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды толықтай Қаржы полициясы тергейтін болады. Ұлттық қауіпсіздік комитеті тікелей ұлттық қауіпсіздікке байланысты қатерлер мен қылмыстарды тергеуге шоғырландырылады. Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі комитеті жойылып, оның негізінде Жоғарғы Сот жанындағы Сот қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департамент құрылады.

Екінші. Құқық қорғау реформасының басқа бір маңызды бағыты құқық қорғау органдарының аппараттарын оңтайландыру болып табылады. Бұл міндетті шешу үшін Үкіметке штаттық бірліктердің оңтайланған санын есептеп, оңтайландыру жөнінде нақты ұсыныстар енгізу қажет. Орталық және облыстық буындағы басқару аппараттарын қысқарту есебінен құқық қорғау органдарының қалалық және аудандық бөлімшелерін нығайтқан жөн.

Үшінші. Үкіметке Парламентпен бірлесіп заңнамалық базаны жетілдіру, оны түзету жөнінде көп жұмыс істеуге тура келеді. Бәрінен бұрын, – деді Елбасы, – қылмыстық саясатты ізгілендіру мәселелерінде табанды түрде ілгерілеу керек. Құқық қорғау органдары тарапынан болатын қыспақтан бизнесті қорғау және бизнестің дамуын ынталандыру үшін экономикалық саладағы қылмыстарға айрықша назар аударылады. Рейдерліктің, өзгенің меншігін басып алудың жолына тосқауыл қойылады. Кәсіпкерлерді тексеру құқығы бар мемлекеттік органдар тізімі қысқартылады. Осы шаралардың бәрі бизнестің мемлекетке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік беріп, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыратын болады.

Құқық қорғау қызметін өтудің бірыңғай құқықтық қалыптары және қызметкерлерді әлеуметтік қорғаудың бірыңғай ұстанымдары, сондай-ақ судьялар мен судьялық қызметке кандидаттарға жоғары критерийлер енгізіледі. Құқық қорғау жүйесін бейимилитаризациялау жөніндегі жұмыстан бастаған жөн. Мыңдаған адамдар іс жүзінде қосалқы және қызмет көрсету функцияларын атқара жүріп, погон тағады. Погонды әр ведомствода негізгі функцияларды атқаратындар ғана тағуы тиіс, деп атап өтті Президент. Келесі кезекте біз әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, бұл мәселені қарастыратын боламыз. Бұл ретте қызметкерлердің мүдделерін ескеріп, олардың жалақыларының және кадр құрамы сапасының төмендеуіне жол бермеу қажет.

Төртінші. Мүдделі мемлекеттік органдарға республикада жеке детективтік қызмет институтын ендіру мәселесін әзірлеп, бұл жөнінде ұсыныс енгізілуі керек.

Бесінші. Жергілікті атқару органдары (әкімдіктер) реформадан тыс қалмайды, оларға құқық бұзушылықтың алдын алу және құқық тәртібін қамтамасыз ету жөнінде жоғары жауапкершілік жүктеледі.

Алтыншы. Мемлекеттік комиссия өз жұмысын жалғастырып, аталған Жарлықтың іске асырылуын қисынды аяқталуға дейін жеткізуі керек.

Осылайша Қазақстанда тұңғыш рет жеке детективтік қызмет институты, яғни адамдардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты қызмет атқаратын жекеменшік сала құрылатын болды. Бұл - мемлекеттік органдармен қатар, жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге өте қажетті қызмет. Өйткені бүкіл әлемнің алып елдерінде осы бағыт дамыған. Бұл қызмет міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтеді және мемлекеттік қадағалауда болуы тиіс. Себебі бұл жерде азаматтардың құқықтарына ешқандай шектеулер қойылмауы керек. Егер де азаматтардың жеке басының, отбасының құпиялары жарияланатын болса, онда мұндай детективтік қызмет біздің қоғамға жақсылық әкелмейді. Бұл арада «Жеке детективтік қызмет туралы» заң қабылдап, оның қызметін нақты белгілеуіміз керек. Бұл қызметтің

қоғамға қажеттілігі ерекше сезіліп тұр. Азаматтардың барлығы құқық қорғау органдарына шағымдану арқылы өзінің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын көп жағдайда қалпына келтіре алмайды. Сондықтан мұндай жекеменшік детективтік мекемелер мен ұйымдар құрылса, бұл жалпы азаматтармен қатар, құқық қорғау органдарының жұмысына белгілі бір жеңілдіктер әкелуі мүмкін. Бүгінде көптеген азаматтар құқық қорғау органдарына көп мәселелер бойынша шағымданбайтыны тағы рас. Ал азаматтар детективтік мекемелер өкілдерімен белгілі бір шартқа тұру арқылы өздерінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіріп алуына мүмкіндік туады. Сондықтан детективтік мекемелер тәуелсіз, өз бетінше қызмет атқара алатындай деңгейде құрылуы тиіс. Оның үстіне олардың қажетті мағлұматтарды алуға мүмкіншіліктері болуы керек. Бұған барынша мүмкіндік берумен қатар, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындап беруіміз тиіс. Сонда ғана детективтік мекемелердің қызметі алға басады.

Жалпы, бұл мәселенің қоғамда талқыланып жүргеніне біраз болды. Осыдан төрт-бес жыл бұрын тиісті заң жобасы әзірленіп, Парламент Сенатынан өтпей қалған еді. Өзінің ресми тарихын Алан Пинкертон деген шотландиялық із кесушінің 1819 жылы құрған жеке детектив агенттігінен бастау алатын бұл қызметтің қоғамға қажеттілігі мен тиімділігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, АҚШ-та жеке детективтер азаматтарға іздестіру қызметін көрсетумен қатар қылмыскерлерді тұтқындауға, тінту жүргізуге, арнайы электронды құралдарды пайдалануға құқылы. Сонымен қатар, олар қоғамға қауіпті қылмыстар жөнінде мәліметтер жинап, құзырлы органдарды хабардар ете алады. Құқық қорғау органдарының тапсырмасы бойынша күдіктіге қарсы дәлелдер жинау мүмкіндігі де бар, жеңіл қылмыстар бойынша тергеу жүргізе алады. Ұлыбритания мен бірқатар Еуропа елдерінде жеке детективтердің алаяқтық, ұрлық, кәсіпорындарда ұшырасатын өнеркәсіптік тыңшылық сияқты қылмыстарды тергеу мен ашуда кәсіби біліктілігі соншалық, іс адамдары мен кәсіпкерлер мемлекеттік полициядан гөрі детективтерге көбірек сенім артады екен. Оның себебі – мемлекеттік органдарға тән бюрократия шырмауығымен және сылбырлықпен қатар, қылмыстық оқиғаның орын алғаны туралы жағымсыз ақпараттың таратылып кету қаупі де бар. Ал, егер кәсіпорынның беделіне нұқсан келсе, ол қылмыстың зардабынан да артық шығынға алып келуі әбден мүмкін. Бұл тұрғыдан жеке детективтердің қызметі толық құпиялылыққа негізделген. Олардың қызметіне деген сұраныс Германияда жеке із кесушілердің санының мемлекеттік полиция қызметкерлерінен екі есе артуына алып келген. Жапонияда жеке із кесушілер жеңіл қылмыстарды ашумен қатар лаңкестікпен және ұйымдасқан қылмыспен күрес жүргізуге де қатысады. Францияда ресми 300-ге жуық жеке детективтік бюро тіркелген. Көріп отырғаныңыздай, жеке детективтер ресми құқық қорғау органдарына бәсеке болатындай деңгейге жеткен. Біздің құқық қорғау саласындағы тәжірибемізге қарасақ, бүгінгі күні азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда бәсекеге негізделген тиімді жүйені қалыптастыру мақсатында жеке адвокаттық қызмет пен құқықтық кеңестер, жеке нотариустар институты енгізіліп, олар бұл күнде халыққа қызмет етуде. Бұған қоса экономикалық дауларды шешудің мемлекеттік емес баламалы түрлері – аралық және төрелік соттар жұмыс істейді, көп ұзамай медиация институты енгізілмекші. Жеке сот орындаушылары туралы заң қабылданып, жақын арада қолданысқа енеді. Яғни, азаматтың өз еркіне сай таңдау құқығы болуы шарт, тегін мемлекеттік қызметті, әлде ақылы жеке қызметті пайдалана ма, оны өзі шешеді. Әрине, мұны мемлекет қамтамасыз етуге тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда жеке із кесушілердің қызметіне де рұқсат беретін мезгіл жетті.

Жеке детективтік қызметті енгізудің ең басты шарты – Конституциямен қорғалатын азаматтардың жеке өмірі құпиясына қол сұқпауды қамтамасыз ету. Детективтік қызметті адам құқықтарының сақталуымен шебер ұштастыра білген жөн.

Тағы да бір көтеріліп отырған басты мәселелердің бірі – ол медиация институтын дамыту. Қазақстанда медиация, яғни қайта қалпына келтіруге бағытталған әділ сот жүйесін енгізу еліміздің қылмыспен күрес саласындағы саясатты ізгілендірумен

байланысты қолға алынып отырған шара. Медиация - дәнекерлік, ол дегеніміз шиеленіс тараптарына оны соттық, немесе соттан тыс кезекте шешуде өзара тиімді жағдайларға қол жеткізуге қолдау көрсетеді. Медиацияны енгізуде бірінші кезекте ескеретін мәселе, ол - әділ сот қалыптастыруға бағытталған өте кең көлемді мәселелерді қамтитын күрделі жүйе. Сондықтан оған байланысты қабылданған шешімдер де жан-жақты сараланған әрі салмақты болуы тиіс. Аталмыш жүйенің орнын Қазақстанда бұрын билер институты атқарып келген. Яғни, оның тарихи алғышарттары бар. Қорыта айтқанда, медиация бүгінде сот процесінде болып жатқан көптеген мәселелердің оңтайлы шешімін табуына ықпал етеді. Сондықтан да оның болашағынан күтілетін үміт зор.

Ойымызды қорытындылай келгенде құқық қорғау жүйесін реформалау барысында қылмыстық заңнама тұрақтандырылып, қоғамға үлкен қауіп туғызбайтын қылмыстар, оның ішінде экономика саласындағы қылмыстар әкімшілік құқық-бұзушылық санатына ауыстырылады және оны жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті, оның ішінде әкімшілік прюдицияны енгізу жолымен күшейте отырып, қылмыстық сипаттан арылады. Сондай-ақ, жазаларды жұмсарту арқылы жекелеген қылмыстардың ауырлық дәрежесі қайта бағаланады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде бітімгерлік рәсімдерді кеңейтуге, оның ішінде медиация институтын дамытуға бағытталған жұмыстар атқарылады. Сонымен бірге, жеке және ашық айыптаудың қылмыстық істерінің санаты кеңейеді. Мемлекетке зиян келген жағдайда, тараптардың бітімге келуіне байланысты адамдарды қылмыстық жауапкершіліктен босату тәртібін реттеу әрі онша ауыр емес және ауырлығы орташа экономикалық қылмыс жасаған адамдарға қамауға алу түріндегі шара қолдануды шектеу, сондай-ақ, келтірген зиянды өз еркімен өтеген жағдайда оларды қылмыстық жауапкершіліктен босату жайы да көзделген. Реформа барысында азаматтардың және ұйымдардың, сондай-ақ, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін жедел және әділ қорғауды қамтамасыз ету мақсатында сот ісін жүргізуді жетілдіру мен оңайлатуға, сотқа дейінгі іс жүргізуде соттың бақылау шегін кеңейтуге бағытталған іс-шаралар жүргізіледі.

Сот төрелігін іске асырудың негізгі принциптерін сақтай отырып, соттарға сот талқылауының дайындық сатыларында сотқа дейінгі іс жүргізудің олқылықтарын толтыру жөніндегі қосымша өкілеттіктер беріледі, азаматтық-құқықтық дауларды сотқа дейін реттеу саласы және оларды шешудің балама тәсілдері кеңейтіледі. Реформаның көздеп отырған мақсаты – мемлекетімізде заңның үстемдігін орнату, заңдылықты қатаң сақтау, азаматтардың құқықтарының қорғалуына сенімділігін нығайту болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 28.01.2011жыл

2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 2010 жылдың 17 тамыздағы №1039 жарлығы

3. «Құқық қорғау жүйесін реформалау біздің азаматтарымыздың құқығын әділ және шынайы қорғауды қамтамасыз етуге тиіс» Егеменді Қазақстан 18 тамыз 2010 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына жолдауы негізінде Қазақстандағы құқық қорғау жүйесін реформалау мәселелері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмаириваются проблемы реформирования правоохранительной системы в Казахстане на основе послания президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Построим будущее вместе!»

ӘӨК 378. 147. А 32

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ахмадиева Э.М. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі күні әр түрлі проблемалы мәселелерді шешу үшін бәсекеге қабілетті және жоғары білікті мамандарға деген сұраныс өсіп отыр. Сондықтан, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіне дамыған елдерде кеңінен қолданылып отырған оқытудың технологиясы қолданылуы керек.

Интерактивті әдістер ортақ мәселенің шешімін бірлесіп іздеу қажет болған жағдайда салалық ғылымдарды зерттеуде өте тиімді болып табылады. Интерактив оқытушының алдын ала дайындалуын талап етеді, бұл – таратылатын материалдарды дайындау (маркер, ватмандар, тақта). Аталған әдістің мақсаты командалық әдіспен оқитындарға қандай да бір пәнді зерттеуде барысында нақтылы практикалық және теориялық тапсырманы орындауда көмек көрсету болып табылады.

Интерактивті оқытудың теориясы өз бастауын И.Г.Песталоццидің, А.Дистервегтің, К.Д.Ушинскийдің еңбектерінен алады. Интерактивті әдіс – бұл КССР ғұлама педагогтарының тәжірбиесін қарастыру. Бұл теория ғылыми тұрғыдан Л.С.Выготскийдің еңбектерінде дәлелденген. Оның дамуы Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконинаның және басқа да ғалымдардың экспериментальды еңбектерінде жалғасын тапқан. Олардың концепциясы бойынша оқыту мен даму бір үрдістің өзара байланысқан екі жақтарының жүйесі ретінде қаралады. Оқыту адамның психологиялық дамуының, жеке тұлғаның білу, үйрену, саналы әрекет жасау әдістері сияқты сапаларының жиынтығының адамның мінез-құлқында қалыптасуының қозғаушы күші болып табылады.

ҚР-ғы білім беру жүйесінің даму стратегиясын анықтайтын негізгі құжаттардың қатарына Қазақстан Республикасының Конституциясымен, ҚР-ның «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңдарымен, «Қазақстан-2030» Стратегиясымен, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейін арналған Стратегиялық даму жоспарымен, Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриалды-инновациялық даму Стратегиясымен, «Бала құқықтары туралы» Конвенциямен анықталған және Қазақстанның білім беру саясатының негізгі қағидалары анық көрсетілген Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйсін дамытудың жылға дейінгі Концепциясын жатқызуға болады.

Аталған Концепцияны жүзеге асыру барысында қазақстандық білім жүйесі төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- «азаматтардың бүкіл өмірінің барысына арналған білім» қағидасына өту;
- білім берудің барлық деңгейлерінің қолжетімдігі;
- нәтиже алуға бағытталған бәсекеге қабілетті, толыққанды, сапалы білім;

- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;
- білім беру жүйесінің басқа әлеуметтік салалармен және экономиканың бөлімдерімен салыстырғанда алдыда дамуы, білім беру саласының қоғамдық дамудың барлық салаларындағы әлеуметтік-экономикалық гүлденудің маңызды шарты ретіндегі басымдығын жария ету;
- педагогикалық қызметкерлердің еңбегін ыниаландырудың механизмдерін жетілдіру және оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету;
- кадрларды кәсіптік дайындауда әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- ғылыми және инновациялық қызметті дамыту;
- білім беру жүйесін қаржыландырудың нормативиті әдістеріне көшу.

Занков Леонид Владимирович (1901-1977) – Л.С.Выготский мектебінің ізденушісі, академик, педагог және психолог, өзінің оқыту үлгісін құрастырып, эксперименталды түрде дәлелдеді.

Л.В.Занковтың жүйесі XX ғасырдың 50-жылдапры пайда болып, қалыптасты. Л.В.Занковтың белсенді оқыту жүйесін жеке тұлғаның жан-жақты жекелендірілген дамуының жүйесі деп атауға болады. Оқыту үрдісінде оқушылар білім емес, олардың психологиялық эквиваленті – танымдық құрылымды меңгереді. Танымдық құрылым – бұл сол арқылы адам өмірге қарайтын, сол арқылы өмірді көретін, түсінетін сызба. Танымдық құрылымдар – сананың дамуының субстраты. Бұл салыстырмалы түрде білімнің тұрақты, шағын, мәніділігі бойынша жалпыланған жүйелі көрінісі, оларды алу және қолдану әдістері жадыда ұзақ уақыт бойы сақталады. Л.В.Занковтың әдісі әрекеттік әр түрлерін тартуды, оқытуда дидактикалық ойындарды, дискуссияларды, сондай-ақ, есте сақтау мен сойлеу қабілетінің дамуын, ойлауды және ойдан шығаруды кеңейтуге бағытталған оқыту әдістерін білдіреді.

Л.В.Занков әдісінің негізгі мақсаты – сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін ояту үшін жағдайлар жасау.

Бұл мақсатқа келесі жолдармен жетуге болады:

- Мәселелі оқиғалар үлгіленеді;
- Оқушының субъективті тәжірбиесін ашуға мүмкіндік беретін оқу үрдісін ұйымдастырудың әр түрлі әдістері мен түрлері қолданылады;
- Сабақ жоспары оқушылармен бірге құрастырылып, талқыланады;
- Әр бір оқушының сынып жұмысына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін атмосфера қалыптасады;
- Оқушылардың қателесуден немесе дұрыс жауап бермеуден қорықпай өз ойын айтуы ынталандырылады;
Қазақстан Республикасының инновациялық мәселелерге қызығуы XXI ғ-дың әлеуметтік-экономикалық дамуында ең бірінші ғылыми техникалық дамумен байланысты. Елдің негізгі экономикалық дамуына, яғни өндіріс пен ғылыми-техникалық ресурстарды жоспарлау үшін қажеттісі инновациялық қызмет. Бүгінде еліміздің экономикасының дамуының негізгі бағыты инновациялық қызмет болып отыр. Себебі, еліміз осы мәселелерді шешіп жоғары бәсекеге қабілетті алдынғы қатарлы елдер санатына қосылуы үшін, экологиялық тиімді өндірісті қамтамасыз ету және тұрақты экономикалық өсу мақсатында “Қазақстан Республикасының Индустриялы-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясын қабылдады және ол алғашқы кезден бастап ақ оң нәтижелер бере бастады.

Отандық өнеркәсіптің еңбек өнімділігі мен бәсекеге қабілетін арттырудағы табыстың айқындаушы факторы инновациялық қызмет, отандық және шетелдік ғылыми-техникалық және технологиялық әлеуетті пайдалану әрі оның негізінде бәсекеге қабілетті өндіріс құру болып табылады. Жалпы “Инновация” термині XV ғ. 1-ші жартысында пайда бола бастады. Бұл ағылшын сөзі “innovation” яғни “жандану” немесе “заттар өндірудегі жаңа технологиялар” деген мағынаны білдіреді.

Барлық өндірістерді инвестиция тарту арқылы іске қосу, кәсіпкерлікті дамыту, әсіресе шағын бизнесті мемлекеттік қолдау, ғылыми-техникалық еңбектерге және инновациялық қызметтерге мемлекеттік салық және несие жеңілдіктері арқылы оларды ынталандыру, елдегі халықтың білім деңгейін реформалау және жоғары дәрежелі мамандар даярлап шығару, сондай-ақ халықаралық экономикалық қатынастарда тиімді саясат жүргізу еліміздің басты міндеттері болып отыр. Инновацияны жүзеге асыру үшін оны мемлекеттік қолдайтын құқықтық актілер, инновациялық қызметтердің іске асуы үшін оны қамтамасыз ететін қаржылық институттар және оны нақты түрде жүзеге асыратын мекемелер, ҒЗТКЖ ұйымдарын қалыптастыруымыз керек.

Инновациялық қызмет өз кезегінде сыртқы ортамен ылғида қарым қатынаста болып отырады. (Сурет 1)

Сурет 1 - Инновациялық процестің сыртқы ортамен қарам-қатынасы

1-ші суреттен көріп отырғанымыздай инновациялық процесті дамытуда сыртқы орталармен тығыз байланыста. Сондықтан инновацияны дамыту үшін осы сыртқы орталарды да жетілдіруіміз, оларды инновациялық қызметке ынталандыруымыз керек. Сондай-ақ өнеркәсіп саласын дамыту барысында кластерлік желілерді дамыту керек. Кластерлер таяу орналасқан кәсіпорындарды бір орталыққа шоғырландыра отырып, тізбектелген технология бойынша соңғы өнім шығаруға қол жеткізудің бірегей тәжірибесі болып табылады.

Тек жаңа технологиялар ғана Қазақстанның өндірістік саласының тұрақты дамуына және ел экономикасының әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялануына мүмкіндік береді. Экономикалық өсу, ЖҰӨ-дегі шикізатты көп қажет ететін өнімді жоғары технологиялық және экспорттауға бағытталған өніммен алмастыру, елдің ғылыми-техникалық әлеуетін тиімді түрде пайдалану "Қазақстан-2030" стратегиясының маңызды мәселелерінің бірі. Қазіргі уақытта Қазақстанда негізінен шетелдік капиталдың қатысуымен ірі корпорацияларда, ұлттық компанияларда, екінші деңгейлі банктерде, қаржылық-өнеркәсіптік топтарда менеджменттің жоғарғы деңгейі бар. Сонымен қатар, технологияларды, теорияларды және құқықтық қорғаудың тәжірибесін және зияткерлік меншікті пайдалануды коммерциялизациялаудың іскери қағидаттарын кәсіби меңгерген, инновациялық және жоғарғы технологиялық жобаларды басқара алатын кәсіби инновациялық менеджерлер - мамандардың институты мүлдем жоқ. Кез келген елде және бизнестің кез келген түріндегі инвестордың негізгі тәуекелі барабар емес менеджментпен байланысты болғандықтан бұл тәуекелді барынша азайту басқару және кәсіпкерлік мәдениетті көтерумен, барлық деңгейдегі менеджерлерді сапалы оқытумен және қайта даярлаумен, оларды қажетті қолдаумен (консалтинг және ақпараттық) қамтамасыз етумен қол жеткізіледі.

Қазіргі таңда ел экономикасы дамуының шешуші факторлары - ғылым мен инновациялық технологиялар екеніне күннен-күнге көз жеткізіп келеміз. Әрбір ел дүниежүзілік рынокта өз орнын тауып, үлесінен айрылмауға тырысады. Бұл тікелей инновацияларға қатысты екені мәлім.

Қазақстан Республикасының экономикасын инновациялық дамытудың негізгі бағыттары және орын алып тұрған мәселелерді шешу іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жеткілікті деңгейде қаржыландыруда көрініс табады, сондай-ақ ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты қалыптастыру үшін технологияларды коммерциализациялау бойынша арнайы құрылымдарды құру керек. Өкінішке орай, бүгінгі күні мұндай тәжірибе жетіспейді. Жыл сайын 15 мың қазақстандық ғалымдарға бір-екі халықаралық патент қана тіркеледі. Тұрақты экономикалық өсімнің қазіргі заманғы түрін қалыптастырудың негізгі әлемдік тенденциясы шикізаттық және индустриалдық экономикадан инновациялық экономикаға өту болып табылады.

Инновациялық экономика – бұл интеллектуалдық ресурстарға, ғылым сыйымды және ақпараттық технологияларға, өндірістің барлық факторларының тиімді қолдану

мен сапалы жетілдіруге негізделген экономика. Қазақстан экономикасының дамудың инновациялық түріне өту «Қазақстан-2030» Стратегиясында жарияланған шикізаттық компонентті кезең-кезеңмен ғылым сыйымды және жоғары технологиялы өнімге ауыстыру негізінде экономикалық өсімге қол жеткізу басымдығына сәйкес мемлекеттік инновациялық саясатының басты мақсаты болып табылады.

Еліміздегі инновациялық саланы мемлекеттік қолдауды ҚР-ның "Инновациялық қызмет" туралы Заңынан көрумізге болады. Оның негізгі бағыттары келесідей:

1. Инновацияның басым бағыттарын анықтап, инновациялық бағдарламарды жасау.
2. Мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асыратын қажетті инвестицияны жұмылдыруды ұйымдастыру және жағдай жасау.
3. Инновациялық инфрақұрылымды құру.
4. Мемлекеттік бюджеттен инновациялық бағдарламалар мен жобаларды мақсатты қаржыландыру
5. Бәсекеге жарамды өндірісті құруға мемлекеттің араласуы.
6. Мемлекеттік тапсырыспен орындалатын инновацияларды міндетті түрде рынокпен қаматамасыз ету.
7. Отандық инновацияларды шетелге шығару.

Ғылыми-техникалық инновациялық бағдарламаларды дамыту үшін елімізде арнайы даму институтары құрылған. Оның ішінде 2 қызмет көрсету және

3 қаржылық институтары бар. Отандық және әлемдегі дамыған елдер тәжірибесі бойынша тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу инновациялық қызметсіз жүзеге аспайды. Осы себептен сонғы 3-4 жылда инновацияға деген көзқарас өзгерді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Ұлттық акедемия ғалымдарымен кездесуінде атап өткендей, **"***елімізде ұлттық инновациялық жүйе құратын уақыт жетті***"** деп атап көрсетті.

Отанымыз Қазақстан Республикасы алдағы кезеңде тиімді реформалар жүргізу арқылы және индустриялы-инновациялы саясатты іске асырып тұрақты экономикалық өсу арқылы әлем таныған, алдынғы қатарлы дамыған елдер қатарына "Азия барысы" деген атаумен қосылатындығына сенімім мол. Ол үшін әрбір Қазақстандық азамат осы шара үшін аянбай еңбек етуі керек.

Инновация – экономикалық өсуде ***негізгі қозғаушы күш*** болмақ.



Инновацияны жүзеге асыру үшін оны мемлекеттік қолдайтын құқықтық актілер, инновациялық қызметтердің іске асуы үшін оны қамтамаасыз ететін қаржылық институттар және оны нақты түрде жүзеге асыратын мекемелер, ҒЗТКЖ ұйымдарын қалыптастыруымыз керек. Еліміздің ұлттық инновациялық жүйесін 2-ші суреттен көруге болады: (Сурет 2)

Әлемдік өркендеудің алдыңғы елулігіне ену – кемел келешектің маңызды сатысы. Елулік – бүгінгі меже. Ал басты мақсаттың одан да биік болуы заңдылық. Межені бағындыру, негізгі мақсатқа барынша жақындай түсу бағытындағы жұмыстар өміріміздің барлық саласында бірдей күнделікті атқарылып жатуы қажет. Бұл жағдай ғылым мен инновацияға тікелей қатысты. Ғылыми инновацияның өркендеуіне кең өріс ашылмайынша, толыққанды дамуға қол жеткізу мүмкін емес.

Дамыған елдер қатарына қосылу үшін сол елдердің даму жолын зерттеп, олардың ұлттық экономикамызға тиімді жақтарын ала білуіміз қажет. Біздің елімізге әсіресе Оңтүстік Азияның бірнеше жаңа индустриялы елдерінің ұстанған саясаты ыңғайлы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Н.А. Назарбаев. Қазақстан – 2030 Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Статистика 1991-2001 десят лет независима Казахстана. Алматы. - 2002г.
3. Шумпетер Й. Теория экономическая развития.– Москва: Прогресс.1998.-454 с.
4. Купешова Сауле Телеухановна /Теория и практика инновационного процесса в переходной экономике Республике Казахстан. – автореферат Алматы, 2002г.
5. Инновационный менеджмент / К.Нарибаев, С.Джуманбаев, А.Нусупова. – Алматы: Қазақ унивеситеті. – 1998. – 60 с.
6. Есентугелов А. Долгосрочная стратегия развития экономики и размещение производительных сил в РК // Аль-Пари, - №6. - 2000 г.
7. Ю. К. Шокоманов Состояние и перспективы экономического развития Казахстана в переходной период //Вестник КазНУ, Серия экономическая.- №4.- 2001 г.
8. Стратегия / “Қазақстан Республикасының Индустриялы-инновациялы дамуының 2003-2015 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясы” – Алматы, 2003 ж.
9. Н. А. Назарбаев. Задача науки – способствовать развитию экономики // Казахстанская правда, 16 апрель, 2002 г.
10. Әбдіжапар Сапарбаев Инновация – негізгі қозғаушы күш// Егемен Қазсқстан, 24 наурыз.- 2004 ж.
11. Н. Ә. Назарбаев. Бәсеке қабілетті Қазақстан, Бәсекеқабілетті экономика және Бәсекеқабілетті халық деген Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 19 наурыз. - 2004 ж.
12. Қуат Бораш Инновация, оның еліміз экономикасы үшін маңызы қандай // Егемен Қазақстан, 23 ақпан. - 2004 ж.
13. Бердашкевич А.П Оподдержке инновационной деятельности в Японии // Инновации №7. - 2002 г.
14. Купешова С.Т. Ғылыми-технологиялық және инновациялық саладағы мемлекеттің орны //Саясат . - №2. - 2001 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада еліміздегі инновациялық қызметтің дамуы-ел экономикасы дамуының шешуші факторы ғылыми және инновациялық технология екені жайлы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются развитие инновационной деятельности РК – как решающий фактор научной и инновационной технологии в экономике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ

Касенова А.С. – магистр, оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан экономикалық жүйесінің нарықтық қатынастарға өту кезеңінде шаруашылық түрлерінің әртүрлі меншікке негізделген формаларын ұйымдастыруда шағын кәсіпкерлік ролі ерекше болып табылады. Ел экономикасын дамытуда, нарықты жүйелі қалыптастыруда, ірі өнім өндірушілер монополиясын шектеуде және бәсекелестікті дамытуда, тауар және қызмет сұранысын қанағаттандыруда, жұмыссыздық мәселесін тежеуде және жаңа технологияларды енгізуде шағын және орта бизнестің әлеуметтік – экономикалық мәні зор екені белгілі. Өйткені ол қоғамның алға жылжуының бірден-бір тетігі болып табылатыны сөзсіз. Шағын бизнес ірі бизнеске қарағанда нарыққа тез бейімді, өзгермелі жағдайларға байланысты икемді, жаңадан жұмыс істеп тұрған өндіріс секторларында жұмыс істеуге қабілетті.

2010 жылғы 29 – шы қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақсатанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы «Кәсіпкерлік – жаңа экономиканың қозғаушы күші тармағында - әртараптандырудың өзегі кәсіпкерлік болады. Біз тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа рыноктарды игеруге, инновациялар ендіруге дайын қуатты кәсіпкерлер табын көргіміз келеді. Нақ осы кәсіпкерлер экономиканы жаңғыртудың қозғаушы күші болып табылады делінген. Осыған байланысты Үкімет 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізіп,оны *"Бизнестің жол картасы-2020"* деп айтылған. Бұл бағдарламаның мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болады.

Бұл бағдарлама қаражатын пайдалану мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

-несиелер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау;

-шағын және орта бизнеске несиелерді ішінара кепілдендіру;

-бизнес жүргізуге сервистік қолдау білдіру;

- кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру, жастар практикасы;

және әлеуметтік жұмыс орындары.

"Бизнестің жол картасы-2020" кәсіпкерлер үшін де, сол секілді банктер мен инвесторлар үшін де шикізаттық емес жобаларды қаржыландыру жөнінен жаңа мүмкіндіктер ашады. Кәсіпкерлік теориясы ғасырлар бойы дамыды, оған классикалық экономикалық теорияға, неоклассикалық теорияға, кейнсианстік, необерализмге және қазіргі заманғы экономикалық ілімдерге негізделген әр түрлі бағыттар тән. Ғылыми термин түсінігінде «кәсіпкер» экономика теориясына тұңғыш рет VIII ғасырдағы атақты ағылшын экономисті, банкир Ричард Кантильон енгізді. «Кәсіпкер - бағаның тұрақсыздығы мен сату болашағын болжауға болмайтын жағдайда тауарларды сатып алу мен сату процесстеріне қатысатын, бірақ кірістерінің жалпы сомасын біле бермейтін адамдар. Ең басты ерекшелік – тәуекелділік»-деген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 – 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарында, экономиканы отандық қаржы институттары тарапынан қаржыландырудың қысқаруы жағдайында шағын және орта бизнеске көмек көрсету жалғасатын болады. Мемлекеттік қолдау олардың салалық тиістілігіне қарамастан, шағын және орта бизнестің барлық субъектілеріне көрсетілетін болады. *Біріншіден*, осы мақсаттарға

«Самұрық-Қазына» қорынан 2009 жылы қосымша 1 млрд. АҚШ долларын (120 млрд. теңге) бөлінді. Бөлінген қаражат шеңберінде 70% ағымдағы жобаларды қайта қаржыландыруға және 30% жаңа жобаларды іске асыруға бағытталған болатын. Екінші деңгейдегі банктер шағын және орта бизнеске кредит беру бойынша барлық бағдарламалардың операторлары болды. «Самұрық-Қазына» қоры бөлетін қаражат шеңберінде бір жобаны қаржыландыруға арналған лимит 3-тен 5 млн. АҚШ. долларына дейін өсті.

Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп шағын және орта бизнес үшін сыйақы ставкасын тұрақтандыру бойынша дағдарысқа дейінгі деңгейге дейін (14%-дан аспайтын) шара қабылданды.

Кәсіпорынды дамыту қоры шағын және орта бизнеске берілетін кредиттерге кепілдік беру тетігін енгізетін болады. *Екіншіден,* «Самұрық-Қазына» қоры ауылдық жерде шағын кредит берудің, оның ішінде ауылдық кәсіпкерлерге кредит берудің бағдарламасын әзірлейді. *Үшіншіден,* шағын және орта бизнес субъектілерін тұрақты тапсырыстармен қамтамасыз ету мақсатында оларға «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның қолданылуы шеңберінде мемлекеттік органдардың, мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың мемлекеттік тапсырыстарына қол жеткізуі ұсынылатын болады.

Жер қойнауын пайдаланушылармен және сервистік компаниялармен қазақстандық қатысуды ұлғайту бойынша жұмыс күшейтілетін болады. *Төртіншіден***,** Үкімет кәсіпорынті дамыту үшін әкімшілік кедергілерді төмендету және рұқсат беру жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады.

Өткен жылмен салыстырғанда, корпоративтік табыс салығы биылғы жылдың өзінде үштен бірге төмендетіліп, 20 пайызды құрайды, ал 2011 жылы 15 пайыз болады. ҚҚС ставкасы 12 пайызға дейін төмендетілді. Әлеуметтік салық ставкасының регресті шкаласының орнына 11 пайыз көлеміндегі бірыңғай ставка енгізілді. Инвестицияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін салық преференциялары көзделген.Осының бәрі экономиканың шикізаттық емес секторын, шағын және орта кәсіпорынды дамытудың аса маңызды ынталандырғышының біріне айналды.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы " 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 Жарлығындағы негізгі мақсат «шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласының серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру. Стратегияның негізгі міндеттері «бағдарлама мақсатын іске асыру үшін мынандай міндеттерді шешу көзделіп отыр:

- халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- қоғамдық ұйымдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау мәселелеріндегі рөлін күшейту;
- шағын кәсіпкерліктің өндірістік секторын басымдықты дамыту;
- шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және дамыту.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

- шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және олардың орындалуына бақылау жасауды күшейту; шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғаудың құрылатын инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыру;
- шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми - әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;
- шағын кәсіпкерлікті қаржылық - несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау саясатының тетіктерін жетілдіру;
- шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту.

Қаржыландыру көздері шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қаржылық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен көрсетілген мақсаттарға жыл сайын көзделетін қаржының,сондай-ақ Қазақстан Республикасы алатын мақсатты заемдардың, мемлекеттік заттай гранттардың шегінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтиже 2002 жылдың аяғына дейін шағын кәсіпкерлік субъектілері санының 500 мыңға дейін өсуі,олардың өндірістік,қаржылық,ғылыми-технологиялық,сауда-делдалдық және басқа салалардағы ұтымды арақатынасына қол жеткізу жаңа жұмыс орындарының құрылуы мен шағын бизнес саласында жұмыспен қамтылған адамдар санының артуы.2007 - 2009 жылдары шағын және орта бизнесті дамытудың басты мақсаты кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету негізінде шағын және орта бизнес ұстанымдарын кеңейту және нығайту болып табылады.Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

-бизнес пен мемлекеттің әріптестігін нығайту;

-шағын және орта кәсіпкерлікті жедел дамыту үшін жағдайлар жасау;

-жеке кәсіпкерлік пен мемлекеттің тиімді өзара іс-қимылы;

-жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қалыптастыруға жаңа ұстанымдар әзірлеу.

Кәсіпкерлікке қысымды қысқарту және әкімшілік тосқауылдарды жою үшін ұйымдық, құрылымдық және кешенді ұстаным қажет, ол мынаны көздейді:

-орталық мемлекеттік және "жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылатын кәсіпкерлік мәселелері бойынша сараптамалық кеңес құру;

-кредиттер беру рәсімдерін оңайлату, кредит беру мерзімдерін және пайыздық ставкаларды төмендету мәселелеріне қатысты өндірістік және инновациялық бейіндегі шағын және орта кәсіпорындарды одан әрі ынталандыруға бағытталған, шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдау шараларын әзірлеу;

-"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауға байланысты кесімдердің күшін жоюды негіздеу мақсатында кәсіпкерлер бірлестіктерінің міндетті қатысуымен нормативтік құқықтық кесімдерге тексеру жүргізу;

-кәсіпкерлік пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл тетігін оңайлату, мемлекеттік әкімшілендіру тетіктерінің тиімділігін, ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету;

-лицензиялау жүйесін жетілдіру шеңберінде Қазақстанның бірыңғай лицензиялық палатасын құру орындылығын қарау;

-барлық өңірлерде кәсіпкерлік пен инновациялық қызмет инфрақұрылым объектілерін құру;

-"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамның өкілдік желісін құру және өңірлерде ақпараттық-талдамалық, консалтингілік және оқу-әдістемелік қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жұмысты күшейту;

"Көлеңкелі" өндіріс және "қапшықтық" импортпен бірге заңды тауар өндірушілер үшін ішкі нарықта тең жағдай жасау. Сонымен, қорыта айтқанда, шағын кәсіпорынды дамыту – ел экономикасының дамуының негізгі тұтқасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақсатанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2010 жылғы 29 – шы қаңтар

2.Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы

жүйесінтұрақтандыружөніндегі 2009 – 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары («5 батыл қадам» экономиканы тұрақтандыру жөніндегі іс – қимыл жоспары).
3.“Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы” ҚР Президентінің Жарлығына түсініктеме
4.Мамыров Н.К., Смагулова Н.Т. и др. Основы предпринимательства. – Алматы: Экономика, - 1997. – 66 с.
5.Жеке кәсіпкерлік туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. Егемен Қазақстан, - 2006 жыл 7 – ақпан.
6.«Самұрық-Қазына» қоры даму институттарының басты мақсаты - экономиканы әртараптандыруға ықпал ететін жобаларды қаржыландыру «ҚазАқпарат» агенттігі. 24.05.2010 (Баспа сөз орталығы)
7.Бизнестің жол картасы 2020 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы « 13 » сәуірдегі № 301 қаулысымен бекітілген
8.Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігі Астана 2009

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ҚР – дағы шағын және орта кәсіпкерлігінің дамуы мен тиімділігін арттыруға мемлекет тарапынан қолдау көрсету үшін қабылданған «Бизнес картасы 2020» атты бағдарламасы экономикамызды әртраптандыруға мүмкіндік береді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются для развития малого и среднего бизнеса РК была принята программа «Карта бизнеса 2020» который дает просветание и развитие нашей экономики.

ӘОК 328.937

ТҰРҒЫН ҮЙ – НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

Қожамқұлов Т. – э.ғ.к., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Абдиева Б.М. – оқытушы, (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Биылғы Жолдауда (2011 жылғы) тұрғындарды үймен қамтамасыз етуге ерекше назар аударған (2.5. қараңыз). Халықтың әл-ауқатын, тұрмысын, көңіл-күй ахуалын үймен қаншалықты қамтамасыз еткенімен айқын байқауға болады. Қазақта аталы ұғым бар. Ол – үйсіз адам күйсіз. Көңіл – күй көп жағдайда өмір сүріп отырған шаңғырағыңыздың жағдайына тығыз байланысты. Үй салу, демек, құрылыс жүргізу аз мерзімді қамтымайды. Тұрғын үйдің өмір сүру циклі де ұзақ. Совет Одағы кезіндегі сапалы құрылыс материалдарынан салынған тұрғын үйлер ғасырдан астам мерзім мызғымай сол қалпында тұр. Тұра береді де. Алыстан іздемеңіз, Алматы шаһарын араласаңыз ғасырдан астам ұмыры бар ғимараттардан аяқ алып жүре алмайсыз. Қазіргі салынып жатқан тұрғын үйлердің өмір циклі қаншаға жетеді екен?

Тұрғын үй салу құрылысы сөз болғанда есте ұстайтын бір жайт бар. Ол – бірнеше жылды қамтитынын көрсеткіштер болуы қажет. Осындай көрсеткіштермен елдің әлеуметтік әлеуетін айқындап, қол жеткен табыстарды дәл және шынайы көрсетеді.

Осы салада мемлекетіміздің бес жылдағы көрсеткіштері қомақты (1 кестеге көңіл аударыңыз).

1 – кесте.

Қазақстандағы құрылыс қарқыны

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2005ж	2009ж	2009-2005 салытырға %
Негізгі капитал тартылған инвестиция – барлығы	млрд. теңге	2421,0	4546,9	187,8
Шетел инвестициясы	млрд. теңге	578,4	1682,1	290,8
Құрылыс жұмыстарының көлемі (қызмет)	млрд. теңге	1066,3	1790,0	167,9
Құрылыс –монтаж жұмыстарына инвестиция	млрд. теңге	1145,2	1825,7	159,42
Тұрғын үй құрылысының инвестициясы	млрд. теңге	254,3	290,4	114,19
Жалпы нысандар көлемі	мың ш.м.	6740	9883	146,63
Оның ішінде тұруға арналмағандары	мың ш.м.	1748	3875	221,68
Құрылыс ұйымдарының саны	бірлік	5624	5242	-93,20
Орташа жылдық саны-барлығы	мың адам	179,6	212,4	118,26
Құрылысшылардың орташа айлық жалақы	теңге	47921	93858	195,94
ІЖӨ-дегі құрылыс үлесі	%	7,8	8	102,56

Қазақстан Республикасында құрылыс қарқыны 2005-2009 жылдары үздіксіз үдемелі қарқында болды. Негігі капитал тартылған инвестицияның барлығы 2005 жылы 2421,0 млрд. теңге болса 2009 жылы 4645,9 млрд. теңгеге жеткен, өсімі 187,8 пайыз. Шетел инвестициясы 576,4 млрд. теңгеден 1682,1 млрд болып 290,8 пайыз.

Құрылыс жұмыстарының көлемі (қызмет) 1066,2 млрд. теңгеден 1790,0 млрд. теңге жетіп, өсімі 167,9 пайыз болды. Құрылыс –монтаж жұмыстарына кеткен қаржы 2005 жылы 1142,2 млрд теңгеден 1825,7 млрд теңгені құрап, өсімі 159,42 пайызға жетті.

Тұрғын үй салыға жұмсалған қаржы 2005 жыылы 254,3 млрд. теңгеден 2009 жылы 290,4 млрд теңгеге жетіп, өсімі 114,19 пайыз болды.

Жалпы нысандар көлемі 2005 жылы 6730 мың ш.м. құраса, 2009 жылы 9883 мың ш.м. жетіп 146,63 пайыз көбейді.

Құрылыс ұйымдарының саны қаралып отырған мерзімде 2005 жылы 5624 болса, 2009 жылы 5242 болды.

Құрылысшылардың орташа айлық жалақысы 2009 жылы 93858 теңге болды.

Ішкі жалпы өнімдегі құрылыс үлесі 2005 жылғы 7,8 пайыздан 2009 жылы 8 паййызға жетті.

Статистикалық агенттігінің дерегі бойынша, 2009 жылы құрылыс саласының негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 4546,9 млрд.

Тұрғын үй құрылысы саласына 290,4 млрд. теңге қаржы бөлініп, 6,4 млн. шаршы метр тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілді.

Кез келген дамыған елдің әлеуметтік әлеуетін айқындайтын көрсеткіш – пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі. Тек қана бір жылдың ішінде (2009ж) еліміздің әрбір тұрғынына 1 жылға шаққанда 2009 жылы 0,40 шаршы метр құрғын үй пайдалануға берілген. 15 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл жалпы көлемі 250,8 мың шаршы метр болатын жалға берілетін 3000 пәтер салуға мүмкіндік берді. Жалға

берілетін пәтерлердің жалпы көлемі 730,6 мың шаршы метр немесе 8900 жеке пәтерден тұрады. Үлескерлерінің мүддесін қорғау мақсатында Үкімет бірқатар кешенді шараларды жүзеге асырды. Осы мақсат үшін мемлекет тарапынан 518,782 млрд. теңге қаржы бөлінді. Үлескерлерді қолдау мақсатына қабылданған осындай қолдау шараларының нәтижесінде 2007 жылдың қыркүйегінен 2010 жылдың маусымына дейін 62 мың үлескерлер қатысқан 450 тұрғын үй кешенінің 45,5 мың үлескерлері пәтер кілтін алған, 353 тұрғын үй кешені пайдалануға берілді.

Өңір әкімдіктерінің мәліметі бойынша, қазіргі таңда азаматтарға ЖТҚ салу үшін бөлінген 136 мың гектар жер телімі бар. Егер осы бөлінген жер телімдері бойынша ЖТҚ-лар салынатын болса пайдалануға берілетін ЖТҚ көлемі 14 млн. шаршы метрді құрайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өткен жылы Қазақстан Республикасында 2010-2014 жылдарда құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі бағдарлама жасалып жүзеге асырыла бастаған.

Бағдарлама 2010-2014 жылдар аралығында кезең-кезең бойынша жүзеге асырылады.

2010-2012 жылдар аралығындағы бірінші кезеңде құрылыс саласын қолдау және дамыту мақсатында инфрақұрылым базасын нығайту көзделініп отыр.

Бағдарламаның 2012-2014 жылдарға арналған екінші кезңінде құрылыс саласында қалыптасқан әлеуетті тиімді пайдалана отырып одан әрі дамыту мақсаты көзделген.

Жолдауда тұрғын үй мәселесі 2.5. бөлімшеде ерекше атап көрсетілген. Мазмұны: «Азаматтардың өмір сапасының озық көрсеткіші – тұрғын үй жайлылығының деңгейі.

Соңғы 10 жылда тұрғын үй қоры 30 миллион шаршы метрге ұлғайды. Бұл бүгінде бір миллионнан астам азамат жаңа пәтерлерде тұрады дегенді білдіреді. Бұл – біздің тұрғын үй саясатымыздың нәтижесі. Сумен, жылумен, электр және газбен қамтамасыз ету жүйелеріне кең ауқымды жаңғырту жүргізіп, сондай-ақ тұрғын үй қатынасының оңтайлы моделін құруды қамтамасыз ету қажет.

Күрделі жөндеуді қажет ететін нысандардың үлесі 32 пайыздан 2015 жылға қарай 22 пайызға төмендеуі тиіс. Жаңғыртылған жүйелердің ұзындығы 2015 жылға қарай ел бойынша тұтастай алғанда 31 мыңнан астам шақырымды құрайтын болады.

Мемлекет халықаралық қаржы институттары мен біздің банктерімізді тарта отырып, жеке инвесторларға, кәсіпорындар мен азаматтарға тұрғын үйлер мен коммуналдық нысандарды жөндеу және реконструкциялау үшін қаржыландырудың бірлескен арнайы тетіктерін ұсынады.

Тұтастай алғанда, оны жүзеге асыруға 1,5 миллион адам – көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары қатысады.

Біз тек осылай еткенде ғана тұрғын үй жағдайын жақсартып, азаматтардың өз мүлкін сақтауға жауапкершілігін жоғарылата аламыз» деді Елбасы.

Қорыта айтқанда жүзеге асатын игілікті шараларға байланысты еліміздің тұрғын үй құрылысы саласында бұрын болмаған жаңа даму дәуірі басталады.

Тұрғын үй барлық әлеуметтік мәселелерді ойдағыдай шешузің бастауы, негізі, шындығы, ақиқаты. Енді осыларды қысқаша тарқатайық. Тұрғын үй салудың негізі және басқару агентігі бар. Ол қомақты игілікті жұмыстарды атқарып келеді. Солардың басты дегендері мыналар:

Жер қатынатары заңдылықтарын қатаң сақтау;

Осы бағытта үзбей үздіксіз тексеру жүргізу;

Мемлекет мүддесі үшін сатып алынатын жер телімдерін бағалаудың бұрын болмаған сапалы жаңа ережесі мен тәртібін енгізу;

Жер телімдерін сатып алғанда бұрынғы төлеген бағасынан аспайтын қаражатқа сатып алу;

Жеке меншік тұрғын үйлер салуға бөлінген жер телімдеріне ғана басымдық беріледі;

Барлық өңірлерде аймақтық жер басқармасын құру;

Ауыл шаруашылығы нысанына берілген жерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру;

Заң бұзушылық және иесіз қалған жерлерді анықтау;

Жер телімдеріне мемлекеттік бақылауды және картографиялық кешенді жобаларын жасау жұмысы тұр.

Биылғы Жолдаудағы өзекті мәселенің бірі – тұрғын комуналдық шаруашылықты дамытудың жайы өте жақсы көтерілді. Шынымен де, осы саланың күрделі мәселелері көптен бері халықты толғандырып жүретін. Қаржының жоқтығынан кейінге қалып келді. Көптеген қалалардағы үйлердің коммуникациясы тозған. Күрделі жөндеуден өткізу оңайға түспейді. Ауыстыру да көп қаржыны талап етеді. Ол үшін тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты дамыту бағдарламасы қолға алынып, мемлкет қаржы институттарын тартатын болды. Елбасы үкіметке жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын кеңінен қаржыландыру тетіктерін әзірлеуді тапсырды. Осы арқылы біздің еліміздегі тұрғын үй жағдайын жақсартып қана қоймай, азаматтардың өз мүліктерін сақтау жауапкершілігін арттыра аламыз.

Тұрғын үй мәселесін шешу сайып келгенде шоғырланған көрсеткіш. Ол тиянақты жақсы болмаса, көңіл күйі пәс болса, Жолдаудағы күрделі міндеттердіжүзеге асыру ойдағыдай болмақ емес.

Жолдауда ерекше атап көрсетілген міндеттердің бастылары мыналар.

- Жедетілген экономикалық жаңғырту.
- Әлеуметтік желісін жаңғырту.
- Білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыру.
- Тұрғындардың денсаулығын жақсарту үшін барлық жағдайлар жасалған.

Алдағы міндеттерде аз емес.

- Тілдерді дамыту барысында қазақ тілін меңгергендердің үлесі басым көпшілікті құрайды. Алдағы міндет – 2017 жылы мемлекеттік тілді білдетіндердің санын 80 пайызға дейін жеткізу.
- Жұмыспен қамтудың тиімді жаңа стратегиясын жүзеге асыру. Жаңа инновациялық экономикалық жоғары білікті кадрлардың бұрын болмаған сапалық жаңа генерациясын қажетсінеді.
- ТКШ-ны жаңғырту. Шоғырланған көрсеткіш. Он жылда тұрғын үй қоры 30 миллион шаршы метрге ұлғайды. Сөйтіп бір миллионнан астам тұрғындар жаңа пәтерге қоныстанады. Келешкте тұрғын үй қатынастарының оңтайлы үлгісі жасалады.
- Сапалы ауыз сумен қажетінше қамтамасыз ету, аса маңызды және басымдықтардан ойып орын алады. Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету ауылдық жерлерде 40, қалаларда 72 пайызға өскен. Сумен қамтамасыз ететін жүйелердің 60 пайызының тозығы жеткен. Жер асты суларын пайдалануға ерекше көңіл аударылатын болады.
- Өмірдің жаңа саласына жету табыстарға тікелей байланысты. Жолдауда көрсетілгендей зейнетақылар, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақылары, степендиялар көлемі өседі. 2012 жылы аталғандарың көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе өседі.

Елбасы көп мерзімнен бері басымызды ауыртып идея көтерді Үстіміздегі жылы 6 миллион шаршы метр тұрғын үй бой көтереді. «Экономикалық тұрғын үй» деп аталған жаңа бағдарлама бойынша пәтер алам деушілердің жасына, табысына қарамайды. Кім пәтер алғысы келсе оның 20% төлеуге депозит ашу қажет, қалғанын несие алып жабады. Осы жоба үстіміздегі жылдың екінші жатысынан бастап күшіне енеді. Бұны үдемелі экономиканың жемісі деп білген жөн.

Тұрғын үй салу жер мәселесінің тығыз байланыста екендігін әңгіме еттік. Осы тұста үш ғасыр толып, 40 жыл елді билеген Абылай ханның жер мәселесі жөнінде

ұстамы мен саясатын, айтпай кету әбестік болар еді. Абылай жерді бүтіндеді, шекараны белгіледі. Қазіргі шекара Абылай белгілегеннен ептеп кішірейген, оның да себептері бар. Абылайдың билік құрған кезінде қазақтың бір сүйем жерін ешкімге бермеген. Ол кезеңде бодан болған қазақ елі, жері азат болған. Абылайдың қол таңбасы жан-жағымызды қоршаған елдердің бәрінде бар. Абылай кезіндегі жер тарихы және тағдыры қазіргі жер тарихымен үндестікте, будандасып кірігіп жатыр. Бұны ой таразысынан өткізгеніміз қазіргі жайдайда емес, болашаққа таптырмас сабақ болар еді. Жер мәселесі жөнінде Абылай мектебінің сабағын шеберлікпен меңгергеніміз жөн. Абылай ұстанымын ұсғанымыз абзал.

Дәл қазір әртүрлі дағдарыстар жөнінде аз айтылып, аз жазылып жатқан жоқ. Дода алаңына айналдырып жарыса жазып жатырмыз, қаржы, экономика, әлеуметтік дағдарыстарды және т.б. Әзірге жұмған аузымды ашпайтын күйзелістің дара түрі бар. Ол көңіл күй дағдарысы Бұл көптеген елді шарпып өршіп тұр. Билік және Үкімет халықтың көңіл күй несиесінен бір жола айырылып қалмауы шартты мәселе.

Көңіл күй сезім бірге жүрді, делектикалық байланысты, өзара тәуелділікке болып ғұмыр кешеді. Кейбір шенеуніктердің алаяқ әдістері мен жұмысқы іс-қимылдарының салдарынан халық бірнеше мәрте алданып қалғандығын жылы жауып, жасырып қоюға болмас.

Сенім сейілсе – көңіл күй құлазиды. Өйткені сенім мемлекетте қордаланып қалған жағымсыз сеңді талқандап бұзуға қуатты жеткілікті күш екендігін анық және ашып айтқан жөн болар. Есте бекем ұстайтын бір жайт бар. Ол әртүрлі дағдарыстар (әртүрлі деңгейдегі) көңіл-күй ұласқанда қоғамды түп тамырымен талқандайтын (қопаратын(ойқын ядролық қару деп қорытындылауға әбден болады. Көптеген ел үрей үстінде қалтырауық өмір сүріп тұр. Олардың іске асырып жатқан амалдары тығырыққа тірелуді уақытша жұмсартуға бағытталған ағымдағы уақытша стратегия.

Бәрімізге көңіл-күй күйзелісіне душар етпейтін ұзақ мерзімге есептеген перспектикалық стратегия жасау қажет-ақ. Оны желбуаздыққа салып, сылбыр (баяу) жасау қоғамның өмір сүру циклін қысқартумен тең. Қазіргі заман өркениетті өзгерістермен бірге, білдіргіш, қасіретті дәуір екендігін жадымызда һам бекем сүруіміздің негізгі талаптарының бірі және басты талап.

Көңіл күй үлкенді кішілі барлық үрдістерге нақтылы әсер етеді. Өмірде болған бір оқиғаны айтайын. Совет Одағы ғарышты меңгеруге үлкен күш, орасан қаражат жұмсап алға озып шығуға құштар болды. Ғарышқа жәндіктермен қоса Лайканы жіберіп алды.

Кезекте адамды ұшыру тұрды. Арнайы бағдарламамен космоновтарды дайындықтан өткізді, солардың ішінен екеуін іріктеп таңдап алды. Олар негізгі ұшуға тиісті космонавты (аты-жөні осы күнге дейін бей мәлім), екіншісі Юри. Оларды ұшар алдында жеке бөлмелерде тынығып демалуға жіберіп, білдіртпей құралды қосып қойған. Ғарышқа ұшатын негізгі адамның болар-болмас, тіпті сөз етуге болмайтындай, көңіл күйіндегі секемді құрал көрсетіп берген. Комисия мүшелерінің ұйғарымен оны ұшырмаған. Юри Гагарин болса негізгі емес, жанама құқыққа ие еді. Тағдыр оны ғарышқа ұшырды, әрине бірғана айналып шықты. Сол кездегі Совет Одағының біріншісі Никита Хрущев мақтануды жанындай жақсы көретін еді. Ол «Ақ түйенің қарны жарылғандай» қаражатты оңды солды шашып «той» жасады. Әлемге жар салды.

Мақаланың бітер жерінде көңіл күйінің әсер етпейтін жерлері мен кеңістіктері, өрісі мен аясы барма, деген сауалды қою өте орынды. Жауабы екі ұшты емес, біреу ғана. Ол бәріне, барлығына ықпал жасайды. Көңіл күйі әсер етпейтін жерлері бар дегенді ғылыми негізде дәлелдейтін нұсқаны әзірше естіп, кітаптардан оқып таба алмадым. Себебі жоқ болуға тиіс. «Көңілдің әсер етпейтін кеңістігі мен жерлері бар деу», піспеген шикі думблез, есерсоқ, жолдан қосылған көк атылардың, қотыр қоңыр тайды мінгендердің ойдан шығарған шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, бейшаралардың жалған парқы. Бұны дәлелдеп жатудың қажеті де жоқ. Өткені әлемге белгілі ақиқат және шындық.

Көңіл күйдің патшалық ететін заңғар әсерін санамызға бек шоқып, өмір сабағына айландыра білейік жамағат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Қазақстан халқына Жолдауынан. «Егемен Қазақстан» 28.01.2011ж.

2. Әубасаров Я.А., Нәрібаев К.Н., Кабдиев Д.К. «Экономикалық теория курсы», Қазақ ұлттық университет бастасы, Алматы, 1999 жыл.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 2011 жылғы Жолдаудағы күрделі мәселелердің бірі тұрғын үймен қамтамасыз ету баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются один из сложных проблем в Послании 2011 года обеспечение жильем.

ӘОК 343.224.1. Қ 56

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕХАНИЗМІНДЕ БИЛІК БӨЛУ ҚАҒИДАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қожабекова А.Д. – т.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін әлемдік ұстанымдар аясында өмір сүруге бет бұрған болатын. Мұның негізгі бағыты қоғамды демократияландыру,құқықтық мемлекет қалыптастыру және мемлекеттегі билікті тежемелік-теңгермешілік қағидасы негізінде жүзеге асырудан көрініс тапты. Бұл асқақ идеяларға еліміз бірден жетуі мүмкін емес, сондықтанда бұл бағытта мемлекеттік іс-шаралар жүзеге асырылған болатын .

Жоғарыдағы аталған қоғамды демократияландыру тетіктері бір мақсатты көздейді, ол адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау және тиісінше қамтамасыз ету. Осы бағыттағы ең маңызды тетіктердің бірі мемлекеттік билікті бөлу қағидасына сүйене отырып жүзеге асыру. Елімізде билік бөлу қағидасы ең алғаш рет егемендік туралы декларацияда көрініс тапқан. Нақты айтатын болсақ, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы 1990жылғы 25қазанда қабылданған декларациясының 7 пункітінде былай делінген: «Республикада мемлекеттік өкімет билігі оны заң шығару,атқару, сот билігіне бөлу принципі бойынша жүзеге асырылады». Бұл көрсетілген қағида Қазақстанның болашақ конституциялық құқықтық дамуына негіз болып табылады. Билік бөлу қағидасы тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылы қабылданған алғашқы Конституциясында көрініс тапты. Тәуелсіз еліміздің тарихындағы, одан кейінгі конституция 1995 жылы 30 тамызда қабылданғаны белгілі. Бұл конституцияның 3 бабында мынандай норма белгіленді:

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық.

2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде парламенттің құқығы бар Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттер шегінде ғана мемлекет атынан билік жүргізеді.

4. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принцпіне сәйкес жүзеге асырылады». Қазіргі кезеңде бұл конституциялық қағида белгілі дәрежеде қоғамда жүзеге асып жатыр. Белгілі ғалым С.С.Сартаев пен Л.Т.Наразкулова 1995 жылғы конституцияның маңызы туралы мынандай ой білдіреді: «Принятие Конституции Республики Казахстан 1995г прежде всего было обусловлено необходимостью реализации новой модели разделения государственной власти, которая позволила бы обеспечить ее единство и эффективность. Поэтому в Конституции Республики Казахстан особо подчеркивается, что государственная власть является единой, так как суверенитет народа неделим; но функционирует она на основе рассредоточенения публичных функций между различными государственными органами». Жоғарыдағы аталған авторлар конституцияның билік бөлу қағидасына байланысты нақты тетіктердің көрінісін былай сипаттайды: «При реализации принципа разделения государственной власти важная роль отводится распределению публично-властных полномочий между высшими органами государства, учреждаемых Конституцией РК: Президентом РК (раздел 3), Парламентом РК (раздел 4), Правительством РК (раздел 5) Конституционным советом РК (раздел 6) и Верховным судом РК (раздел 7). Целью нынешней Конституции выступает распределение властных полномочий таким образом, чтобы в общей сложности функционирование данных органов обеспечивало их тесное взаимодействие на основе Конституции и законов во имя прав человека и правопорядка в обществе».

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы конституциясын қабылдау, ең алдымен, оның біртұтастығы мен тиімділігін қамтамассыз ететін мемлекеттік өкімет билігін бөлісудің жаңа моделін жүзеге асыру қажеттілігін туындады. Сондықтан да ҚР Конституциясында мемлекеттік билік біртұтас, өйткені халықтың егемендігі бөлінбейді; бірақ ол жариялылық функцияларын әр алуан мемлекеттік органдар арасында бөліп жайғастыру негізінде қызмет етеді, - деп ерекше аталып көрсетілген. Мұндай қорытындыға біз Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-ші бабының мәніне сүйеніп келіп отырмыз: «республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығару, атқару және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принцпіне сәйкес жүзеге асырылады».

Мемлкеттік өкімет билігін бөлісу принцпін жүзеге асыруда жариялылық билік өкілеттіктерін ҚР Конституциясы бекіткен мемлекеттің жоғарғы органдары: ҚР Президенті (3 бөлім), ҚР Парламенті (4 бөлім), ҚР Үкіметі (5 бөлім), Конституциялық кеңес (6 бөлім) және ҚР жоғарғы Соты (7 бөлім) арасында бөліп жайғастыру маңызды роль атқарады. Бүгінгі таңдағы Конституцияның мақсаты билік өкілеттіктерін жалпы алғанда аталған органдардың қызметін адам құқықтары мен қоғамдық тәртіп игілігі үшін Конституция мен заңдар негізінде өзара іс-қимыл жасау принцпінде құру.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Рпезидентінің өкілеттіктері. ҚР Конституциясы әу бастан-ақ ҚР Президентінің мәртебесін реттейді, ҚР Президентінің мемлекеттік механизм мен мемлекеттік билікті бөлісу жүйесінде алатын орны мен ролі Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабында өте қысқа да терең мазмұнда тұжырымдалған.

Қазақстан Республикасы Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Аталған конституциялық норманың мазмұнына жүгінсек, бүгінгі таңда мемлекеттік даму стратегиясын, оның ұзақ мерзімді біріншілігін (приоритетін) эволюцияның жалпы бағдарламасын анықтау Қазақстан Республикасы Президентінің

мойнына жүктеледі екен. Осымен Конституция Президентінің мемлекетік механизм және мемлекет билігін бөлісу жүйесінде алатын орнын түбегейлі өзгертіп отыр.

1. Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституциясының мызғымастығының адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі, сондай-ақ мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамассыз етеді. Бұл баптан ҚР Президенті мемлекеттік билік тармақтарының біріне де жатпайтынын аңғарғандай боламыз. Өзіне жүктелген қызметтерді атқару мақстында ҚР Президентіне нақтылы өкілеттіктер берілген. Осылардың қатарында ең маңыздысы оның заң шығару, атқару және сот биліктері саласындағы өкілеттіктері. Бұл ретте Президент билік тармақтарының өзара келісімді іс-әрекетін қамтамасыз ету өкілеттігіне ие.

Заң шығару саласында президент келесі аса маңызды өкілеттіктерге ие: Парламент қабылдайтын заңдарға вето қою, яғни оларды қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтару; заңдық күші бар заңлар мен құқықтық актілерді шығару; Парламентке кезекті және кезектен тыс сайлауларды тағайындау; парламенттің бірінші сессиясын шығару; депутаттардың қазақстан халқына беретін антын қабылдау; парламент палаталарының кезектен тыс бірлескен отырыстарын шақыру; парламенттің өкілеттігі мерзіміне Сенаттың 7 депутатын тағайындау.

Президентке оның бастамасы бойынша әр палата депутатары жалпы санының үштен екісінің даусымен бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігі беріледі (53-баптың 4-тармағы); сондай-ақ егер парламент президентінің заң жобасын енгізілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиістілігі талабын орындамаса, Республика Президенті заң күші бар Жарлық шығаруға хақылы (61-баптың 2-тармағы).

Сөйтіп бүгінгі таңда парламентпен қатар Президент те заң шығарушы орган болып табылады. Алайда, бұл жәйтті олар заң актілерін бір мезгілде шығарады деп ұғынбау керек. Біріншіде конституцияда Парламенттің заң шығару жолымен реттйтін аса маңызды қоғамдық қатынастар шеңбері айқын белгіленген. Екіншіден, Президент тек конституцияда тікелей қарастырылған жағдайларда ғана заң актілерін шығара алады.

Біз жоғарыда қарастырып өткен Президенттің заң шығару құқығы Конституцияны қабылдау кезінде сынға алынады. Алайда, мұның көптеген елдердің конституциялық заң шығарушылығына тән құбылыс екенін естен шығармаған жөн. Мәселен, Италия Республикасы Конституциясының 76-шы бабына сәйкес «заң шығарушылық қызметі, егерде осындай өкілеттіктің принциптері мен басшылық критерилерийлері анықталған болса және ол белгілі бір мәселелер шеңберінде белгілі бір мерзімге белгіленсе, Үкіметке берілуі мүмкін»-деп көрсетілген. Дәл осындай нормаларды өзге де алдыңғы қатарлы елдердің Конституцияларында кездестіруге болады. ҚР Президентінің заң күші бар актілерді шығаруы Парламент пен Үкіметтік іс-әрекеттерін үйлестіру, олардың күшін кезек күтпейтін мәселелерді шешуге бірлесе күш қосуын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Президенттің Парламенттің өкілеттілігі мерзіміне Сенаттың 7 депутатын тағайындау құқығы кәсіпқой заң шығару органын қалыптастыру процесін ынталандыруға бағытталған және ол Президенттің үйлестірушілік ролімен қарастырылған. Аталған шара Парламентте белгілі бір саяси микроклиматты қалыптастыруға және билік тармақтары арасында сындарлы (конструктивті) диалог орнатуға ықпал етеді, деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасы Президентінің атқарушы билік саласындағы өкілеттігіне төмендегі жәйттер жатады:

- Үкімет және басқа да атқару органдарын қалыптастыру мен байланысты өкілеттіктер;
- Премьер-министрдің оның маңызды шешімдерінің барлығы туралы баяндамасын тұрақты тыңдап отыру құқығы;

- Егер олар өздеріне жүктелген міндеттерді әрі қарай орындай алмайды деп есептеген немесе парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда, Үкімет пен оның кез-келген мүшесінің жұмыстан кету туралы мәлімдемесін қабылдау құқығы;
- Өз ынтасымен Үкіметтің өкілеттіктерін тоқтату. Премьер министрді және кез-келген Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы шешім қабылдау құқығы;
- Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті билік органдары актілерінің әрекетін толық немесе жартылай жоққа шығару немесе тоқтата тұру құқығы;
- Премьер –министрдің ұсынуы бойынша әкімдерді тағайындау құқығы.

Атқару органдарының лауазымды адамдарын тағайындайтын Президенттің бұрынғы Конституциямен салыстырғанда үлкен дербестікке иелігі бар. Мәселен Парламенттің келісімі тек премьер-министрді тағайындағанда ғана қажет. Премьер – министрдің ұсынысы бойынша Президент Үкіметінің құрылымын анықтайды, оның мүшелерін тағайындайды және жұмыстан босатады, сондай-ақ Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды, оның аса маңызды мәселелер бойынша отырыстарында төрағалық етеді, үкіметке Парламент мәжілісіне заң жобаларын ұсынуды тапсырады, жоғарғы атқару органдары актілері әрекетінің күшін толық немесе жартылай жояды немесе тоқтата тұрады. Ол –ол ма егер ҚР 1993ж Конституциясы бойынша президент Жоғарғы кеңеске тек Бас прокурор, Ұлттық банк төралығасының кандидатураларын ғана ұсынатын болса, енді ол парламенттің келісімімен аталған маңызды құрылымдардың басшыларын, сондай-ақ Парламенттің келісімімен Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасын тағайындайды.

Жалпы алғанда атқару билігі саласындағы Президенттің өкілеттілігі айтарлықтай кеңейтіледі. Ал бұл өз кезегінде президенттің үлкен дербестігін және Парламенттің еркіне онша тәуелді емес екендігін білдіреді. Осымен қатар ҚР Үкіметі мен Премьер-министрдің ролі мен дербестігі күшейтіле түседі.

Бұрынғы конституциямен салыстырғанда ҚР Президентінің сот билігі саласындағы өкілеттіктерді де айтарлықтай кеңейтілген президент жергілікті соттардың судьяларын тағайынадайды, сондай-ақ жоғарғы соттың құрамына қатысты ауқымды өкілеттіктерге ие. Яғни, Жоғарғы сот кеңесінің кепілдемесіне сүйене отырып, Парламенттің Сенатына Республика Жоғарғы сотының төрағасы жоғарғы сот коллегиясы төрағалары мен судьяларын сайлау немесе қызметінен босату туралы ұсыныстар жасайды. Жоғарғы сот кеңесі – Президент ұсыныстар құрастыратын консультативтік-кеңестік орган.

Қазақстан мемлекеті басшысының үйлестіру сипатындағы өкілеттіктер мен қатар өкімет билігі тармақтары арасындағы келіспеушіліктерді шешу өкілеттігі де бар. Бұлар: Президенттің парламентті тарату және үкіметтің отставкасын қабылдау құқығы, үкіметтің өкілеттігін тоқтату, премьер-министрді және үкіметтің кез-келген мүшелерін қызметтерінен босату туралы шешім қабылдау құқығы.

Президент парламенті келесі жағдайларда тарата алады: парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенде; парламент премьер – министрді тағайындауға екі рет келісім бермегенде; Парламенттің палаталары арасындағы немесе парламент пен мемлекеттік өкіметтің басқа тармақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушілік салдарынан саяси дағдарыс болғанда (63-баптың 1-тармағы).

Сөйтіп, егер өкімет билігі тармақтары арасында еңсерілмейтін келіспеушіліктер пайда болған жағдайларда, толғағы жеткен осы саяси шиеленісті шешу міндеті Президентке жүктеледі. Бұл міндет өкімет билігі тармақтарының келісімді іс-әрекетін қамтамассыз ету жөніндегі оның конституциялық қызметінен обьективті түрде туындайды. Қазақстан республикасы президентінің билік бөлісу жүйесіндегі бүгінгі ролі – оның мемлекеттің бірлігін қамтамассыз ету болып саналады.

ҚР Парламентінің Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша өкілеттіктерін қарастырып көрелік (ҚР Конституциясының 4-бөлімі)

Қазақстандағы демократиялық өзгерістер процесі кәсіпқой парламент пен парламентаризмді қалыптастыруды аса маңызды міндеттер ретінде алға тартып отыр. Үлкен заң сөздігі парламентаризмге келесі анықтама береді: «Парламентаризм дегеніміз өкілетті орган – парламенттің басқа органдармен арақатынастағы формальды үстемдігін білдіретін заң шығару және атқару қызметтерін айқын бөлісумен сипатталатын құқықтар жүйесі. Парламентаризм жағдайында үкіметті парламент құрастырады да ол оның алдында жауапкершілік көтереді».

Парламенттік басқару формасы орнаған республиканың басты сипаты да осы емес пе?

Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша президенттік республикадағы парламентаризмді Парламенттің министрлерге (бірақ нақтылы емес, жиі ретте үкіметтің заңды басшысы –Президентке)сенімсіздік білдіру мүмкіндігіне иелігімен сипатталатын мемлекеттік басқару жүйесі деп ұғыну баршылық.Ал министрлер өз кезегінде Президент алдында да жауапты болып қала береді(қос жауапкершілік).Белгілі Ресей мемлекет танушысы В.Е.Чиркин осындай пікірді ұстанады.Советтік құрылыстан кейінгі мемлекеттер жағдайында парламентаризмнің қалыптасуын кең ауқымда ұғыну қажет деп есептейміз осы заманғы демократиялық елдерде жоғарғы өкілетті органдарға тән сапалар мен қызметтерді динамикалық процесс ретінде бірте-бірте қалыптастырған жөн.

Қазақстан Республикасының Конституциясының билік бөлу қағидасына байланысты әлеуеті,өзінің әлі толық мүмкіндігін пайдалана қойған жоқ.

Қазақстан Республикасында билік бөлу қағидасы мынандай ерекшеліктермнг жүзеге асуда:

1.Билік бөлу қағидасы биліктің біртұтастығы негізінде;

2.Билік тармақтарға,яғяни заң шығару,атқару,сот билігіне бөліну негізінде;

3.Билік тармақтарының өзара теңгермешілік тепе-теңдік қағидасының үйлесімділігінің негізінде.

Билік бөлу қағидасы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап мемлекеттік құқықтық даму тәжірбиесіне енгізілген болатын.Билік бөлу қағидасы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы және 1995 жылдардағы Конституциясында орнығып бекіді. Қазіргі кезеңде билік бөлу қағидасы конституциялық құқықтық тұрығыдан түрленіп дамытылуда. Билік бөлу қағидасының жүзеге асуы жоғарғы мемлекеттік органдар жүйесінен жергілікті басқару жүйесіндегі тармақтарға дейін өрбітіліп дамытылуда.

Қорыта келгенде, билік бөлу принцпін Қазақстанда жүзеге асыру конституциялық құқықтық тұрғыдан алғанда, жаңадан қалыптасып, дамуды бастан кешуде. Болашақта бұл бағытта әлі көптеген реформалық қадамдарды жүзеге асыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Казахстан,2008. -96 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: ЮРИСТ, 2003.-132 б.

3. Прозорова Н.С. Теория «разделения властей» и современно буржуазное государство. // Советское государство и право, №9, 1974.8-11 с.

4. Азаркин Н.М.Политко – правовое учение Монтескье: авторефара канд. диссер. М., Мысль, 1999.-975 с

5. Теория права и государства. Учебник для вузов // под ред. Проф. Г.Н.Манова.-М.:Изд-во БЕК, 1996. – С.256.

6. ҚР Конституууиясы 1995. – 30 тамыз. (1998.-7қазандағы өзгерістер мен толықтырумен бірге) // Алматы. – 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі мемлекеттің біртұтастығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік өкімет билігінің жаңа үлгісін қалыптастыру туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается формирование новой модели государственной правительственной власти, обеспечивающей целостность и независимость государства после провозглашения независимости.

ОӘК 371.1 К 64

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Кесимова А.Қ.- аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасы білім жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында «әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды белгілеу» деп атап көрсетілген болатын. Бүгінгі мектептің талабы оқушыларды пәндер бойынша белгілі білімдер жиынтығымен қаруландыру ғана емес, оқу іс – әрекеті арқылы оны жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Еліміздегі тәуелсіздіктің әсері қоғам дамуының барлық салаларын қамтып, әлемдегі жаңа мазмұнды озық тәжірибелерге негізделген оқу – тәрбие жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Әрбір өсіп келе жатқан ұрпаққа тәлім – тәрбие беру, олардың рухани жаңарып жандануына тірек те, тетік те болатын мектеп екендігі бәрімізге белгілі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы; екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық – қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді.

Қазақстан – 2030 стратегиясы мен «Білім туралы Заңы» Қазақстан Республикасының білім жүйесінде инновациялық технологияларды ұтымды қолдануға мүмкіндік береді. XXI ғасыр педагогикалық білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды меңгеру ғасыры болып табылады. Оқытудың инновациялық педагогикалық технологиясы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт –2020» идеясында «Заманауи прогрестің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынадай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. «Интеллектуалды ұлт –2020» идеясының мақсаты – жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу керек, екіншіден, электронды қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек»,- деп бүгінгі егемен еліміздің ертеңі бүгінгі болашақ ұрпақтың қолында екеніне тоқталады /1, 1 б./. Расында да, елбасының қазақстан халқына жолдауында ұлттық экономиканы қалыптастыру, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық мәдениетті дамыту, т.б. өзекті мәселелерді қарастырады.

Еліміздің бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттік қатарынан көрінуге негізгі үлес қосатын бүгінгі мектеп оқушылары. Ал сол оқушыларға білім беретін мұғалім.

Біз зерттеу жұмысын жүргізу барысында алдымызға болашақ мұғалімдердің педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби-экономикалық біліктілігін қалыптастыруды негізге алдық. Жоғары білім беру жүйесіндегі «Білім» бағыты бойынша «Құқық және экономика негіздері» мамандықтары бойынша бүгінгі мектепке құқық және экономикалық білім беруге байланысты мұғалімдерді дайындайды. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында, мектептерде ақпараттық технологиялар, педагогикалық технологияларды пайдалану жақсы жолға қойылған.

Энциклопедиялық сөздікте "Технология дегеніміз - өнімді өндіру процесінде шикізаттың немесе материалдың формасын, қасиетін, күйін өзгертетін, оларды өңдеу мен дайындаудың әдістерінің жиынтығы", - деп көрсетілген /2/.

"Технология – techne - өнер, шеберлік және logos - ғылым, заң ", яғни технология дегеніміз – шеберлік (өнер) туралы ғылым деп берілген/2/.

Қазақстанда жаңашыл педагогикалық технологияларды зерттеу, пайдалану ғалымдардың еңбектері көптеп табылады. Қазақстанда Ж.Қараев, М.Жампейісова, Б.Тұрғымбаева, Ж.Кобдикова, т.б. атауға болады. Ж.Қараев, Ж.Кобдиковаңың деңгейлеп саралап оқыту технологиясы бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулері оқушылардың білім сапасын арттыруға мүмкіндіктер тұғызады.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы оқу процесінің құрылымына, дидактикалық құралдарға қойылатын жалпы технологиялық талаптардың орындалуын қажет етеді. Оқушылар алдын-ала қабілет деңгейлеріне қарай шағын топқа бөлінбейді. Деңгейлік тапсырмалар орындалу барысында оқушылар өздері-ақ сараланады. Технологияның басты компоненттері – оң мотивация қалыптастыру және табысқа жетелейтін бағалау тәсілін пайдалану негізінде оқушылар төменгі деңгейден жоғары деңгейге ауыса алады.

И.П.Подласыйдың пікірінше өндірістік процестердегі технология деп, қолданғанда алдын-ала көздеген нәтижеге жеткізетін, белгілі бір сапалық және сандық деңгейлердегі өнім (продукция) алуға кепілдік беретін**,** ғылыми негізделген алгоритмдер, әдістер мен құралдардың жүйесін айтады/3/.

Біздегі технология ұғымы Блумның "толық меңгерту" теориясына негізделген. Сонымен қатар, Ресей ғалымдары В.П.Беспалько, И.В.Кларин, В.М.Монахов, Г.К.Селевко, Т.И.Шамова, Т.И.Давыденко, т.б. ғылыми зерттеулерінде ерекше орын алып отыр. Қазақстанда педагогикалық технологияны мектепке енгізуді алғашқы зерттеген ғалым профессор Ж.А.Қараев болып табылады. Ол Ресей ғалымдарының идеяларын басшылыққа ала отырып, ақпараттық технология, компьютеризация мәселелерімен бірге педагогикалық технология мәселесін зерттеуге жол ашты. Оның негізгі ғылымға қосқан жаңалығы деңгейлік саралап оқыту технологиясы. Деңгейлік саралап оқыту технологиясы В.П.Беспалько ұсынған педагогикалық технология ұғымына, оған негіз болатын концептуальдық көзқарасқа сәйкес және Б.Блумның "толық меңгерту" технологиясының басты идеяларына сүйеніп жасалынған.

Бұл технология да басқа технологиялар тәрізді оқу процесінің құрылымына, дидактикалық құралдарға қойылатын жалпы технологиялық талаптардың орындалуын қажет етеді.

Дегенмен аталмыш технологияның басқа технологиялардан, әсіресе, атаулары ұқсас "Әр деңгейлі оқыту" технологиясынан көптеген айырмашылықтары бар. Оқушылар алдын-ала жүргізілген диагностика негізінде шағын топтарға бөлінбейді. Оның себебі: а) ізгілендіру принципіне сәйкес әр оқушының танымдық қызмет субъектісі, жеке тұлға деп қарай отыра және олардың өзінің "жақын даму аймағында" жұмыс істеуін қамтамасыз ете отыра оқушыларды алдын-ала қабілет деңгейлеріне қарай топқа бөлу қажет емес деп саналады. Оның үстіне деңгейлік тапсырмалар орындау үстінде оқушылардың өздері-ақ сараланады, бірақ тәжірибе көрсеткендей белгілі бір мерзімнен кейін, технологияның басты компоненттері – оң мотивация қалыптастыру және табысқа жетелейтін бағалау тәсілін пайдалану негізінде оқушылар

төменгі деңгейден жоғары деңгейге ауыса алады. Алғыр топтың оқушылары сабақ үстінде жетекшілік роль атқарып, мұғалімнің көмекшілеріне айналады; б) тәжірибе сондай-ақ оқушыларды алдын-ала әлсіз, орташа, жоғарғы топтарға бөлудің зиянды жақтары да бар екенін көрсетіп отыр. Өйткені бұл оқу мақсатының диагностикалық түрде анықталып, бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы иерархиялық жүйе құрайтын болмысына қайшы. Базалық білім қалыптастыратын (ұғым, ереже, факт, заңдылықтар), репродуктивті таным қызметін қажет ететін, күрделілігі төмен тапсырмаларды орындамай, бірден күрделілігі орташа немесе жоғары тапсырмаларды орындау оқушылардың тіректік, базалық білім алуына нұқсан келтіретіні дәлелденген факт; в) оқушылары аз ауыл мектебі, әсіресе, шағын комплектілі мектептер жағдайында саралап оқыту, тіпті тереңдетіліп оқылатын пәндері бар кластар құру мүмкін емес. Бұл жағдайда деңгейлік саралап оқыту технологиясын пайдалану тиімді.

Деңгейлік саралап оқыту технологиясы оқу жоспарының жылжымалы бөлігі (вариативная часть) арқылы оқытылатын таңдау, факультативтік курстардың болуын, жоғарғы кластарға енгізілгелі отырған бейінді (профильді) оқытуды, жаңа типті мектептер – лицей, гимназиялардың болуын құптайды. Бұл жердегі шешімін таппай жүрген мәселе –оқытудың мұндай сыртқы саралауы мен ішкі саралаудың (мақсаттар деңгейінен туындайтын) үйлесімді жұмыс істеуі/4/.

Педагогикалық сөздікте «Педагогикалық технология – 1 іс-әрекетті ұтымды ұйымдастыру және оны жабдықтау; 2. ең аз шығындармен нәтиже алуға мүмкіндік беретін операциялардың бірізділігі; 3. педагогикалық проблемаларды метадолгиялық деңгейде талқылауға мүмкіндік беретін психологиялық категория; 4. педагогикаға оқу процессін толық басқарылатындай етуге мүмкіндік беретін жүйелі ойлау тәсілін енгізу; 5. педагогикалық мақсаттарға кепілдікпен жетісуге әкелетін әрекеттер жүйесін ретке келтіру. Әдетте технологияны бастапқы материалдарды дайын өнімді алуда қайта өндіру үрдісін айтады. Энциклопедиялық сөздікте: технология- бұл «өнімді өндіру үрдісінде материалдар мен жартылай фабрикаттарды, шикізат формаларын, құрамын, жағдайын өзгерту, дайындау, өңдеу әдістерінің жиынтығы», - деп атап көрсетеді/5/.

Т.И.Шамова, Т.И.Давыденко педагогикалық технология ұғымына төмендегідей тұжырым жасацды: “Білім беру технологиясы деп мұғалім мен оқушыға ыңғайлы (комфорт) жағдай жасай отыра нәтиже алуға бағытталған оқу процесін жобалауға, ұйымдастыруға, бағыттауға және түзету енгізуге арналған олардың біріккен қызметінің процестік жүйесін айтады ” /7/.

Модульдік технология даралап оқыту принципіне негізделген. Бұл технологияның басты құраушысы – төмендегі компоненттерден тұратын оқу модулі:

-Логикалық түйінделген ақпарат блогы;

-Оқушы іс – әрекетінің мақсаты бағдарламасы;

-Бағдарламаны табыспен меңгеруге қажет мұғалімнің нұсқаулары.

Модульдік технологияның басқа оқу жүйелерінен басты айырмашылықтары мынада:

1. Қойылған мақсатқа сай меңгерілетін білім мазмұны аяқталған жеке дара кешендерден тұрады. Оқу мақсаты меңгерілетін мазмұнның көлемімен қоса оны меңгеру деңгейлерін де көрсетеді. Мұнымен бірге оқушы мұғаліммен қалай тиімді әрекет жасауы керектігі жөнінде жазбаша түрде ақыл – кеңес алады.

2. Мұғалім мен оқушының қатынасы модульдер арқылы асатын болғандықтан даралап оқыту процесі жүзеге асады.

3. Оқушы көбіне өз бетімен жұмыс істейді, мақсат қоюға, өз іс – әрекетін ұйымдастыра білуге үйренеді. Бұл оны бағдарламалап оқытуға жақындатады.

Е.П.Белозерцева «Жоғары кәсіби білім беру технологиясы» /8/ атты еңбегінде білім беру технологиясына жоғары мектепте қолданылатын технологияларға тоқталады (1- кесте):

Кесте 1- Жоғары мектепте қолданылатын білім беру технологиялары

Технология	Мәні
Прблемалық іс әрекеттік оқыту	Тұлға алдына мәселені жүйелі түрде қоя білу.
Модульдік оқыту	Әр тақырыпты өткеннен кейін нықтылау, бекіту.
Мағыналы тиянақты оқыту	Белсенді әдістерді қолдана отырып, кәсіби іс әрекетті модульдеу.
Ойын арқылы оқыту	Оқу ақпаратына байланысты тың мәселелерді іздестіру, өз бетіңше танымдық іс- әрекетін қалыптастыру

Болашақ мұғалімдердің кәсіби-экономикалық біліктілігін қалыптастыруда педагогикалық технологияларды пайдалануда Е.П.Белозерцева жоғары кәсіби білім беру технологиясына жоғары мектептке ұсынған белсенді оқыту әдістері негізге алдық.

Кесте 2 - Болашақ мұғалімдердің кәсіби-экономикалық біліктілігін қалыптастыруда пайдаланған белсенді оқыту әдістері

Әдістер	Ұқсас әдістер	
	Ойын түріндегі емес әдістер	Ойын түріндегі әдістер
Проблемалық дәріс Дөңгелек стол Лекция конференция Алдын - ала дайындалған жоспары бойынша лекция Оқытушының дәрісі Шолу дәрістері Рейтинг Программалап оқыту Семинар Топтық кеңес беру Олимпиада	Қолайлы шешімдер Жекелей тапсырмаларды шешу Қорытындылау Әр түрлі нұсқаларды талқылау Жекелей жұмыстар	Сенімді түрде шешім қабылдау Миға шабуыл Іскерлік ойындар Жекелей технологиялық үдерісте ойынды жобалау

Болашақ мұғалімдердің кәсіби-экономикалық біліктілігін қалыптастыруда педагогикалық технологияларды пайдалану болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктілін қалыптастыруға мүмкіндігіңің мол екенін зерттеу барысында айқындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт –2020» атты Л.Гумилев атындағы Евразия университетінде сөйлеген сөзі. //Айқын. 2007.
2. Совет энциклопедиялық сөздігі, -М, 1981 ж.
3.Подласый И.П. Педагогика, 2000ж.
4.Ж.А.Караев, Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения, - Алматы, Автореферат докт. дисс. 1994 г. – 37 с.
5.Т.И.Шамова, Т.М.Давыденко, Управление образовательным процессом в адаптивной школе, - М:, Центр. Педагогический поиск; 2001 г, - 384 с.
6.Педагогический словарь. Под редакцией В.И. Загвязинского, А.Ф. Закировой. Москва 2008г.
7.Энциклопедия педагогических технологий
8.Белозерцева Е.П. Педагогика профессионального образования. Москва 2008. 368 с

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орындарында педаогикалық технологияларды қолдану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби-экономикалық біліктілігін қалыптастыру қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирования профессионально – экономического квалификации будущих учителей при пользовании педагогических технологии в ВУЗе.

ӘКО 340.134 М 12

ТӘУКЕ ХАННЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫ» ЖИНАҒЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ БАЯНДАЛУЫ

Муқалдиева Ж.Б. - оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Тәуке ханның «жеті жарғысы» қазақ ата заңдары тарихында маңызы зор ірі ескерткіш болып табылады**.** XVII ғасырдың аяқ шенінде қазақардың әдеттегі құқық нормалары бір жүйеге келтіріліп, толықтырылды. Бұл Тәуке хан билік құрған кездері «Жеті Жарғы» деген атпен мәлім болды. Ғылыми әдебиеттерде Тәуке ханның ережесі деп те аталып келді. Алайда, көшпелі қазақ даласында байырғы өмір сүрген қазақ хандарының жазылмаған заң ережелері Жеті Жарғының негізгі көзі болды. Заңдарға негізінен алғанда қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери-саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне жауап беретін ережелер жиынтығы енді. Жеті жарығының жасалуы, қолданылып келген әдеттегі құқықтың нормалары негізінде қазақты феодалдық қоғамның жаңа қажеттеріне бейімдеу болды. Бұл орайда, ол нормалар федолдық ақсүйектердің мүдделеріне сай, солардың мүддесін көздейтін заңнама жиыны болды. Алайда, «Жеті Жарғы» қазақ қоғамының сол заманындағы әлеуметтік және құқықтық нормаларының заң жүзінде баянды етілуі, сол замандағы қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы мен мыңжылдық тарихы ерекшелігі бар, адам еркіндігін жақтаған сипаттармен әлем назарына ілінді. Ұлы далада, көшпелі өркениеттің негізін құрған, қыпшақтар даңқының үстемдігінің ерте құлдырауы, тисінше Қазақтың құқықтық мәдениетінің беделі мен рөлінің құлдырауына соқтырмай, керсінше таңғаларлық жағдай туғызды. Бұл Қазақ ата заңының аумағы кең даланың еркіндік қабілетінің сақталуымен, оқшау орналасуымен көріне білуі. Сол кездері қазақ көшпелі қоғам аясында, құқықтық дүниетанымы мен өзіндік ерекшіліктерге ие болды. Жеті жарғада адамгершілік құндылықтарға негізделген әділ сот пен шешендік ділмаралықтың ролі өте жоғары қойылып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген ұмтылыс айқын сезілді. Ру ішіндегі және рулық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық сияқты моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді. Жеті жарғы қазақ құқығының біргейлі оның көшпелі өркениет шеңберінде туындап, сол дәуірдің арман-мақсаты мен көптеген құндылықтық белгілерін қамти отырып, әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары мен салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілініп, сол дәуірдегі қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылды. Сондай-ақ, Тәуке ханның жалпы қазақтың ханы ретінде тақта ұзақ та біршама сәтті отыруы, әдетте басқа хандарда жиі ұшыратын әскери қуатының күшті болғандығы емес, ең алдымен, оның ой- өрісінің ерекше жоғарлығы, басқару ісін халықтың дәстүрлі әдет заңдары мен сот ісін жүргізу саласындағы тәжирбесімен ұштастыра білуімен көрінді. Сонымен бірге рулар арасындағы дауларды шешудегі жеке басының сыннан өткен тапқырлығы мен барынша жетілген шешендік шеберлігі арқасында қамтамасыз етілуі. Қарапайым қазақтар арасында барынша жоғары бағаланатын көсемнің жеке басының бұл артықшылықтары Тәуке ханның барлық үш жүзде де беделінің тез өсуіне жақсы жағдай жасады. Жеті Жарғыда көрніс тапқан сол кездегі тұрмыс жағдайлары мен көшпелі қоғам қайшылықтарының, олар пайдаланған құқықтық әдеттер мен

нормалардың жиынтығы ел ауызындағы аңыздарда Тәуке хан мен оның жақын адамдарының заңдық бастамасы ретінде баяндалады.

Қазақ заңдарының жинағы ұрпақтан ұрпаққа тек ауыз-екі түрде ғана беріліп, бізге жазбаша жетпеген. Алайда, Жеті жарғы қазақ дала өміріне қатысты заңдар жиын ретінде баяндалуы, ол адам өміріндегі әрбір жалпы және жеке құқықтық жағдайларды қамтитын жүздеген баптардан тұрды. Атап айтар болсақ, әкімшілік – құқықтық нормалар мен қылмыстық іс құқығы бойынша жеті жарғыда жоғарғы өкімет билігі ханның қолында шоғырлануға тиіс болды. Заңдардың жекеленген баптарында көрсетілген дей хан жоғарғы судья болған. Ол қылмысы және теріс қылықтары үшін соттап, жазаға тартқан, салық салу тәртібін белгілеген. Ал, тармақтары бойынша сұлтандар мен ру-тайпа старшындары арқылы хандықты басқару тәртібі нақтылана түседі, онда былай делінген «Халық істері туралы пікірлесу үшін ханның өзі, сондай-ақ барлық сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен билеушілері күзде қазақ даласының ортасындағы бір жерге жиналатын болсын» /1. Бұл талаптың қатаң болғаны соншалық, құрылтай жиналысына қарусыз келген адамның дауыс беруге хақысы болмаған және барлық әдет-ғұрыпқа қарамай, жасы кішілерге оған орын бермей отыра берген. Яғни «халық жиналысына» қару-жарағымен келуге тиіс болған. Сонымен бірге заңдардың бір ережесінде «Сұлтандардан басқа қару аясына алынатын әрбір адам ханға және халық билеушілеріне жыл сайын өзінің мал-мүлкінің жиырмадан бір бөлігі мөлшерде салық төлеп отыратын болсын» –делінген /2.

Жеті жарғыда адамның жеке басына қарсы, мал-мүлік қатынастарына қарсы жауапкершілік, отбасы-неке қатынастары мен қылмыс жасағандығы үшін жауапкершілікте көзделіген. Заң ж.зінде баяндалуы, бұл сол заманда ер құны, жесір дауы, ұрлық жер дауы сияқты күрделі дау-жанжалдарда қолдалатын дәстүрлі заң болды. Әсіресе жазалаудың ең көп тараған түрі құн төлеу болды. Талапкердің келісуі бойынша тіпті кісі өлтірген адамдар да құн төлеу арқылы өмірін сақтап қала алаған. Қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік тегіне байланысты құн мөлшері төленіп отырған. Мәселен, өлтірілген қатардағы еркек үшін кісі өлтіруші оның туыстарына 1000 қой, әйел үшін 500 қой төлеген, ал сұлтан мен қожаны өлтіргені үшін жеті адамның құны алынған. Дегенмен, Жеті жарғыда өлім жазасы мен құн төлеуден басқа өзге де жазалар; мал-мүлкін тәркілеу, елден қуу және жұрт көзінше масқаралау шаралары да көзделінген. Бірақ қазақ қоғамы мүшелерінің негізгі бұқарасының еркіндігі әрдайым заң алдындағы тең құқығы бола бермеген, бірқатар реттерде ерікті адамдардың да, ең алдымен әйелдердің құқықтарына нұсқан келтіріліп отырған. Мысалы, әйелдер, «күтушілер мен құлдар» сотта куә ретінде сөз сөйлей алмаған. Заң алдындағы толық құқықты адам «қару асынып жүре алатын» ересек еркек үйдің иесі, отбасының басшысы ғана бола алатын еді. Әрбір еркектің пайдаланатын құқықтары немесе ол құқықтардан айыру оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты белгіленген. Алайда, XVII ғасырдың аяғында қабылданған Тәуке ханның «Жеті жарғы»атты заңы, шындығын да, қазақ елінің бірігуіне жағдай жасады.Тәуке ханның бастауымен топтар арасындағы жер мен су байланысты тынымсыз таластар мен қырқысуларды жою үшін билер мен ақсақалдар кеңесі әртүрлі тайпалар мен рулардың көш-қоныс орындарын айқындап, ру тармақтары ішінде тамғаларды пайдалану тәртіпке келтірілді.Қазақ қоғамында тарихи қалыптасқан әдеттік құқық нормаларына жекеленген өзгерістер енгізіліп, оларды қолдану тәртібі белгіленді. Ру арасындағы келіспеушілік, бір жүз бен екінші жүз арасындағы қырғи-қабақ салқындықты әлсіретті. Ел бірлігін сақтауда хандық биліктің заң негізінде күшеюіне негіз болды. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» деп аталатын байырғы қазақ хандарының мемлекетті басқару мен халықты билеудің «қалыптасқан қанға қан, жанға жан» дейтін тоқтам-байламды барынша жеңілдетіп, ерді құн төлеу сияқты жаза, түрлерін далалық құқықтармен өзгерте отырып, жаңа заң жүйесін жасуға тырысты. Оларды жекелеп айтар болсақ;

1. Көтерліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын.

2. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасын бұйырылсын.

3. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын.

4. Өзге біреудің әйелімен зиянқорлық жасап, ақ некесін бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын..

5. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.

6. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін.

а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалың малын береді;

б) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді;

7. Ұрланған жылқы , өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін.т.б /3

Тәуке ханның билік еткен тұста «Жеті Жарғы» қазақ билерінің ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселерді тиімді шешуде бірден - бір заңдар жиыны болды. Олай дейтініміз, Феодалдық жоғарғы тобының артықшылық жағдайларын, оның саяси үстемдігі мен феодалдық меншіктің үстемдік тәртіптерін қорғау негізінде әрбір адам қатаң жазаланып отырған. Мәселен, Егер айыпталған адам соттың үкімін орындамайтын болса, немесе ауылдың бастығы істі қараудан әдейі жалтаратын болса, қылмысты адамды қорғайтын болса, онда талапкер өз ақсақалдарының рұқсаты бойынша барымта алуға, яғни өзінің туыстарымен немесе ең жақын көршілерімен бірге жауапкердің ауылына барып, оның малын жасырын түрде айдап әкетуге құқысы болған; бірақ үйіне қайтып келгеннен кейін ол бұл істі қадағалап отырған өз бастығына айтуға тиісті болды, сөйтіп барымталанған малдың саны талапқа мөлшерлес болуға тиістігі анықталып отырды. Сот үкімін орындауға күштеп көндірудің кең тараған әдістерінің бірі болған мұндай тәсіл іс жүзінде Жеті жарғыда барымтаны бас бұзарлық әрекет деп қарамай, керісінше сол замандағы қазақ қоғамының жөн-жобалы құбылысы ретінде қарастыруымыз керекті. Бұдан жергілікті жерлердегі сот және әкімшілік биліктің бір-бірінен бөлінбегенін көрсетеді. Осыдан бидің бір басында ең кем дегенде үш функциясы болғанын;ол ру басы да, судья да, жергілікті жердегі әкімшілік биліктің өкілі де болғандығын айқындайды. Мұндағы жеті жарғыдағы тұжырымдалған құқықтық нормалар жиынтығын бүкіл Қазақ хандығы шеңберінде қолданылған деген қорытынды жасалады. Дегенмен де, Қазақ даласындағы жер дауы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдет-ғұрып заңдары жоғарыда атап өткендей, осы Жеті жарғында көрніс тапты. Бұл да дала өмірінің заңдары бір жүйеге түсіріліп, тәртіпке келтіріліп, қатаң орындалды деген сөз. Тәуке ханның бастау-басшылығымен қабылданып, жүзеге асырылған сол кезең үшін мейліше ірі реформаланған қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының жиынағы «Жеті Жарғы» деген атпен белгілі болды. Сондықтан Жеті жарғының ғылыми тұрғыдан қарстырсақ, тек ғана тарихшы заңгерлер үшін ғана емес, тұтастай алғанда Қазақстан тарихы саласындағы зерттеулер үшін маңызды болып табылады. Тәуке хан билік құрған уақытта қазақ елінде ең тыныш жылдар болды, өзара алауыздық қырқысулар, жер даулары әрі әділ шешімін тапты. Рулар арасындағы әртүрлі қақтығыстарды шешу, қазақтардың сыртқы жауларға қарсы бірікен қимылдарын белгілеу мәселелері талқыланды. Халықтың әл-ауқаты жақсарды, «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман деп аталуы тегін есем еді. Бұл елдің ең бай да бейбіт өмір кешен уақыты болды. Тәуке хан саяси оқиғаларға толы ұзақ өмір сүрді, көшпелі халық жадында ол билеген кезең «алтын ғасыр» ретінде сақталды. Қырғынға бөккен елді бабына түсіріп, ру мен ру арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойын ұсындыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әулетті

дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты. «Жеті жарғы» ел билеуде, әділдік пен адалдықтың үлгісі ретінде танылып, дүниеге көзқарастарының кеңдігімен, білімдарлығымен, туғанға бұрмайтын турашылдығымен аты әйгілі болды. Сондықтан да, Тәуке хан тұсында дала өмірінің заңдары бір жүйеге түсіріліп, тәртіпке келтірілді, қатаң орындалды. Сол себепті де, Жеті жарғыда көрсетілген құқықтық нормалар жиынтығы қазақ даласы бойынша заң жүзінде баяндалуы, бүкіл Қазақстан көлемінде қолданыс тауып жүзеге асырылды деп батыл айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақтың ата заңдары : Құжаттар, деректер және зерттеулер 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов .-Алматы: Жеті Жарғы,2005.-Т.5.-б.118, 154
2. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары/Құр.: З.Кенжалиеа және т.б.
-Алматы,1996.- б.176
3. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының саяси құқықтық тарихы.-Алматы,2000
4. Қазақстан тарихы: 5-Тарау .-Алматы,1999.-460 б.
5.Көркемсуретті Қазақстан тарихы.-Алматы, 2005.-405 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Тауке ханның «Жеті Жарғында» әлеуметтік және құқық нормаларының заң жүзінде баяндалуы.

РЕЗЮМЕ

В статье рассатриваются Тауке хане в «Жети-Жарги» дакладвуеть социально-правовое нормы итогов казакского закона.

ӘОК 371.331.864

МЕКТЕПТЕ ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Нурланова В.С. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, ден-саулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Балалар қоғамдық ұйымының әлеуметтік тәрбиесінің гуманистік парадигмасы келесі жағдайда негізделеді: балалар қоғамдық ұйымында әлеуметтік тәрбие ұстанымдары баланың өзін-өзі анықтауын, өзін-өзі реттеуін, бірегейлігімен қоса индивидуалын басқарады; балалар қоғамдық ұйымы тұлғаның ішкі белсенді өзіндік мотивін ынталандырады. Мұнда рефлексия үлкен роль атқарады, адамның өзіндік әрекетін ынталандырады, әсіресе оның әлеуметтік негізінде болады; адамгершілік тәрбие тұлғаның өзін дамытудағы белсенді шығармашылығын ұйымдастырады. Балалар Қоғамдық Ұйымы балаға өзінің өмірін өзбетінше басқаруға іс-әрекет түрін таңдауға, өз құқығы мен өз ойын айтуға, қателіктерін кешіруге мүмкіндік береді;

Балалар қоғамдық ұйымы қызметі тек қана профессионалды педагогқа қарамайды, барлық ұйым мүшелеріне–үлкендер мен балалар, ұйымның әрбір мүшесі мен әлеуметтік мәртебе қалайды.

Басқа мемлекеттердің іс-тәжірибесінен аңғарғанымыз, әр түрлі бағыттағы ұйымдар мен қозғалыстар бір орталыққа біріктірілуі олардың жұмыстарының жандануына үлкен ықпал еткенін байқаймыз. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі тарапынан да үлкен жұмыстар атқарылып жатқаны көпке аян. Министрліктің жанынан республикадағы қоғамдық ұйымдардың іс-тәжірибесін жинақтап, оны бүгінгі жас ұрпақтың мәдени құндылықтарын қалыптастыруға байланысты іс-шаралар жүргізетін "Балалар палатасының" құрылуы дәлел бола алады. Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы этнопедагогика және білім беру жүйесіндегі тәрбие лабораториясының іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары балалар және жастар ұйымдары мен қозғалыстары қоғамдық бірлестіктерін ұйымдастырудың ғылыми-практикалық негізін айқындау болып табылады.

«Болашақ» балалар ұйымының Ережесі Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Орта білім департаментінің шешімі бойынша республика мектептеріне үлгі ретінде ұсынылды. «Болашақ» атты оқушылар ұйымы – мектеп оқушыларын жастайынан қоғамдық істерге бейім, өнер мен спортты, білімді, өнегелі өсиетті, бизнесті сүйетін жан-жақты жетілген, іскер, саналы азамат тәрбиелеуді көздейтін ерікті ұйым.

Бұл ұйымның мүшелері ізгілік, қайырымдылық, шыншылдық, адалдық, әділдік іскерлік, қажырлылық сияқты жоғары адамгершілік қасиеттерді өз бойларына сіңіруде аянбай еңбек етеді.

Ұйымның басты міндеті–оқушыларды егеменді Қазақстан мемлекетінің мүддесін қорғай алатын, адал да әділетті, іскер де белсенді қайраткер етіп шығару. Сөйтіп оқушы жастарды шығармашылық іс-әрекетке, жеке бастық қабілеті мен қасиеттерін жетілдіруге, саяси көзқарастарын қалыптастырып өмірге белсенді түрде араласуға, Отанның қауіпсіздігін қорғай білуге, салауатты өмір сүруге дайын, рухани байлығы молайған салауатты азамат даярлау. Ұйым оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі басқаруға, жеке тұлға ретінде дамуына ерекше көңіл бөліп, бірнеше бағытта тәрбие жұмысын жүргізеді.

Сол мақсатта жергілікті мүмкіндіктерді пайдалана отырып, мектеп мұғалімдері мен ата-аналар қауымының қолдауына сүйеніп, демократиялық негізде белсенділікпен қоғамдық істерді атқаратын болады. Сөйтіп, бүгінгі оқушы жастардан келешек бизнесмендердің, өндіріс басшыларының, халық депутаттарының, әскери және саяси, қоғам қайраткерлерінің, шығармашылық қабілетті маман кадрлардың шығуына мүмкіндік туғызады.

«Болашақ» ерікті ұйымына 2-11сынып оқушылары өз еріктерімен мүше бола алады. Аталаған ереже 2001 жылы 21 мамырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орта білім департаментінде бекіліп, республика мектептеріне таратылған (қосымшада берілген).

«Болашақ» балалар қоғамдық ұйымы 3 сатыдан тұратыны жоғарыда қамтылған. Біздің зерттеуіміз, «Болашақ» балалар қоғамдық ұйымының ережесіне сәйкес 3-сатысы «Мұрагер», 10-11 сыныптарды қамтиды. Ал, «Атамекен» бойынша жоғары сыныптарды қамтитын саты «Мирас». Оған 10-11 сынып оқушылары мүше болады.

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие «Асыл мұра», «Ерлік» бағыттарында қамтылады. Ұлттық салт-дәстүрлерді, мәдениетті, тарихты, халықтың рухани қазыналарын насихаттау; ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықты, этникалық мәдени білім мен іс- тәжірибелерді меңгерту; ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өнерден (сәулет, бейнелеу өнері және т.б.) мағлұматтарды игеру және оны

қолдана білуі; тарихи ескерткіштер, көне тарихи таңбалардың тарихын білуі және оны қамқорлыққа алу.

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру «Ерлік» бағытында да қамтылады. Ұлттық ерлік, жауынгерлік дәстүрлер бойынша мағлұмат беру. Ұлттық жауынгерлік дәстүрлердің құндылықтарын бағалауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, Қазақстандық Отан сүйгіштік қасиетін және егемен еліміздіқорғайтын ұландарды қалыптастыруға ықпалын тигізу. («Ерлік тағылымы» бағдарламасын пайдалануға болады); денсаулықты нығайту, дененің дұрыс дамуына байланысты спорт түрлерімен шұғылдану; адамның табиғатпен қарым-қатынасы арқылы рухани байлығын жетілдіру; болашақ ұландардың отан алдындағы әскери міндетін өтеуімен байланысты алғашқы әскери талаптарымен таныстыру, оны өмірде қолдана білуге баулу, соғыс ардагерлерімен, шекара сақшы-жауынгерлерімен кездесу, қазақ елінің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтауға ат салысу. Жергілікті әскери бөлімшелермен, шекара күзетшілеріменбайланыс жасау, спорт жарыстарын өткізу.

Рухани–адамгершілік тәрбие мәселесі «Ізгілік», «Өсиет» бағытында қамтылады. Халқымыздың рухани-адамгершілік қасиеттерді, салт-дәстүр арқылы жас ұрпақ бойындағы ұлттық сана-сезім, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін және экологиялық мәдениетін жетілдіру (адамның табиғатқа қатынасы, табиғатты қорғау, оны гүлдендіруге байланысты еңбек үйірмелері, диспуттар, тарихи-аймақтану жұмыстары қамтылады), қоғам мүшелерінің еңбекке деген көзқарасы және нарықтық қатынасқа байланысты еңбектің мән-мағынасын түсінуі; оқушының бойындағы ізгілік қасиеттерді қалыптастыруда дін хадистерінің тәрбиелік мәнін түсінуі.

Кемтар балаларға және олардың ортасына ерікті түрде көмектесу, олармен әртүрлі жарыстар өткізу.

«Өсиет» бағыты ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық рухани мұраларды меңгеру. Ақын-жыраулар, би-шешендер өмірлерінің тәлімдік-тәрбиелік қасиеттері негізінде жас ұрпақты имандылыққа баулу; ұлтымыздың мәдени мұрасы болып келген: нақыл сөздер, бата тілектер, мақал-мәтелдер, көне тарихи еңбектермен танысу; олардың тәлімдік мүмкіндіктерін саналы түрде қабылдау және күнделікті қарым-қатынаста, іс-әрекетте қолдану, альбом, қолжазба жинақ шығару.

«Домбыра-дастан» бағыты–ұлттық ән-күй, би-өнерінің өзіндік ерекшеліктерін, мән-мағынасын, шығу тарихын білу; ән-күй, би өнерінің ұлттық мәдениетке қосар үлесі және жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиетін жетілдірудегі ықпалы. Музыкалы-аспаптың түрлерін, олардың өзіндік ерекшеліктерін білу. Мектепте ән-күй, би үйірмелерін ұйымдастыру, ұлттық аспаптар оркестірін құру. Өнер қайраткерлерімен кездесу, олар туралы мәліметтер жинау.

Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру «Достық» бағытында қамтылады. Көпұлтты Қазақстанда мекендейтін халықтардың мәдени мұраларын, тарихын, салт-дәстүрін оқып біле отырып, оларды құрметтеу; көрші елдердің тілін, ән-күйін, би музыкасын үйрену; әр ұлттың тағамдары мен киім үлгілерінен көрме, ән-күй, би өнерлерінен жарыс ұйымдастыру. Достықты қадірлей білуге, өз сөзіне адал және тұрақты, қиын сәттерде достарына көмек беруге дайын болу; ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуға белсене ат салысу; ТМД елдері мен алыс шет ел балаларымен байланыс жасау.

Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру–«Ұшқын» бағытында негізгі орын алады. Оқушылардың бойындағы қоғамдық саяси мәдениетін, экономикалық білімін, азаматтықсезімін жетілдіру; табиғат байлығын, ұлттық мәдениетті қорғау мүмкіншілігін қалыптастыру, ғылым-білім сайысын өткізу.

Құқық, демократиялық мәдениет дағдыларын меңгеру (өз құқығын және басқалардыңқұқығын қорғау). Саяси мәселелерді шешумен байланысты ойын түрінде съезд, конференциялар ұйымдастыру арқылы саясат мәселелеріне дағдыландыру.

Оқушылардың журналистикалық мәдениетін қалыптастыру; балалардың қызығушылығын ақпараттық құралдар арқылы насихаттау («Жас тілші», Дауыс атты т.б. өз рубрикасын, бөлімін ашу).

Эстетикалық тәрбие беру мәселесі «Сымбат» бағытында негізгі орын алады. Оқушылардың бойына әсемдік сезімін дарыту; қоршаған ортаның әсемдігін білуге баулу; көркіне мінезі сай «сегіз қырлы, бір сырлы» ішкі рухани сезімінің сырқы қимыл-әрекетпен өз-ара сәйкестігін қалыптастыру. Оқушы жастардың дене сұлулығын жетілдіруде гигиеналық талаптарды орындауға баулу, қыздарды әсемдікке баулуда зергерлік бұйымдардың ерекшеліктерін және пайдалану жолдарын үйрету.

Оқушыларды сымбаттылыққа, әсемдікке баулуда ақын-жыраулар шығармаларының, өнер адамдарының, ата-аналардың ұстаздардың ықпалы.

«Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Қолаң шашты қыз» т.б.сайыстарды, конкурстарды өткізу.

Интеллектуальді мәдениетті дамыту «Бизнес» бағыты бойынша жүргізіледі. Нарықтық қатынасқа байланысты оқушылардың экономикалық білімін жетілдіру; маркетинг, менеджер, аудитор, бизнес, коммерция т.б. мән-мағынасын түсіндіру. Оқушыларды нарықтық экономика негізінде әр түрлі ситуациялар туғызу арқылы бизнес мәселесін шешуге бейімдеу. Әрмектеп, сынып өздерінің жасаған бұйымдары бойынша (қол өнері, мектептегі бау-бақша т.б.) өзін-өзі қаржыландырудың көзін табуға, нарықтың мән-мағынасын түсінуге және шағын бизнесті ұйымдастыруға бейімдеу.

Отбасы тәрбиесі бойынша «Ізгілік», «Өсиет» бағытында адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Тәрбиеленушілердің санасында дәстүрлі ұлттық және моралдық құндылықтар жандандыру отбасы негізінде қалыптастыруды ұялату мәселесі қамтылады.

Әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру «Ізденіс» бағытында қамтылған. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге, жаппай нарықтық қатынасқа көшуге және ғылыми-техникалық даму үрдісіне байланысты мағлұмат жинау, компьютерлік техниканы(программа құру, компьютерлік ойындар, мультимедия және т.б.) меңгерудің алғашқы элементтерін игеру, жекелей білімін жетілдіруге байланысты шығармашылық ізденістерін дамыту (үйірме,кештер, ғылыми конференциялар, оқу сабақтары т.б.), ғылымға, білімге деген ықыласын арттыру, өмірлік мақсаттарын айқындауға, жеке бастық қасиетті қалыптастыруға баса көңіл бөлу.

Экологиялық тәрбие адамның бойына табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуын, табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың олармен парасатты іс-әркеттерін болжайды. Экологиялық тәрбиенің негізі алдымен, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғауды, елімізде экологиялық жағдай туралы халықты ақпаратпен қамтамасыз етуді көздейді.

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатын қояды. Оны іске асыруға алдын алушылық білімі кіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай-ақ, тәрбиелену-шілерді саналуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық және ақпараттық түсіндіруші жұмыс барысында жүзеге асырылады.

Еңбек және экономикалық тәрбие балалардың, жас өспірімдердің, және жастардың өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын, еңбек қызметінің саналуан түрлеріне адалдықпен, шығармашылық және жауапкершілікпен қарап,

ұжымда, топта жұмыс істей білу икемдігін қалыптастырады; адамның жеке шеберлік, белсенді және болмысымен беріліп іс-әрекет жасау, қажетті ресурстарды жұмылдырып, істің мәнісін дұрыс бағалап, өз іс-әрекетінің қажетсіз қалмауына мән беріп, олардың түпкілікті тиімділігін тиянақтап жаңа өндіріс және қоғам жасауды көздейді. Жастардың бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық ретінде қалыптастыру.

Кәсіби-шығармашылық тәрбие–«Бизнес» бағыты бойынша жүргізіледі. Оқушыларды нарықтық экономика негізінде әр түрлі ситуациялар туғызу арқылы бизнес мәселесін шешуге бейімдеу. Әр мектеп, сынып өздерінің жасаған бұйымдары бойынша (қол өнері, мектептегі бау-бақша т.б.) өзін-өзі қаржыландырудың көзін табуға, нарықтың мән-мағынасын түсінуге және шағын бизнесті ұйымдастыруға бейімдеу.

Біздің алдымызға қойған негізгі мақсат Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында қамтылған мәселелерді, ұсыныстарды балалар қоғамдық ұйымының әлеуметтік тәрбиесінің гуманистік парадигмасы сай әлеуметтік тәрбие ұстанымдары баланың өзін-өзі анықтауын, өзін-өзі реттеуін, бірегейлігін айқындауға мүмкіндік берді.

«Болашақ» оқушылар ұйымының әр бағыты оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға негізделген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Астана 2009

2. Педагогикалық сөздік «Академия» Баспа орталығы, 2007

3. Калиев С.К., Иманбаева С.Т., Торениязова С.М., Ученическая организация «Болашак» Алматы 1998

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектептегі қоғамдық ұйымдарда тұлғаны әлеуметтендірудің жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются модель социализации личности учащихся в детских общественных организациях школ.

УДК 338.0
Б15

ГЕНДЕРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В РАМКАХ НЕОКЛАССИЦИЗМА

Орынханова Ж.А. - ст.преподаватель (г.Алматы, КазгосженПУ)

Гендерные исследования возникли как междисциплинарная отрасль знания, занимающаяся проблемами истории, политологии, философии, социологии, экономики и т.д. Сюда включаются все вопросы взаимодействия мужчин и женщин, как на уровне общества, так и в семье, в личной жизни.

Гендерная экономика – одно из наиболее молодых направлений экономической науки, анализирующая различия в экономическом положении мужчин и женщин и причины их возникновения /1/. К основным направлениям экономической мысли, в рамках которых исследуются гендерные проблемы, относятся следующие теории:

марксизм, неоклассицизм и институционализм. Рассмотрим подробнее достижения, подходы и трактовки неоклассиков.

Неоклассицизм первоначально сформировался как теория маржинализма (от marginal - предельный), а затем монетаризма и неолиберализма. Небходимо отметить, что ещё 30-35 лет назад неоклассическая теория по существу игнорировала гендерные аспекты развития экономики. Подлинный прорыв в этом направлении связан с исследованиями американского экономиста Г. Беккера /2/. В его работах наиболее важные понятия гендерной экономики были впервые поставлены на теоретическую основу неолиберализма. Г. Беккер провел исследования в таких направлениях, как разделение труда внутри семьи и принятие решения о выходе на рынок труда, причины дискриминации женщин на рынке труда, производительная функция домашнего хозяйства, распределение получаемых доходов в семье, брачное и репродуктивное поведение.

Рассматривая производительную функцию домашнего хозяйства, ученые-неоклассики попытались разрешить одну из наиболее важных теоретических проблем гендерной экономики - проблему стоимостной оценки результатов домашнего труда. Именно Г. Беккер предложил новую теорию домашнего хозяйства, в рамках которой семья трактуется не как пассивный потребитель товаров, поступающих с рынка, а как активный производитель потребительских благ. По мнению Г. Беккера, семья предъявляет спрос не собственно на товары, а на предоставляемые или полезные эффекты. Члены семьи, используя своеобразные "производственные факторы" (рыночные товары, свое время и др.), выпускают определенную "конечную продукцию", которая материализуется в основных потребительских благах. Например, покупая бытовой кондиционер, семья ставит целью произвести такое потребительское благо, как чистый кондиционированный воздух оптимального состава, температуры, влажности и т. п.

В соответствии с концепцией Г. Беккера то или иное благо семья может производить, используя различные технологии. Естественно, что перед каждой семьей встает вопрос выбора наиболее эффективной технологии производства необходимых потребительских благ. При этом выбор зависит от доходов членов семьи (потенциальных и реально получаемых) и от цен на соответствующие факторы производства. Причем важнейшим ресурсом для домашнего производства объективно является время членов семьи - прежде всего женщины-матери.

Ценность расходуемого времени определяется через альтернативные издержки. Иными словами, выбор женщины основывается на достаточно простых соотношениях: сколько она сможет заработать за Т часов вне пределов домашнего хозяйства и какие затраты понесет семья в целом, если домашний труд женщины в объеме тех же Т часов будет выполняться другим человеком (труд последнего будет оплачен по рыночной ставке). Так, если женщина, работая в адвокатской конторе, имеет возможность зарабатывать 2500 долларов за месяц, а труд домашней прислуги оценивается в 800 долларов за месяц, то выбор представляется очевидным. Вполне понятно, чем выше образования, квалификации занятых в домашнем хозяйстве и чем выше уровень их занятости на рынке, тем выше альтернативные издержки и тем «дороже» стоит их домашний труд. В соответствии с этими исследованиями установлено, что рост занятости женщин за пределами дома становится стимулом для развития времясберегающих технологий домашнего труда.

Согласно неоклассической теории гендерное разделение труда (распределение ролей) внутри семьи получает новую интерпретацию благодаря использованию понятия "человеческий капитал". В самом широком смысле слова это понятие охватывает весь опыт, накопленный человеком на протяжении жизни. В узком же смысле под человеческим капиталом понимается полученное образование и профессиональная квалификация человек. Причем выделяют две части человеческого

капитала: общую, которая соответствует полученному общему образованию, и специфическую, соответствующую профессиональному образованию и специализации.

В режимах накопления человеческого капитала возникают естественные различия между полами. Они становятся фактором, который способствует специализации каждого пола на накоплении капитала определенного типа – "рыночного" (повышающего производительность труда на рынке) или "домашнего" (повышающего производительность труда в домашнем хозяйстве). Для женщин подобные различия имеют как биологическую природу (связанную с рождением и воспитанием детей), так и социальную природу (дискриминацию на рынке труда).

Представляется достаточно очевидным, что для любой семьи в целом выгоднее, если каждый из супругов будет осуществлять ту деятельность, в которой он обладает сравнительными преимуществами большего человеческого капитала. Если учесть, что средняя заработная плата женщин обычно ниже, чем мужчин (это характерно не только для бедных, но и для богатых стран), а "домашний" человеческий капитал, наоборот, выше у женщин, то рациональной экономической стратегией семьи будет вариант, когда муж работает вне дома, а жена – в домашнем хозяйстве.

Исследователи-феминисты, работающие в рамках парадигмы неоклассической теории, отмечают, что женщины, накапливая естественным образом специфичный "семейный капитал", попадают в замкнутый круг: дискриминация на рынке труда усиливает их специализацию в области домашнего хозяйства, а это, в свою очередь, еще более снижает шансы женщин на рынке труда, что закрепляет подчиненное положение в семье, одновременно ограничивая возможности развода.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына биылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында әдеттегідей қол жеткізуге тиісті баршаға ортақ ұлы мақсаттардың дұрыс жолдарын бірлесе отырып айқындау қажеттілігі баса айтылып, оның ішінде елдің экономикалық қауіпсіздігі жөніндегі мәселе де тысқары қалмады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда экономикалық өсу бастамасының тенденциялары барынша қалыптасқан деуге толық мүмкіндік бар. Соған сәйкес мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оның күрделі стратегиялық

экономикалық - әлеуметтік мәселелерін кешенді түрде шешудің тиімді жолдарын айқындау қажеттілігі туындайтыны сөзсіз.

Экономикалық қауіпсіздіктің басты мәселесі бұрынғы ауыр және теңестірілмеген экономика негізінде қалыптасқан ұдайы өндіріс үлгісіндегі қорды мүмкіндігінше толықтай жою және Қазақстанның қазіргі даму жағдайына сай келетін жаңа үлгіні біртіндеп қалыптастыру болып табылады.

Ұдайы өндірістегі жеке салалар мен аймақтарға ұзақ мерзім бойы тиісінше инвестиция болмауы нәтижесінде жалпы жүйелік – құрылымдық күрделі мәселелер туындады. Айталық, еліміз экономикасының құрылымдық деформациясының күшеюі, аймақтардың экономикасының дамуындағы алшақтықтар, аймақаралық байланыстардың әлсіреуі, жекелеген аймақтар экономикасына трансұлттық компаниялардың (ТҰК) әсер – ықпалының болуы, ғылыми – инновациялық негіздің нашарлауы, халықтың әлеуметтік дифференциациясының тереңдеуі, нақты сектордың кейбір салаларында өндіріс механизмдерінің бұзылуы және т.б. Міне, осы мәселелер елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз нұсқанын келтіретіні айқын болғандықтан, оларды зерттеу, қордаланған мәселелерді шешу жолдарын іздестіру өте өзекті тақырыпқа арналғандығына күмән келтірмейді.

Осыған байланысты экономикалық қауіпсіздіктің қатерлерінің аймақтауда күшеюін зерттеу қажеттілігі туындайды. Осы орайда республикамыздың әрбір аймағы еліміздің шаруашылық кешенінде белгілі бір орын алатынын, олардың бүтіндей экономикалық бірлікті құрайтынын ескеру қажет. Ал, әр аймақтың өзіндік табиғи ресурстары, олардың орналасу ерекшеліктері, экономикалық даму деңгейі, өзіндік шаруашылық құрылымы бар. Соған байланысты мемлекеттік экономикалық қауіпсіздікті тұрғысында жүргізетін саясаты біртіндеп қалыптасып, жүзеге асыруға мүмкіндіктер жасалынады.

Экономикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің ең бірінші компоненті деуге болады. Экономиканы либерализациялау жағдайында ол мемлекет дамуының процесстері арқылы энергошикізат ресурстары мен металлдардың әлемдік нарық сұранысының параметрлеріне аумақтық – салалық құрылымына бейімделу сипатына ие бола алады.

Нарықтық қатынастар аясының кеңеюі, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі соңғы уақытта жүргізіліп жатқан өзгерістер аталмыш мәселенің елдің әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі мен оның рөліне айтарлықтай ықпалын тигізетінін көрсетеді. Осыған орай ел экономикасын басқару, олардың дамуын мемлекет тарапынан реттеу мәселелері өзекті бола түсері сөзсіз.

Елдің экономикалық қауіпсіздігін көтеру қазіргі кезде Қазақстанның экономикалық өсу жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының біріне айналды. Нарықтық экономика жағдайында елдің экономикалық өсуі тұрақты болу үшін оның экономикалық қауіпсіздігіне қауіп туғызатын проблемаларды өз уақытында анықтап және оларды ұтымды шешіп отыру маңызды рөл атқарады. Бұл мәселе әсіресе, Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуындағы алшақтықтан байқалады. Сол себепті олардың әлеуметтік – экономикалық даму деңгейлерін теңестіру арқылы тұтастай елдің экономикалық қауіпсіздігіне қол жеткізуге болатынын жүргізілген талдау жұмыстары көрсетіп отыр.

Қазақстан аймақтарында экономикалық өсуге тежеу болатын, оның ішкі ресурстарын толық пайдалануға кедергі келтіретін проблемалар қатары жеткілікті. Сондықтан аймақаралық теңсіздікті әрі қарай шиеленістірмей шешу, елдің ішкі біртұтастығына аса ұқыптылықпен қарау – экономикалық қауіпсіздік мәселесінің бірінші компоненті болып саналады.

Қазақстан экономикасына нақты қауіп туғызған қазақстан тауарына әлем нарығының экспорты, халықтың басқа елге көшіп кетуі, жоспарлы экономикадан қалған өндірістік потенциалдың ескеруі, экономика құрылымының әркелкілігі, тек қана

шикізатты өндіріп және оны алғашқы өңдеуге негізделуі, дамымаған көлік инфрақұрылымы сияқты қиындықтар біртіндеп шешімін тауып келеді. Дегенмен аймақтардағы жұмыс орындарының да әр түрлі болуы, халықтың өмір сүру деңгейіндегі күрт алшақтықтар әлеуметтік сипаттағы мәселелердің өз шешімін табу керектігін меңзейді. Оларды шешу жолдарын қазір қолға алмай болмайтыны мәлім, себебі әлеуметтік мәселелердің елдің экономикалық дамуындағы басты көрсеткіш болып табылатыны сөзсіз.

Кез келген елдің экономикалық қауіпсіздігі әр аймақтың ерекшеліктеріне, аймақтық қауіптің болуына байланысты. Қазіргі кезде Қазақстанның макроэкономикалық тұрақтылыққа және экономикалық өсуге қол жеткізуі – оның аймақтарында бірдей нарықтық жағдайлардың қалыптасуының, адамдардың өмір сүру деңгейінің жақсаруының нәтижесі болып табылады.

Қазіргі кезде жүргізіліп отырған мемлекеттік аймақтық саясат ел аймақтарына әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізуде оларға үлкен дербестік берумен сипатталып отыр. Ол дегеніміз аймақтарды басқаруда қолданылатын әдістерді өзгерту, ұзақмерзімді мақсаттар мен басымдылықтар жүйесін құру, жергілікті мемлекеттік басқару органдары мен шағын және орта бизнестің және халықтың әріптестігін кеңейту болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздік, онда аймақтардың алатын рөлі мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарын көптеген экономист – ғалымдардың еңбектерінен табуға болады. Әсіресе, П. Самуэльсон, М.Портер, В.Баумоль сияқты авторлар экономикалық қауіпсіздікті ұлттық экономиканың бәсекеқабілеттілігін арттыру контекстінде қарастырған.

Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде мемлекет деңгейінде экономикалық қауіпсіздік мәселесінің қалыптасуы мен оны бағалау дәрежесін айқындауға ресейлік Л. Абалкин, С.Глазьев, А.Гранберг еңбектері арналған.

Экономикалық қауіпсіздіктің теориялық және әдістемелік мәселелері қазақстандық Н.Назарбаев, А. Әлімбаев, О. Баймұратов, А. Қошанов, О. Сәбден, Е.Арын сияқты ғалымдардың зерттеу жұмыстарда бар. Зерттеу жұмыстарының негізінде алғаш рет 1998 жылдың 30 маусымында «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң қабылданды, республиканың экономикалық қауіпсіздігі Стратегиясы әзірленді. Олар еліміздің дербес егеменді ел екендігін көрсететін негізгі фактор болды.

Дегенмен, экономикалық қауіпсіздікті аймақтық деңгейде зерттеу жұмыстары барынша аз. Қазір аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі жөніндегі мәселелерді белгілі бір жүйеге келтіріп, терең зерттеп, оны елдің ұлттық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі ретінде қарау қажеттілігі туындап отыр.

Нарықтық экономика жағдайында елдің және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына кешенді талдау негізінде экономикалық қауіпсіздік деңгейін көтеру жолдарын ғылыми негіздеу болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздік мәселесінің өзекті болуына себепкер бірнеше факторлар бар, солардың ішінде аймақтардың әлеуметтік – экономикалық дамуында айтарлықтай алшақтық, өндірістің бәсекеқабілетті болуына әлемдік нарық талаптарының барған өсе түсуі және т.б.

Ұлттық қауіпсіздік мәселесі, соның ішінде экономикалық еліміз егемендік алғаннан кейін өте ахуалды бола түсті. Экономикалық қауіпсіздікті сақтау мәселесі аймақ деңгейінде шешілуі қажет болды. Себебі аймақтардың географиялық орналасуы, климаттық жағдайы, экономикасының құрылымы, халықтың ұлттық құрамы қауіпсіздікке өз ықпалын тигізеді.

Ұлттық қауіпсіздік ішінде экономикалық қауіпсіздік ерекше рөл атқарады, оның мәні салалардың, аймақтардың, кәсіпорындардың ішкі және сыртқы қауіптерге төтеп бере алатындай қабілетін білдіреді. Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі

параметрлердің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі. Қазіргі кезде шаруашылық жүргізудің әлемдік жүйесінде азық-түлік мәселесі әлемнің жеклеген аймақтарында, ең алдымен дамышы елдерде олардың жеткіліксіздігіне келіп шығады. Мәселен, астық шаруашылығы стратегиялық мәнге ие онім –астық өндіруші мемлекеттердің азық-түлік қорына үлкен роль атқарады. Өйткені, азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық жүйе мен мемлекеттік қауіпсіздіктің алғышарты бола отыры, ұлттық қауіпсіздікті қалыптастыру негізін құрайды және ол астық рыногының жағдайымен сипатталады.

Экономикалық қауіпсіздік әрбір түрін сипаттайтын критерийлік факторлар анықталды. Олардың қатары мынадай: технологиялық қауіпсіздік – бәсекеге төтеп бере алатын ғылыми-техникалық өнімдер негізінде дүниежүзілік техника нарығында тұрақты қатысуымен анықталады; азық-түліктік қауіпсіздік – сапалы азықтың бұқаралық тұтыну мүмкіндігі үшін табиғи – шикізаттық ресурстардың болуы, оны қолданылуымен сипатталады; қаржы – несиелік қауіпсіздік – қаржы жүйсінің тұрақтылығымен, ұлттық валютаның құндылығымен, алтын-валюта қорларының көлемімен және тұрақты экономикалық өсуге өажетті жағдайлардың болуымен көоінеді; өндрістік қауіпсіздік – өндірістік потенциалдық даму деңгейімен, техникалық – өнімдерді өндіру тиімділігімен сипатталады; сыртқы экономикалық қауіпсіздік – экономиканың ашықтылығының сақталуында; инвестициялық қауіпсіздік – ұлттық экономикалық мүдделерді ескере отырып, тартылған күрделі қаржыларды тиімді қолдану мен қайтару қабілеттілігіне, инвестициялық тартымдылығына байланысты; энергетикалық қауіпсіздік – ішкі өнеркәсіптік өндірісті аз энергиямен және энергия өндірудың жетістіктерімен қамтамасыз ете алуын көрсетеді; экологиялық қауіпсіздік – табиғаттың тазалығы, оның күйзеліске ұшырамай, адамзатқа қызмет ету деңгейімен сипатталады.

Республикамыздың реформа жайында әлеуметтік-экономикасының қайта құрылу процесінің одан әрі жүзеге асырылуы экология-экономикалық проблемаларды талдау мен бағалауды, қоршаған орта проблемаларын зерттеуді талап етеді, яғни осы проблемалар оның әлеуметтік-экономикалық әлуеттінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Экономикалық әлует ситпаты, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы нақты шешімдер қабылдау, көптеген экологиялық және экономикалық процестерді болжау үшін негіз болды. Осыған байланысты жүргізілген зерттеу бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: қоғам мен табиғаттың, адам мен оның мекен ету ортасының өзара байланыстылық проблемасы адамзаттың ең басты проблемасының бірі екендігі; ғылыми-техникалық прогресс адамның өмір үлгісіне мәнді ықпал ете отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың басты факторының бірі болып табылатын қоғамның табиғатпен өзара қатынасын біршама белсенді ету; экологиялық проблемалардың экономикалық аспектісі, оның ішінде қоршаған ортаның теориялық проблемалары экономикалық теория пәнінің шекарасына енеді. Сондықтан берілген мәселелердің теориялық-әдіснамалық негізделуі қажет.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі кезеңдегі даму жағдайында экономикалық қауіпсіздік пен экологиялық қауіпсіздікті сақтаудың маңызы ерекше. Сондықтан да, экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан Қазақстанның дамуындағы экономикалық өзгешеліктер және әлеуметтік ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады: экономикалық-экологиялық басқаруды заңмен қамтамассыз етудің трансакциялық шығындарды төмендетудің негізгі факторларының бірі ретіндегі мәні көрсетілген. Экологиялық басқарудың залалсыздығын (пайдалылығын) сақтау мақсатында әрекете етуші заңдарды жетілдіру бағытында ұсыныстар жасалды; қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынас процесі немесе табиғат пайдалану процесі экономикалық өсудің жалпы проблемаларына есеп әсер етпей қоймайды. Сонымен бірге, әр түрлі экономикалық проблемалар мен қиыншылықтар табиғатты тиімсіз пайдалану процестерінің нәтижесі екенін үнемі естен шығармауға тиіспіз.

Қазіргі уақытта экономикада экологиялық бағыттың дамуы қажет, өйткені, экология-экономикалық бағалаусыз шаруашылықтың даму тенденциялары туралы жорамалдау мүмкін емес. Қоршаған ортаның элементтерін дәстүрлі экономикалық есептеулерге уақытылы кіргізе алмау қиындығы туындап отыр. Сондықтан адамның өндірістік іс-әрекетін экология-экономикалық тұрғыдан бағалаудың жаңа әдістемелері қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Қазақстан халқына Жолдауынан. 28.01.2011ж.

2. Спанов М.У. Экономическая безопасность в зеркале системного анализа // Саясат, №2, 1999 б. 58.

3. Дауренбекова А.Н. Қазақстан өнеркәсібінің индустриалдық деңгейін көтерудіәң экономикалық механизмі.

4. Смағулова Г.С. Аймақтар экономикасы. Алматы , Экономика, 2005 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада экономикалық қауіпсіздіктің басты мәселелері оны жетілдіру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные проблемы и пути совепршенствования экономической безопасности.

ӘОК 371. 389+336.2+33

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Ыбышева С- аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру саласының алдында өркениетті елдердің қатарында әлемдік білім кеңістігінен орын алу, жеке тұлғаға сапалы білім мен тәрбие беруге жағдай туғызатын жаңа үлгідегі ұлттық жүйені құру мен ұлттық құндылықтарды игеру міндеті тұр. Мұның өзі жалпы білім беретін орта мектептегі оқу-тәрбие процесін заманауи талаптарға сай деңгейге көтерудің қажеттілігінен туындайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында /1/ атап көрсетілгендей, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеу және қазақ халқы мен еліміздің басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге, отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек.

Жалпы білім мазмұнын жеке тұлға санасын қалыптастыруға, оның ойын дамытуға бағытталған білім, білік, дағдылар, құзыреттіліктер жүйесі ретінде қарастыруға болады. Демек, білім берудің негізгі қағидаларын анықтау – білім мазмұнын таңдау ұстанымдарына тәуелді деуге болады. Оқу материалдарын іріктеуде белгілі дидактикалық ұстанымдарды: ғылымилық. тарихилық, тұтастық, жүйелілік, тиімділік, сабақтастық, көрнекілік, бірізділік, жас ерекшелігіне сәйкестілік және соңғы уақытта ұсынылып жүрген: ұлттық, аймақтық ерекшеліктерін ескеру мен мазмұнның еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму заңдылығына тікелей сәйкес келу ұстанымдарына міндетті түрде сүйенуіміз қажет.

Білім алушылар тұлғасының ұлттық психологиялық ерекшелігі ұлттық психикалық құрылымға байланысты. Ұлттық психикалық құрылым үш компоненттен тұрады: ол ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және ұлттық мінез-құлық. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, білім мазмұнын жетілдіру жұмыстарында басты ескерілетін мәселенің бірі - болашақ ұрпақ тәрбиесінің негізі боп саналатын Қазақстан Республикасы азаматтарының осы өлкедегі ата-бабаларының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын оқып үйрену, туған өлке тарихымен тереңірек танысу болуы шарт екендігінде.

Әлемдік деңгейдегі тарихи тұлғалардың, қазақ ойшылдарының өмірі мен еңбектерін жас ұрпаққа таныстырып, олардың адамгершілік, отаншылдық қасиеттерін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жаңғырта түсуге Қазақстан ғалымдары да өз зерттеулерімен ат салысуда. Ел президенті: “Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отан сүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді” – деп, қазіргі таңдағы республика жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығын атап көрсеткен еді.

Бұл орайда, қазақ ойшылдарының атқарған қызметтері мен олардың артқа қалдырған тарихи-педагогикалық мұраларына ерекше назар аудару қажеттілігі, оларды білім мазмұнын таңдауда орынды да, тиімді пайдалана білу әлі де өзекті мәселе болып қала береді.

Ұлттық тәрбиелілік – бұл адамды белгілі бір ұлттың өкілі, ұлттық дәстүрді, халықтық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ретінде сипаттайтын адами сапа (қасиет) болып табылады, ол ұлттық тұлғаның таным-білімімен, сана-сезімімен және алынған білімді іс жүзінде жүзеге асыра алу дәрежесімен – мінез-құлқымен өлшенеді.

Білім беру барысында оқу іс-әрекеттері арқылы әр оқушының проблеманы шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады. Құзыреттілік қалыптастырудың келесі міндеті әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар қолданылады.

Білім беруді жетілдіру мақсатында құзыреттілікке бағытталған, ұлттық құндылықтармен толықтырылған білім мазмұнын іріктеу мәселесі қазіргі мектепке кеңінен еніп отырған экономика пәнін түзіп жетілдіруде кеңінен қолданылуда.

Мектепте экономикалық білім беру кеңінен өріс алып отырғанмен оның кей бағыттары әлі де толықтыруларды қажет етуде. Осыған орай, мектеп оқушыларының салық мәдениетін қалыптастыру экономикалық білімді жетілдіру бағыттарының бірі деуге болады.

Өркениеттің одан әрі қауіпсіз және тұрақты даму үрдісінің перспективалы бағытына білімге негізделген даму жатады. Яғни, әлемнің түкпір-түкпіріндегі және жеке елдердің дамудың тарихи тәжірибесі мен ерекшеліктерін көрсететін жеке әрі жалпы жаһандық білімнің үнемді, ұтымды дамуы мен тиімді пайдаланылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Өзінің тәуелсіздігін және дербестігін алған кез келген мемлекетке тұрақты, әрі күшті қаржылық база қажет. Яғни дербес мемлекет болған және белсенді түрде нарықтық экономикаға өту кезінде салық мәдениеті елеулі орын алады.

Экономикалық білім беруде жоғары сынып білім алушыларының салық мәдениетін қалыптастыруда «салық», «салық жүйесі», «салық кодексі», «салық салу», «салықтық бақылау» т.б. ұғымдары түсіндірілуі қажет.

Салықтар – экономикадағы ең қарама қайшылықты сұрақтардың бірі. «Сіз және сіздің жанұяңыз қандай негізгі салықтар төлейді?», «Үкімет неге салықтар жинайды?», «Салықтарды кімдер төлеуі керек?». Біздің барлығымыз, қазіргі қоғам үкімет

салықтарсыз ештеңе істей алмайтындығын толық түсінгенімізбен, оларды төлеу мәселесі қиын болатыны белгілі. Сондықтан да мектеп білім алушыларының салық мәдениетін қалыптастыруда ұлы ғұламаларымыздың еңбектерінде көрініс тапқан ұлтық құндылықтарды орынды қолдана білу мүмкіндігін кеңінен пайдалана білуіміз қажет.

Салық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің зерттелуін салық мәдениетін қалыптастырудың тарихи деректерінен бастасақ, сонау Әмір Темір /1333 жылы/ басқа деректерде /1336 жыл/ заманынан бастауға болады. «Темір жарғысының» маңызды элементі –экономикалық мәселелер. Ол негізінде обьективті көрсеткіші бар салық салу жүйесін жасап шығарды.

Темірдің салық жинау принципі: ауқатты салық төлеуші мемлекетті байытады деген. Сондықтан да ол жер өңдеу ісіне, кедейленген жер иесіне қатты көңіл бөлді, жер өңдейтін құрал саймандар бөлді, арықтың, жолдың дұрыс күйде болуын қадағалады, көпірлер, керуен сарайлары салынды, саяхатшылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Демек, сонау заманннан бастап, салық жүйесінің қалыптасуына негіз салынған /2/.

Әл-Фараби ілімі тәрбиенің әрбір қоғам кезіндегі (феодализм, капитализм) әлеуметтік мәнін ашып, экономика, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің мәселесін қарастырды.

Халқымыздың ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаевтардың еңбектерінде де көрініс тапқан.

Оқушылардың экономикалық тәрбие мәселесіне арналған бірқататар жұмыстарда еңбекке оң көзқарас пен қоғамдық меншікке ұқыптылық арасындағы байланысты қалыптастыру қарастырылды.

Абай жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ұждан қай дәуірде болмасын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің нұсқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз – нысаны екені даусыз.

Сәкен Өзбекұлының “Нарықтық қатынастар туралы ойлар” деген мақаласында Абайдың нарықтық көзқарастары біршама дұрыс та жан-жақты сараланғандығын көруге болады. Атап айтқанда, ғалым мақаласында былай дейді: “... Абай өз заманының талаптарынан көп алға кетіп, көргендік пікірлермен қазіргі нарықтық қатынастар, бизнесті ұйымдастыру, еркін кәсіпкерлік, капиталдың алғашқы кезеңінде қалыптасуы, меншік құқын иелену, пайдалану, билеу сияқты мәселелерге сол кездің өзінде-ақ жауап іздеген”. Абайдың өз дәуірінде айтқан пікірлері бүгінгі заманның талаптарымен ұштасып жатқанын анық аңғарамыз.

Ал Абай Құнанбаев еңбектеріне талдау жасап, Қазақстандағы экономикалық ой-пікірлердің дамуын зерттеген экономика ғылымдарының докторы, профессор Дүйсенхан Кабдиевтің еңбектерінен аңғарамыз.

“Абай Құнанбаев өзінің творчестволық еңбектерінде көптеген экономикалық мәселелерді көтеріп, оны ағартушылық және демократиялық көзқараспен шешіп отырған. Көшпелі халқымыздың шаруашылығын жақсы білетін ол Қазақстанның экономикалық даму болашағы құнды пікірлер айтқан. Бұл пікірлері тарихи жағынан оқшаулау болғанымен қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық пікірлерінің оянуына үлкен үлес қосқан” /3/.

Шоқан Уәлихановтың күллі еңбектерінің темірқазығы – қоғамның шаруашылық-экономикалық проблемаларына арналған зерттеулері. Бұған «Қазақтардың қонысы туралы», «Мал шаруашылығы – халық байлығы», «Өнеркәсіп және сауда», «Өнеркәсіп және ақша системасы» сияқты еңбектері жатады.

Шоқан еңбектерінде өнеркәсіп пен сауда мәселелеріне де елеулі орын берілген. Шаруашылық феодалдық-отаршылдық шырмауында болуының салдарынан Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда өнеркәсіп өте баяу дамығаны мәлім. Патша өкіметі өнеркәсіптің өркендеуіне әдейі кедергі келтіріп отырды. Бұл енді Ресейдің қосымша шикізат базасы деп есептеді. Қазақ халқының экономикалық жағынан дамуы

Шоқанның негізгі арманы болды, бірақ, ол арманы тек біздің заманымызда ғана жүзеге аса бастады.

Шоқан еңбектерінде патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген экономикалық саясатына айтылған құнды сын пікірлер де кездеседі.

XIX ғасырдың орта кезінде әр жүздің қазақтары Ресейге әртүрлі салықтар төлеп келді. Мысалы кіші жүздіктер жыл сайын түндік басына 1 сом 50 тиыннан күміс ақша есебімен үй салығы төлесе, ал орта жүздіктер әр жүз мал басынан бір мал төлеп отырды. Ал кейбір жерлерде көлік беру салығы деген түрлері де болды. Бұл салықтардың түрімен бірге салмағы да ауырлай түсті. Мысалы, 1822 жылы «Сібір қазақстарының уставы» бойынша салық жоғарылап, әр жылқыдан 18 сом, сиырдан 8 сом, қой-ешкіден 1 сом күміс жиналатын болған /4/.

Ғалым Шоқан өзінің салық туралы мақалаларында мұндай жайлардың заңсыз екенін дәлелдейді. Әсіресе, ешбір заңға симайтын «көлік міну салығына» қарсы шыққан. «Қазақтардың көлік міну салығында ешқандай тәртіп болмайтын»,-деп көрсетті ол. Чиновниктердің көпшілігі қазірдің өзінде бір сапар үстінде 40-60 жылқы алады және иелеріне ештеңе төлемейді. Кейбір жалға алған аттарды қайтармай кетуі де жиі кездеседі». Патша чиновниктерінің осындай бассыздық пиғылдарын көрсете келіп, Шоқан өкімет орындарынан олардың жолсыздық істерін қатаң жазалауды талап етеді.

Қазақ халқының ағартушысы Ы.Алтынсарин мектепте берілетін экономикалық тәрбие мен дағдыны халыққа пайда келтіру тұрғысынан бағалады. Ыбырай Алтынсарин бүкіл өмірін мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, еңбекпен айналысуға үндеді. Оқу-ағарту ісіне Ыбырай енгізген жаңалық қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесін көтере білді. Ол қазақ халқының шаруашылық-экономикалық дамуына қажетті мамандар даярлау ісіне ерекше мән берді: қолөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ұйымдастырды.

Қазіргі уақытта Ы.Алтынсарин еңбектерінің, идеяларының оқушыларға экономикалық білім беруде маңызы зор. Ол еңбектерінде жастарды сабырлыққа, әдептілікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке үйрете отырып тәрбиелеуді мақсат еткенін көреміз /5/.

Ы.Алтынсариннің көлемі шағын әңгімелерінде еңбек, байлық, кәсіпкерлікті үйрену, баюдың жолдары жолдары нақты мысалмен түсінікті жазылған. Оның «Малды пайдаға жарату», «Дүние қалай етсең табылады», «Білімнің пайдасы», «Қыпшақ Сейтқұл», «Петр патшаның тергелгені», «Мұжық пен жасауыл», «Жомарт», «Сараңдық пен жинақылық» деген т.б. әлеуметтік-экономикалық тәрбиесі зор шығармалар болып табылады /6/.

Әлемдегі көптеген экономист ғалымдардың еңбектерінде салық тақырыбы, оның маңыздылығы, қоғамның дамуындағы рөлі, экономикадағы алатын орны кең және терең зерттелген. Нарықтық қатынастары дамыған елдерде салықтар экономика мен әлеуметтік хал-аһуалын тұрақты дамытудағы реттеушілік қасиеттері бюджеттік қатынастар мүмкіншілігіне тікелей басқару әдістері ретінде қолданылады.

Салық ауыртпалығын жеңілдетуді жүргізу әртүрлі меншіктегі экономиканың өсу мүмкіндігін туғызу болса, көлеңкелі экономиканың қысқарып, болашақтағы экономиканың өсімі негізгі бюджеттік кірістердегі салық түсімдерін молайту.

Демократиялық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі болып қоғамда өркениетті салықтық қатынастар мен халықтың барлық топтарының салықтық мәдениетінің бар болып саналатындығы баршаға мәлім. Қабылданған салықтық құқықтық заңдардың іске асырылуы кәсіби білім мен салық мәдениеттіне тікелей байланысты деуге болады.

Халқымыздың ұлы ғұламаларының еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды мектеп білім алушыларының экономикалық білімін жетілдіруде қолдану білім сапасының артуына септігін тигізуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан.- Астана: Ақорда, 2007. -Б.6. - 15 тамыз.
2. Темір, Дәуір,Тұлға, Әрекеттері-М, 1992, 112 бет
3. Қабдиев Д.К. Абай и современность //Экономика и бизнес. 1996, №1, С70-71.
4. Мақаш Елеусізов Шоқанның экономикалық көзқарасынан... //Ақиқат. №6. 1995ж.маусым -63б.
5. Ө.Қ.Шеденов, Б.А.Жүнісов Экономикалық ілімдер тарихы. Оқулық, Алматы 2006
6. Сыдықов Ә.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен қызметі. Алматы, 1969.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала ұлттық құндылықтардың негізінде экономикалық мәдениеті қалыптастыру мәселесіне арналған. Мақалада ұлы ғалымдар мен ағартушылардың экономикалық мәдениетті зерттеу мысалдары келтірілген.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблеме формирования экономической культуры на основе национальных ценностей. В статье приводятся примеры исследования проблем экономической культуры великими учеными и просветителями.

ЭКОНОМИКА, ЕСЕП ЖӘНЕ ТУРИЗМ

УДК 389.6
А 34

ВОПРОСЫ ПРОВЕДЕНИЯ ОПЕРАЦИОННОГО АУДИТА ФИНАНСОВО-ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ

Акимбаева К.Т. – старший преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Несовпадение интересов между составителями информации и их пользователями, разграничение объектов контроля по формам собственности и другие обязательства, возникающие в условиях рынка, требует проведения тщательного экономического анализа и аудита сложившейся ситуации в конкретных сферах бизнеса. Практикой доказано, что качество принимаемых решений в бизнесе прямо зависит от достоверности полученной информации и глубины их аналитического обоснования.

В Республике Казахстан по-новому, в соответствии с прогрессивным опытом развитых стран, осуществляются бухгалтерский учет, финансово-экономический анализ и независимый аудиторский контроль за деятельностью хозяйствующих субъектов. Такие важнейшие их виды, как операционный аудит, управленческий учет и финансовый анализ, должны обеспечивать острую потребность заинтересованных пользователей в достоверной информации, определении резервов и путей повышения эффективности деятельности хозяйствующих субъектов в экстремальных условиях рыночной экономики.

Актуальность исследования проблем операционного аудита и анализа эффективности финансово-хозяйственной деятельности предприятия выражается в заинтересованности хозяйствующих субъектов достижении минимально возможном их наличии наибольшего экономического эффекта и высоких финансовых результатов своей деятельности.

Операционный аудит и анализ тесно связанны с другими функциями управления как планирование, координация, учет, организация, контроль, регулирование. Если с помощью учета формируются источники информации, то их операционный аудит и анализ позволяют выявить и устранить возможные ошибки, допущенные при планировании, организации и регулировании производственно – экономических процессов.

В международной практике организации аудиторской деятельности различают несколько основных типов аудита: операционный аудит, аудит на соответствие и аудит финансовой отчетности.

Каждый тип может быть осуществлен как внешними независимыми аудиторами и аудиторскими фирмами, так и государственными, ведомственными и внутрифирменными аудиторскими службами.

В экономической литературе существуют различные подходы к классификации видов и вариантов аудита. Более обоснованной является их классификация по следующим основным признакам:

а) по стадиям развития аудита: подтверждающий, системно-ориентированный и базирующийся на риске;

б) по правовому основанию: обязательный и инициативный (добровольный), согласованный;

в) по сферам применения: общий, банковский, страховой, финансовый, производственный, маркетинговый;

г) по характеру и периодичности проведения: первоначальный, повторный, регулярный;

д) по видам деятельности и аспектам проверок: экономический, технический, технологический, экологический, операционный, цикловой, ресурсный, внешнеэкономический, системный и т.п.;

е) по субъектам, проводящим аудит: внешний, внутренний, государственный, ведомственный, общественный;

ж) по содержанию и объектам проверок: операционный аудит, аудит финансовой отчетности, аудит на соответствие, управленческий аудит, маркетинговый аудит, консультирование и прочие сопутствующие аудиторские услуги.

Одним из прогрессивных видов аудиторской деятельности является операционный аудит, который имеет свои специфические особенности организации, методы, виды и варианты проведения. В отличие от остальных известных видов аудита, эккаунтинга и контроллинга, операционный аудит – это, прежде всего, специфическая сфера по проверке, контролю и анализу конкретных процессов, стадий отдельных операций деятельности хозяйствующих субъектов. Его главной целью является разработка всесторонне обоснованных рекомендаций для принятия управленческих решений, оптимизации и повышения эффективности функционирования объектов исследования.

Многие авторы вместо термина «операционный аудит» предпочитают использовать термин «управленческий аудит» или «аудит хозяйственной деятельности». Нами операционный аудит трактуется более широко, в него включается оценка внутрихозяйственного контроля, определения эффективности операций, разнообразных процессов и видов деятельности хозяйствующих субъектов.

Таким образом, операционный аудит- это особый вид аудиторских услуг, проводимый с целью глубокого исследования различных операций и аспектов деятельности хозяйствующих субъектов для разработки рекомендаций по повышению эффективности использования их экономического потенциала.

Объектами исследования операционного аудита является актуальные проблемы, специфические циклы и сферы деятельности хозяйствующего субъекта. Операционный аудит могут проводить как внутренние аудиторы, рассматривающие его в качестве

составной части внутреннего аудита, так и внешние аудиторы, считающие данный вид аудита самостоятельным направлением оказываемых профессиональных услуг или консультаций по интересующим клиентов вопросам менеджмента, маркетинга, юриспруденции, производства, бухгалтерского учета, контроля, анализа, экономической диагностики и т.д.

Становление отечественной теории и практики операционного аудита должно опираться на развитую методологическую и информационную базу общего аудита и финансово- экономического анализа. Если бухгалтер идет от первичных документов, фактов хозяйственных операций к финансовой отчетности, то аудитор-аналитик – напротив: от финансовой отчетности к фактическим операциям деятельности, подтверждая их концептуальной целью операционного аудита.

Действительно бухгалтерская, статистическая и оперативная отчетность и другие учетные данные рассматриваются как информационная база экономического анализа и аудита. Именно аудит и анализ придают смысл, раскрывают сущность и содержание хозяйственного учета.

Научно-обоснованная классификация различных источников информации предоставляет возможность рационально провести операционный аудит и анализ процессов финансово-хозяйственной деятельности предприятия. Сбор, обработка и комплексный подход к исследованию информации с помощью специфических приемов анализа позволяет осуществить правильный выбор и ранжирование факторов, показателей и специальных критериев для оценки состояния и перспектив улучшения финансово-хозяйственной деятельности предприятия.

Раскрытию сущности операционного аудита способствует научная классификация его категорий, видов вариантов и фаз проведения. В экономической литературе различают около десяти видов и вариантов операционного аудита: функциональный, организационный и специальный, экономический, технологический, системный, комплексный, тематический, правовой, социальный и др. В работе более подробно рассмотрены особенности первых трех основных видов операционного аудита.

В рамках организационного аудита изучаются особенности методологии, процессов и техники управления, соблюдения требований стандартов и нормативов оборотных средств, составляются планы координации и организационно-технических мероприятий по совершенствованию их использования.

Вместо трех фаз операционного аудита, обычно выделяемых в экономической литературе, нами обоснована целесообразность разделения процесса его проведения на пять основных этапов: планирование, сбор информации, анализ и оценка, разработка рекомендаций и составление отчета.

Операционный аудит значительно отличается от аудита финансовой отчетности.

При составлении заключения надо учитывать, что оно при операционном аудите направляется только администрации хозяйствующего субъекта или заказчику. Многообразие видов и методов проверок требует особого подхода его построения, отражающего особенности каждого объекта аудиторского исследования.

Отсутствие третьей стороны (пользователя) ограничивает необходимость в операционных аудиторских заключениях стандартных формулировок, что требует значительного времени для их подготовки, классификации обнаруженных фактов, разработки рекомендаций по устранению недостатков и улучшения функционирования исследуемого объекта. Принимая решение, какую процедуру сбора данных избрать, аудитор располагает на выбор разнообразными методами получения достоверных свидетельств, которые применимы в операционном аудите.

Наиболее приемлемой для операционного аудита является следующая классификация методов и процедур:

-фактического контроля: осмотр, обследование, инвентаризация, контрольный запуск, лабораторный анализ, экспертная оценка, проверка состояния объектов;
-документальной проверки, в частности приемы формальной проверки и проверки по существу;
-наблюдения: массовое, сплошное, выборочное, визуальное и непосредственное.
-опроса: устный (экспедиционный), анкетный, корреспондентский, само-регистрационный и явочный;
-определения реальности, существенности и точности операций и обстоятельств: документальное подтверждение, встречные и взаимные проверки, контрольное сличение, сканирование, обмер, взвешивание, пересчет, сверка, таксировка и т.п.
-аналитические процедуры: поисковый, плановый, обзорный, существенный, функциональный, попроцессный, цикловой, операционный, специальный, диагностический анализ и др.

Таким образом, нами определены научно-обоснованные подходы, разработаны специальные критерии и показатели оценки, используемых при операционном аудите системы управления оборотными средствами. Если для аудита финансовой отчетности имеются четко определенные принципы, критерии и показатели, отраженные в международных и отечественных стандартах, нормативных и инструктивных документах по бухгалтерскому учету и аудиту, то для операционного аудита создание подобных инструментов весьма проблематично и актуально.

Существует такой вид экономической деятельности, как предпринимательство - это хозяйственная деятельность, т.е. деятельность, связанная с производством и реализацией продукции, выполнением работ, оказанием услуг или же продажей товаров, необходимых потребителю.

Она имеет регулярный характер и отличается, во-первых, свободой в выборе направлений и методов деятельности, самостоятельностью в принятии решений (разумеется, в рамках закона и направленных норм), во-вторых, ответственностью за принимаемые решения и их использования. В-третьих, этот вид деятельности не исключает риска, убытков и банкротства. Наконец, предпринимательство четко ориентированно на получение прибыли, чем в условиях развитой конкуренции достигается и удовлетворение общественных потребностей.

Это важнейшая предпосылка и причина заинтересованности в результатах финансово – хозяйственной деятельности. Реализация этого принципа на деле зависит не только от предоставленной организации самостоятельности и необходимости финансировать свои расходы без государственной поддержки, но и от той доли прибыли, которая остается в распоряжении организации после уплаты налогов. Кроме того, необходимо создать такую экономическую среду, в условиях которой выгодно производить товары (выполнять работы, оказывать услуги), получать прибыль, снижать издержки.

Поэтому, для принятия тех или иных решений в управлении организацией немаловажным становится проведение различных видов анализа. Анализ связан с повседневной финансово-экономической деятельностью организаций, их коллективов, менеджеров, собственников.

Чтобы обеспечить выживаемость организации в современных условиях, управленческому персоналу необходимо, прежде всего, уметь реально оценить финансовое состояние, как своей организации, так и существующих конкурентов.

В настоящее время в условиях рыночной экономики конкурентоспособность организаций и целесообразность их деятельности в будущем основывается, прежде всего, на эффективности их функционирования.

Эффективность финансовой деятельности служит залогом финансовой привлекательности для внешних инвесторов, контрагентов по финансово-хозяйственной деятельности, а также собственников организации. В связи с этим

приобретает огромное значение оценка финансовых результатов деятельности организации в настоящем, прошлом и будущем.

Основным инструментом для оценки финансового состояния организации является финансовый анализ, который характеризует итоги финансово-экономической деятельности организации.

Для принятия того или иного решения необходимо проанализировать обеспеченность организации финансовыми ресурсами, целесообразность и эффективность их размещения и использования, платежеспособность организации и её финансовое взаимоотношения с партнерами.

Анализ и оценка финансовых показателей необходим для эффективного управления организацией. С его помощью руководители организации могут осуществлять планирование, контроль, улучшать и совершенствовать направления своей деятельности. Операционный аудит и анализ позволяют правильно определить уровень организации оборотных средств и степень ее влияния на эффективность всей деятельности хозяйствующего предприятия.

Оценка существенности, достаточности и рациональности функционирования оборотных средств может быть выполнена с различной степенью точности и детализации. Это обуславливает многообразие подходов к исследованию принципов, выполнения функций, оптимальности источников формирования и эффективности системы управления рассматриваемыми ресурсами.

В зависимости от целей операционного аудита в работе использовались такие основные виды анализа, как поисковый, плановый, обзорный, существенный, функциональный, текущий, оперативный, диагностический и др. Так, поисковый анализ применялся при определении направлений, разработки стратегии и методологии организации операционного аудита. С помощью планового анализа составлялись общий план и программы отдельных проверок.

В ряде случаев использование аналитических процедур оказалось более эффективным, чем применение сплошных проверок или глубинных тестов. Следует особо отметить, что существенный анализ обладает всеми возможностями наиболее приемлемого инструмента операционного аудита, который обеспечивает адекватное решение многих поставленных задач.

Некоторые процедуры существенного, оперативного, текущего и диагностического анализа дают весьма точные результаты. К ним относятся, прежде всего, различные технические и расчетно-аналитические приемы, имеющие высокую степень правильности. Эти приемы используются в качестве альтернативы методам статистической выборки.

Для обоснования взаимосвязи между изучаемыми блоками системы формирования и использования оборотных средств необходимо выяснить насколько соблюдаются принципы и функции управления, сопоставимы процессы и циклы их движения с учетом оптимальности источников формирования, степени источников формирования, степени риска вложений, уровня ликвидности и финансовой устойчивости хозяйствующего субъекта.

Важнейшими элементами методики операционного аудита и анализа эффективности финансово-хозяйственной деятельности предприятия являются:

- ознакомление с бизнесом клиента и предварительный отбор уровня организации управления его оборотными средствами;
- организация сбора, обработки и проверки достоверности информации о финансово-хозяйственной деятельности предприятия;
- Оценка состояния и возможных «критических точек» в действующей на предприятии системе бухгалтерского учета, внутреннего контроля и анализа оборотных средств;

•Оценка степени аудиторского риска и уровня существенности (материальности) возможных ошибок, разработка плана ожидаемых работ и программ проведения операционного аудита финансово-хозяйственной деятельности предприятия;

Каждый элемент и этап проведения операционного аудита должен иметь свое методическое и информационное обеспечение, аудиторскую программу и обязательный перечень процедур. Были рассмотрены проблемы их разработки и особенности составления, приведены примерные методики, тесты и рабочие программы по проведению организационного, функционального и специального аудита финансово-хозяйственной деятельности предприятия.

Применение специфических видов операционного аудита, как функциональный, организационный и специальный, позволяет более глубоко изучить и идентифицировать области невероятных проблем, подлежащих дополнительному анализу и аудиторскому тестированию.

ЛИТЕРАТУРА

1. Международные стандарты финансовой отчетности. - М.: Аскери, 1999.
2. Абленов Д.О.. Аудит: теория и практика, Алматы,-Экономика, 2005
3. Подольский Г.Б., Поляк Г.Б., Савин А.А. Аудит. М.: ЮНИТИ, 2001.
4. Скобара В.В. Аудит: методология и организация.-М.: Издательство «Дело и сервис»,1998

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы организации и методика проведения операционного аудита финансово-хозяйственной деятельности предприятий.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілетін операциялық аудитті ұйымдастыру сұрақтары мен оны жүргізу тәсілдері қарастырылған.

ӘОК. 325.1
Ә.58

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ТАБИҒИ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН МИГРАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Әміреұлы Ы.-э.ғ.к., доцент, Киіков Е. М. -э.ғ.к., доцент, Баймурзаева М.-оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Халықтың жалпы санының өсуі (кемуі) екі себепке байланысты: табиғи қозғалысқа, яғни туғандар мен өлгендер санының айырмасына және көші-қон (миграция) қозғалысына,яғни көшіп келгендер мен көшіп кеткендер көрсеткіштер қалдығына. Халықтың табиғи қозғалысына сонымен бірге некелесу мен ажырасу көрсеткіштері де жатқызылады.

Осы аталған көрсеткіштердің барлығы статистикалық есепте абсолюттік шама ретінде беріледі. Бірақ, ол даму (кему) процестерін толықтай сипаттай алмайды. Сондықтан қатысты шаманы қолданады, яғни 1000 адамға шаққандағы коэффициенттерді есептейді және оның өлшем бірлігі промильмен ($‰$) көрсетіледі және оны есептеу кезінде сол уақыттағы халықтың орташа жылдық саны қолданылады. Демек, туу, өлу, некелесу, ажырасу, табиғи өсім (кему) және миграциялық өсім (кему)

коэффициенттерін есептеу кезінде, зерттеуге алынған жыл ішінде болған белгі көрсеткіштерінің нақты сандарын бөлеміз халықтың орташа жылдық санына және көбейтеміз 1000.

Төменде туудың, өлімнің және табиғи өсімнің жалпы коэффициенттерінің есептелінген көрсеткіштері 1- кестеде келтірілген:

1-кесте. Халықтың тууының, өлімінің және табиғи өсімінің жалпы коэффициенттері

Жылдар	1000 адамға шаққанда, ‰		
	туғандар	өлгендер	табиғи өсім
2000-2005 (орташа жылдық)	16,4	10,2	6,2
2005	18,4	10,4	8,0
2006	19,7	10,3	9,4
2007	20,8	10,2	10,6
2008	22,7	9,7	13,0
2009	22,5	9,0	13,5
2005-2009 (орташа жылдық)	20,8	9,9	10,9

Кесте көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, онда туу коэффициентінің ең төменгі шегіне жеткені 2000-2005 жылдар болды (орташа жылдық 16,4 ‰), ал өлім коэффициентінің ең жоғары шегі 2005 жыл (10,4‰). Осы көрсеткіштерді алдыңғы бес жылмен салыстыратын болсақ, онда оның азда болса да өскендігін көреміз.Себебі,1995-2000 жылдары орташа туу коэффициенті-14,3‰, өлу -10,3‰ болды. Осының салдарынан табиғи өсім төмендеді,яғни бар болғаны 4,0‰. Бірақ, 2005 жылдан бастап туу коэффициенті жылдан-жылға біртіндеп өсе бастады, ал өлім коэффициенті азаюда. Осыған орай, халықтың табиғи өсімі де біртіндеп өсуде. Әрине бұл қуанарлық жағдай, бірақ 60-80 жылдармен салыстырғанда өте төменгі көрсеткіш болып табылады. Мысалы, 60-жылдары республика бойынша орташа туу коэффициенті 29 ‰ ,ал өлу коэффициенті 6,2‰ болды.Соның салдарынан табиғи өсімде жоғары болды. Демек, бұл үш көрсеткіш бір-бірімен тығыз байланысты және туғандардан өлгендердің көрсеткіші неғұрлым төмен болатын болса, онда халықтың табиғи өсім дәрежесі де соғұрлым үлкен болады.

Жалпы туу коэффициентін есептеу кезінде барлық халықтың орташа жылдық саны алынады және ол туу деңгейін жуық шамамен сипаттайды. Себебі, халықтың орташа жылдық санының құрамына бала көтермейтіндер, яғни еркектер мен жас балалар және егде жастағылар есепке алынады. Сондықтан демографиялық статистикада туу коэффициентін дұрыс есептеу үшін шартты түрде 15-49 жас аралығындағы бала тууға қабілетті жастағы әйелдердің орташа жылдық санын қолданады және бес жас аралықты топтық көрсеткіштерін есептеу арқылы оның арнайы туу коэфициентін анықтайды.

Туудың жасына қарай коэффициенттерін қолдану арқылы бірнеше көрсеткіштерді есептеуге болады, яғни арнайы жиынтық, брутто және нетто коэффициенттерін. Оны төменде берілген 2- кесте көрсеткіштерінен көруге болады:

2- кесте. Туудың жас коэффициенттері

Аналардың жас топтары	1000 әйелге шаққандағы туғандар саны				
	2005	2006	2007	2008	2009
15-49 жастағылар	64,7	64,1	73,2	80,7	80,4
15-19	26,7	26,0	29,3	31,3	31,0
20-24	139,4	140,2	146,5	158,2	156,1
25-29	132,8	133,2	147,6	160,5	157,0
30-34	87,1	87,2	101,8	112,0	110,0

35-39	45,9	46,1	55,9	60,7	60,5
40-44	10,2	10,6	12,8	14,9	15,2
45-49	0,5	0,5	0,6	0,7	0,7
Жиынтық коэффициенті	2,2	2,4	2,5	2,7	2,6
Брутто коэффициенті	1,074	1,171	1,220	1,318	1,269
Нетто коэффициенті	1,037	1,141	1,184	1,283	1,232

Республика бойынша 2009 жылы бұл көрсеткіш орта есеппен бір анаға шаққанда 2,6 баладан келді, соның ішінде қалада -2,1, ауылда -2,9. Демек, бала тууға қабілетті 15-49 жас аралығындағы әрбір әйел орта есеппен өмірге үш баладан алып келген деген ұғым.

Осы есептеліген туудың жиынтық коэффициентін (2,6) туғандар арасындағы қыздардың үлесіне (48,8%) көбейтетін болсақ, онда қазіргі кездегі туу деңгейі сақталғанда бала тууға қабілетті 15-49 жас аралығындағы әрбір әйелдің ғұмыр бойына туатын қыз балаларының орташа саны шығады немесе оны халықтың ұдайы өсіп-өнуінің брутто-коэффициенті деп атайды

Халықтың ұдайы өсіп-өнуінің нетто-коэффициенті деп жасына қарай туу мен өлімнің осы кездегі деңгейінде анасының оларды туғандағы жасына дейін өмір сүрген бір әйелдің ғұмыр бойына туған қыз балаларының орташа санын айтады.

Халық статистикасында өлімді зерттеу кезінде негізгі бір көрсеткішке жататыны нәрестелік өлім, яғни тірі туылғандардың ішінде бір жасқа дейінгі шетінеген балалардың деңгейін анықтау болып табылады және соңғы 2005-2009 жылдар аралығында 1 жасқа дейінгі шетінеген балалардың нақты саны біршама өскен.Мысалы, 2005 жылы 1 жасқа дейінгі шетінегендердің саны 4213 бала болса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 6516 балаға дейін жоғарлаған. Осы көрсетілген көрсеткіштің негізгі өсуіне мына себептер үлкен әсерін тигізуде,яғни перинталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар(61,1%), туа біткен ауытқулар (16,3%). Бұл дегеніміз жасқа толмаған жас нәрестелердің 77,4% осы екі ауырудың салдарынан қайтыс болатындығы.Демек, кейінгі жылдары бала мен анаға берілетін дәрігерлік көмектің тым төмендегендігі деген ұғымды білдіреді. Халықтың өлімін қарастырғанда өлу себептерінің негізгі жіктеліміне үлкен көңіл бөлінеді және оны нақты, қатысты шама ретінде сипаттайды.

Егер 2009 жылғы өлгендерді себептері бойынша жеке қарастыратын болсақ, онда оның үлкен үлесі қан айналымы жүйесінің ауруларынан -50,3%, ал содан кейін жазатайым жағдайдан, уланудан және жарақаттан -12,9%, қатерлі ісіктерден -11,8%, басқалай ауру түрлерінен -25,0%.

Халықтың ішінде өлім көрсеткіштерін зерттеу кезінде, олардың өлу себептерінің негізгі жіктелімін көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге жас бойынша өлу көрсетішін жеке көрсетеді. Демек, жастық құрамы бойынша өлу коэффициентін анықтайды немесе оны статистикада өлім кестесі деп атайды. Осы өлім кестесі арқылы республика және облыстар бойынша барлық халық, соның ішінде қалалық және ауылдық, еркектер мен әйелдер үшін көрсеткіштер бөлек есептеледі. Демек, бұл кестенің халық өліміне талдау жасауға маңызы өте жоғары болып табылады және алдағы уақытта халықтың туғандағы өмірінің орташа күтілетін ұзақтығын анықтауға қолданылады.

Халықтың туғандағы өмірінің күтілетін ұзақтығы деп туған ұрпақтың бүкіл ғұмырында әрбір жастағы өлім деңгейі осы көрсеткіш есептелген жылдардағыдай саналғанда өмір сүретін орташа жас саны. Соңғы 5 жыл ішінде республика бойынша бұл көрсеткіш 2,7 жасқа өсті (2000-65,9, 2009- 68,6),яғни адам өмірінің ұзара түскенін көрсетеді. Егер жыныстық жағынан қарастыратын болсақ, онда әйелдердің орташа өмір

сүру ұзақтығы, еркектерге қарағанда -9,9 жасқа артық (2009 жылы еркектер-63,6, ал әйелдер - 73,5 жас). Демек, еркектерге қарағанда әйелдер ұзақ өмір сүреді.

Халықтың табиғи қозғалысына некелесу мен ажырасу көрсеткіштері де жатқызылады. Бұл көрсеткіштер АХАЖ органдары жасаған азаматтық хал актілерінің екінші данасындағы жыл сайынғы статистикалық деректерге негізделген. Некелесу көрсеткіші 2005 жылдан бастап 2009 жылға дейін абсолюттік мөлшері 123,0 мың адамнан 140,8 мың адамға, яғни 114,5% өскен, ал некелесу коэффициенті 8,1‰ ден 8,8‰ дейін көбейген.

Жоғарыда көрсетілген некелесу коэффициенті барлық халыққа есептелуіне байланысты, ол шындықты сипаттай алмайды. Себебі оның құрамында он алты жасқа дейінгі балалар есепке алынған. Біздің республикамызда неке туралы заңға байланысты еркектер мен әйелдер үшін некелесу жасы 18 жас болып белгіленген. Ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары некеге тұратын адамдардың өтініші бойынша 16 жасқа толмағандарға некеге тұруға рұқсат бере алады. Осыған орай, некелесудің арнайы коэффициенті бөлек есептеледі, яғни 16 жастан асқандардың орташа жылдық саны арқылы.

Ажырасу немесе некенің бұзылу коэфициентін есептеу үшін жыл ішінде ажырасқандардың, яғни некеде тұрғандарын бұзғандардың санын халықтың орташа жылдық санына бөледі.Осыған орай төменде республика бойынша соңғы жылдардағы некелесу мен ажырасу туралы көрсеткіштерді кесте арқылы келтіреміз:

Миграция деп бір елді мекенді жерден екінші жерге қоныс аударып жылжуын айтады. Қазіргі кезде оны көші-қон қозғалысы деп атайды және демографиялық процестерге әсерін тигізетін құбылыстардың бірі болып табылады. Көші-қон қозғалысы халықаралық және ішкі немесе өңіраралық қоныс аудару болып екі түрге бөлінеді.

3-кесте. Қазақстан халқының некелесу мен ажырасу көрсеткіштерінің динамикасы

Жылдар	Некеге тұрғандар мен ажырасқандар саны,мың адам		1000 адамға шаққандағы коэффициенттері, ‰	
	некелескендер	ажырасқандар	некелесу	ажырасу
2005	123,0	32,4	8,1	2,1
2006	137,2	36,8	9,0	2,3
2007	146,4	36,1	9,5	2,3
2008	135,6	38,0	8,6	2,3
2009	140,8	39,5	8,8	2,5

Халықаралық көші-қон қозғалысы дегеніміз республика шекарасынан өткен және тұрақты жерін басқа мемлекеттерге немесе республикаға ауыстырған адамдар жатады. Оны статистикада эмигранттар (басқа елге қоныс, тұрақ аударғандар) мен иммигранттар (тұрақты немесе ұзақ уақыт тұруға келген шетелдіктер),ал екеуінің арасындағы айырмашылықты халықаралық көші-қон қалдығы деп атайды. 2004 жылдан бастап бұл көрсеткіш бірінші рет оң қалдық болып келеді.

Ішкі немесе өңіраралық көші-қон қозғалысы деп республика ішінде қоныс аударуды айтады. Мұнда «ауылдан қалаға», «қаладан қалаға», «қаладан ауылға», «ауылдан ауылға» қоныс аударғандар, яғни тұрақты тұрғылықты жерлерін өзгерткендер жатады. Осыған орай облысаралық және облысішілік, ауданаралық және ауданішілік белгілері бойынша есепке алынады. Көші-қонның бұл түрі республика халқының жалпы санының өзгеруіне ешқандай әсерін тигізбейді. Себебі, келгендер мен кеткендер әрқашанда бір-біріне тең болады, ал өзгеріс тек ішкі өңірлерде кездеседі.Төменде көші-қон көрсеткіштерінің абсолюттік шамасын 4-кестеде келтіреміз:

4-кесте. Қазақстанның 2005-2009 жылдар аралығындағы көші-қоны, мың адам

Жылдар	Республика бойынша көші-қон			Соның ішінде халықаралық көші-қон		
	келгендер	кеткендер	көші-қон айырымы	иммигранттар	эммигранттар	көші-қон айырымы
2005	386,3	383,5	2,8	68,3	65,5	2,8
2006	373,4	350,8	22,7	74,8	52,1	22,7
2007	361,8	328,7	33,0	66,7	33,7	33,0
2008	365,1	354,2	11,0	53,4	42,4	11,0
2009	390,8	389,7	1,1	46,4	45,3	1,1

Кесте көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, онда 2005 жылдан бастап республика көлемінде көші-қон айырымы оң белгіге ауысты және ол халықаралық көші-қон қалдығына тікелей байланысты.

Көші- қон есебі кейде халық санағы және арнайы ішінара зертеулер кезінде жүргізіледі.Демек, сол елді мекенде тұру ұзақтығы туралы мәселе 1970,1979,1989,1999 және 2009 жылдардағы жүргізілген халық санақтарының бағдарламаларына енгізілген. 1989,1999 және 2009 жылдарда жүргізілген халық санақтарында туған жері туралы, ал осы елді мекенде туылмаған тұлғалар үшін қайдан келгендері,яғни қалалық немесе ауылдық елді мекеннен келгені және осында қай жылдан бастап тұрып жатқандығы туралы сұрақтар көрсетілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әміреұлы Ы.Ә., Киіков Е.М., «Әлеуметтік экономикалық статистика» оқу құралы «Экономика» 2002.
2. Қазақстанның статистикалық жылнамалығы Қазақстан 2010

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада, жалпы туу коэффициентін есептеуде барлық халықтың орташа жылдық саны алынады және туу деңгейін жуық шамамен сипаттау қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье учитывается среднегодовая численность всего населения при исчислении коэффициента общий рождаемости и рассматривается приблезительная величина

ӘОК. 312.95
Ә 58

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

Әміреұлы Ы.-э.ғ.к., доцент, Оспанбек Т.- оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

«Демография» деген термин гректің екі сөзінен құралады: «демос»- халық және «графия»- жазамын, сипаттаймын деген ұғымды білдіреді. «Демография» терминін француз ғалымы А.Гийяр 1855 жылы «Адамдар статистикасының элементтері немесе салыстырмалы демография» атты еңбегінде бірінші рет қолданған. Ал 1882 жылы «Бірінші халықаралық гигиена және демография» атты Женева Конгресінің сессиясында бұл термин ғылыми түрде талқыланды және іс жүзінде өмірде қолданыла басталды. Сөйтіп, демография нақтылы тарихи әлеуметтік жағдайда халықтың өсіп-өну заңдылықтарын зерттейтін ғылым болып табылады және әр мемлекет бойынша жеке

зерттеледі. Себебі, әр мемлекеттің ең басты байлығы – оның халқы болып саналады. Халық- әлеуметтік-экономикалық дамудың қозғаушы күші, бар байлық пен игілікті жасаушы. Сонымен қатар, жалғыз материалдық молшылық ғана емес, рухани байлықтардың бар көзі, сол жасампаз да, еңбеккер халықта жататыны белгілі.

Демографияның алдына қойған негізгі мақсаты белгілі бір жердегі және уақыттағы халықтың санын, құрамын, табиғи, механикалық және әлеуметтік қозғалысын, оның өзгеруіне әсерін тигізетін себептерді анықтау, халықтың орналасуын,көші-қонын,өмір сүру ұзақтығын, қалалық жерлерге шоғырлануын, ұлтын және ұлттардың аралас қоныстануын, білім дәрежесін, экономика салаларындағы атқаратын рөлін, қоғамдық топтарға бөлінуін және т.б. көрсеткіштердің өзгеруін ғылыми ұйымдастырылған жүйеде зерттейді. Осы аталған көрсеткіштер ағымдағы есепке алу, ішінара бақылау жүргізу және әрбір он жылда бір рет жүйелі түрде жүргізілетін халық санағының деректері бойынша алынады.

Халық санағы сол елдің аумағында орналасқан халықтың демографиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайын толықтай сипат ұйымдастыру және оны сапалы түрде жүргізу өте күрделі және үлкен қаржы жұмсауды қажет ететін жұмыс болып саналады. Бұрынғы Кеңес өкіметі кезінде халық санағы 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдары жүргізілді. Осының ішінде кейінгі 30 жылда (1959-1989) жүргізілген санақты Бүкілодақтық халық санағы деп атады.

ТМД елдері тәуелсіздік алғаннан кейін БҰҰ ұсынысына сәйкес 2000 жылы дүние жүзі халық санағын өткізу туралы ұсынысына байланысты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 желтоқсандағы №1519 қаулысына сәйкес 1999 жылдың 25- ақпаны мен 4-наурызы аралығында алғашқы Ұлттық халық санағы өткізілді. Санақ бағдарламасына алдыңғы өткізілген санақтар материалдарының салыстырмалылығын қарастыра отырып 23 сұрақ енгізілді, оның 18 сұрағы демографиялық-әлеуметтік сипатта, ал қалған 5 сұрағы халықтың тұрғын үй жағдайлары туралы. Бұл жүргізілген алғашқы Ұлттық халық санағының материалдары толықтай өңделді және мерзімді бапасөз беттерінде, анықтамаларда және тақырыптық жинақтарда жарияланды.

БҰҰ шешіміне байланысты 2005-2014 жылдар аралығындағы мерзімге жоспарланған халық және тұрғын үй қоры санақтарының 2010 жылғы Бүкіл дүние жүзілік бағдарламасына сәйкес және осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы № 19 хаттамасы бойынша 2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурызы аралығында екінші Ұлттық халық санағын өткізу туралы қаулы қабылданды және өз кезеңінде өткізілді. Бұл санақтың бағдарламасына халықтың ақпараттандырылу деңгейі, компьютерлік бағдарламарды, электрондық почта және интернетті, тілдерді меңгеру дәрежелері туралы қосымша сұрақтар қосылды. Халықтың табысы мен кәсібі, көші-қон белсенділігі туралы сұрақтар кеңейтілді. Респонденттердің жүру, есту, көру,сөйлеу барысында көретін қиындықтары туралы сұрақтар қосылды. Санақ жүргізу барысында халық нақты және тұрақты тұратындар болып екіге бөлінеді. **Нақты халыққа** - санақ кезінде сол елді мекенде немесе аумақта тізімге (есепке) алынған барлық адамдар жатқызылады. **Тұрақты(тұрғылықты) халыққа** - сол елді мекенде немесе аумақта тұрақты тұрып жатқандар мен түрлі себептерге байланысты тұрғылықты мекен- жайында санақ кезінде жоқ болған адамдар жатады. Нақты халықтың саны әрқашанда тұрақты тұратындар санынан артық болады және бұл көрсеткіштерді есептеу әрбір елді мекендер бойынша жеке анықталады.

Халықтың саны әрқашанда уақыт өткен сайын өзгерісте болып отырады, яғни туғандар мен өлгендер және көші-қон фактілері арасындағы көрсеткіштер қосындысына байланысты. Мұны кейде халықтың табиғи және миграциялық қозғалысы депте атайды. Осыған орай төменде соңғы бес (2005-2009) жылдар аралығындағы халық санының өзгеру компоненттерін кестеде келтіреміз:

Халық санының өзгеру компоненттері, мың адам

Жылдар	Жыл басындағы халық саны	Туғандар	Өлгендер	Табиғи өсім	Келгендер	Кеткендер	Көші-қон айырымы	Жалпы өсім	Жыл аяғындағы халық саны
2005	15074,8	278,9	157,1	121,8	373,4	350,8	22,6	144,4	15219,2
2006	15219,2	301,8	157,2	144,6	361,8	328,7	33,1	177,7	15396,9
2007	15396,9	321,9	158,3	163,6	365,1	354,2	10,9	174,5	15571,4
2008	15571,4	356,6	152,7	203,9	390,8	389,7	1,1	205,0	15776,4
2009	15776,4	357,5	142,8	214,7	406,3	398,7	7,6	222,3	15998,7
2005-2009(орташа жылдық)	15407,7	323,3	153,6	169,7	379,5	364,4	15,1	184,8	15592,5

Берілген кесте көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, онда төмендегідей қорытынды жасауға болатындығы:

а) 2005 -2009 жылдар аралығында Республика халқының орташа жылдық саны 15500 мың адам болды. Егер 2009 жылғы халықтың жыл аяғындағы санын 2005 жылмен салыстыратын болсақ, онда оның 779,5 мың адамға немесе 105,1% өскендігі байқалады;

ә) жылдан-жылға туғандар мен өлгендер саны арасындағы айырмашылықтың біртіндеп өсуіне байланысты табиғи өсім де көбеюде,яғни 848,4 мың адамға өскендігі;

б) соңғы жылдары келгендер мен кеткендер арасындағы айырмашылық, яғни көші-қон (миграция) қалдығы аз болсада оң нәтижеге қалыптасты.Демек,осы жылдар аралығында елімізге 1897,4 мың адам келген болса, 1822,1 мың адам кеткен.Соның салдарынан 75,3 мың адамға халықтың саны көші-қон арқылы өскен.

Қазақстанда ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі жағдай ондағы тұратын халықтың қоныстану тығыздығының төмендігі, яғни бір шаршы километрге 5,9 адамнан келетіндігі. Қазіргі кезде 2724,9 мың шаршы км. бар аумақтан табиғи байлықтар мен өндіргіш күштердің шоғырлану дәрежесіне байланысты халықтың орналасуы мен оның тығыздығы да әр түрлі. Мысалы, тығыздығы жағынан бірінші, екінші және тағы басқалай орындарды, халықтың 30,8% құрайтын, тұруға қолайлы оңтүстік табиғи-экономикалық облыстардың алатындығы. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда-19,0, Алматы-7,1,Жамбыл -6,9 адамнан, ал ең төменгі көрсеткіштер батыс және Қарағанды облыстарына (Маңғыстау-2,2, Ақтөбе-2,3,Қызылорда -2,7, Қарағанда-3,1,Атырау -3,9,Батыс Қазақстан -4,0 адамнан) келетіндігі.

Қазақстан дүние жүзі бойынша жер аумағы жағынан алдыңғы ондыққа (тоғызыншы орын) кіретін мемлекет болып саналады,яғни мыналардан кейін: 1) Ресей-

17075, 2) Канада-9976, 3)Қытай -9597, 4) АҚШ-9363, 5) Бразилия-8512, 6) Австралия-7678, 7) Индия-3288, 8)Аргентина -2777, 9) Қазақстан-2725 мың шаршы киллометр. Ал халқының саны мен тығыздығына байланысты аз мемлекеттер қатарына жатады. Демек, әлем бойынша 60 орынды иемденеді. Бірақ, Қазақстанның басқа мелекетттермен салыстырғандағы ерекшелігі сол, ондағы тұратын халықтың көп ұлттылығы,яғни мұнда 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстар орналасқан. Соңғы 2009 жылы жүргізілген санақтың нәтижесі бойынша(10230 мың адам) немесе 16010 млн. адамның 63,9% -қазақтардың,23,7%-орыстардың,2,9%-өзбектердің,2,1%-украиндардың,1,4%-ұйырлардың, 1,3%- татарлардың, 1,1%- немістердің үлесіне тиетіндігі. Демек, Республикада тұратын ұлттардың басым бөлігін қазақтар мен орыстар құрайды (87,6%),ал қалған 12,4% басқа ұлттар мен ұлыстардың үлесіне келеді. Егер 1897 жылғы санақ деректерімен салыстыратын болсақ, онда барлық халықтың(4333 мың) 82%-қазақтардың, ал (472 мыңы) немесе 11%-орыстардың үлесіне келген болса,1959 жылғы жүргізілген халық санағының деректері бойынша республика халқының (9295 мың) 2795 мыңы немесе 30,1% қазақтардың, 3974 мыңы немесе 42,8% орыстардың үлесіне келген.Қазақ халқының осы жылдар аралығында өсудің орнына кемуі 30-жылдардағы қолдан жасалынған ашаршылық зұлматпен,37-жылдардағы репрессияның салдарынан болған деп түсінуіміз тиіс.

Халықтың саны қалалық және ауылдық болып бөлінеді. Қазіргі кезде 86 қалада,оның ішінде 2 республикалық, 39 облыстық, 45 аудандық маңыздағы қалалар мен 174 қала тектес поселкелерде 8662,4 мың адам немесе барлық халықтың 54,1% қалалық жерлерге, ал 7347,2 мың адам немесе 45,9% ауылдық жерлерге орналасқан. 2005-2009 жылдар аралығында қала халқы бар болғаны 0,6% өскен және оның өсуі табиғи өсімімен қатар қалаға ауылдық жерлерден қоныс аудару салдарынан болған жағдайларға байланысты немесе оны урбанизация деп те атайды.

Халықтың жынысы мен жастық құрамы туралы көрсеткіштер халық құрылымының негізгі сипаттамасы болып саналады және оны есептеу әрбір күнтізбелік жыл басталғанда жалпы халық санын есептеу кезінде жүргізіледі. Халықтың жыныстық құрамын жеке қарастыратын болсақ, онда 2009 жыл басындағы деректер бойынша 15776,5 мың адамның 7590,6 мыңы немесе 48,1% еркектердің, ал 8185,9 мыңы немесе 51,9% әйелдердің үлесіне келеді. Демек, әйелдердің саны еркектерге қарағанда 595,3 мың адамға артық. Бұл айырмашылық қала тұрғындарының ішінде өте үлкен(581,7 мың адам), ал ауыл тұрғындарында еркектердің саны әйелдерге қарағанда бар болғаны 13,6 мың адамға ғана аз. Осының салдарынан республика халқы ішінде еркектер мен әйелдер арасындағы арасалмақта жастық құрамы ішінде өзгеріске ұшырауда. Дүние жүзі бойынша жаңадан туған балалардың ішінде қыздарға қарағанда ұл балалар санының көп болып келетіндігі барлығымызға мәлім. Мысалы, 100 қыз балаға 105-106 ұл баладан өмірге келеді. Бірақ түрлі себептерге байланысты 30 жастан кейін еркектердің артық саны біртіндеп жойылып, әйелдердің саны жағынан басымдылығы көріне бастайды.

Егер Қазақстан халқын 2009 жылғы деректер бойынша жастық құрылымына қарай жеке қарастыратын болсақ, онда төмендегідей үлестік көрсеткіштерді кездестіреміз: бала жастағылар,яғни 4 жасқа дейінгілер -9,6% (60жылдары бұл көрсеткіш- 11,6% болған), 5-14 жастағылар (жеткіншектер-16,8 және 14,6%) 15-29 жастағылар (жастар тобы -27,6 және 27,5%), 30-57 жастағы әйелдер, 30-62 жастағы еркектер(орта жастағылар- 40,1 және 37,9%), егде жастағылар (зейнеткерлер жасындағылар-7,7 және 10,4%). Демек, орта жастағылардың үлесі өскен, ал егде,яғни зейнеткерлер жасындағылардың үлесі кеміген.Оның себебі зейнеткерлікке шығу жасының жоғарлауы салдарынан болған жағдай деп түсінуіміз керек.

Халықты зерттеу кезінде негізгі бір құрылымына жататыны отбасының саны, орташа мөлшері болып табылады. Қазіргі кезде республика халқының орташа отбасы мүшелерінің саны 4 адамнан тұрады,соның ішінде қалада- 3,6, ауылда -4,6 адамнан.

Демек, қала мен ауыл отбасылар мүшелерінің арасында айтарлықтай алшақтықтың жоқ екендігін байқауға болатындығы.Себебі, отбасы халық санын өсірудің негізгі көзі,яғни қоғамымыздың бастапқы ұясы болып саналады. Сондықтан бұл көрсеткіштердің де атқаратын рөлі өте жоғары бағаланады.

Қорыта келе, Қазақстан халқының саны біртіндеп жылдан- жылға өсуде және соңғы жылдардағы өсуі тек қана табиғи өсімнің салдарынан туындаған жағдай деп ұғынуымыз тиіс, соның ішінде қазақ ұлтының туу көрсеткішінің жоғары болуынан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әміреұлы Ы.Ә., Киіков Е.М., «Әлеуметтік экономикалық статистика» оқу құралы «Экономика» 2002.
2. Қазақстанның статистикалық жылнамалығы Қазақстан 2010

ТҮЙІНДЕМЕ

Демографияның алдына қойған негізгі мақсаты белгілі бір жердегі және уақыттағы халықтың санын, құрамын, табиғи механикалық және әлеуметтік қозғалысын, оның өзгеруіне әсерін тигізетін себептерді анықтау, халықтың орналасуын, көші-қонын,өмір сүру ұзақтығын, қалалық жерлерге шоғырлануын, ұлтын және ұлттардың аралас қоныстануын, білім дәрежесін, экономика салаларындағы атқаратын рөлін, қоғамдық топтарға бөлінуін және көрсеткіштердің өзгеруін ғылыми ұйымдастырылған жүйеде зерттейді.

РЕЗЮМЕ

Главная цель демографии численность, состав, природно-механические и социальные передвижение население в определенном месте, выявление причин влияющих на его изменение, населенность народа, миграция, продолжительность жизнь, переселение в город, населенность разных национальности, уровень образование, определение роли в экономической сфере, исследование в научной системе разделение на общественность и изменение показателей.

ӘОК. 325.1
Ә.58

ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ МЕН ЖҰМЫС КҮШІН ЗЕРТТЕУ

Әміреұлы Ы.- э.ғ.к., доцент, Сихимбаева Б.-аға оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Нарықтық экономика кезінде ұлттық байлықтың ұлғаюы мен халықтың тұрмыс дәрежесінің жақсаруы негізінен екі себепке: еңбек ресурстарының сандық және сапалық мөлшері мен оларды тиімді пайдалану көрсеткіштеріне тығыз байланысты.

Еңбек ресурстары дегеніміз халықтың еңбекке жарамды бөлігін айтады және қандай қоғам болса да өндіргіш күштерінің негізін қалаушы бөлігі болып саналады. Демек, мемлекетіміздің экономикалық потенциалы халықтың саны мен оның еңбекке жарамды жастағы бөлігіне тікелей қатысты.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикамыз бойынша еңбекке жарамды жастағылар қатарына,яғни еңбек ресурстарына 16-63 жасқа дейінгі еркектер мен 16-58 жасқа дейінгі әйелдер жатады. Ал қалған халық екі топқа бөлінеді: еңбек жасына дейінгілер (0-15 жастар аралығындағылар) және еңбек жасынан кейінгілер (еркектер 63 жастан, әйелдер 58 жастан және одан жоғарғылар,яғни зейнеткерлік жастағылар). Бірінші топтағылар (0-15 жастағылар) әрқашанда еңбек ресурстарының өсуіне тікелей

әсерін тигізеді. Себебі, туу көрсеткішінің өсуіне байланысты біртіндеп халықтың жалпы саны өседі. Осыған орай, еңбек ресурстары да көбейеді.

Еңбек ресурстарының ұдайы толықтырылуы негізінен халық санының өсуімен қатар, оның жастық және жыныстық құрамының өзгеруімен анықталады. Демек, республикамыз бойынша жылдан- жылға халықтың саны өскен сайын еңбек ресурстарының мөлшері де арта түсуде. Оны төменде берілген кесте көрсеткіштерінен көруге болады:

1–кесте. Халықтың саны мен еңбек ресурстарының құрамы, мың адам

Жастық топтары	2005	2006	2007	2008	2009
Барлық халық, соның ішінде:	15219,3	15396,9	15571,5	15776,8	16036,1
Еңбекке жарамды жастағы төменгілер	3982,1	3984,8	4011,6	4082,3	4172,8
Еңбекке жарамды жастағылар	9652,5	9824,3	9962,2	10084,2	10223,2
Еңбекке жарамды жастағы асқандар	1584,7	1587,8	1597,7	1610,3	1640,1

Кесте көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, яғни 2009 жылды 2005 жылмен салыстырсақ, онда халықтың жалпы саны 816,8 мың адамға немесе 105,4% артса, еңбек ресурстарының мөлшері 105,9% немесе 570,7 мың адамға өскен, ал басқа топтардағы өсім азғана. Қазіргі кезде республика халқының 63,8% еңбек ресурстарын құрайды, соның ішінде 64,8% еркектерден, 61,2% әйелдерден тұрады.

Еңбек ресурстарын зерттеу кезінде олардың жас аралық топтарға бөлінуін және оның үлесін жеке қарастырады. Осыған орай, республикада еңбек ресурстары жастарына қарай үш топқа бөлінеді:

1)16-29жастағылар– жастар тобы;

2)30-50 жастағылар– орта жастағылар;

3) 50 жастан жоғарғылар– егде жастағылар.

Орта жастағылар еңбек ресурстарының негізін қалаушылар болып табылады. Жалпы алғанда еңбек ресурстарының жастық құрамы бойынша бөлінуі, олардың жас жағынан үлесі арқылы жасарғандығын немесе қартайғандығын толықтай көрсетеді.

Еңбек ресурстары әрқашанда қозғалыста болып отырады, сондықтан оны зерттеу үшін абсолюттік және қатысты шамаларды қолдана отырып, толықтыру мен кему көрсеткіштерінің құрамын жеке қарастырады.

Еңбек ресурстарын табиғи толықтырғандар құрамын халықтың ішінде он алты жасқа толған жас өспірімдер мен еңбекке тартылған зейнеткерлер жасындағылар жатқызылады.

Еңбек ресурстарынан табиғи кеткендер құрамына зейнеткерлер жасына келіп жұмыс істеулерін тоқтатқандар, еңбекке жарамды жастағылар ішінде еңбек ету кезінде мүгедек болғандар, қайтыс болғандар, зейнеткерлер жасындағы жұмыс істейтіндердің толық зейнеткерлікке шыққандары жатады.

Жалпы алғанда халықтың санын анықтайтын болсақ, онда еңбек ресурстарын да анықтаған боламыз және олардың территория бойынша орналасуын, жастық-жыныстық құрамын жеке қарастырамыз. Осыған орай еңбек ресурстарының тиімді пайдалануы жұмыс күші ретінде көрсетіледі.

Жұмыс күшін тиімді пайдалану әлеуметтік- экономикалық көрсеткіштердің бірі болып саналады. Себебі, қандай қоғам болса да өмір сүру үшін материалдық өндіріске қажет және оны жүргізу екі себепке тығыз байланысты, яғни жұмыс күші мен өндіріске жұмсалынатын қаржы мөлшеріне. Осы екі себептің ішінде жұмыс күшінің атқаратын рөлі өте жоғары бағаланады.

Жұмыс күші деп адамдардың еңбекке қабілеттілігін, яғни қоғамдық өнімдерді өндіруге және мемлекетіміздің ұлттық табысын дамытуға көмегін тигізетін еңбекші халықты айтады. Ал іс жүзінде жұмыс күшіне қоғамдық өндірісте жұмыс істейтін еңбек ресурстарының барлығы жатады. Демек, жұмыс күші жеке категория ретінде еңбек ресурстарымен тығыз байланысты және оларды бір-бірінен бөлек бөліп қарауға болмайтындығы. Бірақ, бұлардың арасында өздеріне тән ерекшеліктері де кездеседі.

Еңбек ресурстары мен оның жұмыс істейтін бөлігінің жалпы мөлшері жұмыс күші санының сәттік көрсеткіштерімен сипатталады. Жұмыс күшінің саны мен еңбек ресурстарын салыстыратын болсақ, онда олардың қандай бөлігі еңбекпен айналысатынын және аумақтық экономика салалары бойынша орналасу заңдылықтарын қарастырады. Халықаралық стандартқа байланысты еңбек нарқын бағалау кезінде халық төмендегідей санаттарға бөлінеді: **экономикалық белсенді және экономикалық белсенді емес халыққа.** Осының ішінде экономикалық белсенді халықтың, яғни жұмыс күшінің атқаратын рөлі өте жоғары бағаланады. Себебі, экономикалық белсенді халықтың деңгейі арқылы еңбекке жарамды халықты жұмыспен қамтамасыздандыру саясатын жүргізуге, кәсіби мамандарды тұтыну мөлшерін анықтауға, еркектер мен әйелдердің еңбекке араласу белсенділігінің ұзақтығын есептеп шығаруға, еңбекке жарамды жасқа қосылатын жасөспірімдер мен зейнеткерлікке шығатын егде жастағылардың үлесін анықтау үшін қолданылады.

1982 жылға 13-ші Халықаралық еңбек ұйымының ұсынысына сәйкес **экономикалық белсенді халыққа** - еңбекке жарамды жастағы еңбек ресурстарының ішінде тауарлар өндіру мен қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін жұмыс күші жатады. Оның құрамына Халықаралық стандартқа байланысты 15 жас және одан жоғары жастағылар жатқызылады,ал біздің Республикамызда еңбек шартын жасауға 16 жасқа толғандарға жол берілген. Кейде орта білім алған немесе жалпы білім беретін оқу орнын тастап кеткен жағдайда 15 жасқа толғандарды ата-аналарының немесе қамқоршының,қорғаншының келісімімен еңбек шартын жасаса алады.

Экономикалық белсенді халықтың өзі экономикамен шұғылданушылар (жұмыс пен қамтылғандар) және жұмыссыздар болып екіге бөлінеді.

Экономикамен шұғылданушылар(жұмыспен қамтылғандар) деп-еңбеке жарамды жастағы жұмыс күшінің қандайда бір жұмыспен айналысатындарды, яғни жалданып жұмыс істеушілер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды айтады.

Жалданып жұмыс істеушілер деп азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін жеке қажеттерін қанағаттандыратын, яғни жеке еңбек шартымен жұмыс істейтін және оларға табыс немесе кіріс әкелетін жұмысты айтады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар деп еңбекке, жұмыс орнымен кәсіпті таңдауға қабілетін еркін пайдалану арқылы өздеріне кіріс әкелетін жұмыспен қамтамасыз еткен еңбекке жарамды жастағы азаматтарды айтады.

Жұмыссыздар деп еңбекке жарамды жастағы (15 жас және одан жоғары) жұмыс күшінің ішінде қандайда бір себептерге байланысты қоғамдық өндіріспен шұғылданбайтындарды, яғни жұмыс істемейтіндерді және халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) мына үш критериясына (жұмысы, табысы, кірісі жоқтары, жұмысқа орналасу туралы өтінгені; белгілі кезең ішінде кез-келген жұмысқа тұруға дайын екендігі) жататындарды айтады.

Статистикада жұмыссыздардың деңгейін анықтап ғана қоймай, сонымен бірге олардың ішіндегі жастардың үлесін жеке қарастырады. Себебі қазіргі кезде жұмыссыз жүрген жастарды жұмыспен қамту-бұл саяси проблемалардың бірі болып саналады және оған 15-24 жас аралығындағы жастар жатқызылады. Осыған орай оларды зерттеу кезінде бір-бірінен айырмашылығы бар 4 индикаторды пайдаланады және олардың әрқайсысы әртүрлі аспектілерді қарастырады. Ол төмендегідей:

1) жұмыссыз жастардың деңгейін анықтау үшін 15-24 жас аралығында жұмыссыз жүрген жастар санын бөлу керек экономикалық белсенді халықтың ішіндегі осы жастағы жастардың санына;

2) жұмыссыз жастардың деңгейінің жұмыссыздар ішіндегі үлкен жастағылар деңгейіне қатынасы;

3)жалпы жұмыссыз халықтың ішіндегі жұмыссыз жастардың үлесі;

4)жалпы жас халықтың ішіндегі жұмыссыз жастардың үлесі.

Экономикалық белсенді емес халық деп еңбекке жарамды жастағы жұмыс күшін зерттеу кезінде қоғамдық жұмыстармен айналыспайтындар мен жұмыссыздар санатына жатпайтындарды айтады және оның құрамына мыналар жатады: оқушылар,оқу орындарының күндізгі бөлімдерінде оқитын студенттер,зейнеткерлердің барлық түрлері, мүгедектер,өзінің жеке меншігінен табыс табатындар,үй шаруашылығымен айналысатындар,түрлі себептерге байланысты еңбекпен шұғылданғысы келмейтіндер.

Қазақстан бойынша экономикалық белсенді емес халықтың саны өте үлкен және жылдан-жылға көбеюде. Осыған орай оның үлесі де өсуде.

Төменде республика бойынша экономикалық белсенді және белсенді емес халықтың соңғы бес жылдағы динамикасын 2-кестеде келтіреміз:

2- кесте. ҚР экономикалық белсенді және белсенді емес халқының динамикасы (15 жас және одан жоғары жастағылар)

Көрсеткіштер	2005	2006	2007	2008	2009
Экономикалық белсенді халық, мың адам	7840,6	7901,7	8028,9	8228,3	8415,0
Экономикалық белсенді халықтың деңгейі, %	69,9	69,4	69,7	70,4	71,1
Экономикамен шұғылданушылар, мың адам	7181,8	7261,0	7403,5	7631,1	7857,2
Экономикамен шұғылданушылардың деңгейі, %	91,6	91,9	92.2	92,7	93,4
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	4469,9	4640,5	4776,6	4973,5	5199,4
Экономикамен шұғылданушылардың ішіндегі жалдамалы қызметкерлердің үлесі, %	62,2	63,9	64,5	65,2	66,2
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	2711,9	2620,4	2626,9	2657,6	2638,8
Экономикамен шұғылданушылардың ішіндегі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі, %	37,8	36,1	35,5	34,8	33,8
Жұмыссыздар, мың адам	658,8	640,7	625,4	597,2	557,8
Жұмыссыздардың үлесі, %	8,4	8,1	7,8	7,3	6,6
Экономикалық белсенді емес халық, мың адам	3383,4	3476,9	3493,9	3463,2	3416,2
Экономикалық белсенді емес халықтың үлесі, %	30,1	30,6	30,3	29,6	28,9

Кесте көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, онда мына жағдайларды көруге болатындығы: жылдан- жылға экономикалық белсенді халықтың саны өсуде және жаңа жұмыс орындарының ашылуына байланысты экономикамен шұғылданушылардың деңгей жоғарлауда,ал жұмыссыздардың үлесі төмендеуде,яғни 2005 жылғы 8,4% -тен 2009 жылы 6,6% дейін. Бұл туралы еліміздің тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың 2011жылғы қаңтар айындағы халыққа жолдауында жұмыссыздықтың деңгейін 5% дейін төмендетуді үкіметке тапсырма ретінде тапсырды.

Жалпы алғанда республика бойынша еңбек ресурстары мен жұмыс күшін зерттеудің әлеуметтік-экономикалық маңызы, оның саны мен құрамын, орналасуы мен өсіңкілігін қарастырып қана қоймай, сонымен бірге оны тиімді пайдалануды жақсарту мүмкіндіктерін де қарастыратындығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әміреұлы Ызғарбек, Кииков Е.М. Әлеуметтік экономикалық статистика /оқу құралы/- Алматы, «Экономика», 2002-160 бет.

2. Қазақстанның статистикалық жылнамалығы- Қазақстан -2010.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада республика бойынша еңбек ресурстары мен жұмыс күшін зерттеудің әлеуметтік-экономикалық маңызы, оның саны мен құрамын, орналасуы мен өсіңкілігін қарастырып қана қоймай, сонымен бірге оны тиімді пайдалануды жақсарту мүмкіндіктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается социально-экономический значение исследования рабочей силы и трудовых ресурсов по республике, их количество и состав, формирование и рост, а также возможности улучшения эффективного использования.

333.474
Б 17

ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Байділдаева С.Б. - аға оқытушы, Альмуханова З.А. – аға оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Экологияның күрт нашарлап кетуі адамдардың табиғатқа антропогендік әсерінен болып отыр. Атмосферадағы көмірқышқыл газдардың концентрациясының артуына байланысты климат өзгеріп, температураның жоғарылауына әкеліп соғады. Энергия көзі ретінде көмір, мұнай, табиғи газды пайдалану нәтижесінде және машиналардың көбейіп, индустриялық революцияның өркендеуіне байланысты бұл процесс тезірек жүреді. Жер планетасындағы атмосфераның температурасы артатын болса, планетаның көптеген бөліктерінде құрғақшылық болады, басқа жерлерде жаңбыр көп жауып, жерді топан су қаптайды. Полюстегі мәңгі мұздар еріп, аралдар мен жағалауларды мұхиттар мен теңіз сулары басып кетеді. Ауыл шаруашылығының өнімі нашарлап, халықтар мекенін тастап, күн көрістің қамымен басқа жерлерге көшеді. Табиғатты қорғау мәселесі бүкіл дүниежүзілік проблемаға айналуда. Экологиялық проблема дегенде ең алдымен Арал, Балқаш, Каспий, Семей қасіреттері еске түседі.

Арал теңізі - Қазақстанның інжу-маржаны. Арал теңізінің ірі экологиялық апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі - 1066 км2, тереңдігі - 30-60 м, тұздылығы - 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың балық ауланып, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген. 1966 жылдан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Осы аймақтағы игерілетін жер колемі бұрынғыдан Өзбекстан мен Тәжікстан 1,5, Түрікменстанда 2,4, Казакстанда 1,7 есеге өсті. Ал Амудария мен Сырдария бойындағы халықтың саны 1960-1987 жылдар аралығында 2,2 есеге артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік артты. Осыған орай 1960-1987 жылдар аалығында Аралға құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері - антропогендік факторлар еді. Екі өзен бойындағы суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі қарқынды дамыды

(Шардара). Оның үстіне ауыл шаруашылығының басқа да салалары барынша дамыды. Өзен бойлары игеріліп, суды ысырапсыз пайдалану жүзеге асты. Мәселен, Аралға 1960-1965 жылдар арасында 44 мың м3, ал 1990 жылдары екі есеге қысқарды. Нәтижесінде Арал теңізінің деңгейі 23 м-ге дейін төмендеп, оның су айдыны 30-200 м-ге дейін қусырылды. Судың тұздылығы 40 %-ға дейін артты. Оның үстіне екі өзен бойындағы шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен химиялық препараттарды қолдану бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті. Тыңайтқыштарды пайдалану 10-15 есеге өсті. Осындай антропогендік факторлар Арал өңірін экологиялық апатқа ұшыратты. Құрғап қалған теңіз түбінен жыл сайын айналаға зияндылығы өте жоғары 2 млн. Тонна тұзды шаңдар көтеріліп, желмен тарай бастады. Сонымен, Арал апатына себеп болған факторларға:

- жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;
- ауыл шаруашытлығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;
- суды өте көп қажет ететін күріш, мақта дақылдарын барынша көбейтіп жіберу;
- жерді игерудің агротехникалық шараларын сақтамау және суды үнемді пайдаланбау;
- табиғат ресурстарын пайдаланудағы жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі болып табылады.

Осы аталған факторлар Арал теңізі экожүйесіндегі тіршілік атаулыны экологиялық дағдарысқа әкелді. Бұл жағдайлар адам баласының қолдан істеген қателігі ретінде дүниежүзіне белгілі болды.

Арал өңірінде туындап отырған қазіргі экологиялық апаттар нышаны жыл өткен сайын теңіз суын таратуда. Оның фаунасы мен флорасы жойылып кетуге жақын. Топырақтың тұзданuы өте жылдам жүруде. Арал теңізінде балық өсіру шаруашылығы тоқтатылып, соңғы 1-2 жылда ғана қайта қолға алынды. Ондағы тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті. Теңіз түбінен көтерілген улы тұздардың мөлшері жылына 13-20 млн. тонна деп есептеледі. Тіптен, тұзды шаңдар әсері сонау Орта Азия республикалары аумағына жетіп, ауыл шаруашылығына зардабын тигізуде. Арал өңіріндегі климаттың өзгеріу шөл белдеменің табиғи ландшафттарын бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз атропогендік экожүйелерге қарай ығыстыруда.

Арал өңіріндегі антропогендік факторлар ондағы тұрғындардың салт-дәстүрлеріне, экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуде. Жұмыссыз қалған балықшылар әлеуметтік жағынан қорғаусыз қалып, басқа аймақтарға еріксіз қоныс аударуда.

Қазіргі Арал өңірінде адамдардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Бұл өңірде соңғы мәліметтер бойынша туберкулез, бүйрекке тас байлану, сары су, өкпе-тыныс жолдарының қабынуы, жұқпалы ауралар республиканың басқа өңірімен салыстырғанда жоғары көрсеткішті беріп отыр.

Арал теңізінің болашағы дүниежүзі халықтарын толғандыруда. Оның біржола жойылып кетуі Орта Азия мен Қазақстанды ғана емес көптеген Шығыс елдерінің тыныс-тіршілігіне өзгерістер әкелмек. Ал ауытқушылықтар антропогендік экожүйелердің тұрақсыздығын тудырады. Арал мәселесі соңғы 10 шақты жылда географ және эколог ғалымдар арасында жиі-жиі пікір таластар туғызады. Арал мәселесі туралы халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. Өркениетті елдер қаржылай көмек көрсетуде. Олар негізінен Орта Азия республикалары, Ресей, АҚШ, Жапония, т.б. мемлекеттер. Арал теңізін құтқару жөнінде бірнеше ғылыми болжамдар мен жобалар бар. Олар:

1 Сібір өзендерін Қазақстанға бұру.
2. Амудария мен Сырдария өзендерінің суын реттеу арқылы суды молайту.
3. Арал теңізін жартылай сақтап қалу.
4. Каспий теңізінің суын жасанды канал арқылы әкелу.
5. Жер асты суларын пайдалану.
б. Арал теңізінің өздігінен табиғи реттелуін немесе толысуын күту.

Әрине, бұл жобалар болашақтың ісі болғанымен, уақыт талабы оны күттірмейді. Бәрі де қаражатқа тірелуі мүмкін. Ал оның іске асуы адамзат қауымының білімі мен біліктілігіне байланысты екені анық.

Қазіргі кезде Аралды құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалуда. "Арал тағдыры - адам тағдыры" болғандықтан оны сақтап қалу аға ұрпақтың болашақ алдындағы борышы.

Балқаш көлі - Қазақстандағы ең ірі экожүйелердің бірі. Көл Балқаш - Алакөл ойысында орналасқан. Көлемі - 5О1 мың км2, ұзындығы - 605 км, ені - 9-74 км аралығында. Ал ең терең жері - 26 м. Бұл көлдің 1970 жылдардағы сипаты болса, қазір мүлдем басқаша. Жетісу өзендерінің ішінде Іле, Қаратал, Ақсу және Лепсі езендері Балқашқа құяды.

Балқаш көлі шөлейт және шөл табиғат белдеурінде орналасқандықтан оның климаты шұғыл континентті болып келеді. Су айдынының булануы өте жоғары. Осыған байланысты судың деңгейі тез өзгеріп отырады.

Ұзақ жылдар тіршілігі тұрақты болып келген су айдынының қалыпты жағдайы өзгере бастады. Балқаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлауына себеп Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің мол суының Балқаш көліне жетпей суармалы егістерге жұмсалуы. Оньң үстіне бұрынғы кездерде Аягөз, Биен, Сарханд және Басқан өзендері Балқашқа құйып, оның табиғи су деңгейін сақтап отырған.

Аталған антропогендік жағдайлар Балқаш көлінің жағдайын шиеленістіріп жіберді. Балқаш экожүйесінің одан әрі нашарлауына Іле өзені бойына салынған Қапшағай су қоймасы да әсер етті. 1970 жылы Қапшағай су қоймасындағы Іле өзенінің суын бөгейтін Қапшағай бөгеті салынды. Оған қосымша Іле өзенін қоректендіріп отырған Шелек өзені Бартоғай бөгетімен бөгеліп, онда көлемі 300 мың м3 су жинақталды. Осылайша Үлкен Алматы каналы (БАК) салынды. Каналдың салынуына байланысты Шелек өзені Ілеге құюын тоқтатты.

Іле - Балқаш алабының ауыл шаруашылығында барынша пайдалануымен 1965-1990 жылдар аралығында Балқашқа құятын судың көлемі 25%-ға азайды. Іленің орта ағысы мен соңғы сағасында Шарын күріш, Шеңгелді көкөніс, Ақдала күріш алқаптары пайды болды. Осының бәрі Іле - Балқаш су алабының табиғи жүйесінде қалыптасқан тепетеңдік заңын бұзды.

Балқаш экожүйесінің бұзылу зардаптары. Іле - Балқаш экожүйесіндегі өзгерістер (әсіресе Қапшағайдың төменгі бөлігі) өте сирек кездесетін Іле тоғайын, өзен жағасындағы шұрайлы жайылымдар мен оның сағасындағы қамыс-қоғаның жойылуына себеп болды. Көлдің жағалаулары кеуіп, тұзды шаң жиі көтерілді. Ауа райы өзгеріп, қуаңшылық пен аңызақ желдер үдеді.

Балқаш көлі соңғы жылдары 2 метрге жуық төмендеп отыр. Сонымен көл жағалаулары батпақтанып, сорланып, тақырлар мен шөлдерге айналуда.

Іле - Балқаш экожүйесінің фаунасы мен флорасы зардап шегуде. Балық аулау соңғы жылдары 5 есе төмендесе, уылдырық шашу тіпті азайды. Сонымен қатар балықтардың Іле бойындағы егіс, көкөніс алқаптарына пайдаланылған пестицидтер, тербицидтер және минералды тыңайтқыштар қалдықтарымен улануы жиі байқалуда.

Іле - Балқаш алабы ит тұмсығы батпайтын тоғайлар, кішігірім көлдер, аралдар, аңдар мен құстар мекені болатын. Әсіресе 1960 жылдары жылына 1,5 млн-ға жуық бұлғын терісі дайындалатын болса, қазір бұл шаруашылық жойылған. Іле бойында және көл жағасында тіршілік ететін құстардың түрлері де азайып кеткен. «Қызыл кітапқа» енген аққу, бірқазан, көккұтан, т.б. құстар қазір өте сирек кездеседі.

Іле - Балқаш алабы Қазақстандағы тарихи-табиғи ескерткіштерге бай өлке. Бұл өңірде Шарын тау өзені мен оның бойындағы Шарын тауларындағы тастағы таңбалар мен тас мүсіндер және көне қорғандар жүйесі, Әнші құм атты табиғат туындысы, Алтынемел ұлттық саябағы, Кербұлақ сияқты қорыққорлар бар. Жетісу деп аталатын

бұл аймақта 3 млм-нан астам халық тұрады. Ең ірі қалалары - Алматы, Талдықоған, Жаркент.

Бұл өңірдегі экологиялық ірі мәселелер қатарына Балқаш көлі бойындағы Балқашмыс комбинаты, Приожер, Ақсүйек кен рудаларын байыту кешендері, Сарышаған полигоны және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттары осы аймақта тұратын тұрғындарға өз зардабын тигізіп отыр. 1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бугінгісі мен болашағы» атты халықаралық деңгейде экологиялық форум өтті. Онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралып, нақты шешімдер қабылданды. Оның негізгілері:

1. Іле өзені бойындағы өндіріс орындарында суды үнемді пайдалануды реттеу;
2. Қапшағай су қоймасынан Балқашқа жіберілетін судың үлесін тұрақтандыру;
3. Ақдала және Шарын массивтеріндегі күріш алқаптарын азайту;
4. Суармалы жерлердің көлемін шектеу.

Балқаш көлін құтқару бүгінгі күннің талабы. Арал мен Балқаш сияқты су экожүйелерінен айрылу Қазақстанды ғана емес, Еуразияны да бұрын-соңды болмаған экологиялық апаттың ошағына айналдыруы мүмкін. Сондықтан әрбір табиғи экожүйені көздің қарашығындай сақтау қорғау адамзат баласының парызы.

Каспий теңізі - жер шарындағы бірдін-бір тұйық су айдыны. Оның көлемі - 380 мың. Км2. Каспий теңізі солтүстіктен оңтүстікке дейін 1030 км, батыстан шығысқы дейін 196-435 км аралықты қамтиды. Каспийдің солтүстік жағалауы таяз, көбіне қайраңдардан тұрады.

Каспий теңізі Еуропа және Азия континенттерінің түйіскен жерінде орналасқан. Каспий қайраңы өте ерекше табиғат туындысы, әрі өсімдіктер мен жануарлардың қолайлы ортасы. Мұнда «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жанурлар көптеп кездеседі. Тұйық су айдыны болғандықтан мұндағы организмдердің басымы эндемиктер. Теңіздің құнды байлықтарының бірі - бекіре тұқымдас балықтар. Олардың 5 түрі тіршілік етеді. Бекіре тұқымдастардың дүниежізілік қорының 70%-ы осы теңіздің үлесіне тиетінін мақтанышпен айтуға болады. Каспий ойпаты өзінің табиғат ерекшеліктерімен, фаунасы мен флорасының көптүрлілігімен ерекшеленеді. Мұнда өсімдіктердің 945, балдырлардың 64, фитопланктондардың 414, зоопланктондардың 100-ден астам түрі тіршілік етеді.

Каспий теңізі кәсіптік балықтарға да бай. Теңізде балықтың 76 түрі кездеседі. Каспий теңізі жыл құстарының да сүйікті мекені. Теңіз жағалауларында 3 -3,5 млн құстар қыстан қалса, ал жыл құстарының саны 10-12 млн-ға жетеді.

Қазіргі кезде бізді қоршаған ортаның ластаушы көздерін төмендегідей топқа бөлеміз:

1. Физикалық ластану - радиактивті заттар, электромагнитті толқындар, жылу, шулар және тербелістер;
2. Химиялық ластану - көміртегі өнімдері, күкірт, көмірсулар, шайынды сулар, пестицидтер, гербицидтер, фторлы қосылыстар, ауыр металдар, аэрозолдар;
3. Биологиялық ластану - ауру қоздырғыш бактериялар мен вирустар, құрттар, қарапайымдылар, шектен тыс көбейіп зиян келтіретін жәндіктер;
4. Эстетиалық зиян - табиғаттың қайталанбас сұлу ландшафттарының бүлінуі, орман-тоғайлардың жоғалуы, т.б.

Осындай апаттарды болдырмас үшін 1992 жылдың маусымында БҰҰ-ның Рио-де Жанейродағы болған айналаны қоршаған орта жөніндегі конференциясы климаттың өзгеруі туралы рамкалық Конвенция қабылдап, оған 150-ден астам ел қол қойды. 1999 жылдың 19 наурызында БҰҰ-ның штаб квартирасында Қазақстанның өкілетті өкілі Ақмарал Арыстанбекова да рамкалық Конвенцияға қол қойды.

1997 жылы 24 шілдеде АҚШ президенті Клинтон атақты ғалымдарды жинап (оның ішінде 3 Нобель сыйлығының лауреаты бар) «парниктік эффектті» тудыратын газдарды азайтуға бағытталған заңды қабылдап, глобальдық жылынуға қарсы күресетін

ұлттық компанияны құрып, бұл мәселені радикалды түрде шешуге жұмылдырды. 1997 жылы 29 шілдеде «Вашингтон папкасы» қабылданды.

«Қызу әсерінің» салдарынан болатын климаттың өзгеруі жалпы әлемдік көлемдегі проблема болып табылады және қоршаған ортаның жай-күйіне барынша ықтимал қатер төндіреді.

Қазақстан 1995 жылы Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ Үлгілік конвенциясын бекітті, ал 1999 жылы осы Конвенцияда Киото хаттамасына қол қойды.

Аталған хаттаманы бекіткен және ол күшіне енген жағдайда Қазақстан қызған газдардың шығарылғандығын қысқарту жөніндегі сандық міндеттемелерді өзіне жүктей отырып, I қосымшаның Тараны болады.

Қазақстанның Киото хаттамасын бекітудің мақсатқа лайықтығын айқындау үшін 2004 жыл барысында қызған газдардың шығарындыларын қысқарту жөніндегі сандық міндеттемелердің Қазақстанның экономикасына әсері туралы зерттеулер жүргізуі қажет.

Толассыз экологиялық тиімділігінен басқа, Киото хаттамасын бекіту біздің ел үшін халықаралық инвестицияларды тарту, басқа елдердің экономикасына активтерді орналастыру мүмкіндігімен инвестор роліндегі бірлескен жүзеге асыру жобаларына және « таза даму» процестеріне қатысу, өндірістік энерготиімділігін арттыру үшін көміртегі кредиттерін шоғырландыру, қызған газдардың шығындыларына квоталар жөніндегі перспективаларды ашады.

Киото хаттамасын бекіткеннен кеін нақты жобалар мен іс-шараларды іске асыруды көздейтін Қазақстан Республткасында қызған газдардың шығарындыларын азайту жөніндегі 2015 жылға дейінгі бағдарлама әзірленетін болады.

Табиғатпен тіл табысу үшін, біріншіден, экологиязациялау мақсатына сай келетін бірқатар шараларды іске асыру қажет. Табиғатты қорғау үшін барлық елдердің күш қуатын біріктіргенде ғана экологиялық шаралар тиісті нәтиже бере алады.

Адам мен табиғаттың қарым-қатынасын жақсартуға бағытталған тағы бір шара - табиғат байлықтарын тұтынуды ақылға сыйымды мөлшерде өзіне-өзі шек қою. Халықтың экологиялық санасын қалыптастыру міндетті экологиялық білім мен тәрбие берудің бірқатар комплексті мәселелерінен тұрады. Олар - экологиялық ғылыми сананы қалыптастыру, экологиялық этиканы, экологиялық психологияны және экологиялық құқықтық сананы қалыптастыру қажет.

Әрбір экономикалық табысымыз үшін табиғат бізден кек алады. Сондықтан біз табиғатты аялай білейік!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенова А.С. Задачи экогологического образования и воспитание в Казахстане. –Алматы: АГУ им.Абая, 1991
2. Қазақстан Республикасында 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздікті сақтау тұжырымдамасы.
3. Бейсенова А.С., Шілдебаев Ж.Б. Экология негіздері. –Алматы,1999
4. Шілдебаев Ж.Б.Қызықты экология. –Алматы, 2000ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы экологиялық мәселелер қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются экологические проблемы Республики Казахстан.

УДК 796.50

Б-67

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Баймурзаева М.С.- оқытушы, Ботаева А.Т.- оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Туризм географиясы ғылым ретінде экономикалық және әлеуметтік географияның бір саласы болып есептеледі. Зерттеу обьектісі-рекреациялық-туристік жүйелер, ал зерттеу тақырыбы-туризмнің территориялық ұйымдастырылуын, яғни туризмнің территориялық жүйелерінің дамуы мен орналасуын зерттейді. Туризм географиясын кешенді зерттеулеріне табиғаттық, экономикалық-әлеуметтік және техникалық ұйымдастыру мен басқару кіреді. Осыған байланысты туризм үш емдеу (санаториялық-курорттық), денсаулықты түзеу және спорттық пен танымдық бағыттарда дамиды. Туризм географиясы-белгілі бір территорияның туризмге қолайлылығы, сол территорияның шаруашылық кешені құрылымына туризмнің ықпалы, туризмнің дамуы және орналасуына байланысты территориялық өзгерістерді зерттейді. Туризмнің дамуы көлік, сауда, коммуналдық және тұрмыстық қызмет, мәдениет, денсаулық, ақпарат салаларымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының «Туризм туралы» Заңына сәйкес (тамыз, 2001 жыл) туризмдік қызмет атқаруға туристік сапарлар мен саяхаттар ұйымдастыру, әр түрлі туристік қызмет атқару, туристік тауарлар шығару және өткізу жатады. Осыған байланысты ұлттық туризмді мемлекеттік басқаруда мынандай мақсаттар қойылған:

-туризмді дамытуда бірыңғай саясатты іске асыру;

-туризмнің материалдық және ғылыми-техникалық базасын құру;

-сыртқы экономикалық және коммерциялық байланыстарды жүзеге асыру;

-туризмнің мемлекеттік немесе жеке меншіктік түріне қарамай, барлық туристік ұйымдардың жұмыстарын қолдап, ретке келтіру;

-туризм саласына мамандар дайындау, мамандардың біліктілігін арттыру;

1993 жылы Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік туристік ұйымның мүшесі болды, 1993 жылы ҚР туризмін дамытудың ұлттық бағдарламасы қабылданып, мұнда 12 басымдық туристік аймақтардың даму жоспары жасалынды. Бұл тұрғыдан Қазақстанда туризмді экономиканың дамыған саласына айналдыруға барлық мүмкіндіктер бар.

Туризм – экономиканың басым салаларының бірі. Туризмнен түсетін табыс мұнайдың кірісінен кейінгі екінші орында.Туризм – демалысты, бос уақытты өткізу, спорт, мәдени-танымдылық және табиғат пен қатынасты сипаттайтын осы заманғы экономика инфрақұрылымы салаларының бірі. Келу және шығу туризмінің дамуы туристік қызмет саласындағы ең маңызды мәселе болып табылады. Бүгінгі таңда, келу туризмін ынталандыру мақсатында туристік қызметті экспорттаумен айналысатын фирмалар мен ұйымдар ҚҚС-ты төлеуден босатылған, сондай-ақ арнайы экономикасы тұрақты мемлекеттердің туристеріне визалық рәсімдерді жеңілдету бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 231 Жарлығымен Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталған Бағдарламаның негізгі мақсаты-сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру болып табылады. Дүние жүзі экономикасында туризм басты ролдің бірін атқарады. Бүкіләлемдік туристік ұйымның көрсеткіші бойынша туризм дүние жүзі ұттық жалпы өнімнің оннан бір бөлігін, 11 пайыздан астам халықаралық инвестицияны құрайды, әлемдік өндірістегі әрбір 9-шы жұмыс орны туризм саласына тиесілі. Қазіргі таңда Қазақстанда әр түрлі меншіктегі 713 фирмалар мен агенттіктердің саны жыдан жылға өсіп келе жатыр. Туристік фирмалар мен агенттіктердің құрылу және орналасуы демалыс пен туризмнің

алғышарттары: табиғат жағдайы, рекреациялық ресурстар, әлеуметтік-экономикалық, тарихи-этнографиялық, тарихи-мәдени,т.б. факторларға байланысты. Сондай-ақ туризмді дамытудың индикаторлары: қонақ үйлер мен мейрамханалар, денсаулық сақтау саласындағы қызмет, демалыс пен ойын-сауықты, мәдениет пен спортты ұйымдастыру жөніндегі қызмет, турист саласындағы білімді мамандар, туристік тасымалдау көліктері, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, туризм саласын дамытуға бөлінген қаржыларға, индикаторлардың даму деңгейіне, орналасуы мен территориялық ұйымдастыруына байланысты болып келеді.

Қазақстанда туризмді дамытуда төмендегі негізгі басымдық бағыттарда жұмыстар жүргізілуде: мінәжәт ету туризмі, экологиялық туризмі, сауықтыру туризмі, балық-аң аулау туризмі, тарихи туризмі. Туризм тікелей және жанамалы түрде экономиканың 32 саласы мен елдің инфрақұрылымының дамуына тигізетін әсері мол сала. Қазақстан Жер аумағы кең, табиғаты сұлу, тарихи-мәдени ескерткіштерге бай ел. Орман-тоғай, тау-тасы, өзен-көлі мол қазақ жерінде туризмнің барлық түрін ұйымдастыруға болады. Туризмнің қай түрін болса да емдеу-сауықтыру туризмі, теңіз туризмі, альпинистік туризм, аңшылық, оның ішінде ұлттық (бүркіт, қаршыға, тазы), таулық туризм, балық аулау, су жолдары және ат көлігі арқылы туристік маршруттар, тікұшақ арқылы экскурциялар, этникалық және археологиялық-тарихи туризм, ғылыми, діни, кәсіпкерлік, мәдени-этнографиялық, коммерциялық, жанұялық туризм, танымдық спорттық және бизнес-тур сияқты салаларын дамытуға барлық мүмкіндіктер бар. Сонымен бірге Қазақстанда экологиялық туризмді дамытудың мәні зор. Мысалы, түрлі ойын-сауық орталықтар, сауықтыру-шипажайын ашып, аңшылық, экологиялық, орнитологиялық туризмді жетілдіруге әбден болады. Бұған қоса, еліміздегі қорық аймақтары жанынан саябақ салып, мәдени-тарихи ескерткіштер орналасқан жерлер мен көне қалалар орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, «аспан асты мұражайларын» ашуға да болады. Өйткені, қазба байлығына бай, табиғаты көркем Қазақстан осы күні шетелдік туристерді қызықтырып отыр. Тарихи-этнографиялық туризмді дамытуға да үлкен мүмкіншілік бар. Елімізде 27 мыңнан астам тарихи-этнографиялық обьектілер бар, оның ішінде Қарахан, Айша-бибі, Бабаджа-Хатун (Тараз қаласы маңайы), Жошы-хан, Алаша-хан (Орталық Қазақстан), Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан-бап (Түркістан қаласы) кесенелерін, ежелгі қалалар орыны Отырар, Баласағұн, Сайрам, т.б. Соңғы жылдары Қазақстанның табиғаты көркем аймақтарында туристік базалар, барлық облыс орталықтарында комфортабельді туристік кешендер ашылды. Шетелдік және отандық туристерді мынандай маршруттар қызықтыра алады:Ұлы Жібек жолы, Қазақстан Орта Азия, Космотур (Байқоңыр), Семей полигоны, Арал теңізі, қорықтар мен қорықшалар (экологиялық туризм), таулық туризм (Тянь-Шань, Алтай таулары), Жетісу шеңбері (Алматы облысы), Алматы қаласы маңайы, аң және балық аулау маршруттары (сайғақ, қабан, қасқыр, түлкі, арқар, т.б.), діни маршруттар (Түркістан), сонымен бірге салалық арнайы маршруттар (аграрлық, өнеркәсіптік, саудалық, ғылыми, мәдени, т.б.). Қазақстанды халықаралық деңгейдегі туризмнің орталығына айналдыруымыз керек. Табиғаты тамылжып, таулары аспанмен астасып жатқан, көлемі жағынан әлемдегі алғашқы ондыққа кіретін сулы да нулы Қазақстан жері - туризмді дамытуға таптырмас мекен. Тек көзін таба білсек болғаны, бұған дейін мұнайлы мекен танылып келген еліміз желіп жүрген саяхатшыларды магниттей тартатын туристік аймақ болып шыға келетіні айдан анық. Қазақстандық туристер көбінесе Қытай, БАӘ, Корея Республикасы, Ресей, Германия, Түркия елдеріне туристік сапар шеккен. Ал басқа елден келуші туристер үлесінде Ресей, Қытай, Германия, Корея Республикасы, Пәкістан, Польша, Түркия басым. Бұл мемлекеттердің үлесінің жоғары болу себебі- туристік жодамалар мен ұшақ билеттерінің бағасының арзандауы әрі онда туристердің сауда-саттық жасауына қолайлы. Қазақстанда туризм индустриясының нашар ұйымдастырылуы-ішкі туризмнің нашар дамуымен байланысты. Көптеген отандастарымыз елдің басқа

өңірлеріне тек жұмыс бабымен немесе туыстарын көріп қайту үшін ғана барады. Ал демалу аймағын таңдау кезінде мүмкіндігінше елден тысқары жерге шығуды жоспарлайды. Себебі, халықтың көпшілігі Қазақстанның қай жерінде толыққанды демалатын орындар барын білмейді, қызмет көрсету саласының мүлдем төмендігінен солай жасайды және демалыс бағасының шетелдегідей қымбатқа түсетінін білетіндер одан да сол теңіз жағалауы бар елдерге қыдырғанды дұрыс санайды. Қазақстан халықаралық туризмді ірі туристік нысандарды салу арқылы дамытуды көздеп отыр. Отандық туризмді дамыту жұмысы екі негізгі бағдарлама бойынша жүргізілуде. Біріншісі Қысқы Азия ойындары өтетін 2011 жылға дейін есептелсе, екінші бағдарлама елімізде ірі туристік орталықтардың құрылысын көздейтін 2030 жылға дейін қарастырылған.. Еліміздің туристік саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес республикада Бурабай туристік орталығын, Ақтау сити, Каспий бойындағы қалашықтар және Қапшағай қаласындағы болашақ қаласын салу жоспарланған. Отандық туризм саласын дамытудың тағы бір оңтайлы жолы - «Ұлы Жібек жолы» халықаралық туристік жобасына қатысу. Бүгінде елімізде 876 туристік компания тіркеліп, әлемнің 90 елімен байланысын орнатқан. Осылардың тек 25 пайыздайы ғана елге тікелей туристер тартумен айналысады.

Туризмнің дамуы бірінші кезекте саяхаттауға ыңғайлы жерлердің пайда болуына қатысты. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның мол мүмкіндігі бар деп есептеледі және әлемдік туризм нарығының биігіне көтерілуі мүмкін. Туризмнің дамуы Қазақстан экономикасына үш түрлі бағытта көрсетіледі:
1.Шетелден тікелей қаржы құйылады.
2.Экономикадағы төлем балансы мен экспорттық саудаға жағымды әсер етеді.
3.Халықтың жұмыспен қамтылуына септігі тиеді.

Қазақстан туризмінің дамуы оның туристік-рекреациялық потенциалына әлі де сәйкес келмей отыр. Оның басты себептері:

- Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
- туристік базалардың инфрақұрылымының (сервистік тұрғыдан) әлемдік стандартқа сай келмеуі;
- халық шаруашылығы саласы ретінде үкімет тарапынан қолдау таппауы, қаржыландыру мәселесі;
- туризм туралы ғылыми жұмыстармен айналысатын ғылыми мектептердің жоқтығы;
- туризм саласында мамандар мен кадрлар дайындау жүйесінің өз деңгейінде дамымауы;

Туризмнің дамуын тежейтін жайдың бірі-туристі тартатындай инфрақұрылымның жоқтығы. Бүгінде туристік нысандарға апаратын жергілікті маңызы бар жолдар біраз жөндеуден өтіп жатыр. Алайда, еліміздегі қайсыбір туристік нысандарға және ландшафтарға апаратын автокөлік жолдарының әлі де сын көтермейтіні жасырын емес. Қазақстанға келген турист кез-келген уақытта кез-келген транспорт түрімен еліне аттана алмайды. Таңдауы шектеулі. Кез-келген саяхатшының ұлан-ғайыр жеріміздің о шеті мен бұ шетін түгелімен аралап шығуға мүмкіндігі бола бермейді. Уақытының көбін жол үстінде өткізіп алады. Осыған орай, бүгінгі таңда, елімізде транспорттық қызмет түрлерін дамыту қолға алынып жатыр. Туризм жарнама арқылы өркендейтін бизнес. Сала мамандарының мәліметі бойынша біздің елді сыртқа насихаттайтын ақпараттық-жарнама қажет.

Бүгінде көптеген адамдардың күнделікті тұрмысынан орын алған, «XXI ғасырдың көрінісі» атанып оырған туристік сервис индустриясы өзінің мемлекеттік қазынаға қосқан экономикалық салымы бойынша химиялық өнеркәсіптен алға озып, автокөлік салаларымен теңесті. Ол әлемдік жалпылама өнімнен 10 пайыз үлесін алады, жұмыскерлердің алып армиясы мен ірі қаржыларды жұмылдыруда.Еліміздің туристік-

рекреационды потенциалына негізделген шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтердің сан-қырлы, күрделі жүйесін білдіретін туристік қызмет индустриясы, адамдардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға және қоғамның демалу мен көңіл күйін көтеруге деген сұранымын жан-жақты қанағаттандырып, еңбек ресурстарын жұмылдыру қабілеттілігімен халықтың тұрмыс деңгейін көтереді.Туристік қызмет индустрия кәсіпорындарының шаруашылық қызметтеріндегі оңды өзгерістерге қарамастан, сырттан кіру туризмінің күрт төмендеуі, шетелдіктерді қызықтыра алатындай табиғаты мен тарихи-мәдени орталықтарына бай Қазақстанда заманға сай туристік қызмет инфрақұрылымын құру және істі жоғары дәрежеде ұйымдастыруды қолға алу қажеттілігін көрсетеді. Қазақстанның табиғи-рекреационды потенциалына өзінің аумағы, түрлілігі және қайталанбастығы бойынша теңесетін ел әлемде табылмас десек қателеспейміз.

ӘДЕБИТТЕР

1.Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Экономика туризма: Учеб. пособие.- М.: Финансы и статистика,2001.-176с.

2.Багатов А.П. и др. Туристические формальности: Учеб. пособие / Багатов А.П., Бойко Т.В., Зубрева М.В.-М.: Академия, 2004.-304с.-(Высшее проф. образование)

3.БиржаковМ.Б. Введение в туризм: СПб.: Герда, 1999.-192с.

4.БиржаковМ.Б. Введение в туризм: Учебник.-Изд.7-е, перераб. И доп.- СПб.: Герда,2005.-448с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстанда туризмнің даму жолдары және негізгі мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути развития и основные проблемы туризма в Казахстане.

338981
Б21

ИНДУСТРИЯЛЫ-ИННОВАЦИЯЛЫ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТИІМДІ ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ

Бакирова Б.А. – аға оқытушы, Жақыбаева О.А. – аға оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Экономика ұлттың дамуының басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің тұрақты дамуы және мемлекеттің әлемдік рыноктағы орны бүгінгі жаһандану заманында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі арқылы анықталады. Сондықтан ендігі жерде Қазақстан Республикасының және ұлттық экономика салаларының алдындағы негізгі міндеті бәсекеге қабілетті экономиканың қалыптастыру болып табылады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті елдің халықаралық аренадағы ролі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер мен өнеркәсіп өнімдерінің сапасының әлемдік деңгейде артуымен көрініс табады.

Ұлттық экономиканың жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастар негізіндегі экономикаға өтуіне байланысты еліміздің қысқа мерзімді кезеңде әлем танған дамыған елдер қатарына қосылуы үшін ұзақ мерзімді стратегиялармен жақсы жасалған мемлекеттік бағдарламалардың алатын орны, жалпы экономиканы

жоспарлауда еліміз үшін қажет басым салаларды дамыту бүгіндегі маңызды қызметтің бірі.

Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – экономиканы әртараптандыру және шикізаттық емес экспортты ұлғайту, кәсіпекрлік жағдайды, бәсекелестік ортаны және жеке секторларды жоғары құнды өндіріс құруға ынталандыратын қоғамдық және қаржылық институттарды құру болып табылады. Бұл жағдайда осындай өндіріс құруда қара және түсті металлургия, машинажасау және металды қайта өңдеу, шикізатты, минералдрды өңдеудің әлеуеті маңызды.

Елдің экономикалық тәуелсіздігі технологиялық даму деңгейінен ажыратылмай қарастырылады. Әлемдік экономикадағы мемлекеттің ролі мен оның мәні, инновация мен өзгерістердің негізгі қозғаушы күші - жоғарғы технологиялармен қаншалықты қамтамасыз етілетіндігімен анықталады. Казіргі заманғы техника өндіріс технологиясынан бөлек ажыратылып қарастырылмайды. Ол тек нақты технологиямен қатар қолданылады және сол арқылы көрініс табады, яғни технология ғылыми - техникалық прогрестің қозғаушы күші болып саналады.

Индустриалды - инновациялық қызметті дамыту мақсаты — жаңа идеяларды қолдау, бастама көтеру, оларды бақылау, инновациялық өнімді нарыққа шығаруға жағдай жасау болып табылады. Әлемдік рынокта бәсекелік күреске төтеп беруге нық тұратын өнеркәсібі дамыған елдерде заман талабына сай технологияларға негізделген және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі көздері болып табылатын салаларды, яғни биотехнология, нанотехнология, ядролық және ғарыштық технологияларды қарқынды дамытуға қомақты қаржы бөліп, үлкен зер салуда. Себебі инновациялық экономикалық дамуды қамтамасыз ету, шиеленісіп, шешімін таба алмай жатқан қазіргі экологиялық проблемаларды шешу, күннен күнге артып келе жатқан әлем халқының қажеттіліктерін келешек ұрпақтың қамын ойлай отырып қанағаттандыру сияқты мәселелердің байыбына жетуде осы салалардың маңызы аса зор. Қазақстан үшін де аталған салаларды, сонымен қатар экономиканың басқа да басым бағыттарын дамыту арқылы индустриалды дамыған елдердің қатарына қосылу ең өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті экономика салаларын жаһандану үдерісіне сәйкестендіре дамытуға, экономиканың шикізат экспортына тәуелділігін төмендетуге және әлемдік рынокта сапалы бәсекеге қабілетті өнім ұсынысына бағытталған сервистік-технологиялық экономикаға өтуге жағдай жасау қажет.

Қазіргі экономикалық жаһандану жағдайында инновация ұғымын 1992 жылы Норвегияның астанасы – Ослода қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сипаттауға болады. Бұл стандарттар технологиялық инновацияларға қатысты жасалған, яғни олар жаңа өнім мен жаңа үдерісті және олардың маңызды технологиялық өзгерістерін сипаттайды. Халықаралық стандарттарға сәйкес «инновация» – тәжірибелік қызметте қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үдеріс түрінде және рынокқа шығарылған жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде көрінетін инновациялық қызметтің түпкі нәтижесі.

Жоғарыда инновация теориясының дамуына үлкен үлес қосқан зерттеуші-ғалымдардың, яғни шетелдік экономистердің, ТМД елдері мен отандық зерттеушілердің пікірлерін қарастыра келе қысқаша қорытындыға келдік. Инновация ұғымын зерттеу барысында ғалымдар сан алуан пікірлер ұсынды. Көптеген зерттеуші ғалымдардың пайымдауларынша инновация бұрын-соңды болмаған жаңа өнім, жаңа қызмет, ғылыми жетістіктер өнімі немесе жетілдірілген өнімді жүзеге асыратын инновациялық қызметтің нәтижесі. Бірақ, инновацияның экономикалық мәнін зерттеуде бірқатар қайшылықтар туын-дайды. Біздің пайымдауымызша, кез келген жаңа өнімді немесе қызметті, жаңа технология мен техниканы инновация деп қарастыру үшін қазіргі таңда оның тек рыноктық аспектісіне ғана емес, сапалы экономикалық дамуды,

экологиялық, әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігі жағынан қарастыру керек. Себебі әлемдік экономика дамуының жаңа сатысында ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір сара жолы инновациялық даму бағыты болып табылады.

Инновациялық даму экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі бағыты болғандықтан, инновация түрлеріне, инновациялық үдеріс және инновациялық қызмет ұғымдарына қысқаша сипаттама бергенді жөн деп санаймыз. Төменде инновацияның жіктелу белгілеріне байланысты ерекшеліктері сипатталады (1-кесте).

Кесте 1 - Инновацияның жіктелуі

Жіктелу белгілері	Жіктелуі
Инновацияның түрлері	1.1. Дәуірлік 1.2. Базистік 1.3. Жетілдіруші
Инновацияның таралу ауқымы	2.1. Әлемдік ауқымдағы жаңа инновациялар 2.2. Ел ішіндегі инновациялар 2.3. Салалық инновациялар
Инновация енгізілетін тауардың өмірлік циклы	3.1. Стратегиялық маркетинг жүргізу сатысында енгізілген инновациялар 3.2. ҒЗТКЖ сатысында енгізілген инновациялар 3.3. Өндірістің ұйымдық-технологиялық даярлығы 3.4. Өндіріс 3.5. Өндіруші ұсынатын қызмет және тауар
Инновация нысаны	4.1. Жаңалықтар, өнертабыстар, патенттер, ноу-хау 4.2. Тауар белгілері, сауда маркалары, эмблемалар 4.3. Технологиялық, өндірістік, басқарушылық үдерістерді, конструкцияларды, құрылымдарды, әдістерді сипаттайтын жаңа құжаттар
Инновацияны қолдану жиілігі	5.1. Бір жолғы 5.2. Қайталама (диффузия)
Инновацияны енгізу нәтижесінде алынатын әсер түрлері	6.1. Экономикалық 6.2. Әлеуметтік 6.3. Ғылыми-техникалық 6.4. Экологиялық

Жаһандану процесі Қазақстанның экономикасын әлемдік бірлестікке бірігуіне тездетеді. Ол инновациялық фактор және оның экономикалық өсу қарқынына ықпалын арттыра түседі. Отандық экономиканың өзекті мәселесі болып, ғылыми шынды өндірістерінің бәсекеқабілеттілігінің артуы болып табылады. Өнеркәсіптің инновациялық потенциялын көрсететін оның бүкіл өндірілген және жүзеге асырылған өнімнің инновациялық өнімінің көлемі болып табылады.

Сонымен инновациялық даму барысынла келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Инновацияның экономикалық ұғым ретіндегі мәні, кез келген жаңа өнімді немесе қызметті, жаңа технология мен техниканы инновация ретінде қарастыру үшін олардың рыноктық аспектісін ғана емес, сапалы экономикалық дамуды, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігі жағын да ескеру керек. Себебі әлемде теңдесі жоқ жаңа тауарды немесе қызметті өндіріп, оның қоғам өміріне және табиғат әлеміне келтірер зиянына қарамастан, тек жоғары пайда алу

мақсатын көздейтін болсақ, онда оның сапалы экономикалық өсу қағидасына қайшы келері айдан анық. Олай болса, инновация – бұл қоғамның әл-ауқатын сапалы түрде жақсартуға, яғни әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, кәсіпкердің жоғары пайда алуын ынталандыратын инновациялық қызмет нәтижесі. Ал, «инновациялық даму – бұл рынокта адамның өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа тауарлар мен қызметтер ұсынысының артуы. Нақтырақ айтқанда, «инновациялық даму – ғылыми сыйымды өндіріске бағытталған, қоғамның өмір сүру сапасын және ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік беретін даму.

2. Экономиканың инновациялық дамуының отандық және шетелдік тәжірибесін сипаттай отырып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға оңды және кері әсер етуші факторларды анықтап, ұлттық инновациялық жүйенің қалыптасуы барысына талдау жасау арқылы қазіргі кезде инновациялық процестерді толыққанды жүзеге асыру үшін мемлекеттің рөлі зор екендігіне көз жеткізіп отырмыз.

3. Сонымен қатар, Қазақстанның инновациялық жағдайы, яғни инновациялық өнімнің ЖІӨ-гі үлесі, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі мен олардың әзірлемелер мен зерттеулерге жұмсайтын шығындар көлемі, ғылым саласын қаржыландыруы және елдегі инновациялық қызметтің әлі төмен деңгейде екендігі айқындалып отыр.

5. Индустриалық-инновациялық даму бағдарламасында анықталған міндеттерді жүзеге асыруда кедергі келтіретін факторлардың қатарында даму институттарымен қаржыландырылып жатқан жобалардың көп бөлігі сыртқы рынок талаптарына емес, ішкі рынок қажеттіліктеріне арналған. Сол себепті елде күні бүгінге дейін дамымай отырған консалтингтік қызметтер рыногын өркендетуді, басым жобаларды маркетингтік бағалау жүйесін жетілдіруді қажет етеді.

6. Инновациялық процесті мемлекеттік реттеу және қолдау барысында ішкі және сыртқы рыноктардағы тауарлар сұранысының отандық өндіріс үшін қолайлы көлеміне, түрлеріне назар аудару қажет. Сондай-ақ, бәсекелік күресте басымдыққа ие болу мақсатында экономикалық (әсіресе сапалық жағынан) өсу нүктелеріне «жасыл» бағдар беруге зер салу керек.

Сонымен, инновациялық саясаттың ең басты ерекшелігі – әлеуметтік-экономикалық даму бағытын ұстана отырып, қолға алынған жобаларды тиімді жүзеге асыру арқылы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтып, халықтың әл-ауқаты деңгейін жақсартудағы рөлінің жоғары болуы. Сондықтан инновациялық дамуға бағыт алу негізінде 2010-2014жж. арналған Үдемелі индустриалдық – инновациялық бағдарламасында, Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында анықталған негізгі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің, әлемдік бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу мүмкіндіктерінің жылдан жылға арта беретіндігіне үлкен сеніммен қараймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

15.Н.Ә.Назарбаев. “Бәсеке қабілетті Қазақстан”, “Бәсекеқабілетті экономика” және “Бәсекеқабілетті халық” деген Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 19 наурыз, 2004 ж.

16.Кенжеғали Сағадиев “Бәсекеге қабілеттілікті өзіміз жасауымыз керек” // Егемен Қазақстан, 2004 ж.

17.Әбдіжапар Сапарбаев “Инновация – негізгі қозғаушы күш” // Егемен Қазсқстан, 24 наурыз, 2004 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауындағы индустриялды-инновациялық даму бағдарламасының ұлттық экономиканың тиімді дамуындағы орны қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль эффективного развития национальной экономики инновационно-индустриальной программы в свете ежегодного послания Президента Республики Казахстан.

336.41
Б 668

ЖАПОНИЯ БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Б. Бихондиев – э.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)
Е.Е.Нургумаров – магистр (Алматы қ-сы, «Қайнар» Университеті)

Қазіргі кезде Жапонияда 6200-ден астам коммерциялық қаржы – несиелік қйымдар қызмет істейді. Бұл елдегі банк бизнесі зор мемлекеттік іс болып саналады. Сондықтан кейінгі кезеңде бірде бір банктердің дәрменсіздігі мен банкротқа ұшырау жағдайлары болмапты. Әрине бұл мемлекеттің банктік бақылау мен қадағалау саласындағы, сонымен бірге әлсіз банктерді қолдау саясатының нәтижесі.

Жапонияда банктік операцияларды жүзеге асыру құқығын беретін мемлекеттік лицензияны алу өте күрделі. Дегенмен елде банктердің тапшылығы байқалмаған.

Жапонияның банк жүйесін, оның басты элементтері болып табылатын бір префектура шеңберінде қызмет ететін қалалық деп аталатын 11-ірі жеке банктер, 64 жеке банктер және ұзақ мерзімді несиелеумен айналысатын 3 үлкен жеке жергілікті банктер құрайды. «Қалалық банктер» негізінен елдегі ірі бизнес пен компанияларға қызмет көрсетеді.

Жапонияның несие жүйесінің ажырамас бір бөлігі – 47 сақтандыру компаниялары, сондай-ақ 220 – қор компаниялары құрайды, олар өздерінде орасан көп қаржылық құралдарды шоғырландырған және оларды бағалы қағаздарды инвестициялау үшін пайдаланады.

Тек бағалы қағаздар операцияларымен ғана айналысатын компаниялардың болуы – Жапонияның банк жүйесіне тән басты ерекшелігі.Басқа елдердің заңдарымен салыстырғанда Жапония заңдарының ерекшелігі – банктер мен қор компанияларының өкілеттігі айқын жіктелген, бұл олардың бір бірінің операцияларына араласуына жол бермейді.

Жапон мамандары мына сыныптаманы қолданады:

1.Жапония банкі(орталық банк);

2.Коммерциялық банктер;

3.Мамандандырылған несиелік институттар(шағын және орта бизнестің, ауыл шаруашылығының, орман және балық шаруашылығының, салаларының қаржылық компаниялары, басқадай жеке қаржылық компаниялар, үкіметтің несиелік мекемелері, пошта – жинақ кассалары).

Елдің банк жүйесінде Жапония банкі ерекше роль атқарады, ол 1882 ж. Орталық банк ретінде құрылған. Осы өзінің құрылу кезінен бастап бір рет өз мәртебесін 1942 ж. басқару шешімдерін қабылдайтын жоғарғы орган – Саясат жөніндегі Кеңестің құрылуына байланысты өзгертті. Кеңесте мүшелікке кіргендер: банк басқарушысы,

қаржы министрлігінің, өнеркәсіп пен жеке банк бизнесін жоспарлау жөніндегі агенттіктің өкілдері.

Жапония банкінің жарғылық капиталының 55% -ы үкіметтің, ал 45%-ы жеке компаниялардың үлесінде және банкке ерекше эмиссиялық құқық берілген. Бұл банк ресми есептік пайыздық мөлшерлемені белгілейді, «банктердің банкі» және үкіметтің банкирі қызметтерін атқарады. Ол ақша саясатын жасайды және оны іске асыруды қаражаттармен қамтамасыз етеді, депозиттік институттардың резевтерге қажеттіліктерін анықтайды, банктер мен басқадай несиелік институттардың қызметтерін бақылау мен қадағалау жасауды жүзеге асырады.

Жапония банкінің – орталық банк ретінде ерекше ролі «Жапония Банкі туралы» заңымен бекітілген және ол елдің бүкіл банк жүйесіне (оның ішінде мемлекеттік банктер бар: 2 -банк және 9-банктік корпорациялар) басшылық етеді.

Мемлекеттік мамандырылған банктер мен мемлекеттік қаржылық корпорацияларының ерекше мәртебесі бар. Мамандырылған банктер: Жапонияның импорттық банкі және Жапонияның даму банкі, қаржылық корпорациялары: халықтық қаржылық корпорация; шағын бизнестің аржылық корпорациясы және т.б.

Мемлекеттік қаржылық компаниялар басымдылықты жобаларды, соның ішінде ауыл шаруашылығын, шағын бизнесті, елдің айрықша аймақтарын дамытуға байланысты қаржыландыруға арналған қаражаттарды нысаналы мақсатпен және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Түрлі елдердегі 2000 астам банктер мен корреспонденттік қатынастар орнатқан елдегі коммерциялық банктің ең ірісі «Токио Банкі» мемлекеттік қызметтердің барлығын атқарады. Бұл банкке жапон заңнамаларына сәйкес валюталық операцияларды жүргізу жүктелген.

Жапониядағы коммерциялық банктер, яғни «негізгі банктер» (қалалық, аймақтық және шетелдік) деп аталатындар өз клиенттеріне көптеген операциялар жүргізіп және қызмет түрлерін (300 астам) көрсетеді. Оларға жататындар: депозиттерге қаражаттарды қабылдау, шағын және орта бизнестерге, ірі корпорацияларға, федералдық және жергілікті басқару органдарына қысқа-, орта-, және ұзақ мерзімді ссудаларды беру; қаржылық және трасталық , электрондық қызметтер көрсету, жол чектерімен операцияларды жүргізу.

Жапонияның несие жүйесі туралы толық түсінік алу үшін халықтың ұсақ жинақтарын шоғырландыруға арналған пошта – жинақ кассаларын айтпай кетуге болмайды. Негізінде қызметтің мұндай түрімен қалалық банктер де, жергілікті және басқа да банктер айналысады. Бірақ бір таңқаларлығы жапондық жинақ кассалары жеке клиенттерге жеке банктерге қарағанда қызмет көрсетулердің көптеген түрлерін ұсынады, бұл жағдай орта тұрмысты адамға несиелер алуға және жинақтарды сақтауға ұтымды жағдайлар туғызады. Сондықтан да, пошта ведомствосына әкімшілік тұрғыдан бағынатын мемлекеттік пошта – жинақ кассалары орасан көп қаржы ресурстарын өздеріне шоғырландыра алады.

Сонымен, әлемдегі өркениетті елдердің банк жүйесінің мол тәжірибесін зерттеп, оларды өз экономикамызға қолданатын болсақ, Қазақстан Республикасы банк жүйесінде ашылмаған көптеген резервтер мен игерілмеген мүмкіншіліктер елдің, ұрпақтың игілікті ісіне айналар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Мэнкью Н.Г. Принципы Экономикс. 2-е изд. сокращ. – СПБ: Питер, 2000.

2.Банковское дело. Учебник – 2-е изд. перераб.и доп./ Под ред. О.И.Лаврушина. – М: Финансы и статистика, 2003.

3.Банковское дело. Учебник./ Под ред. д.э.н., проф. Г.Г.Коробовой. – М.: Экономить, 2003.

4.Ғ.Сейтқасымов және т.б. Қазақстанның банк жүйесі. Оқу құралы. – Алматы, Экономика, 2008.
5.Кураков Л.П., Тимирясов В.Г., Кураков В.Л. Современные банковские системы: Учебное пособие – 3-е изд., перераб. и доп. – М.:Гелиос АРВ, 2000.
6.Деньги. Кредит.Банки: Учебник для вузов ./Под. ред.акад. РАЕК Е.Ф.Жукова – 2-е изд., перераб. и доп. – м., 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада нарықтық экономиксы дамыған Жапония елінің банк жүйесінің тәжірибесі зерттеледі.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется опыт банковской системы Японии развитой рыночной экономики.

УДК 796.50
Б-66

ҚОНАҚ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ

Ботаева А.Т.- оқытушы, Баймурзаева М.С. – оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда қонақжайлылық индустриясы экономикамыздың дамуының әлеуетті және болашағы зор салаларының бірі болып танылып отыр. Қонақ үй бизнесі туризмнің маңызды құраушысы ретінде жүреді. Ал туризм болса әлеуметтік – тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде әлемдік экономикада басты рөлді алады, әлемдік ұлттық өнімнің 1\10 бөлігін қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде әрбір он бесінші қызметкер қонақ үй бизнесінде жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік капиталдың шамамен 7%, салық түсімдерінің 5%, тұтынушы шығындарының 11% келеді. Бұл көрсеткіштер әрине туризм индустриясының, оның ішінде қонақ үй саласының жұмыс істеуіне тікелей экономикалық тиімділікпен сипатталынады. Туризм тек қана экономикалық мағынаға ғана емес, сонымен мемлекет аралық байланыстардың әлеуметтік және мәдени дамуына ықпалын тигізіп, халықтың танымдық деңгейін көтереді.

Қонақ үй бизнесі Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастыруда жетекші салалардың біріне айналып отыр. Экономикалық қызметтің сферасы ретінде қонақ үй бизнесі қаржылық ауытқуларға шалдығуда. Қонақ үй кәсіпорындары қазіргі кезде қонақ үй қызметтеріне қалыптасқан өзгерістерді жете тусіну үшін бұл ауытқуларды ескеру қажет.

Қазіргі нарықта бәсекелестіктің өршелене тусуі жағдайында бәсекелестердің қызметіне талдау жасау маңызды орынға ие болады, яғни өзінің қызметін негізгі бәсекелестер қызметтерімен салыстырып отырып, артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтауға болады.

Артықшылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып қонақ үйдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мақсатында, кіршіксіз беделді қалыптастыруда, басқаруды ұйымдастыруды жетілдіруде маңызды аспект ретінде менеджмент және маркетинг құралдарын пайдалану ұсыныстары жасалынған.

Қонақ үй - бұл қызметті өндіру мен ұсынуға байланысты күрделі шаруашылық кешен.

Дүниежүзілік туристік ұйымның анықтамасы бойынша қонақ үй – белгілі бір нөмер санынан тұратын, бірыңғай басшылығы бар, қызмет жиынтығын ұсынатын және ұсынылатын қызметтердің түріне, сапасына және нөмерлердің жабдықталуына

байланысты класстар мен категорияларға топтастырылған коллективтік орналастыру құралы. Қонақ үй саласын дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жету үшін, осы салада қызмет ететін мамандардың білім сапасын, қызмет түрін арттыру керек. Сонымен қатар осы саладағы қызметшілердің жұмыс бағдарлары нақты болғаны жөн. Қонақ үй қызметінің саласы - бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас, нақты алушы мен сатушы арасындағы байланыс, яғни қызмет көрсетушілердің күш жігері демалушыларға арналып қонақтардың ойын жаулап алу мақсатында ауқымды дәрежеде қызмет көрсету.Аз ғана уақытқа болса да туристер үшін қонақ үй - ақылы өз үйі. Ал үй ішінде адам өзін жақсы сезіну, көтеріңкі көңілде болу, оны әрқашан көтеріңкі көңілмен күтіп алатындығына, оның барлық сұраныс түрлерін қанағаттандыратындығына сенімді болуы шарт. Осындай жолмен ғана қонақ үйлерді туристердің екінші үйі ретінде, осы үйге қайта-қайта келу тілегін қалыптастыру керек. Қонақ үйлердің негізгі мақсаты - туристер үшін сапалы қызмет көрсету, оларға барлық жағдайды жасау арқылы қонақ үй өзінің деңгейін әлемдік дәрежеге көтере алады.

Қонақ үй кәсіпорындарының барлық экономикалық көрсеткіштері құндық және натуралды, сандық және сапалық, көлемдік және үлестік деп бөлінеді.

Құндық-табыс, шығын жалақы көлемі. Натуралды-қызмет бірлігімен көрсетіледі. Сандық- бірлік көрсетіледі. Сапалық- жоғары, ортаңғы, төменгі. Көлемдік-белгілі бір көлемде қызмет көрсетеді. Үлестік- қандай көлемнің үлесі. Маркетингтік талдау мақсатында қолданылатын көрсеткіштерді келесі жүйеге келтіруге болады.

1. Қонақ үй персоналы санын және сапасын көрсететін көрсеткіш табысқа жету формасы.
2. Қонақ үй кәсіпорындарының табыстарының динамикасын және құрылымын, шамасын сипаттайтын көрсеткіштер**.**

А) Бір тәулігіне сатылған орналасқан орынның орташа бағасын анықтау.

Б) Қонақ үй кәсіпорнының табыстарының өсуінің типі

3. Қонақ үй кәсіпорындарының шығындарының динамикасын және құрылымдарының шамасының сипаттарын көрсетеді**.**

А) Көрсететін қызметтердің орташа өзіндік құны

Б) Қызмет көрсететін персоналдардың орташа жалақы мөлшері

В) Тұрақты және айнымалы шығындардың ара-қатынасы

4. Қонақ үй кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын көрсеткіштер:

А) Номерлердің жүктемелілігінің орташа коэффиценті

Б) Күн сайынғы номерлерді өткізудің орташа шамасы

В) Белгіленген тарифтер

5. Қонақ үй кәсіпорындарының қызметкерлеріне сұранысты сипаттайтын көрсеткіштер:

А) Сұраныстың икемділігі

Б) Сұранысқа әсер ететін факторлар

6. Қонақ үйлердің баға сапасын сипаттайтын көрсеткіштер:

А) Тәуліктік тариф

Б) Нарықта қалыптасқан қонақ үй қызметтерінің тарифтері мен бағалары

В) Жекелеген бәсекелестердің тарифтері мен бағалары

7. Тауардың қызметтің бәсеке қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер:

А) Кәсіпорындардың рейтингтік бағасы және әлемдегі ең жақсы қонақ үй қатарына кіру дәрежесі

8. Қызмет көрсету бойынша қонақ үйлердің қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер:

А) Жұмыс шығындарының қаншалықты пайдалылығы

Б) Рентабель өтімділігі, қайтымдылық , тиімділік

9. Қонақ үйлердің қаржылық қызыметінің нәтижесін сипаттайтын көрсеткіштер:

А) Сату көлемі, табыс көзі

Б)Тұтынушылардың орташа шығындары

Қонақ үй шаруашылығының табысының құрылымын анықтайтын негізгі факторлар:қонақ үй қызметінің бағасы,нөмерлік қордың жүктелуі,қонақ үй табысының құрылымы.

Қонақ үй шаруашылығының қаржылық ресурстары деп – ұдайы өндірісті немесе ұдайы қызмет көрсету үшін қажетті кәсіпорындардың қарамағындағы ақша қаражаттарын айтамыз. Қаржы ресурстарының пайда болуы кәсіпорын қаржыларының қызмет етуіне байланысты

1. Қаржы ресурстарының пайда болу көздері шаруашылық қызметтерінің барлық түрлерінен түскен пайда болып табылады.
1. Негізгі қорлар мен материалдық емес активті толық қалпына келтіру үшін жасалған амортизациялық аудармалар
2. Қаржы ресурстары мүліктерді сатудан тускен түсім
3. Бағалы қағаздарды пайдаланудағы немесе сатып алудан түскен табыс
4. Жарғылардың қорға ұрылтайшылардың жарнасы
5. Қаржылық операциядан және несиелерден түскен табыс
6. Субсидиялар- мемлекет тарабынан қайтымсыз көмек

Қонақ үй қаржыларының қалыптасу көздері:

1. Қонақ үй жекеменшік қаржылары
2. Қарызға алынған қаржылар
3. Тартылған қаржылар

Жеке меншік қаржылар - өзінің қарамағындағы және өз шешімімен пайдаланған қаржылар.Негізгі- жарғылық қор.

Қарызға алынған ұзақ және қысқа мерзімді қаржылар

Тартылған қаржылар – белгілі бір уақытта кәсіпорындардың айналымына қатысатын басқада үшінші бір қаржының түрі

Түсім деп- қонақ үй шаруашылығының қызмет көрсету нәтижелерінен алған ақша қаражаттарының суммасы.Түсім жекеменшік қаражаттарды құраудың басты көзі болып табылады.

Түсім табыстарды құруға кеткен шығындардың орнын толтыруға пайдаланылады

Егерде түсімнің көлемі өзіндік құнынан жоғары болса оң қаржының нәтижесін білдіреді және пайданың пайда болуына алып келеді

Кәсіпорындарды қаржыландырудың өте күрделі процессі ол негізгі инвестициялық және қаржылық болуы мүмкін.

Пайданың ынталандыру қызметі бұл кәсіпорындардағы әртүрлі ынталандыру қорлардың құру көзі ретінде қолданылуына байланысты.

Пайданың баға беру қызметі кәсіпорындардың шаруашылық жағдайының жақсы - жаман немесе қызметтерінің көлемінің өзгеруін жетістіктермен сәтсіздіктерді байқауға мүмкіншілік береді

Біздің республикамызда туризм жоғары тиімділігіне байланысты ұлттық экономиканың басым бағыттарының біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасында туристерді тарту және демалысты ұйымдастыруға барлық табиғи, климаттық мүмкіндіктер бар. Бірақ ол үшін келесі жұмыстар атқарылуы керек:

- Қызмет көрсету сферасының сервисін жақсарту
- Транспорттық құралдардың техникалық қызмет көрсетуін жетілдіру, техникалық дамуын жақсарту
- Туристік кәсіпорындардың және қонақ үй шаруашылығының материалдық-туристік базаларда, қонақ үйлерде, мейрамханаларда қызмет көрсету сапасын жоғарлату
- мәдени және спорт шараларының бағдарламасын жиі ұйымдастыру

Қонақ үйлер мен мейрамханалар – туризм инфрақұрылымының негізгі бөлігі болып табылады. Қонақ үй бизнесінде алдыңғы технологияларды пайдалану, әлемдік ұйымдарға кіру,маркетинг қызметтерін жүргізу табысқа жетудің бірден-бір көзі болып табылды. Сонымен бірге саланың заңдық базасын қалыптастыруда үкіметпен келіссөздер жүргізудің маңызы зор. Тек қана бағаны мемлекет тарапынан реттеу, салық жинау үдерісі, кеден баждары, түрлі алымдарды обьектілерді жеке иеленушілердің жоғары кәсіптілігімен ұштастырылған кезде ғана жетістіктерге жетуге болады. Қонақ үй бизнесінде айтарлықтай жетістіктерге жету үшін қызмет корсетудің оғары деңгейін қамтамасыз ету және персоналдық кәсіптік дайындығы мен біліктілігі сияқты факторларға жете көңіл аудары керек. Қазіргі бәсекелестік жағдайда ұтымды позицияларды иеленуге шығындарды үнемдейтін технологияларды пайдалану арқылы қонақ үй бизнесінде қызметтерді өткізуде интернетті қолдану, сапаны жоғарлатуда маркетинг құралдарын ұтымды пайдалану өз септігін тигізеді.

Қонақ үй кәсіпорындарында сапалы қызмет көрсетуге негізгі төрт фактор өз ықпалын тигізеді:

- Қонақ үй жайларының материалды- техникалық жабдықталуы
- Қызмет көрсетудің үдемелі технологиясы
- Қызмет көрсетуші персоналдың кәсіпқойлығы және біліктілігі
- Қызмет көрсетуді басқару

Осы факторларға көңіл аудара отырып, қонақ үй кәсіпорны өз қызметін жоспарлауы керек. Сапа деңгейін бағалауға клиенттердің қанағаттану дәрежесі және кәсіпорын қызметінің оң нәтижелерінің болуы көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Браймер Р.А. Основы управления в индустрии гостеприимства/ пер. С англ.- М:Аспект Пресс,1995.
2. Джон Уокер. Введение в гостеприимство. Учебник. М. "ЮНИТИ", 1999.
3. Филипповский Е.Е., Шмарова Л.В. Экономика и организация гостиничного хозяйства. - М.: Финансы и статистика, 2003.
4. Гостиничный и туристский бизнес. Под редакцией проф. Чудновского А.Д. Учебник. -Москва 1998.
5. Кабушкин Н.И. , Бондаренко Г.А. Менеджмент гостиниц и ресторанов: Учебное пособие. - Мн.: ООО "Новое знание", 2000.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қонақ үй бизнесінің экономикалық ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ туризм саласының ұлттық эканомиканың басым бағыттарының біріне айналып отырғандығы ерекше аталып кеткен.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются экономические особенности гостиничного бизнеса. А также особо отмечается деятельность туристкой сферы, как приоритетное направление национальной экономики.

ӘОК 796.50

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУДЫҢ ЖҮЙЕСІ

Жақсыбекова Д.К.-аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Туристік-өлкетану адамның тіршілігі мен оны қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туристік жорықтар кезінде жол бойындағы елді мекендерді аралай отырып, жорыққа қатысушылар жергілікті жерді жан жақты зерттеумен және оқып танумен айналыса алады. Жорыққа қатысушыларға өзі тұрған жерін анықтауда, жер бедері, ауа-райы құбылыстарының және туристік іс-әрекеттердің қолайлылығын білуде географиялық дағды қажет.

Туристік-өлкетану жұмыстары оқу-тәрбие жүйесінде кеңінен қолданылады. Мектептердегі туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізу педагогикалық біліктілікпен ұйымдастырушылық құрлымына және өткізу әдістеріне байланысты болады. Жалпы туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізудің мақсаты белгілі бір тәрбие түрін қалыптастырумен қатар оқу бағдарламаларын меңгеріп, әсіресе туған өлкеге қатысты табиғи және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарастырады. Мектеп өлкетануы оқу-тәрбие жұмысының бірі ретінде географиялық, тарихи, әдеби жоспарда жүргізіледі. Бұл аталған барлық бағыттар жалпы мектептік өлкетанудың құрлымдық элементтерін құрып, мазмұнына қарай түрлі әдісте өткізеді. Мысалы, табиғи өлкетануды өткізуде туған өлкенің табиғи жағдайлары ескеріледі. Оған осы аймақтың өсімдіктері оның ішінде өсірлетін мәдени өсімдіктердің түрлері және жануарлары жатады. Оқушылар табиғи өзара байланысты байқай отырып оның маңызын түсінеді. Ал географиялық өлкетануда өз өлкесі мен белгілі бір аймаққа тән табиғи элементтерді зерттеуге мүмкіндік алады, олардың шаруашылықтағы адам іс-әрекетіне байланыстылығын қарастырады. Жалпы географиялық өлкетану тарихи және әдеби өлкетанумен тығыз байланысты. Өлкетану жұмыстарының түрлі бағыттағы байланыстары белгілі бір өлкені зерттеуге оның табиғи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, өнер, әдеби және халық өнері мұғалімінің көмегімен зерттеледі. Өлкетану жұмыстарында тарихи мәселелерді қарастыру оқушыларда идеологиялық саяси тәрбие түрін қалыптастырады. Географиялық өлкетану жұмыстарының элементтеріне ұйымдастыру принциптері, формалары, өткізу әдістері, жоспарлау және басқару жатады. Географиялық өлкетанудық негізгі мақсаттарына біріншіден, өз өлкесінің табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен танысу; екіншіден, өлкетану жұмыстары барысында алған білімдерін практикалық жұмыстарда тиімді әрі дұрыс пайдалана білуі жатады. Географиялық өлкетанудың құрамдық бөліктеріне оқу бағдарламалары мен мекетептен тыс өлкетану жұмыстары жатады. Педагогикалық мазмұнына қарай бұл екі бағыт бірін-бірі толықтырып отырады және бір-бірімен өзара байланысқан. Практика жүзінде бұл жұмыстарды бір-бірінсіз елестету мүмкін емес. Мысалы, оқушылардың географиялық өлкетану жұмыстары жайындағы тәжірбиелері мен танымдық өмірлік түсініктері қаншалықты көп болса, мұғалімнің географиялық өлкетану жұмыстарындағы оқыту процесі нәтижиесі болмақ. И.С.Матрусов «Жақсы ұйымдастырылған алғашқы өлкетану жұмыстары оқушыларды мектептен тыс дамытудың негізі болады» деген. Оқыту өлкетану жұмыстарының география сабағын түсіндіруде маңызы ерекше. Өйткені географиялық өлкетану жұмыстары оқу бағдарламаларына сәйкес жасалады. Сондықтан мектеп практикаларында жүргізілетін өлкетану жұмыстары оқушылардың мектептен тыс жасайтын өзіндік жұмыстары ретінде қарастырылады. Көптеген мектептерде келесі бағыттағы тәжірбиелерді іске асыра отырып өлкетану жұмыстарын жүргізуге болады:

а) Жергілікті жердің табиғи, экономикалық құбылыстары мен процестерін оқушылар бақылап зерттейді;

б) Табиғи және өндірістік экскурсиялар;

в) Оқушыларға табиғи және шаруашылық объектілері жайлы жекелей тапсырма беру;

г) Оқушыларға ғылыми және көркем әдеби өлкетанаулық оқытуды ұйымдастыру.

Географиялық өлкетану жұмыстары бойынша мектептен тыс ұйымдастырылатын жұмыстардың формалары әр түрлі болады. Бұл үйірме, экскурсия, жорық, экспедиция, кештер ұйымдастыру, олимпияда, викторина, конференция және т.б. бірақ мектептен тыс ұйымдастырылатын өлкетану жұмыстарының ішіндегі ең маңыздысына үйірме жұмыстары жатады. Н.Н.Баранский мектептен тыс жұмыстарды тек үйірмелер арқылы ұйымдастыруға болады деген. Мектеп үйірмесі дегеніміз өз өлкесін зерттеуге, танып білуге қызығушылығы бар оқушылардың мектептен тыс жұмыстары. Үйірме сабақтарында оқушыларға алдыда болатын экскурсия, жорық және экспедицияға бару жөнінде теориялық және практикалық дайындық жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар үйірмеде туристік экскурсиялық жұмыстарыдың қортындысы шығарылады. Ал далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жиналған материалдары альбом, стент және т.б. географиялық жұмыстарында қолданылады. Көптеген мектептерде экспонаттарға бай өлкетану музейлері де болады. Бірақ қалай болғанда да жалпыға білім беретін мектептерде мектептен тыс өлкетану жұмыстарына көңіл аз бөлінеді. Өлкетану жұмыстарын жоспарлауда бірнеше этаптар қарастырылады:

-бірінші этап – педагогикалық ұжымның алдағы жылдарға арналған перспективті жоспарлары болуы тиіс;

-екінші этап – туристік өлкетану жұмыстарына байланысты жылдық жоспар жасау, ол жалпы мектепте жорық, экспедиция, кештер, конференциялар, слеттар т.б. түрде өтуі мүмкін.

-үшінші этап - өлкетану жұмыстарының жоспары тарих, әдеби, географиялық, табиғи өлкетану бағытында ұйымдастырылуы керек.

Өлкетанулық қызықты ізденістер көптеген жағдайда студенттердің танымдық практикалық ұсыныстарын жоғары деңгейге көтеруге жеке басындағы танымдық қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Оқу-тәрбиелік жұмыстағы негізгі өлкетану факторларына төмендегілер жатады:

а) Өлкетану материалының мазмұны;

б) Оқу-тәрбие жұмыстарын өмірмен байланыстыра отырып, олардың практикалық тұрғыда қолданылуы;

в) Өлкетану жұмыстарының мазмұнына сәйкес проблемалық жағдайларды тудыра отырып, оқу-практикалық тапсырмаларды орындау;

г) Табиғи және әлеуметтік экономикалық құбылыстарды, бақылау жұмыстарын ұйымдастыру;

д) Оқу және бағдарламалардан тыс экскурсиялар, жорықтар, саяхаттар, тақырыптық экспедициялар, кездесу кештері, олимпияда, конференциялар өткізу;

е) Жеке және топтық жұмыстарды (қорытынды шығару, доклад, реферат, альбом) өткізу;

ж) Өлкетану мазмұнына сай келетін қоғамдық қажетті жұмыстарды ұйымдастыру.

Туған өлкенің табиғи, экономикалық жағдайларымен танысып, табиғатқа бақылау жасап, түрлі ізденіс зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, оқушылар метеорология, гидрография, фенология, топырақтану, минерология, геология, экономика және тағы басқа ғылым салаларының негізімен танысып, жалпы ғылыми дүниетанымдарын кеңейтеді. Бұларға жүйелі түрде ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстар жатады. Географиялық өлкетанудағы негізгі қаралатын мәселелер жалпыға ортақ білім беретін мектеп бағдарламасына сәйкес келеді. Сонымен қатар сыныптан

тыс өлкетану жұмыстары белгілі аймақтық экономикалық географиялық жағдайлардың толық зерттеуге оқушыларға өз бетінше практикалық жұмыстар орындауға (схема құру, таблица, диаграмма, графиктер т.б.) олардың өндіріс орындарына экскурсия жасап арнайы мамандармен кездесуіне мүмкіндік береді.

Қорытындылай келгенде, бұл экономикалық ғылымдарға деген қызығушылығын мамандандырылған орентациясын қалыптастырады. Оқушылар өндіріс орындарына бару арқылы республика экономикасына өндіріс орнының маңызын анықтап инженер, техникалық қызметкерлермен танысып, еңбек процесінің адам үшін қажеттілігін түсінген.

Географиялық өлкетану педагогикалық процесс ретінде оқушылар бойында табиғатқа айнала қоршаған ортаға деген эстетикалық тәрбие түрлерін қалыптастырады.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі факторларына табиғи және әлеуметтік-экономикалық қоршаған орта жағдайлары жатады. Мұндай жұмыстардың алдына қойған мақсаты балаларды табиғатты сүйе білуге, қоршаған ортаны қорғай білуге үйрету. Бірақ бар болғаны осы ғана емес. Оқушылар табиғаттың айнала қоршаған ортаның сұлулығына сүйсініп, адамдардың қоршаған ортаға тиізетін әсерінде түсінуі керек.

Эстетикалық тәрбие түрін қалыптастыруда табиғи және өндірістік, әдеби экскурсиялардың алатын орны ерекше.

Ұлттық салт-дәстүрге, рухани жағдайлармен байланыста ұйымдастырылады географиялық өлкетану жұмыстарының ғылыми-атеистік тәрбие түрін қалыптастыруға маңызды рөл атқарады. Оқушылардың жергілікті жердегі табиғи ортамен танысуы, ондағы жекелеген факторлардың арасындағы байланысты түсініп, әлем туралы ойларын қалыптастыруда өлкетану жұмыстары жүргізіледі. Елдің кез-келген аймағындағы географиялық және гидрогеологиялық жағдайлар, түсіндіруге келмейтін кейбір объектілермен құбылыстар (үңгірлер, минералды және термалды бұлақтар, карстылық түзілімдер) әрқашан қызықты әрі жұмбақ болып келеді.

Жергілікті мектептің өлке зерттеушілері көлге гидрографиялық зерттеу жүргізіп судың химиялық құрамына анализ жасап көлдің карстық түзілімдер кезінде пайда болып судың ерекше екендігін айтқан.

Діни тәрбиені қалыптастыруға мақсатты экспедициялар мен экскурсиялардың, жорықтардың маңызы ерекше.

Педагогикалық әдебиеттерде географиялық өлкетану қоршаған орта жағдайымен өндіріс арасындағы методикалық эфективті методикалық құрал болып табылады. Өлкетану жүйесін политехникалық тұрғыда оқыту келесі жжағдайда қарастырылады.

А) Жалпы табиғатттың заңдылықтарын танудың рационалдық құралы.

Б) Теориялық білімді практикалық тұрғыда қалыптастырып қабілеттілікті нақты жағыдайда дамытады.

В) Оқушыларды қоғамдық қажетті жұмыстарға қатысуға әсіресе ауылдық жерлерде мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда туристік өлкетану жұмыстары кез келген мектепте оқу бағдарламасы негізінде талап етіледі. Сондықтан туристік өлкетануды оқыту тәрбие жұмысының бір бағыты деп қарастырған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Никонова Г.Н. Краеведение. - М., 1984.
2 Краеведение: учебное пособие // А. В. Даринский и др. – М., 1985
Осы үдемелі индустриялық инновациялық даму бағдарламасын Н.Ә. Назарбаев 2010 жылы мамырда өткен «Нұр Отан» партиясының XII съезінде жариялаған болатын. Бұл бағдарламның негізгі мақсаты - экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттігін арттыру, осы арқылы оның орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін ҚР Президенті жандандыруды талап ететін үш басты бағытты айқындады.

Біріншіден, бұл өндірісті индустриалдандыру, яғни жаңа өндірістік қуат күштерді қосу, өнеркәсіп пен агроөнеркәсіп өндірісінде қосылған құны жоғары өнімдерді жасап дайындау.

Екіншіден, бұл экономиканы үдемелі индустриалдандыру. Дағдарыстан кейінгі дамуға байланысты жаңа перспективалар жағдайында біз өзіміздің бәсекелік артықшылықтарымызды барынша тиімді пайдалану. Яғни қысқа мерзімнің ішінде дамыған елдердің деңгейіне жету үшін озық жүре жұмыс істеу.

Және соңғы, *үшінші міндет* – экономиканы инновациялық индустриалдандыру. Бұл оның қорытындысы еңбек өнімділігінің жоғарылауы, озық технологияларды барынша пайдалану, ұлттық инновациялық жүйені дамыту болуы тиіс екендігін білдіреді.

Осы үдемелі индустриалды инновациялық бағдарламаның табысты іске асырылып жатқандығын Ел басының биылғы жолдауынан байқауымызға болады. Жолдауда осы бағдарламның басты нәтижелері ретінде 2010 жылы жалпы ішкі өнімнің 7 пайызға, өнеркәсіп өндірісінің 10 пайызға, өңдеуші өнеркәсіптің 19 пайызға өскенінен көруімізге болады.

Сонымен қатар жолдауда Президент айтқандай «бағдарлама қабылданғалы 152 кәсіпорын іске қосылып 24 мыңдай қазақстандық тұрақты жұмыспен қамтылды». Осы жаңа объектілердің бірқатарының ашылып іске қосылуы Президенттің жеке қатысуымен іске асты. Мысалы, нақты айтар болсақ – бұл құны 800 млн. АҚШ долларын құрайтын Өскемен металлургия кешеніндегі мыс еріту мен электролиз зауыты; Алматы облысындағы құны 1 млрд. 300 млн. тенге болатын өнімділігі жылына 12 тоннаны құрайтын балалар тағамын өндіретін «Amiran» зауыты. Бұл өндірістің ерекшелігі жас балаларға арналып алынатын өнім консерванттар мен қоспаларсыз табиғи сиыр сүтінен өндіріледі; келесі іске қосқан инвестициялық жоба – бұл хлор, каустик және өзге де химия өнімдерін шығаратын Павлодар облысындағы «Каустик» АҚ зауыты; Ақтөбе облысы Мугалжар ауданындағы фосфоритті ұн өндіретін қуаттылығы жылыны 200 мың тонна болатын жаңа зауыт; Оңтүстік Қазақстан облысындағы күрке өсіру мен оның өнімдерін өңдейтін республикамыздағы алғашқы күрке құсы фабрикасы. Мемлекет басшысының тікелей басқаруымен іске асқан осы жоба халықаралық стандарттар талаптарына сай келеді және мұнда жетік израйль технологиясын қолдану қысқа мерзім ішінде елдің тұтынушылық нарығын күрке етімен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы үдемелі индустриялды инновациялық бағдарлама аясында Елбасының тікелей қатысуымен 80 жоба іске қосылып тартылған инвестиция көлемі 400 млрд. тенгеден асты. Жодауда атап көрсеткендей осынша қысқа уақыт ішінде, бір мүшел жаста Қазақстанда бірнеше онжылдықты қамтитын қыруар істер атқарылды. Осының нәтижесінде Қазақстанның 2030 – Стратегиясында белгіленген міндеттер ойдағыдай орындалуда.

Президенттің әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында Қазақстанда үдемелі инновациялық индустриализациялау бойынша бекіткен бағдарламасы елімізде шағын және орта бизнестің дамуына күшті импульс берді деп айтуға болады.

Жоғарғада көрсетілген жетістіктерімізді ескере отырып, Ел басы өзінің жолдауында үдемелі инновациялық индустриалды бағдарлама аясында таяу онжылдықта Қазақстанда 2020 жылға қарай мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу керек екендігін айқындады:

- ЖІӨ өсімі – кем дегенде 30 пайызды құрайды;

- қайта өңдейтін салалардағы өсім өңдеуші саладағы деңгейден артады немесе соның деңгейіне жетеді;
- ұлттық қор активтері ЖІӨ-нің кем дегенде 30 пайызын құрайды;
- экономиканың шикізатты емес секторындағы отандық және шетелдік инвестициялар кем дегенде 30 пайызға ұлғаяды;
- шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі 40 пайызға жетеді;
- ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есеге, 2020 жылға қарай – 4 есеге ұлғаятындығы белгіленді.

Сонымен қатар ерекше назар агроөнеркәсіп кешеніне бөлініп отыр. Осы аграрлық секторда мал шаруашылығын дамыту жөнінде баға жеткізсіз жоба іске асырылатын болады. Бұл жоба бойынша 2016 жылы етті экспорттау 60 мың тоннаны құрап, бұл тұрғыда 4 миллион тонна астық экспортымен теңеседі. Мемлекеттен бұл мақсатқа несиелік ресурстардан 130 миллиард теңге бөлінеді. Бұл ауылда 20 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туғызатын осы жоба 100 мыңнан астам ауылдықтарға кіріс көзін де ұсына алады. Мемлекет басшысы шикізатты емес секторды дамыту мақсатында Үкіметке энерготиімділіктің кешенді жоспарын әзірлеуге және бекітуге тапсырма берді.

Белгіленген жаңа міндеттер Қазақстан экономикасының инновациялық дамуының жаңа қағидаларын ұстануды талап етеді. Осы тұста Казақстан бизнесі халықаралық сауданың белсенді қатысушысы болуы тиіс. Ел басы өз жодауында Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттері арасында құрылған Кедендік Одақтың әлеуетін максималды қолдану қажеттілін де атап айтты. «2010 жылдың 10 айының нәтижесі бойынша еліміздің Ресей мен Беларусь арасындағы сауда көлемі 38 пайызға өсті. Қазақстандық өнімдердің Кедендік Одақ елдеріне экспорты 52,4 пайызға артты. Бюджетке құйылатын кедендік баждың өсімі 25 пайызды құрады. Осының бәрі Кеден Одағының өте нақты және прагматикалық жоба екендігін объективті көрсетті» - дейді Президент. Қазақстан 126 әлем мемлекетіне дайын өнімнің 200-ден астам түрін экспорттайды. Сондықтан елдің алдында тұрған үлкен бір мақсат ғаламдық бәсекелестік нарықта қазақстандық тауарлардың бәсекелестік қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Экономиканы үдемелі инновациялық-индустриалды даму жолына көшуге байланысты жасалған экономикалық бастамалардың негізгі мақсаты – бұл халықтың әл ауқытын, өмір сүру сапасын. Осыған қатысты Жолдауда ерекше көңіл бөлінген, даму бағыттары айқындалған әлеументтік салаларға да тоқталып кетейік.

Көп айтылып шешімін таппай жүрген, нақты шешімдерді қажет ететін әлеументтік мәселелердің бірі – бұл өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететін азаматтар мәселесі. Қазіргі таңда республикамызда 32 пайыз азаматтар өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететіндер. Оның ішінде 60 пайызы ауылды жерде тұратындар. Осыған байланысты Президент еңбекпен қамтудың жаңа бағдарламасын жасауды тапсырды. Жалпы қазіргі уақытта жағдайды өзгертіп, тұтынуға емес, еңбекпен қамту жағына басымдық берілуі тиіс. Бұл бағытқа ағымдағы жылы қосымша 3 млрд. тенге, ал 2012-2015 жылдары бұл қаржыландыру жыл сайын 10-15 млрд. тенгеге көбейтілетіні айтылды.

Сондай-ақ азаматтардың өмір сүру сапасының озық көрсеткіші – бұл тұрғын үй жайлылығының деңгейі. Жолдауда Ел басы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша су, жылу, электр және газбен қамту жүйелеріне ауқымды жаңартуларды жүргізу, тұрғын үй қатынастарының оңтайлы моделін құру және оның қамтамасыз етілуі өте қажетті шарт екендігін айтты. «Күрделі жөндеуді қажет ететін

нысандардың үлесін 2015 жылға қарай 32-ден 22 пайызға төмендету қажет. Бұл салада жаңарту бағдарламасын іске асыру жыл сайын жаңа 10 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді», - деді Мемлекет басшысы.

Елбасы тарапынан жолдауда әлеументтік мәселелердің маңыздысының бірі – ауыз су мәселесі де қозғалды. Тек ауылды жерлерде ғана емес, қалаларда да су мәселесі өткір күйінде тұр. Су құбырларын жөндеу, тиімді пайдалану мәселелеріне баса көніл бөлінетін болды. Егерде қазір орталықтандырылған сумен қамтамасыз етуге қолжеткізімділік ауылды елді мекендерде 41 пайызға, ал қалаларда 72 пайызға дейін жетсе, 2020 жылы осы көрсеткіш республика деңгейінде орташа 98 пайызды құрайды дейді Президент. Ол үшін Үкімет сумен қамтамасыз етудің жаңа нысандарын салуда жүйелі қадамдар жасауды, жерасты суларының әлеуетін кеңінен пайдалануды ұсынды.

Жалпы қорыта айтқанда, Ел басы жолдауында басымды бағыттары айқындалған үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі бағдарламаны табысты іске асыру ұлттық экономиканы әртараптандыру және ұзақ мерзімді кезеңде бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуді қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Сондықтан өндіріс факторлары өнімділігінің өсуі, ұлттық инновациялық жүйенің дамуы және нығаюы, экономиканың шоғырлану деңгейінің төмендеуі, индустрияландыру үрдісінде шағын және орта бизнес рөлінің күшеюі, индустриялық сектордың өндіргіш күштерін ұтымды ұйымдастыру, адами капитал сапасының өсуі осы бағдарламаның негізі сапалы нәтижелерін қамтамасыз ететін болады.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада биылғы Қазақстан Республикасы Президенттінің халыққа жолдауы аясында үдемелі инновациялық-индустриалды даму бағдарламасының нәтижелері мен басымды бағыттарын айындау қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается результаты и приоритетные направления форсированной инновационно-индустриальной программы в свете нынешной послании народу Президента Республики Казахстан.

336.414
Қ-60

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУДИТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қойшыбаева М.О.- аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазіргі таңдағы аудит ғасырдың соңында жеке заңды тұлға ретіндегі кәсіпорын түсінігі пайда болғаннан кейін көптеген өзгерістерден өтті. Бұл күнделікті шешімдер қабылдау процесіне қатыспаған акционерлердің бөлініп кетуіне себеп болды (акционері мен директоры бір тұлға болып келетін, ұсақ шарушылық субъектілерін есептемегенде).

Жиіленген банкроттық жағдайлар, әкімшілік жағынан алдаушылықтар қаржылық салымдар тәуекелін жоғарлатты. Қаржылық ақпараттық дұрыстығын тексеру үшін сенімді білікті бухгалтерлер шағырылған.

Біздің еліміздегі аудиттің дамуы 1987ж. «Инаудит» акционерлік қоғамының ашылуынан басталды. Бұл қоғам ССРО Министрлер Кеңесінің арнайы қаулысымен құрылды. Оның құрылуы біздің еліміздегі аудиттің әрі қарай дамуына үлкен үлес қосты.

Қазақстан Республикасында аудиттің қалыптасуы мен дамуы «Қайта құру» деп аталатын жылдармен, елімізде кооперативтердің, жекеменшік фирмалар мен біріккен кәсіпорындардың құрылуымен, яғни мемлекет меншігі болып табылмайтын субъектілердің пайда болуымен байланысты.

1979 жылдың өзінде ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор К.Н. Нәрібаев өзінің «АҚШ-та бухгалтерлік есепті ұйымдастыру» атты монографиясында АҚТ-тын көптеген аудиторлық фирмалары әр түрлі бағытта мамандандырылған болатын.

Евразия Халықралық Экономика академиясының Президенті, академик, экономика ғылымдарының докторы Сағындық Сатыбалдыұлы Сатыбалдин «АҚШ өнеркәсібінде өндіріс шығынын есепке алу» атты кітабында атап көрсеткендей, «АҚШ-та фирмаларда жұмыс істейтін бухгалтерлермен қатар есептік мәліметтердің «дұрыстығын» және оларда есепті жүргізудің жалпыға ортақ ережелерінің сақталуын растайтын, монополияларға (акционерлерге, кредиторларға, үлескерлерге) қызмет көрсететін бухгалтерлер категориясы болады. Бухгалтерлердің бұндай категориясын қоғамдық бухгалтерлер –ревизорлар деп атау қалыптасқан. Білім дәрежесіне байланысты олар дипломды және дипломсыз деп бөлінеді.

Қазақстанда аудитті құрудың бастауы кезінде еңбекті ақы төлеу мәселесінде жол көрсеткен, аудит қызметін ұйымдастыруда кедергілерге төтеп беріп, болашақ шаруашылық есептегі топтарға сыйақы төлеуді енгізген өте белсенді қайраткер, Қазақ КСР Қаржы министрлігінің ревизвиялық - бақылау басқармасының бастығы Оманов Колан Оманұлының есімімен байланысты.

КСР Қаржы министрлігінің ревизвиялық - бақылау басқармасы жанындағы шаруашылық есептегі ревизиялық топ Қазақ КСР Министрлер кеңесінің өкімімен 1988 жылдың 17 наурызында кәсіпорындар мен ұйымдарға ақылы түрде құжаттамалық ревизия жүргізу, бухгалтердік есепті қалпына келтіру, қаржы-экономикалық мәселелер бойынша кеңес беру, сараптамалар жүргізу мақсатында құрылды. Оның штаттық құрамы 10 бірлік мөлшерінде бекітілді. Шаруашылық есептегі ревизиялық топ айтарлықтай табыстарға жетті, сөйтіп, соның үлгісімен республиканың облыстарында, тіпті аудандарында оның филиалдары құрыла бастады, олардың көпшілігі кейіннен жеке аудиторлық фирмаларға айналды. Қазақстандағы осы топтардың оң тәжірибесін тарату үшін Алматы қаласында бүкілодақтық кеңес өткізілді.

Қазақстан Республикасында аудиторлық бақылауды жетілдіру мен енгізу жөнінен республиканың ғалымдары мен практиктері Радостовец В. К., Сатыбалдин С. С., Ержанов М. С., Елшібеков С. К., Көшкімбаев С. Х., Сейтқасымов Т. С., Мамлев Э. Х., Лобков А. т.б. үлкен практикалық көмек көрсетіп, ғылыми жұмыстар жүргізді және жүргізіп келеді. Солардың күшімен ТМД елдерінің ішінде тұңғыш рет Республиканың аудиторлық қызметі туралы Заң, аудит жөніндегі қазақстандық стандартатр мен басқа да нормативтік құжаттар қабылданды. Аудит жөнінде қазіргі халықаралық стандарт талаптарына жауап беретін ғылыми еңбектер жарық көрді.

Осы кезеңде КСРО Қаржы министрлігі елде бақылаудың шаруашылық есептегі формасын жасау мәселесін де назардан тыс қалдырмады. Атап айтқанда, министрлік коллегиясының тапсыруымен бақылау-ревизиялау басқармасы Біріккен мемлекеттік кіріс және салық бөлімімен және Бухгалтерлік есеп пен есеп беру басқармасымен бірге ревизия жүргізудің шаруашылық есептегі формасын құрудың, қаржы мәселелері жөнінде тексерулер мен кеңес берудің тиімділігі мәселесін зерттеді. Жалпы алғанда, қаржылық бақылаудың шаруашылық есептегі формасын енгізудің өзін өзі ақтайтыны мойындалды, өйткені ол мемлекеттік бюджеттің бақылаушы органдарды ұстауға

кететін шығынының шұғыл түрде қысқаруына, тексеруші мен тексерілуші арасында экономикалық қатынастардың орнауына ықпал етті. Одақтас республикалардың қаржы министрліктеріне қаржы органдарының жанынан кәсіпорындарға қаржы жұмысын жолға қоюға, қаржылық жағдайды талдауға, есепке алуға, ведомоствалық бақылау жасауға, сауықтыруға көмек беретін шаруашылық есептегі ұйымдар құру туралы мәселені қарау тапсырылды.

Қазақстан Республикасында аудиторлық фирмаларды дамыту, жоғарыда атап өткендей, 1988 жылдан іске асырылуда. 1988 жылы құрылған шаруашылық есептегі ревизиялық топ, одан соң соның базасында 1990 жылы 15 ақпанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 60 Қаулысымен «Шаруашылық есептегі аудиторлық орталық» атты тұңғыш аудиторлық фирма және Республиканың Қаржы министрлігі жанынан территориялық бөлімшелер құрылды. Жинақталған тәжірибе, ұдайы өсіп отырған аудиторлық қызмет көлемі, сондай-ақ белгілі бір дәрежедегі әлемдік аудиторлық тәжірибе ұсыныстары 1992 жылы шаруашылық есептегі орталықты «Қазақстанаудит» атты ірі тәуелсіз аудиторлық компанияға айналдыруға мүмкіндік берді. Қазіргі кезде «Қазақстанаудит» акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасында аудиторлық істің қалыптасуы мен дамуына, Аудиторлар палатасы құрылымының қалыптасуына, оның мақсаттары мен міндеттерінің іске асуына қайтарымсыз ықпал етіп келе жатқан Аудиторлар палатасының бірден-бір беделді серіктесі болып табылады. «Қазақстанаудит» акционерлік компаниясы республикадағы аудиторлық қызмет туралы заң жобасының негізгі дайындаушысы және оны министрлікте, үкіметтік деңгейде және парламенттік комитетте талқылау барысынды бас кеңесшісі болды, оны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылдың 18 қазанында қабылдады; сондай-ақ Қазақстан аудиторлар палатасының жарғысы қабылданып, 1994 жылдың мамырында тіркелді. «Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының бұл Заңы Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті іске асырумен байланысты қатынастарды реттейді. Заңға сәйкес, үміткер-аудиторларды, оның ішінде Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысқысы келетін шетелдіктерді аттестаттау мақсатында Қаржы министрлігі жанынан біліктілік комиссиясы құрылды, бірдей мөлшердегі аудиторлар өкілдері мен мемлекеттік органдардың қызметкерлерінен 5 жыл мерзімге құрылатын біліктілік комиссиясы туралы Ереже дайындалды. Ережеге сәйкес аудиторлық қызметпен айналысқысы келетіндер жоғары немесе арнайы орта білімі, сондай-ақ экономикалық, қаржы, есеп-талдау, бақылау-ревизиялау немесе құқықтық жұмыстарда тәжірибесі тұлғалар аттестаттауға жіберіледі.

Аудит мәселесі жөнінде белгілі бір білімінің барлығы тиісті емтихан алу жолымен анықталады. Біліктілік комиссиясынан аттестатталғандар біліктілік куәлігін алады. Емтихан тапсыра алмағандар біліктілік комиссиясының шешімі шыққан мерзімнен бастап бір жылдан кейін ғана қайта тапсыру құқығына ие болады.

Аудиторлар мен аудиторлық фирмалар мемлекеттік органдар мен өзінің тапсырыс берушілеріне тәуелсіз, сол себепті ғылыми немесе оқытушылық қызметпен айналысатын тұлғалардан басқалары мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда қызмет ете алмайды.

«Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру тәртібінде аудиторларға көмек ретінде Аудиторлар (аудиторлық ұйымдар) мен олардың тапсырыс берушілері арасындағы дауларды шешу тәртібі туралы Ереже бар. 1996 жылдың 29-31 қазанында үш күндік аудиторлар оқуы өткізіліп, ол біткен соң олар Қазақстан Республикасы аудиторларының антын қабылдады. Оқу курсынан өтіп, қосымша емтихандар тапсырғаннан кейін 15 аудитор мен 3 фирма, оның ішінде «Қазақстанаудит» АҚ республиканың Ұлттық банкінің банк қызметінде аудит жүргізу құқығын беретін лицензиясын алды.

Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасының мәліметтері бойынша, 1997 жылдың 1 маусымында банк қызметінде аудит жүргізу құқығын беретін ҚР Ұлттық банкінің лицензиясын алған аудиторлық фирмалар:

«Казахстанаудит — Коспек» БК; «Акмола-аудит» ЖШС; «Карагандааудит» ЖШС; «КПМГ «Жанат» ЖШС; «Артель» ЖШС; «Делойт ж Туш» ЖШС.

Аудиторлық қызмет жағдайына Қаржы министрлігінде бухгалтерлік есеп пен аудит жөнінде Ұлттық комиссияның құрылуы мен аудиторлық қызметке лицензия беру туралы шешімнің қабылдануы айтарлықтай ықпал етті. Лицензиатор, яғни лицензия беруші орган ретінде Үкімет бухгалтерлік есеп жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясын белгіледі. Алғашқы 20 бухгалтерлік стандарттың қабылдануы аудиторлар даярлау курстарының оқу жоспарлары мен университеттер мен институттардың бухгалтерлік есеп және аудит кафедраларының оқу бағдарламаларына тиісті түзетулер енгізді. Бухгалтерлік есеп жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясының арқасында аудит те қуатты қолдаушыға ие болды. Комиссияның алдында әлі қолға алынбаған аудит стандарттары мен нормаларын бекітіп, ҚР-да аудиторлық қызметтің одан әрі дамуына ықпал ету міндеті тұр.

Қазақстандық аудит бойынша сапалы оқулықтар даярлау, жоғары халықаралық талаптарға жауап беретін оқу базасын жасау мәселесі көкейкесті болып қалуда. Қазақстанда алғашқы кітаптар шығарылды:

Сейткасымов Г. С., Сейткасымова А. Г. «Становление и развитие аудиторской деятельности», (г. Караганда, КарГУ, 1993 г.) және Ержанов М. С. «Теория и практика аудита», (г. Алматы: Гылым, 1994 г.) —

Олар нарықтық экономиканың аса көкейкесті саласы – аудитке арналды. Авторлар өздерінің шетелдік және жергілікті аудиторлық компаниялардағы жұмыс тәжірибесін қолдана отырып, аудиттің теориялық және практикалық мәселелерін қарастырады. Бұл кітаптар аудиторлар, бухгалтерлер, салық испекторлары, менеджерлер, оқытушылар, аспиранттар мен студенттерге арналған.

Сонымен қатар Қазақ мемлекеттік басқару академиясының доценті К.Ш.Дүйсебаева «Аудит теориясы» атты оқулық дайындады, ҚР аудиторлар палатасының Президенті С.Х. Көшкімбаев дайындаған «Аудит как неотъемлемая часть рыночных отношений», «Стандарты аудита» кітаптары, бірқатар әдістемелік құжаттар мен 1997 жылдан бастап тоқсан сайын шығатын Республика аудиторлар палатасының ақпараттық бюллетенінің алғашқы нөмірі жарық көрді.

Аудиторлық қызмет туралы Заңның қабылдануы Қазақстанда аудиторлық істің даму келешегін айқындап берді және республикаға ірі халықаралық аудиторлық компанияларды тартуға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы ең ірі аудиторлық ұйым 40-қа жуық еншілес аудиторлық фирмалары мен филиалдары бар, аудит жүргізуде белгілі бір тәжірибе жинақтаған «Қазақстанаудит» акционерлік компаниясы болып табылады. Қызмет көрсетуге тапсырыс портфелінде - ауқымды әрі тұрақты клиенттер тобы. Компания мен оның фирмаларының қомақты нормативті базасы бар, ол оларға тек аудиторлық тексерулерді, ревизиялар мен қаржы- шаруашылық қызметіне талдау жасауды, төлем қабілетін бағалауды, несиеге қабілеттілікті, кәсіпорындар мен банкілерді жоюды табысты жүргізіп қана қоймай, бухгалтерлік есеп, есеп беру, қаржы қызметіне талдау жасау, салық, жекешелендіру, мүлікті бағалау, аудиторлық қызмет, құқықтық, басқа да қаржы және заң мәселелері бойынша кеңестер беруге (жазбаша және ауызша, оның ішінде сарапшының, кеңесшінің шығуымен) мүмкіндіктері бар.

«Қазақстанаудит» АҚ жеке меншік формасына негізделген, республика үкіметі атынан аудит жүргізуге құқылы, аудиторлық және кеңес беру қызметін атқаратын Қазақстандағы тұңғыш тәуелсіз кәсіби акционерлік компания болып табылады. Аудиторлық фирмалардағы адам саны 1000-нан асып түсті. Бұл жоғары білікті мамандар: нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге дайындалған аудиторлар,

сарапшылар, кеңесшілер, қаржыгерлер, экономистер, бухгалтер-аналитиктер, ревизорлар, заңгерлер. Аудит жүргізу кезінде қосалқы жұмыстарды жүргізу үшін фирма аудиторларының жоғары немесе аранйы орта білімді көмекшілері болады, бірақ көмекшілер аудиторлық, сондай-ақ сараптамалық қорытындыларға, анықтамалар немесе басқа да аудит жүргізуге байланысты ресми құжаттарға қол қоя алмайды.

Барлық фирмалар заңды тұлғалар болып табылады, шаруашылық субъектісі ретінде жергілікті әкімшілікте мемлекеттік тіркеуден өткен, мамандардың – Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасының қоғамдық бірлестігіне кіреді. Аудиторлар палатасының жоғары органында – Палата кеңесінде компанияның және оның аудиторлық фирмаларының 14 өкілі бар, олар жалпы санның 50%-ын құрайды.

Республиканың барлық облыстарында ҚР аудиторлар палатасының филиалдарын құру, құнды қағаздар жөнінде ҚР Ұлттық комиссиясымен, Қаржы министрлігі жанындағы Валюталық-қаржы комитетімен және ҚР мемлекеттік салық комитетімен, басқа да мемлекеттік басқару органдарымен бірлескен жұмыстарды жақсарту бағытында айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Аудиторлық тексерулердің сапасын бақылауды жақсарту мен әдістемелік көмек көрсету үшін ҚР Аудиторлар палатасы кеңесінің жанынан тұрақты жұмыс істейтін үш комитет құрылды:

а) аудиторлық қызметті әдістемелік қамтамасыз ету;

б)құқықтық мәселелер мен аудитор этикасы;

в)аудиттің қазақстандық стандарттарын дайындау мен енгізу.

ҚР аудиторлар палатасы жұмыс істеуші аудиторлардың біліктілігін арттыруға аса қатты мән беруді жоспарлап отыр. Себебі, іс жүзінде аудитор шаруашылық қызметінің барлық бағыттарында оқыс шешімдер қабылдауды талап ететін мәселелермен ұшырасады. Оларға дер кезінде әрі сауатты жауап беру үшін шаруашылық және қаржы заңнамаларындағы жағдайды түсініп, оның қайшылықтарын білу, өз тұжырымдарын негіздей отырып дәлелдей білуі тиіс.

Кәсіпкерлік тәжірибе жинақтай түскен сайын аудиторға қаржы бақылаушы ретінде емес, кеңесші, кәсіпорын қаржысын басқару жөнінде ақылшы ретінде қарайтын болады. Әрі тек кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақты болғанда ғана емес, ол қиын жағдайда, яғни банкроттыққа ұшырау қаупі туған жағдайда да аудиторға иек артады. Сондықтан аудиторлармен жұмыс кезінде мынадай басым бағыттар айқындалуы тиіс:

а) заңнамалық және нормативтік актілерді талқылау;

б) қаржылық және құқықтық кеңес беру;

в) ішкі сауда және валюталық операцияларды есепке алу аудиті, бизнес-жоспалар мен инвестициялық жобалар, қаржы менеджменті жөнінде әдістемелік ұсыныстар дайындау;

г) аудиторлық тексерулер барысында туындайтын нақты шаруашылық жағдайларын іскерлікпен шешу;

д) аудиторлар біліктілігін арттыратын қысқа мерзімді курстар ұйымдастыру.

1996 жыл 1995 жылы қабылданған аудиттің қазақстандық стандартымен және ҚР аудиторлар этикасы Кодексімен жұмыс істеген бірінші жыл болды. Республикада ірі өнеркәсіптік нысандар мен тұтастай салаларды шетелдік инвесторлардың сенімді қолына тапсыру белсенді жүріп жатқан жағдайда, мемлекеттік меншікті жекешелендіру негізінен аяқталып, ондаған кәсіпорындар банкрот болып жатты, «Аудиттің қазақстандық стандарты және ҚР аудиторлар этикасы Кодексін» енгізу маңызды болды, соған орай аудиторлар жұмыстың астында қалды. Оған қоса үлкен күш жұмсауға тура келді. Жоғарыда аталған құжатты «Қазақстанаудит» АҚ-ы «Прайс Уотерхаус ЛЛП» атты кеңесшілердің ресми демеушісі болған ЮСАИД-тің «Нарық капиталы» бағдарламасының қолдауымен дайындады. Аудиторлар этикасы кодексі мен аудит стандарты «Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы»

Заңына сәйкес нормативті акті ретінде күші бар және Қазақстан территориясында оны барлық аудиторлық фирмалар мен аудиторлардың орындауы міндетті.

Қазақстан Республикасында аудиторлық ұйымдар құру «Қазақстанаудит» секілді бір ғана ұйымдастыру формасымен шектеліп қалған жоқ, оның әр түрі бар. Аудиторлық фирмалар мұнда шетелдік аудиторлық фирмалардың өкілдіктері, біріккен кәсіпорындар, шағын жеке меншік және жеке кәсіпорындар түрінде ұйымдастырылды. Бір фирмада қазақстандық және шетелдік аудиторлардың біріккен қызметі өзара бірін-бірі толықтырып, ең талапшыл әлемдік стандарттарға жауап беретін аудиттің жоғары сапасына сенімді кепіл болады. Жақын арада аудитті дамытудың келешегі төмендегі бағыттардан көрінеді. Бірінші – халықаралық аудиторлық фирмалардың желісін кеңейту, бірінші типі – шетелдік компаниялардың өкілдіктері. Іс жүзінде бүкіл «үлкен алтылық» өз қызметін Қазақстанда бастады. Оның фирмалары ірі тендерлерге қатыса бастады, олардың Қазақстандағы клиенттері ірі халықаралық, біріккен және қазақстандық компаниялар мен банкілер болды. Мысалы, Алматыдағы «Филип Моррис» компаниясы мен «Тенгиз-Шеврон», Каз-каспийшельф» консорциумына кіретін әлемнің мұнай компаниялары, «АгШиг Апдегзеп» — «Дрезднер-банк» пен «Альбарак банкі», республиканың Ұлттық және коммерциялық банкілері және т.б.

Келесі бағыт – ТМД елдері аудиторлық фирмаларымен бірге біріккен аудиторлық кәсіпорындар құру. Қазақстанда бірінші халықаралық аудиторлық фирма «Бюро Жанат» атты шағын аудиторлық фирманың негізінде Нидерландыда тіркелген KPMG атты ірі әлемдік аудиторлық фирмалардың бірімен бірге ұйымдастырылды. 1996 жылдың ақпанында KPMG біріккен кәсіпорны құрылды, сөйтіп, Қазақстанда бірінші халықаралық аудиторлық фирма пайда болды.

Фирманың бас директоры Жанат Бердалина, ал серіктестері АҚШ-тың мемлекеттік бухгалтері куәлігі мен Мәскеуде KPMG офисінде үлкен жұмыс тәжірибесі бар Майкл Роберте мен Брайн Рус болды. біріншісі халықаралық салық жөнінен ірі маман болса, екіншісі – жетекші халықаралық аудитор.

Фирма штатында барлығы 45 адам, оның төртеуінің ҚР аудиторы куәлігі бар, тағы төртеуінің шетелдік аудитор куәлігі бар. Сонымен қатар фирмада біліктілығы жоғары сарапшы-бухгалтерлер, салық пен бизнес жөніндегі кеңесшілер, заңгерлер мен басқа да мамандар бар. Фирма қызметшілері қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерін меңгерген.

Аудитпен, консалтингтік менеджментпен және салық мәселелерімен қатар фирманың мамандары жергілікті нарықта сарапта жүргізетінін атап өту керек. Ол өнеркәсіпті дамыту мен нарықтық қатынастарды нығайтуға айтарлықтай ықпал ететін салалар мен бағыттарға баса көңіл аударуға мүмкіндік береді. Оған қоса фирма жергілікті деңгейдегі бизнеспен байланысты кеңестер беріп, заңнамалық болжамдар жасайды, оларды білу бизнесмен үшін оңтайлы шешім қабылдауға аса қажет.

Өз қызметінде фирма ҚР аудиторлар палатасымен тығыз қарым-қатынас жасайды, олардан әрдайым қолдауға ие.

Аудитті дамыту бағытының үшінші тобы – ірі салааралық аудиторлық компаниялар (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда-жабдықтау және басқа салалар үшін). Олар арнайы тақырыппен жұмыс істеп, қызметі нақты іске бағытталады, отандық кәсіпорындарға айтарлықтай кең қызмет түрін көрсетеді.

Төртінші ұйымдастыру формасы - құрамына бірнеше аудитор кіретін шағын аудиторлық фирмалар. Мұндай топтардың қызмет аясы олардың көрсететін қызметіне қарай айтарлықтай кең болуы мүмкін. Біліктілігі жоғары мамандардың шағын тобын біріктірген кезде негізгі қызмет түрлері шоғырланып, икемделе түседі, тапсырыс берушімен –клиентпен тікелей қарым-қатынас жасау, қызмет көрсету икемділігі және адам ресурстары нығаяды.

Топтың қызметін іштей шоғырландыру үшін күш жұмсау да қиын болмайды. Осының барлығы қызметтердің белнілі бір мақсатқа бағытталуы мен оперативтілігін,

арттыруға, олардың құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Мысалы, жеке кеңес беру-аудиторлық «Ержанов және К» орталығы республикадағы жетекші аудиторлық фирмалардың бірі болып табылады. Орталық ҚР Бас салық инспекциясы мен ҚР Мемлекеттік сақтандыруды қадағалаудың кеңесшісі ретінде таңдап алынған. Орталықтың бас директоры — Ержанов Мұхтар Салтайұлы, № 0004 аудитор куәлігіне ие,экономика ғылымдарының докторы, ҚР аудиторлар палатасының вице-президенті, ҚР Бас салық ниспекциясының кеңесшісі.

Орталықтың мамандары мыналар:

- халықаралық есеп стандарттары бойынша Англияда, Шотландияда, Голландияда, Түркияда оқып келген, шетел тілдерін меңгерген белгілі шетелдік аудиторлық фирмаларда жұмыс тәжірибесі бар кеңесші-аудиторлар (Артур Андерсен және Прайс Уотерхаус);

— шетелдік компаниялар мен халық шаруашылығының әр түрлі салаларындағы қазақстандық акционерлік қоғамдарда мол жұмыс тәжірибесі бар практиктер;

—коммерциялық банкілерде, сақтандыру компаниялары мен салық инспекцияларында жұмыс тәжірибесі бар мамандар;

—аудит, қаржы және есеп саласындағы ғалымдар, құнды қағаздар, бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі жұмыстардың аыторлары.

Орталық мамандары төмендегідей кеңес беру және аудиторлық қызметтер көрсетеді:

— шетелдік фирмалар мен өкілдіктерге (аудит, салық декларацияларын дайындау, бухгалтерлік есеп жүргізу жөнінен кеңес беру және көмек, оқыту);

— қазақстандық кәсіпорындарға (акционерлеу барысында құжаттарды дайындау мен қаржы есебін беру жөнінде кеңес беру, аудиторлық қорытынды бере отырып аудит жүргізу, жарғылық қорына салым салу аудиті, салық пен бухгалтерлік есеп жөнінде кеңес беру, оқыту);

— коммерциялық банкілерге (қаржы есебін беру мен салық салу жөнінде аудит жүргізу).

Шағын кәсіпорындар түріндегі аудиторлық ұйымдар болашақта ең тиімді ұйымдар бола алар еді, бірақ клиеттерден келіп түсетін әр түрлі міндеттерді шешуде түрлі мүмкіндіктері бар ірі фирмалар анағұрлым қолайлы. Мұндай фирмалар келісімшарттарды, т.б. орындауда жоғары талаптар қойғанымен, өз әрекеттерін қолайлы түрде үйлестіріп отыруға қабілетті. Тек осындай ұйымдар негізінде ғана уақыт өте келе неғұрлым ірі аудиторлық фирма құра алатын корпотаривтер қалыптасатын болады.

Бесінші бағыт - басқа мемлекеттерде аудиторлық қызметке лицензия (сертификат) алуға жағдай жасау. Мұндай құжат алу үшін ізденушіге бір ғана талап қойылады – ол сол елдің заңнамаларын және мемлекеттік тілін білетіндігі жөнінде қосымша емтихан тапсыруы керек.

Алтыншы ұйымдастырушылық мүмкіндік - жеке-дара кеңес беру. Мұнда мәселе қосымша кеңес беру жұмыстары туралы емес, кеңесші-кәсіпкердің (маманның) негізгі жұмысы туралы болып отыр. Мұндай кеңесшінің қызметінің құны салыстырмалы түрде алғанда төмен. Оның қызметінің төлемі – шын мәнінде кеңес берген қызметіне еңбекақы төлеу + кейбір қосалқы шығындарын қайтару (көлік, жолсапар шығындары және т.б.). Бірақ кеңес беруші маманның қызметі біршама шектеулі: ол ауырып қалған жағдайда, қызмет түрінің ерекшелігі, қосалқы сипаттағы жұмыстарға уақыт пен күш жұмсау және т.б. тағы бір жағдайды айту қажет. Нарықтық экономика енді-енді аяққа тұрып келе жатқан Қазақстан жағдайында, аудиторға жеке-дара табысты жұмыс істеу іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан аудитті фирмалардың жүргізгені тиімді. Тапсырыс беруші үшін бұл тиімді: заңды тұлғаның жеке тұлғаға қарағанда сапа пен сенімділік кепілдігі айтарлықтай көп, бұл жағдай қазірде көкейкесті болып қалып отыр. Сонымен қатар жеке-дара аса нәтижелі жұмыс істеп істеп жүрген жүрген адамдар да бар.

Мұндай кеңес беру олардың өзін көрсетуіне жақсы мүмкіндік береді. Мысалы, шетелдік кеңес беру фирмаларында адам саны көп емес – 1-3 кеңесшіден, ал Данияда жұмсы істеп жүрген 400 кеңесшінің 75%-ы жеке-дара жұмыс істейді.

Жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру нығайтылып, заңнамалық тұрғыдан барлық мемлекеттер заңды күші бар құжат есебінде мойындайтын, тиісті тұлға тиісті үлгіде дайындаған құжат ретінде қарастырылуы тиіс.

Аз ғана уақыт қызмет еткеніне қарамастан, аудиторлық ұйымдар қызметіне жасалған талдау олардың қызметінің негізгі бағыттары мен әр түрлі типтегі фирмалармен қарым-қатынас жасау формасын анықтауға мүмкіндік береді. Аудиторлық тексеру жүргізуге берілген тапсырмалардың мазмұнына жасалған талдау көрсеткендей, олардың ішінде басымы:

— қаржы-шаруашылық есептері мен шаруашылық субъектілерінің салық төлемдерін дұрыс есептегенін тексеру;

— жылжымайтын мүлік құнын бағалау мен акционерлік қоғамның жарғы қорына және шаруашылық серіктестігінің басқа түрлеріне үлес ретінде интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқығын бағалау;

— балансты бекіту мен салық декларацияларын жасау.

Аудиторлық фирмалардың ең дамыған және дәстүрлі қызмет формасы дәстүрлі басқару қызметтерін орындау (бухгалтерлік балансты жасау, есеп жүргізу, т.с.с.) болып табылады.

Келесі дәстүрлі және бұрынғыша көкейкесті аудиторлық фирма қызметтерінің бірі – сараптамалық-аналитикалық. Кәсіпорындардың шаруашылық еркіндігінің кеңеюі мен олардың өз қызметтерінде экономикалық нәтижелерге деген қызығушылығының артуы жағдайында нәтжелерге кешенді талдау жасау мен даму бағытының тиімділігін бағалауға барынша көп көңіл бөлінеді.

Аудиторлық ұйымдардың тағы да бір сас маңызды қызметі басқарушы кадрларға жұмыстың жаңа әдіс-тәсілдерін игеруде көмек көрсету болып табылады (мысалы, есеп пен бақылауда компьютерді қолдануға үйрету, қазіргі ақпараттық жүйелермен жұмыс және т.б.)

Кәсіпорын дамуының тиімді нұсқасын таңдауда негіз болу үшін аудиторларды диагностикалық талдау жүргізуге және келешек даму бағыттарын айқындауға, бірінші кезектегі міндеттерді айқындап, оларды іске асыру шарттарын белгілеуге тартады. Егер жұмыстың негізгі бөлігін кәсіпорын қызметкерлері орындаса, аудиторлық фирма сарапшы қызметін атқарады; егер кәсіпорын мамандарының құзырлылығы жетіспесе, онда фирма тікелей дайындау жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстандық мамандарға да өздерінің көптеген әдеттерінен арылып, халықаралық аудиторлық фирмалардың тәжірибесі мен жұмыс тәсілдерін игеруге тура келді. Атап айтқанда, әрбір аудит түріне байланысты орындауды қажет ететін халықаралық стандарттар ғана емес, айтарлықтай көлемді әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстарға үйренуге тура келді.

Нарықтық экономика негіздерін дамыту мен нығайту жағдайында аудиторлық қызмет сапасына деген талаптың күн өткен сайын артатыны сөзсіз, бұл түсінікті жағдай. Осыны түсіне отырып, «Қазақстанаудит» АҚ мен ҚР аудиторлар палатасы Қазақстанда ғана емес, басқа да алыс және жақын шетелдерде жинақталған тәжірибелерді пайдалана отырып, өз стандарттарын дайындауда, Қазақстанда аудит мәртебесі жоғары, әлемдік стандарттар деңгейінде болуы үшін аудиттің халықаралық стандарттарын ұстанады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 1998-2000 жылдарға арналған бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту мен жетілдірудің мемлекеттік бағдарламасы туралы: Қазақстан

Республикасы Президентінің 28.01.98 ж. № 3838 Жарлығы // Бюллетень бухгалтерлік. 1998, № 29.
2. Аудиторлық қызмет туралы: Қазақстан Республикасының 1998 ж. 20 қарашадағы Заңы (15.02.2003ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен). - Алматы: Юрист, 2003
3. Мемлекеттік және қадағалаушы міндетті іс-қызмет аясын реттеу туралы: ҚР Президентінің 1999ж. 7 қыркүйектегі № 205 Жарлығы.
4. Қазақстан аудиттің халықаралық стандарттары. - Алматы: Раритет, 2004
5. Ержанов М.С., Даулетеков Г.Б. и др. Аудит-1: Учебник. - Алматы: Бастау, 2005.
6. Сейткасимов Г.С., Сейткасимова А.Г. Становление и развитие аудиторской деятельности.- Караганда: КарГУ, 1993
7. Абленов Д.О. Аудит негіздері: Оқулық. –Алматы: Экономика, 2005

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстанда аудиттің қалыптасуы мен даму бағыты қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирование и направление развития аудита в Казахстане.

336.46
М 64

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ

Модынова Г.К.- оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Мемлекетік бағалы қағаздар − ол үкіметтің қарыз міндеттемесі. Ол− қарызды бағалы қағаз, оның эмитенті мемлекет. Өзінің экономикалық мәні жөнінен мемлекеттік бағалы қағаздардың барлығы қарызды бағалы қағаздар болғанымен іс-жүзінде оларды бір-бірінен ажырататын әрбіреуінің өз атауы болады. Әдетте, «облигация» деген терминнен басқа «қазынашылық вексель», «сертификат»,«займ» және с.с. атаулар да қолданылады. Әрбір ел мемлекеттік бағалы қағаздар шығарғанда өзінің терминдерін пайдаланады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар кез-келген мемлекеттің бағалы қағаздар нарығының маңызды құрамдас бөлігі болып есептеледі. Бағалы қағаздардың бұл түрі мемлекеттің экономикалық қызметінің дамуына байланысты пайда болады. Оны атқару үшін мемлекеттің қаржы жүйесі құралады. Қаржы жүйесі бірін-бірі толықтырып тұратын екі бөлімнен - бюджеттік және несиелік жүйелерден тұрады.

Қазіргі мемлекеттерге тапшылық бюджеті тән, яғни шығыны кірісінен артық. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын дәл осы тарихи кезеңде осы мемлекеттің даму ерекшеліктеріне байланысты қарастырған жөн. егер бюджет тапшылығы соғыс, экономиканы милитаризациялау және т.б. келеңсіз жағдайлардың салдарынан, ұлтық өндіріс деңгейінің төмендеуінен туындаса,онда ол теріс тапшылық . Егер бюджет тапшылығы ел экономикасының өркендеуін көрсетсе, онда ол жағымды тапшылық . Мұндай тапшылықты аздаған қиындықтармен жоюға болады. Ал кірісі мен шығыны бойынша балансталған бюджет − ұлтық экономиканың пропорционалды тұрақты дамуының көрсеткіші. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын елдің орталық банкінен алған несиемен жоюға болады. Егер несие алу мүнкіндігі болмаса, я ол жетіспесе, онда ақша белгілерін эмиссиялауға болады(әрине ол қажетсіз, себебі ол инфляцияға соқтыратын жағдай) немесе мемлекеттік қарыз міндеттемесін шығаруға болады.

Мемлекеттік қарыз деген мемлекеттің өтелмеген займдары мен олар бойынша төленбеген проценттердің жалпы сомасы. Займдарды орналастыру аясын есептегенде мемлекеттік қарыз ішкі және сртқы болып бөлінеді. Мемлекеттік қарыздың түрлері: а) үкімет алған несие; ә) мемлекеттік займдар, яғни үкімет атынан эмиссияланған бағалы қағаздар; б) үкімет кепілдік берген басқа қарыз міндеттемелері. Мемлекеттік қарызды үкімет басқарады және қарыз оның барлық активтерімен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік қарыз мемлекеттік бюджет есебінен өтіледі, яғни мемлекеттік қарыз міндеттемелерін өтеу мерзімі келгенде займдар жойылып, олар бойынша процент төленеді.

Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығы Қазақстан қор биржасының (ҚҚБ) валюталық сегментімен, банкаралық валюта нарығымен және қолма-қол шетелдік валюта нарығымен (банктер мен заңды тұлғалардың айырбас пункттері желісі) берілген. ҚҚБ-да және банкаралық валюта нарығында сауда-саттық АҚШ доллары, еуро және ресей рублі бойынша жүргізіледі. Валюта нарығындағы жағдай АҚШ долларына шаққанда теңгенің нығаю үрдісімен сипатталды. Дүниежүзілік валюта нарықтарындағы ахуалмен, экспорттық пайданың және банк секторының сыртқы қарыз алуымен шартталған АҚШ долларына шаққанда теңгенің атаулы нығаю үрдісі байқалды. Теңге бағамының серпініндегі үрдістің ауысуы Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тетігінің өзгеруіне, ең аз резервтік талаптар бойынша жаңа ережелерді енгізуге, ҚҚА-ның екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыз алу деңгейін тартуына жекелеген шектеулер енгізуіне байланысты.

Орта мерзімді кезеңге валюта нарығын дамытудың мынадай негізгі мақсаттары мен міндеттері айқындалады:

-ұлттық валютаның құбылмалы айырбас бағамы режимінің одан әрі тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

-мерзімді валюта нарығын (форвардтар, своптар, фьючерстер нарығын) дамытуға қажетті шаралар қабылдау;

-спот валюта нарығының және мерзімді валюта нарығының заңнамасын жетілдіру.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін мынадай шараларды жүргізу қажет:

-қазақстандық теңге бағамының күрт ауытқуын жеңілдету мақсатында өзгермелі айырбас бағамының басқарылатын режим саясатын жалғастыру;

- доллар бойынша тәуекелдерді ырықтандыру мақсатында ҚҚБ еуро/теңге бағамына баға белгілеуді бастау.

Қазақстанның қор нарығының ағымдағы жай-күйі акциялар нарығының дамымағандығымен сипатталады. Ресми тізім акциялары атауларының шамамен үштен біріне нарықта қол жеткізу мүмкін емес. Олардың арасында қазақстандық экономикада жетекші болып табылатын аса ірі компаниялардың бағалы қағаздары бар. Бағалы қағаздар айналымның салалық құрылымы Қазақстандық қор биржасының (ҚҚБ) ресми тізімінің құрылымына жауап бермейді. Қор биржасының жалпы айналымындағы акциялардың қайталама нарығының үлесі мардымсыз әрі төмендеу үстінде. Шарттық мәмілелердің басым болуы басты мәселе болып табылады. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі мен ҚҚБ тікелей мәмілелерге қарсы күрес жөнінде шаралар қабылдауда, алайда олардың көлемдік және сандық мәндегі үлесі жоғары болып қалуда.

Орта мерзімді перспективада бағалы қағаздар нарығының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- қор нарығы арқылы несие капиталына қатынауды кеңейту;

- бағалы қағаздар нарығында, оның ішінде халықтың есебінен инвесторлар тізбесін арттыру;

- бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын, оның ішінде миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау;

- бағалы қағаздар нарығында жаңа және өтімді қаржы құралдарын, оның ішінде бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигацияларды (секьюрителендіру тетіктері), өтімді бағалы қағаздарды, инфрақұрылымдық облигацияларды, мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген борыштық бағалы қағаздарды енгізу.

Дүниежүзілік тәжірибе куәландырып отырғандай үлестік нарықты табысты дамыту үшін қажетті шарттар акционерлердің құқықтарын қорғаудың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету, қатаң есептілік стандарттарын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың төменгі деңгейде болуы, акциялар нарығында жекелей инвесторлардың бұқаралығы болып табылады. Сондықтан акциялар нарығын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының корпоративтік заңнамасын жетілдіру Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) енгізу жолымен толық шамада ақпаратты ашу режимін оңтайландыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу; қолданыстағы корпоративтік заңнаманы құру, корпоративтік басқару саласында заңнаманың сақталуын бақылау жүйесін құру ұйғарылады.

Қазақстандық бағалы қағаздар нарығының негізгі міндеттерінің бірі инвестициялау үшін мүмкіндіктерді арттыру мақсатында ұсынылатын қаржы құралдарының спектрін кеңейту болып табылады. Осы мәселені шешу үшін мыналар басым бағыттар болады:

-бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту, оның ішінде қор нарығында тиісті бағдарды белгілеу үшін тұрақты деңгейде үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыру мүмкіндігін қарау, сондай-ақ республиканың ішкі нарығында қаржы құралдарының барлық спектрі бойынша нақты қисық кірістілікті құру;

-мемлекеттің кепілдігімен және мемлекеттің кепілгерлігімен бағалы қағаздарды шығару және оның айналымы туралы заңнаманы, көрсетілген кепілдемелер мен кепілдіктерді пайдалану тетіктерін іске асыру бөлігінде жетілдіру;

-секьюрителендіру тетіктерін іске қосу;

-мемлекеттің кепілдігі бар облигацияларды шығару жолымен мемлекеттік-жеке серіктестік тетіктерін дамыту;

-өтімді қаржы құралдар нарығын дамыту жөніндегі тиімді шараларды қабылдау, заңнаманы одан әрі жетілдіру және деривативалар нарығын дамытуға кедергі келтіретін заңнамалық нормаларды жою жоспарланады.

Деривативалардың белсенді нарығын құрудың маңызды буыны Қазақстанда ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздардың өтімді нарығын қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты Үкімет, Ұлттық Банк және Агенттік мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясына және өтімді нарықты құруға көзқарастар әзірлейтін болады, ол нарық субъектілері үшін қисық кірістілік индикаторларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Шығарылымдар стратегиясы және Мемлекеттік бағалы қағаздар борышын басқару Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына сәйкес үкіметтік қарыз алу саясаты кепілдік берілген борышты ескере отырып, Ұлттық қор активтерінің нарықтық құнына қатысты үкіметтік борыштың 50-70 пайыздық арақатынасына қол жеткізуге бағдарланатын болады. Бұл ретте, қаржы нарығын дамыту үшін бюджеттің қалыптасатын нақты атқарылуына қарамастан, Мемлекеттік бағалы қағаздарды бастапқыда жоспарланған көлем мен кесте бойынша тұрақты деңгейде шығару жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша қисық кірістілікті құру жөнінде қойылған міндетті іске асыру мақсатында бағалы қағаздар нарығында Мемлекеттік бағалы қағаздар жасанды сұранысты азайту жөніндегі іс-шаралар көздеу ұйғарылады. Бұдан басқа, мемлекеттің қатысуы бар ұйымдардың да, жинақтаушы зейнетақы қорларын қоса алғанда өзге нарық қатысушыларының да Мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алуы жөніндегі міндеттерді алып тастаған жөн. Бұл ретте көрсетілген талаптарды алып тастау нарықта баламалы қаржы құралдарының пайда болуына қарай кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы

тиіс. Мемлекеттік қаржыландыру стратегиясын анықтауға байланысты нарық отандық бағалы қағаздар нарығын дамытуды қолдау үшін елеулі тірек болып табылады. Мұндай стратегия жаңарған нарық қағидаттарын қатаң сақтауды қамтиды, бұл қол жетімділік пен айқындылық қағидаттары, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы арқылы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін міндеттемелерді тарту және қаржы нарығында қаражатты тарту жолымен басым инфрақұрылымдарды дамытуға белсенді инвестициялау.

Мемлекет қол жетімділік пен айқындылық қағидаттары шеңберінде борыштың құрылымы, инвестициялық жобаларға қажетті қаржыландыру және нарық қатысушылар мен тұтастай алғанда қоғам үшін борышты басқару стратегиялары туралы ақпараттың жоғары сапасын жетілдіретін және қамтамасыз ететін болады. Орта мерзімді кезеңде қаржы секторын дамыту мақсатында бағалы қағаздар нарығын дамытуға ықпал ететін төрт іргелі салаға ерекше көңіл бөлетін болады, олар мыналар:

1) инфрақұрылымның ақпараттық айқындылығы;

2) қаржы ұйымдарының беріктігі мен сенімділігі;

3) зейнетақы қорларының инвестициялық портфелін әртараптандыру және пайыздық ставкаларды ырықтандыру;

4) заңнамалық базаны жетілдіру.

Бұдан басқа, айналыс мерзімі неғұрлым ұзақ Мемлекеттік бағалы қағаздарды кезең-кезеңімен енгізу жүзеге асырылатын болады; сондай-ақ зейнетақы қорлары мен қор нарығына басқа қатысушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін борыштық құралдар нарығында баламалы құралдарды, әсіресе, инфрақұрылымдық облигацияларды дамыту жөнінде шаралар қабылданады. Айналыс мерзімі неғұрлым ұзақ Мемлекеттік бағалы қағаздарды кезең-кезеңімен енгізуді жүзеге асыру ұйғарылады. Бұл ретте, қисық кірістілікті құру үшін айналыс мерзімі бар ай және одан асатын МБҚ шығаруды жүзеге асыру ұйғарылады.

Бағалы қағаздар нарығын дамытумен дамыған инфрақұрылымның болуы үлкен мәнге ие. Осыған байланысты бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет. Техникалық инфрақұрылымды жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуі тиіс, атап айтқанда Алматы қаласы Өңірлік қаржы орталығының жұмыс істеуіне байланысты Алматы қаласының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда алаңында қаржы орталығының арнайы сауда алаңын ұйымдастыру қажет. Осыған байланысты өңірлік қаржы орталығы қызметінің ерекшелігіне сәйкес ҚҚБ сауда жүйесін бейімдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет, атап айтқанда шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарын айналдыру, сондай-ақ сауда-саттыққа шетелдік брокер дилерлердің қатынауы "Т+3" орындау мерзімі бар сауда жүйесінде мәмілелер жасау, сондай-ақ клирингтік жүйелерді пайдалану мүмкіндігін қарауды талап етеді. Орталық депозитарий қызметінде сондай-ақ оның бағдарламалық қамтамасыз етуін ҚҚБ сауда жүйесінің мүмкіндіктеріне сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамытуда маңызды мәселе сондай-ақ бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алу, сондай-ақ олар бойынша жеке меншік құқықтарының өтуін есепке алу болып табылады, ол бағалы қағаздарға құқықтарды тіркеу процесінде туындайтын тәуекелдерді азайтуға оң әсер ететін болады және бағалы қағаздар меншік иелерінің құрылымының айқындылық деңгейін арттыруға, инвесторлардың құқықтарын қорғауға ықпал ететін болады. Бағалы қағаздардың әр түрлері бойынша қаржы құралдарының әділ (нарықтық) құнын анықтау әдісін іс жүзінде пайдалану және қолдануды жетілдіру. Бағалы қағаздар нарығында тәуекелдерді басқару мәселелерін жетілдіру мақсатында тәуекелді қадағалауға бағдарланған халықаралық пруденциалдық реттеу стандарттарына сәйкес бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметін пруденциалдық реттеуді жетілдіру және оларда тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу ұйғарылады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты қандай-да бір

тәуекелдерді қабылдау мүмкіндігін және оларды өлшеу мен басқару үшін көзқарастарды белгілеу болуға тиіс.

Ағымдағы сәтте қолданыстағы Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасында қойылған өтімді қаржы құралдары ұғымын, олардың айналымы мен салық салу тәртібін анықтау жөніндегі мәселе шешілмегендігін атап өту қажет. Мүмкін осы факт, сондай-ақ мәмілелердің үлкен көлемін қолдауға дайын маркет-мейкерлердің болмауы көбіне өтімді қаржы құралдары нарығының дамымағандығын түсіндіреді. Өтімді қаржы құралдары нарығын дамыту бойынша бірінші қадам Ұлттық Банктің банкаралық валюта нарығында негізгі маркет-мейкер ретінде әрекет етуі болмақ, ол басқа нарық қатысушыларын ынталандыруы және неғұрлым өтімді құралдардың (опциондардың) туындауына ықпал етеді. Қажетті шаралар:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына (Азаматтық Кодекс, Салық кодексі, Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен өтімді қаржы құралдары ұғымын, олардың айналыс және салық салу тәртібін анықтау;
- 1 жылға дейін мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша қисық кірістілікті құру;
- банкаралық валюта нарығында оларды бір жылға дейінгі мерзіммен одан әрі бүкіл қисық кірістілік бойынша белгілеу перспективасымен 1 айға дейінгі мерзімі бар мерзімді келісім-шарттарды белгілеуді жүзеге асыру.

Микроқаржы қызметтеріне қол жеткізу арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарының және қазіргі уақытта банк секторының қаржылық қызметтерімен қамтылмаған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүмкіндігін кеңейту, ол мыналарға мүмкіндік береді:

- кәсіпкерлік бастамасын дамыту;
- жұмыспен қамтылуын арттыру;
- өмір сүру деңгейін көтеру;
- қаржылық білімділік деңгейін көтеру.

Қазақстанда бірқатар микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) жұмыс істейтініне қарамастан, олар ұсынатын қызметтердің саласы мен көлемі әлі де шектеулі. Қазақстанда МҚҰ микрокредиттерді ғана ұсынады және олардың қызметінің қамтуы әзірше шағын. Қазақстанда микроқаржы қызметтері ұйымдардың төрт түрін ұсынады: коммерциялық банктер (VBRD бағдарламалары арқылы), банктік емес қаржы ұйымдары, несиелік серіктестіктер мен микронесиелік ұйымдар. Несиелік серіктестіктер нарығының дамуын талдау қадағаланып отырған үрдістердің нарық қажеттіліктеріне сәйкес келмейтінін көрсетеді. несиелік серіктестіктердің жиынтық несиелік портфелі олар қамтитын клиенттер санымен қатар барынша мардымсыз әрі банктердің осыған ұқсас сипаттамаларымен салыстыруға келмейтін болып табылады. Несиелік серіктестіктердің, оның ішінде кредиттерді беру жөніндегі қызметі қатысушылардың тар аясымен шектелгендігін назарға ала отырып, несиелік серіктестіктердің даму деңгейінің төмен екендігін бекітуге болады.

Осы уақытқа дейін микроқаржыландыруды тежеп отырған негізгі фактор микроқаржыландыру жүйесін дамытуға деген тұжырымдамалық көзқарастың, осы секторды мемлекет тарапынан кешенді қолдаудың болмауы болды. Қаржы секторында бәсекені арттыру жөнінде шаралар қабылдауға шақыратын Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бәсекені дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде міндеттер қойды. Кредиттік серіктестіктер мен микрокредит ұйымдары сияқты ұйымдар неғұрлым ұтқыр және мамандандырылған қаржы институттары бола отырып, банктік қызметтерге балама қызметтер ұсына алар еді. Халықтың қаржы ресурстарына қол жеткізуін, кредиттік серіктестіктер мен микрокредит ұйымдары

ұсынатын қызметтердің спектрін кеңейту, қосымша жұмыс орындарын құру, кедейлік деңгейін төмендету және халықтың табысын ұлғайту жолымен әлеуметтік

проблемаларды шешу, шағын және орта кәсіпкерліктідамыту, қаржы нарығында бәсекені ынталандыру, МҚҰ-ларды қаржыландыру көздерімен қамтамасыз ету, республиканың қаржы жүйесінің бір бөлігі ретінде орнықты микроқаржы секторын құру мақсатында орта мерзімді перспективада мынадай шараларды қабылдау қажет:

- несиелік серіктестіктер мен микронесие ұйымдарын мемлекеттік қолдау тетігін одан әрі жетілдіру;

- микроқаржы ұйымдарының кәсіби қызметтер мен ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін көмекші қызметтер мен инфрақұрылымды дамыту үшін ынталандырушылар жасау;

кредиттік серіктестіктер мен микрокредит ұйымдарының қызметін мониторингтеуді жүргізу сапасын арттыру, оның ішінде олар статистика органдарына беретін есеп нысандарын жетілдіру. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, қаржылық секторды дамыту деңгейі қор нарығының өтімділігі және өтімді қаржы құралдарының нарығын дамыту деңгейіне барабар. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында нақты қисық кірістілікті құру өтімді қаржы құралдары нарығын дамытуға негіз болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан 2030 стратегиясы
2.Сборник нормативно- правовых актов по вопросам ценных бумаг в РК по состоянию на 25.04.04г. библиотека «Официальной газеты» № 4, апрель 2004
3.Закон «О банках и банковской деятельности в РК»
4.Медведков С. Ю. «Лизинг в экономике США» «США: политика, экономика, идеология», 2000г., № 5, стр. 101
5.Сейткасимов Г. С. Банковское дело – Алматы, 1998г, стр. 228

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақала қор нарығының дамуының ел экономикасына ықпалы, несиелік серіктестіктер мен микронесие ұйымдарын мемлекеттік қолдау тетігін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында кірістілікті құру, өтімді қаржы құралдары нарығын дамыту жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы применения фондов как одной из важных экономических направлении, способствующих развитию использование кредитования, микрокредитов в различных учреждениях, их экономических эффективность в области рынка ценных бумаг, эффективность финансовых инструментов в рыночной экономике.

УДК 65. 012.2
Н 176

МЕТОДЫ ПЛАНИРОВАНИЯ И ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СРЕДСТВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Надиров М.Н. – к.э.н., доцент, Рахымбекова А.Б. – магистрант
(г.Алматы, КазгосженПУ)

Управление процессами формирования, распределения и использования бюджетных средств осуществляется посредством бюджетного планирования и прогнозирования. Роль и значение бюджетного планирования и прогнозирования

проявляются в составлении адресного финансового плана, каковым является бюджет, определяющий возможности государства в формировании бюджетных средств и их использовании на основные цели: на развитие и дальнейшее углубление социальных реформ, на развитие образования и здравоохранения, на индустриально-инновационное развитие, на развитие аграрного сектора.

Экономическая сущность бюджетного планирования выражается в централизованном распределении и перераспределении стоимости общественного продукта и национального дохода между различными звеньями всей финансовой системы и проявляется в процессе разработки и исполнения бюджетов разных уровней. Основа бюджетного планирования государственная социально-экономическая программа развития страны.

Финансовое планирование вообще и его важнейшее составное звено - бюджетное планирование, под которым понимается планирование, связанное с составлением и исполнением бюджета, являются органической частью всего народнохозяйственного планирования. Вместе с тем, роль бюджетного планирования в правлении финансовыми ресурсами весьма велика, поскольку она далеко выходит за рамки непосредственного составления и исполнения плана доходов и расходов бюджета, где устанавливаются обязательства по платежам и определяются размеры бюджетного финансирования. Исключительное положение, которое занимает бюджет среди других финансовых планов, придает бюджетному планированию общегосударственное значение. Это проявляется во взаимосвязи реформирования государственного управления и децентрализации властных полномочий с совершенствованием финансовых отношений между участниками бюджетного процесса и межбюджетных отношений, а также в оптимизации государственных расходов, форм и методов их финансирования.

Бюджетное планирование должно соответствовать требованиям взаимосвязи с финансовым планированием, целевого характера бюджетных назначений, наличия резервов и сбалансированности доходов и расходов. Главная цель процесса планирования - определение годовых поступлений налогов и доходов по каждому виду платежей и обеспечение обоснованного распределения доходов между бюджетами различных уровней.

С планированием бюджета тесно связано бюджетное прогнозирование, под которым понимается процесс определения вероятностных оценок возможных направлений развития доходной и расходной частей бюджета. Он основывается на перспективном планировании развития экономики, поскольку без учета перспектив роста натуральных показателей невозможно качественное научное прогнозирование бюджетных ресурсов.

Цель бюджетного прогнозирования заключается в разработке и обосновании оптимального развития бюджета с учетом сложившихся в экономике тенденций, конкретных социально-экономических условий и перспективных оценок их изменений. Результаты такого прогнозирования имеют важное значение с точки зрения принятия эффективных мер по реализации финансово-бюджетной политики государства.

Бюджетное планирование осуществляется в соответствии с требованиями принципов единства, преемственности, приоритетности, сбалансированности и обоснованности.

Принцип единства бюджетного планирования обеспечивается составлением государственного бюджета Республики Казахстан, в состав которого входят республиканский и местные бюджеты. В соответствии с действующим законодательством данный принцип основывается на единых требованиях:

- по формированию перечня бюджетных программ, финансируемых из - республиканского бюджета и местных бюджетов;

- по установлению нормативов распределения доходов между уровнями бюджетов;

- по определению долговременных размеров субвенций и бюджетных изъятий.

Принцип преемственности планирования обеспечивается сочетанием текущего и перспективного бюджетного планирования с учетом направлений социально-экономического развития и бюджетных параметров, принятых за основу в предыдущий период, прогнозов социально-экономического развития страны на очередной финансовый год и на среднесрочный и долгосрочный период.

Принцип приоритетности обеспечивается планированием бюджета с учетом приоритетных направлений среднесрочного плана социально- экономического развития страны.

Планирование бюджетных расходов на реализацию программ социально-экономического развития осуществляется программно-целевым или нормативным методом.

Программно-целевой метод бюджетного планирования заключается в системном планировании выделений бюджетных средств в соответствии с целевыми программами, разработанными в соответствии с бюджетной политикой государства. Данный метод обеспечивает единый подход к формированию и рациональному распределению финансовых ресурсов фондов по конкретным программам и проектам, их концентрацию и целевое использование, что способствует более эффективному освоению бюджетных средств. В основу расчета смет бюджетных учреждений положены объемные показатели деятельности (число граждан, групп, коек, учащихся, классов и т. д.), время функционирования учреждения и финансовые нормы.

Нормативный метод планирования расходов и выплат используется при планировании средств на выделение финансов на реализацию мероприятий на основании смет бюджетных учреждений в соответствии с нормами, установленными законодательными актами. В качестве норм выступают: нормы расходов на питание и обеспечение медицинскими препаратами, ставки заработной платы, пенсий, стипендий и т. д. В смете бюджетного учреждения отражаются:

- свод расходов (фонд заработной платы, фонд социального развития, фонд материального поощрения и т. д.);
- свод доходов (финансирование из бюджета, дополнительные доходы и т.д.);
- производственные показатели учреждения (доходы и расходы);
- обоснование доходов и расходов и др. данные.

Приведем классификацию методов бюджетного планирования, которые описаны в различных обзорах отечественного и зарубежного опыта, посвященных планированию бюджета, и произведено сравнение этих методов.

Финансовое планирование в свете теории малых изменений (incremental theory) основывается на предположении, что принципиальные изменения в структуре бюджета невозможны, и что политики, как правило, не в состоянии провести глубокий анализ осуществляемой стратегии. Вследствие этого разрабатываемый бюджет преимущественно определяется прошлогодним бюджетом, т.е. принятыми ранее решениями. Большая часть бюджета никем не контролируется и повторяется из года в год. Изменения в бюджет являются не очень значительными и возникают в результате некоторых внешних обстоятельств.

Теория малых изменений, является одной из наиболее общих теорий, описывающих разработку бюджета. Она не имеет нормативного характера и в своем первоначальном виде не содержала рекомендаций о том, как должно выглядеть финансовое планирование.

В соответствии с этой теорией в процессе разработки бюджета решающую роль играют органы исполнительной власти. Члены представительной власти не могут посвятить вопросам бюджета достаточно времени, а также не обладают необходимыми

навыками, что не позволяет им оказывать полностью осознанное воздействие на бюджет. На первом этапе разработки бюджета типичным является массовое поступление «бюджетных пожеланий» от разнообразных ведомств, относящихся к местному самоуправлению. Руководство местной администрации и местное казначейство играют при этом роль «стражей бюджета». Такое распределение ролей оказывается необычайно устойчивым - отделы местной администрации и другие группы давления могут требовать очень большого роста расходов, поскольку знают, что существуют «стражи», которые будут стараться свести эти требования к минимуму. Те, кто отвечает за окончательную форму бюджета, пытаясь ограничить требования роста расходов, в свою очередь, считают, что все требования бюджетных средств являются по определению завышенными, и поэтому их можно сокращать без особого ущерба для дела. Согласования проводятся в рабочем порядке. В ходе споров одним из главных аргументов является уровень прежних расходов, и в результате окончательный бюджет нового года становится очень похожим на прошлогодний.

В соответствии с теорией получатели бюджетных средств используют следующие шаги для защиты прошлогоднего уровня финансирования:

- использование поддержки со стороны лиц, извлекающих выгоду из получаемых средств;
- установление хороших отношений с политиками, оказывающими влияние на составление планов;
- утверждение, что какое-либо сокращение расходов приведет к полной остановке реализуемых программ;
- отказ от принятия решения по сокращению средств, направляемых в ведомство.

Также различают типичные методы, с помощью которых осуществляется борьба за увеличение (по сравнению с нынешним уровнем) ассигнованных средств:

- утверждение, что новые задачи являются всего лишь продолжением предыдущих;
- округление «вверх» запланированных затрат;
- сохранение бюджета на нынешнем уровне при одновременном уменьшении количества статей расходов;
- запуск небольших программ, а затем увеличение финансирования по этим программам; согласие на временный статус начинающихся программ в надежде, что затем они станут постоянными; утверждение, что новая программа со временем начнет самофинансироваться.

Кроме того, выделяют следующие факторы, которые могут способствовать либо препятствовать ходу процесса планирования в соответствии с теорией малых изменений (для муниципалитета): зажиточность — чем богаче город, тем больше вероятность отхода от рутинного воспроизведения бюджета; прогнозируемость (степень неуверенности) - когда прогнозируемость невелика, появляется тенденция считать, что ничего менять не надо; в крупных муниципалитетах, имеющих больший бюджет, труднее провести достоверный анализ, а финансовое планирование в большей степени основывается на рутинных административных процедурах; сложность политических процедур, связанных с финансовым планированием; местная политическая культура.

Нормативный подход к планированию расходов бюджета основывается на выделении понятия нормативов расходов, благодаря чему расходы могут быть рассчитаны путем перемножения нормативов на количественные показатели (численность различных категорий населения, состав сети учреждений и т.д.).

Нормы и нормативы, используемые в нормативном подходе к планированию расходов бюджета, классифицированы следующим образом:

- по форме выражения: натуральные, абсолютные, относительные, стоимостные;
- по степени детализации: индивидуальные, комбинированные, укрупненные;
- по уровню применимости: народнохозяйственные, отраслевые;

- по методам установления: государственные, муниципальные;
- по мере удовлетворения потребностей: минимальные, оптимальные.

Приводятся следующие «конкретные методы» нормативного подхода применительно к расчету минимальной бюджетной обеспеченности на предоставление услуг:

- метод прямого счета;
- метод структуризации (составные компоненты затрат социального показателя);
- метод структуризации (составные компоненты финансирования социального показателя).

В рамках применения нормативного подхода в регионах используются нормативные подходы бюджетного планирования минимальных расходов местных бюджетов на основе нормативов подушевого финансирования, потребителей бюджетных услуг. Однако проблема состоит в том, что сам этот норматив рассчитывается «от достигнутого», то есть затратным методом, и не может служить объективной оценкой необходимых финансовых затрат. Часто сами попытки реорганизации системы предоставления бюджетных услуг рассматриваются органами местного самоуправления, как реформирование сети бюджетных учреждений в рамках финансовых ограничений.

Тем не менее, в последнее время озвучивается серьезная критика нормативного подхода и использования системы государственных минимальных социальных стандартов при расчете расходов бюджета.

В советской бюджетной системе натуральные нормативы использовались для количественного определения минимального объема финансирования, требуемого для выполнения конкретных задач. Поскольку необходимо было ограничить возможность маневра для ведомств по конкретному расходованию выделенных им средств, то бюджетные нормы при советской системе не только облегчали составление бюджета, но и обеспечивали механизм контроля в процессе его исполнения.

В мировой практике крайне ограниченное число стран помимо СНГ используют натуральные нормативы для целей формирования бюджетов, поскольку данный подход является очень дорогостоящим и трудоемким.

Проводимая в настоящее время реформа бюджетной системы, особенно в части внедрения бюджетирования, ориентированного на результат, очевидно, заставит в значительной степени отказаться от системы минимальных государственных социальных стандартов. Тем не менее, значительные наработки в области расчетов расходов с применением нормативного подхода, могут быть полезны при расчете затрат на реализацию программ, направленных на достижение конечных результатов (в том числе и в социальной сфере).,

Многолетнее (среднесрочное) планирование является техникой финансового планирования, которая расширяет горизонт планирования на несколько лет, что позволяет соотносить планируемый бюджет со стратегическими и тактическими целями государства.

Многолетнее финансовое планирование и/или бюджетирование является важнейшим инструментом финансовой и экономической стабилизации, а также позволяет решать другие задачи, к которым относятся:

- проверка правительственных и законодательных решений на предмет соответствия среднесрочной и долгосрочной финансовой стратегии государства;
- обеспечение преемственности бюджетного процесса и повышения фискальной дисциплины;
- повышение прозрачности и эффективности бюджетного процесса;
- экономия времени и иных ресурсов, расходуемых на составление проектов бюджетов.

Недостаток этого метода - его определенная негибкость. Преодолеть этот недостаток можно следующим комплексом решений:

- создание стабилизационного фонда на случай непредвиденного ухудшения обстоятельств, перспективное планирование формирования и средств этого фонда;
- возможность пересмотра показателей перспективных планов по мере приближения будущих периодов (в частности, составление скользящих планов и скользящих бюджетов).

Совершенствование методов планирования и финансирования бюджетных расходов является важным условием для оценки эффективности использования бюджетных средств и определения путей ее повышения. Проводимая в Казахстане бюджетная реформа предполагает формирование и включение в бюджетный процесс процедуры оценки результативности бюджетных расходов, поэтапный переход от сметного планирования и финансирования бюджетных расходов к бюджетному планированию, ориентированному на достижение конечных общественно значимых и измеримых результатов. Без существенных изменений бюджетного планирования невозможно выработать подход к определению конкретных результатов финансирования бюджетных расходов.

Эффективность бюджетных расходов - более широкое понятие, которое включает в себя кроме экономических, социальные и политические оценки. Поэтому измерить их эффективность такими количественными показателями, как затраты и прибыль, невозможно и нереально. Например, эффективность расходов на образование, здравоохранение, фундаментальные научные исследования, то есть вложение государственных денег в человеческий фактор, требуется для сохранения и благополучия нации, а также обеспечения жизнеспособности страны в будущем. Недостаточное финансирование вышеназванных отраслей социальной сферы и науки сегодня - это разрушение не только интеллектуального, научно-технического потенциала, но и культурно-нравственной основы нации.

В рамках бюджетных программ ключевые показатели эффективности основаны именно на принципах оценки достижения целей и решения задач. В них оцениваются следующие три показателя:

- экономическая эффективность - соотношение непосредственных результатов деятельности, результатов, планируемых для достижения в рамках тактических задач, программ, программных мероприятий, с затратами на их достижение (например затраты на строительство (ремонт) 1 км автодороги);
- общественная эффективность — соотношение общественно значимого эффекта деятельности (показателя конечного результата деятельности или его изменения) по отношению к непосредственным показателям деятельности;
- общественно-экономическая эффективность - соотношение величины достигнутого в результате реализации программы конечного общественно значимого результата и величины затрат на его достижение.

Реформирование бюджетного процесса предусматривает использование поддающихся количественной оценке ожидаемых результатов реализации программы, включая как непосредственные результаты (предоставление услуг определенного качества и объема), так и конечные результаты (эффект от предоставленных услуг для их получателей), а также наличие системы показателей для измерения результатов реализации программы (индикаторов экономической и социальной эффективности).

Социальная эффективность определяется как степень достижения определенного социального результата (цели). Например, сокращение смертности населения в результате ДТП на 15% (при намеченных 20% можно сказать, что цель достигнута на 75%). Социальная эффективность - это один из самых важных элементов эффективности расходов в государственном секторе. Можно закупить большой объем товаров (работ, услуг) по минимальным ценам с минимальными ресурсами, но если при

этом не будут достигнуты запланированные цели, то весьма вероятно, что ресурсы были потрачены неэффективно.

Экономическая эффективность определяется как соотношение произведенных в результате выполнения проекта (программы) объема товаров (работ, услуг) и ресурсов, затраченных на их производство (т.е. затраты на единицу объема выпуска продукции). Например, на постройку школы на 1000 учащихся предполагается затратить 500 млн.тенге, то есть по 0,5 млн.тенге на одного учащегося. Экономическая эффективность (а по сути - это экономическая эффективность затрат) такого проекта выше, чем у альтернативного проекта строительства, при реализации которого затраты на одного учащегося обойдутся в 1 млн.тенге. Вопрос о том, нужна ли вообще школа в этом районе или этой местности, при использовании данного показателя не ставится.

Необходимо отметить, что вопросы эффективности государственного бюджета и бюджетных расходов непосредственно связаны с государственным финансовым контролем. Именно он позволяет сопоставить фактические результаты использования бюджетных средств с плановыми, выявить имеющиеся недостатки и правонарушения в области финансирования бюджетных расходов и наметить путь повышения их эффективности.

Таким образом, проблема эффективности и совершенствования системы государственных расходов достаточно многогранна и ее решение возможно путем внедрения новых форм и методов бюджетного планирования и финансирования, разработки методических указаний, правовых норм и механизмов по определению показателей результативности расходования бюджетных средств, а также усиления и ужесточения государственного финансового контроля.

ЛИТЕРАТУРА

1 Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 декабря 2007 года №1297 «О Концепции по внедрению системы государственного планирования, ориентированного на результаты»

2 Бюджетный кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года N95-1V.

3 Утибаев Б.С., Жунусова Р.М., Саткалиева В.А. Государственный бюджет: Учебник / Под общ.ред. к.э.н., доцента Б.С. Утибаева - Алматы: Экономика, 2006.- 412с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мемлекеттік шығындарды жоспарлау және оны пайдалану тиімділігі мен жетілдіру жолдары қаралады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается методы планирования и эффективности использования государственных средств Республики Казахстан и пути их совершенствования.

ӘОК. 338.981
О-18

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛЫМЕН ЖЕТІЛДІРУ

Оспанбек Т.К.-оқытушы, Қалыбекова Д.Б. - аға оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан экономикасын ауыр дағдарыстан шығарудың әртүрлі бағдарламаларын талдау, дамудың мәртебелі жалғыз жолы – экономиканы инновациялық тәртіпке көшіру қажет екендігі бәрімізге мәлім.

Кейінгі кездері құлаққа сіңе бастаған «тегі бөлек» инновация термині өзінің қолданыс аясын кеңейтумен қатар, өндірістің ажырамас «атрибутына» айналып келеді.

Қазіргі әлемдік экономикада инновацияның алатын орны орасан зор. Инновациялық тәжірибені өндіріске қолданбастан бәсекеге қабілетті өнім алу мүмкін емес екенін дамыған елдер ертерек түсініп, бар күшті осы салаға жұмсаған, жұмсап келеді де.

Біз экономиканы диверсификациялауға бағытталған индустриалдық-инновациялық стратегияны іске асырып жатырмыз. Бұл болашақтың бағдарламасы.

Біздің стратегиялық міндетіміз-бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан да біз индустриялық-инновациялық бағдарламаға әлі де болса көп жұмыс арнауымыз керек.

Қазақстан үшін инновациялық саясаттың басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика саласының әртараптандыру жолымен қол жеткізу. Индустрия-инновациялық саясаттың басымдықтары басымдығы тек шикізат орталығымен ғана шектеліп қана қоймай «өндірістен-өндіріске» принципін ұстану керек. Бұл дегеніміз- шикізат шығара отырып, одан дайын өнім шығаруға ұмтылу.

Әлемдік даму үрдісі қазіргі ғылыми техникалық серпілісті түбегейлі жаңа даму деңгейіне шығаруға себепші болып отыр. Содай-ақ экономиканың даму парадигмасының өзгеруіне байланысты, батыстың алдыңғы қатарлы елдері шаруашылық іс-әрекеттің материалдық емес саласын жеделдетіп дамытуымен ерекшеленетін «жаңа экономикаға» көшті. «Жаңа экономика» аясында шынайы түрде білімге, яғни экономикалық өркендеудің жаңа сапалық түрін қамтмасыз ететін жаңартушылар мен инновацияға негізделген нарықтың жаңа шаруашылық субьектілері құрылды.

Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты жолдауында жоғары технологияларды енгізуге және инновацияларды қолдауға бағытталған біртұтас мемлекеттік стратегия жүргізу керек деген болатын. Ол дегеніміз-өзіміздің бәсекелестік артықшылықтарымызды негізге ала отырып, технологиялар алмастыруларын белсенді әрі байыпты жүргізуіміз керек. Сырттан жаңа технологиялар әкеліп, оларды жетілдіруді жүзеге асыратын, сондай-ақ отандық ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізумен шұғылданатын конструкторлық бюролар мен жобалау ұйымдарының желілерін құруға жәрдемдесу қажет. Жоғары технологиялар саласындағы жобаларды қаржыландыру, қазақстан ғалымдарының үздік әзірлемелерінің «сыртқа» кетуге жол беруге болмайды. Қазақстан бизнесінің инновациялық белсенділігін көтермелеу және ғылыми-зерттеу мен конструкторлық күш қуаты жеке меншік сектордан өріс алуы керек- дейді.

Жаңалық-бұл қандай да бір іс-әрекет аясында жүргізілген іргетасты, қолданбалы зерттеулер мен талдамалардың рәсімделген нәтижесі және ол осы іс-әрекеттің ғылыми әрі техника жетістіктерін тәжірибелі, нарықтық тұрғыда пайдаланудың аралық қорытындысы болып табылады. Жаңалық нарықта тұтынылатын жаңа өнімге айналған соң, соңғысы инновация болады.

Инновация- бұл жаңа тәжірибелік (практикалық) құралдарды құру, тарату және пайдаланудың кешенді үрдісі.

Инновация- бұл жаңа идеяларды, ұсыныстарды, ғылыми- техникалық шешімдерді тәжірибеге енгізу, пайдалану және жүзеге асыру.

Инновация-бұл өндірістік, қаржылық, коммерциялық және әкімшілік сипаттағы ұйымдастырушылық-техникалық және әлеуметтік экономикалық шешімдерді, жаңа өнімдер мен қызметтер түрлерін, жаңа технологиялар түріндегі жаңашылдықтарды тиімді пайдалану.

Инновация-бұл жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде өндіріске енгізілген обьект.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арсындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Сонымен қатар инновациялық қызметті нарықтық реттеу міндетті түрде мемлекеттік қолдауға сүйену тиіс, оның басты мәні осы процестерді ынталандыруда (стимулдауда) және оларды, әсіресе бастапқы кезеңдерінде, дамытуға ыңғайлы құқықтық және қаржылық жағдайлар жасауда жатыр.

Аса маңызды мәселе – қоғамда инновациялық мәдениет қалыптасуы қажет. Инновациялық өндіріс үшін мамандар дайындайтын институттар осындай мәдениетті құру жолында маңызды қадам болып табылады. Ғылымға жастарды тарту қажет, олар шығармашылық жағынан да, материалдық жағынан да мүделлі болуы тиіс. Тіпті нарықтық құрылымы дамыған және қаражат- қаржылары мол Батыс Европа елдері де инновациялық кідіріске ұшырай отырып, оны жеңудің жолдарын іздестіруде.

Әлемдік экономиканың дамуы біздің елімізде өндірістік кәсіпорындарға жаңа талаптар қоя бастады. Соның ішінде негізгі болып табылатыны инновациялық тұрғысынан жаңаланған, сонымен бірге нарық талаптарына сай келетін ыңғайлы өнімдер өндіру. Инновацияның кәсіпорын өндірісінде көрініс табуы біздің мемлекетіміздің белгіленген басты мақсаттарға да сәйкес келеді.

Нарықтық қатынастар жағдайында қоршаған ортадағы өзгерістер жылдамдығы, сондай-ақ осы өзгерістерден туатын қосымша мүмкіндіктер тұрақты өседі. Сондықтан, кәсіпорынның стратегиясы осы өзгерістерден артықшылықтар алу мүмкіндігін шаруашылықты жүргізу үшін барлық қосымша мүмкіндіктерді қамтитындай болу керек.

Сонымен елімізде инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаты инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

- инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде ұлттық мүделерді сақтау
- ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетін арттыру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін инновациялық қызметтің басымдығы
- мемлекет тарапынан қолдау көрсету кезінде инновациялық қызмет субьектілерінің теңдігі
- инновациялық қызметті ұйымдастыру мақсатында ғылыми және ғылыми техникалық қызмет субектілері мен кәсіпкерлік субьектілерінің тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін кешенділік және жүйелілік
- инновациялық қызметті жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

Ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетін арттыру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін инновациялық қызметтің басымдығы ретінде, мысалы 2010 жылы 1-2 желтоқсанда Астана қаласындағы ЕҚЫҰ Саммиттін айтуға болады. Қазақ «Елу жылда ел жаңа» дейді. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады» деген Тәуелсіздік күнінің салтанатты жиналысында сөйлеген сөзінде; біз жиырма жылға жетер жетпес уақытта жүз жылға бергісіз жолды артта қалдырдық.

Астанада 56 елдің басшылары мен халықаралық беделді ұйым өкілдерінің басын қосқан Саммит- соның айшықты айғағы.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымның келелі кеңесі еліміз ғана емес, әлем жұртшылығы үшін елеулі оқиға болды.

Сонымен қатар Астана Саммиті ЕҚЫҰ-ның барлық елдері үшін біріктіруші табыс болды. Біз ЕҚЫҰ-ға төреағалық аясында өзіміздің іс-қимыл бағдарламамызды орындадық.

Тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ның еуразиялық векторы белгіленді, мұның өзі бүкіл еуразиядағы қауіпсіздікті берік етті.

Бұл дегеніміз біздің еліміздің және оның әрбір азаматының қауіпсіздігі алдын-ала ұзақ жылдарға берік болады дегенді білдіреді.

Сондай-ақ мемлекет ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетін арттырып және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, инновациялық қызметтің маманданған субьектілерін құруға қатысып қана қоймай, олардың тиімді жұмыс жасауы мен оң нәтижелерге қол жеткізуіне де ерекше назар аударады.

Мемлекет инновациялық қызметтің мамандандырылған субьектілерін құруға қатысып қана қоймай, олардың тиімді жұмыс жасауын қадағалап отыру керек.

Ал инновациялық инфрақұрылым- бұл инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін ұйымдар жиынтығы.

Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесінің негізгі ұйымдық институттары ретінде ұлттық инновациялық қорды, технологиялық бизнес- инкубаторлар мен технопарктерді тағы басқаларды айтуға болады.

Елдегі жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, соның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу мақсатында ұлттық инновациялық қор құрылды.

Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесінің негізгі ұйымдық институттары ретінде ұлттық инновациялық қорды, технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді айтамыз.

Елдегі жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, соның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу мақсатында ұлттық инновациялық қор құрылды. Оның негізгі міндеттеріне мыналар жатады.

- Инновациялардың құрылуын және енгізілуін қаржыландыруды жүзеге асыратын инновациялық қорлар мен инвестициялық қорлардың жарғылық капиталына бақылаусыз қатысу;
- Инвестицияланатын компаниялардың жарғылық капиталына үлестік бақылаусыз қатысу және қаржылық лизинг арқылы инновациялар құруды және енгізуді қаржыландыру;
- Инновациялық инфрақұрылымды дамыту
- Сыртқы нарықтарға отандық ьинновацияларды жылжыту;
- Инновациялық технологияларды ауыстыру, қарызға беру және дамыту, оларды коммерцияландыру мен енгізу саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып итабылады.

Қазіргі адамзат өмірін ақпараттық технологиясыз елестету мүмкін емес. Компьютер өмірімізге дендеп еніп, ғаламтор күнделікті тұрмысымыздың ажырамас бөлігі болды. Жұмысқа қабылдау кезінде де жұмыс берушілердің барлығы дерлік компьютерлік сауаттылықты талап етеді. Егер дамыған елдерде адамның ақыл-ойының ең нәтижелі жемісі компьютерде еркін жұмыс істей алатын адамдардың саны жалпы халықтың 80-90-пайызын құраса, ал Қазақстанда ел Үкіметі республика аумағында қалыптасқан ақпараттық теңсіздікті төмендетпек ниетте «Электронды Үкімет» жобасын жасаған болатын. Бұл жобаның мақсаты, агенттік Қазақстанда бірінші болып IT- сертификат (ай-ти- ақпараттық технология) әдістемелерін енгізу арқылы оқу орнын бітірген түлектерді, сондай-ақ жұмысқа қабылданатын мемлекеттік қызметкерлерді міндетті түрде компьютерлік біліктілік тұрғысынан тестілеуге кірісті. Бұл өз кезегінде ел ішінде осы саладағы білім алу деңгейін ынталандыруы тиіс шара болатын. Ең бастысы бұл бағдарлама аясында барлық облыс орталықтарында бюджеттік сала қызметкерлері мен дәрігерлер, мұғалімдер өздерінің компьютерлік білімдерін жетілдірді.

Сондықтан әрбір қазақстан азаматы, мына ақпарат заманында ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қолданылатын өндіріс, сауда, қызмет көрсету саласы ролінің артуына байланысты еліміздің бәсеке қабілеттлігін арттыру туралы көп айтылып қана қоймай өз үлестерін қосса, бұл бір үлкен іс болар еді. Қоғамдық өндіріс салалары да, еліміздің өзі де білім беру жүйесі де бәсекелестік қатынастарға төтеп бере алатын жағдайда ғана бәсекеге қабілетті болмақ. Бүгінгі таңда кез келген елдің бәсекеге қабілеттілігі білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне келіп тіреледі. Сондықтан барлық дамыған елдерде білім беруге жіті назар аударылып отыр. Осыдан келіп білім беру үрдісіндегі түрлі көзқарастар бәсекелестік жүріп жатыр.

Қазақстан үшін білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі әлемдік білім беру кеңістігінде болып жатақан өзгерістер әсерінен ғана туындап отырған жоқ. Бұл мәселе Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасындағы ұлттық идеядан туған болатын. Бұл идея Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі күн талабына сай нақтыланды және оларды іске асыру жолдарын іздестіруге міндеттеді. Бұл істің барлығы жаңа буын кадрларын даярлауды талап етеді. XXI-ші ғасырда білімді адам ғана табысты болмақ. Көрнекі ғалым, жазушы, әрі педагог Ыбырай Алтынсарин сөзімен айтсақ «Адамды құстай ұшырып, отынсыз тамақ пісіріп, сусыздан сусын ішірген» адамзаттың интелектуалдық мүмкіндігінің шексіздігі осы ғасырда одан сайын айқындала түсуде. Сондықтан да XXI жүз жылдық ғаламдық инновацияның өркендеу ғасырына айналатыны айдан анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Н.Ә.Назарбаев Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру, гүлденуі және қауіпсіздігі. Ел президентінің Қазақстан халқына Жолдауы /Егемен Қазақстан 21 қазан 1997.
2.Н.Ә.Назарбаев «Жаңа кезең- жаңа экономика» / Егемен Қазақстан16 желтоқсан 2004.
3.Н.Ә.Назарбаев «Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады» /Дала мен қала 20 желтоқсан 2010.
4.Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы. 20 мамыр 2010.
5. Р.Қ.Ниязбекова, Б.А.Рахметов, П.Т.Байнеева. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы-Алматы «Экономика» 2008.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арсындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

РЕЗЮМЕ

Научно-технологическая политика Казахстана должна быть направлена на развитие инновационных процессов, введение новых технологий, усовершенствование позиций национально научной-техники, на устронение пространство между наукой и производством, на стимуляцию индустриальной функций, на внедрение международного стандарта и трансфертности модеренизированной импортной технологии.

ӘОК ОК 386.2С-86

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ МОДЕЛІ

Сихимбаева Б.Н. - аға оқытушы, Жақыбаева О.А. - аға оқытушы
(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстандағы зейнетақы жүйесі жәрдемақы және өтемақы төлемдерінің бірыңғай кең жүйесінің бір бөлігі болып табылған. Жәрдемақы алу құқығы жалпыға бірдей болатын, сонымен бірге кәрілік бойынша зейнетақыдан бөлек әлеуметтік зейнетақылар, көптеген арнайы зейнетақылар, сонымен қатар, мемлекет алдындағы ерекше еңбектері үшін зейнетақылар және т.б. төленетін.

Мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі ұрпақтардың ынтымақтастық қағидасына негізделген. Ол кезде зейнеткерлерге төленетін ағымдағы зейнетақылар жұмыс істейтіндердің ағымдағы зейнетақы жарналарынан іске асады. Жоспарлы экономика жағдайында оның қызмет етуі тиімді болатын. Нарықтық экономикаға өтумен және бұл процеспен байланысты жаңа шаруашылық қатынастардың қалыптасуы, сонымен қатар, нарықтық қатынастардың дамуына үлгірмей, құрылымында, ұйымдастыры- луында және қызмет етуіндегі кемшіліктердің болуы бұл жүйенің икемсіз болуына әкелді.

Зейнетақы жүйесіндегі жұмыс берушілердің аударатын міндетті зейнетақы жарнасының ставкасы жалақы қорының 25,5%-ын құрайтын, ол экономика үшін ауыртпалықты туғызатын. 1990 жылы басталған өндіріс көлемінің төмендеуі және бартердың таралуы, кәсіпорындардың берілген аударымдарды жүзеге асыру мүмкіндігін қысқартты.

Әрекет еткен зейнетақымен қамсыздандырудың "ынтымақтастық" жүйесі зейнетке шыққан адамдарға зейнетақының төленуі жұмыс істейтіндердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылатын. Бұл жүйенің ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- зейнетақымен қамтамасыздандырудағы мемлекеттік монополия;
- міндетті зейнетақы жарналарының жақсыздығы;
- зейнетақы қаражатының жүйе ішінде қайта реттелуі.

Бұндай жүйе жоспарлы директивті экономика жағдайында, еңбекке жарамды халықтың жұмыспен толық қамтылуы, мемлекеттік аппарат тарапынан жаппай бақылау және зейнеткерлер мен жұмыс істейтін азаматтардың арасындағы қалыптасқан арақатынас жағдайда тиімді болған. Сондықтан зейнетақы жүйесі зейнетақының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін, оның көлемі жұмыстың соңғы жылдары алынған жалақы көлеміне, еңбек стажына және жасқа тәуелді болатын, ал көптеген жеңілдіктер көлемі зейнетке шығуды тартымды ететін.

Экономикалық жағдайдың өзгеруі қалыптасқан зейнетақы жүйесінің қызмет етуінің бұзылуына әкелді. Зейнетақы жүйесі, бір жағынан, көптеген зейнеткерлердің минималды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қабілетсіз болды, екінші жағынан, экономикаға ауыртпалық тигізді.

Бөлу қағидасына негізделген Қазақстанның реформаға дейінгі зейнетақы жүйесіне бірқатар кемшіліктер тән болатын. Зейнетақы реформасын өткізу моментіне төленетін зейнетақы және жәрдемақылар өзінің әлеуметтік міндетіне жауап бермеді: еңбек табыстары жоқ азаматтардың лайықты өмір деңгейі қамтамасыз етілмеді.

Мемлекеттегі зейнетақымен қамтамасыздандырудағы қалыптасқан жағдайдың себептері көп, оның кейбіреуін атап шығайық:

1. Келешек зейнетақыға салынатын жарналар деңгейі мен төленетін зейнетақы деңгейі арасындағы айқын қатынастың жоқтығы. Жарналар зейнетақы қорына жұмыс берушімен жақсыз жүзеге асырылатын. Бұл кезде әрбір жұмыскер оның кәсіпорны зейнетақы қорына үнемі қаражаттар аудару, аудармауына тәуелсіз зейнетақы алу

құқығына ие болатын. Өз кезегінде, мемлекет жұмыскерді оның жұмыс берушісі зейнетақы жарналарының аударуын жүзеге асырмауына қарамастан зейнетақы алу құқығынан айыра алмайтын.

2. Зейнетақы жарналарының жоғары ставкасы. Жалақы қорынан 25,5% көлеміндегі жарналар кәсіпорындар үшін ауыртпалық тигізетін, ол жұмыспен қамтылу деңгейінде білінетін. Одан кейінгі жарналар деңгейінің өсуі қайтымсыз болатын және міндетті жарналардан бас тартуға алып келуі мүмкін болды, ал оның салдары зейнетақы түсімдерінің қысқаруына әкелетін еді.

3. Зейнетақы жарналарының жинақталуының төмен деңгейі. Кәсіпорындардың жекешелендірілуі, шағын және орта бизнестің дамуы, төлемдердің натуралдануы, аударымдарды жасырудың әр түрлі нысандары (формалары) жарналардың жинақталуының төмендеуіне әкелетін.

4. Зейнетақы жарналарының дербестендірілген есебінің жоқтығы. Зейнетақы жүйесінің тіршілік қабілеті үшін төлем сомасының жарналар сомасына сәйкес келуі қажет. Сонымен бірге зейнетақы нақты еңбек стажына ғана емес, сонымен қатар, төлемдердің зейнетақы қорына түскен жылдары да есептелуі керек. Дербестендірілген есептің жоқтығы жұмыс берушілер мен жұмыскерлерді бақылауын жоғалтуға алып келеді, ол жауапкершілік ауыртпалығын мемлекет тартады. Сонымен қатар, зейнетақымен қамсыздандыру жарналарын төлемейтін жасырын жұмысбастылық орын алатын.

